

А.П. ПЕХАЛЬСКИЙ, И.А. ПЕХАЛЬСКИЙ

# АВТОМОБИЛЬ ҚҰРЫЛЫСЫ

**Оқулық**

*«Білім беру дідамытудың федералды институты» федералды мемлекеттік мекеме «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу» мамандығы бойынша орташа кәсіби білім бағдарламасын жүзеге асырушы білім беру мекемелерінің оқу үдерсінде қолдану үшін оқулық ретінде  
ҰСЫНЫЛДЫ.*

*Пікірдің тіркеу нөмірі 345.*

10-басылым, стереотипті



Мәскеу  
«Академия» баспа орталығы  
2016

ӘОЖ 629.463.4(075.32)

КБЖ 39.33ші723

П316

Бұл кітап Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі және «Кәсіпкер» холдингі» КЕАҚ арасында жасалған шартқа сәйкес «ТЖКБ жүйесі үшін шетел әдебиетін сатып алуды және аударуды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер» мемлекеттік тапсырмасын орындау аясында қазақ тіліне аударылды. Аталған кітаптың орыс тіліндегі нұсқасы Ресей Федерациясының білім беру үдерісіне қойылатын талаптардың ескерілуімен жасалды.

Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім беру ұйымдарының осы жағдайды ескеруі және оқу үдерісінде мазмұнды бөлімді (технология, материалдар және қажетті ақпарат) қолдануы қажет.

Аударманы «Delta Consulting Group» ЖШС жүзеге асырды, заңды мекенжайы: Астана қ., Иманов көш., 19, «Алма-Ата» БО, 809С, телефоны: 8 (7172) 78 79 29, эл. поштасы: info@deg.kz

Пікір берушілер:

*М.А. Масыев*, МАЖИ (МТУ) Махачкала филиалының «Автомобиль көлігін пайдалану және автосервис» кафедрасының меңгерушісі, техника ғылымдарының кандидаты, *М.В. Светлов*, А.А.Николаев атындағы Мәскеу автомобиль-жол колледжінің оқытушысы.

### **Пехальский А.П.**

П316 Автомобиль құрылысы: оқулық орташа кәсіби білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған. / А. П. Пехальский, И. А. Пехальский. — 10-шы басылым, стер. — М. : «Академия» баспа орталығы, 2016. — 528 б.

ISBN 978-601-333-178-2 (каз.) ISBN 978-5-4468-2870-8 (рус.)

Заманауи отандық автомобильдердің механизмдерінің, агрегаттарының, жүйелері мен құралдарының міндеті, құрылысы мен жұмысы сипатталған. Автомобиль конструкциясының қозғалысқа, қоршаған ортаны қорғауға және автомобильдің үнемділігіне әсер ету мәселелері баяндалған.

ВАЗ, «ГАЗель», «Волга» (ГАЗ-31029, -3110), ИЖ-2126, ЗИЛ және ЗИЛ-5301 «Бычок» текті автомобильдердің, сондай-ақ, ГАЗ-3307, КамАЗ, МАЗ және т.б. текті автомобильдердің механизмдерінің агрегаттары және жүйелері қарастырылған.

Оқулық «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу» мамандығы бойынша «Автокөлікке техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу» (МДК.01.01) кәсіби ПМ.01 модулін меңгеру кезінде қолданылуы мүмкін.

Орташа кәсіби білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған.

ӘОЖ 629.463.4(075.32)

КБЖ 39.33ші723

ISBN 978-601-333-178-2 (каз.)

ISBN 978-5-4468-2870-8 (рус.)

© Пехальский А.П., Пехальский И.А., 2005

© «Академия» білім беру-баспа орталығы, 2013

© Рәсімдеу. «Академия» баспа орталығы, 2013

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Оқулық «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу» мамандығы бойынша оқу-әдістемелік жиынтықтың бөлігі болып табылады.

Оқулық «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу» ПМ.01 кәсіби модулін зерттеуге арналған.

Жаңа буынның оқу-әдістемелік жиынтықтарында жалпы білім беретін және жалпы кәсіби пәндер мен кәсіби модульдерді зерттеуді қамтуға мүмкіндік беретін дәстүрлі әрі инновациялық оқу материалдары жинастырылған. Әрбір жиынтықта жұмыс берушінің талаптарын ескере отырып, жалпы және кәсіби құзыреттерін меңгеруге арналған оқулықтар мен оқу құралдары, оқыту әрі бақылау құралдары бар.

Оқу басылымдары электронды білім беру ресурстарымен толықтырылып отырады. Электронды ресурстар құрамында интерактивті жаттығулар мен тренажерлары бар теориялық және практикалық модульдері, мультимедиялық объектілер, интернеттегі қосымша материалдар мен ресурстарға сілтемелер бар. Оған терминологиялық сөздік пен оқу үдерісінің негізгі параметрлері: жұмыс уақыты, бақылау және практикалық тапсырмаларды орындау нәтижесі бекітілетін электронды журнал енгізілген. Электронды ресурстар оқу үдерісіне жеңіл кірістірілген әрі түрлі оқу бағдарламаларына бейімделе алады.

## ВВЕДЕНИЕ

**Автомобильдің жалпы құрылысы.** Автомобиль негізгі үш бөліктен тұрады: шанақ, шасси және қозғалтқыш.


Шанақ жүргізушіні, жолаушылар мен жүкті орналастыруға арналған. Автобустар мен жеңіл автомобильдердің шанағы деп жүргізуші мен жолаушылары бар салонды айтады. Жүк автомобильдерінде шанақ жүргізушінің жұмыс орны болып саналатын кабинадан, жүктерді және жолаушыларды (борттық платформа болған жағдайда) тасымалдауға арналған платформалардан тұрады.

**Шасси** үш механизмнен тұрады: трансмиссия, қозғалыс бөлігі және басқару механизмі (В1 сурет).

**Трансмиссия** қозғалтқыштың иінді білігінен автомобильдің жетекші доңғалағына дейін айналу кезін жібереді. Оның құрамына ілінісу муфтасы 3, беріліс қорабы 4, карданды беріліс 5, басты беріліс 6, дифференциал 7, доңғалақтың жетекті біліктері кіреді.

Автомобильдің қозғалыс бөлігіне рама 10, аспалар 2 және 8, амортизаторлар, 1 және 9 доңғалақтары, алдыңғы білік және артқы белдік қаптамасы кіреді.

Автомобильдің **басқару механизміне** тежеуіш пен тізгінді басқару 11 жатады. Тежеуіш автомобильдің қозғалыс жылдамдығын



В1 сур. Автомобильдің негізгі механизмдерінің орналасуы:

1 — басқарылатын доңғалақ; 2 — алдыңғы аспа; 3 — ілінісу муфтасы; 4 — беріліс қорабы; 5 — карданды беріліс; 6 — бас беріліс; 7 — дифференциал; 8 — артқы аспа; 9 — жетекші доңғалақ; 10 — рама; 11 — тізгінді басқару; 12 — қозғалтқыш

бәсеңдетуге әрі толық тоқтатуға арналған. Тізгінді басқару автомобильдің қозғалу бағытын өзгерту үшін қажет.

Қозғалтқыш 12 — жылу энергиясын механикалық жұмысқа айналдыратын күш қондырғысы.

**Қозғалтқыштар туралы жалпы мәліметтер.** Автомобильдерде іштен жанатын қозғалтқыш деп аталатын піспекті қозғалтқыштар қолданылады. Мұндай қозғалтқыштарда жанармай жанғанда бөлінетін жылу механикалық жұмысқа түрленеді.

Іштен жанатын автомобиль қозғалтқыштары келесі қасиеттер бойынша бөлінеді:

- міндеті бойынша — көліктік және стационарлық. Көліктік қозғалтқыштар автомобильдерге, сондай-ақ, өздігінен жүретін машиналарда орнатылады. Стационарлық қозғалтқыштар стационарлық күш қондырғыларында жұмыс істеуге арналған;

- жұмыс кезеңін жүзеге асыру әдісі бойынша — төрт тактілі және екі тактілі. Барлық заманауи автомобильдерде төрт тактілі қозғалтқыштар орнатылады. Екі тактілі қозғалтқыштарды әдетте қуаты төмен көлік құралдарында (мотоцикл мен мотоарбашаларда) қолданылады;

- қоспаның түзілу әдісі бойынша — ішкі (карбюраторлық) және сыртқы (дизельдер) қоспа түзілуі бар. Карбюраторлық қозғалтқыштарда жанармай қоспасы *карбюратор* деп аталатын арнайы құралда бензин буы немесе жанармай газдары және ауадан пайда болады, дайын күйінде қозғалтқыш цилиндріне жіберіледі. Дизельде сұйық жанармай үлкен қысыммен цилиндрге бүркіп, ол жерде бүрку, булану мен тұтану болады;

- жұмыс қоспасының тұтану әдісі бойынша — электр ұшқыннан тұтану (карбюраторлық және газ) және ауаны (дизельді) қатты сығу кезінде пайда болатын жоғары температура әсерінен тұтану;

- қолданылатын жанармай түрлеріне байланысты қозғалтқыштарды екі негізгі топқа бөледі: сұйық жанармаймен және сығылған әрі сұйытылған газбен жұмыс жасайтындар. Бұдан бөлек, бірінші топта сұйық отынның жеңіл сұрыппен (бензин, бензол, керосин, лигроин және спирт) және сұйық отынның ауыр сұрыптарымен (дизельді отын) жұмыс істейтін қозғалтқыштарды атап өтуге болады;

- цилиндр саны бойынша;

- цилиндрлердің орналасуы бойынша: бір қатарлы — цилиндрлердің тік орналасуымен; V-тәрізді — цилиндрлердің 90° бұрышта орналасуымен; оппозитті — цилиндрлердің 180° бұрышта орналасуымен;

- цилиндрлерді жаңа зарядпен толтыру әдісі бойынша: үрлемелі және үрлемесіз қозғалтқыштар;

- салқындату әдісі бойынша — артық жылуды бұру салқындатқыш сұйық көмегімен немесе цилиндрді ауамен үрлеу әдісімен жүзеге асады.

**Қозғалтқыштың жалпы құрылысы.** Іштен жанатын піспекті қозғалтқыштардың құрамында екі механизм бар: қос иінді-шатунды және газ тарататын, сондай-ақ салқындату, қуат көзі, оталдыру, қосу және майлау жүйелері.

Қос иінді-шатунды механизм газ жарылысының күшін алуға және піспектің тура сызықты қайтарымды-берілісті қозғалысының иінді біліктің айналмалы қозғалысына айналуға арналған. Қос иінді-шатунды механизмнің негізгі бөлшектері болып цилиндр блогы, цилиндр блогының бастиегі, картер, картер тұғырығы, иінді білік, шатундар, піспектер, піспекті сақиналар, піспекті сұққылар мен сермер саналады.

Газ таратушы механизм цилиндрге жанармай қоспасының уақытында жіберілуіне және пайдаланылған газды шығаруға жауапты. Газ тарататын механизмге тарататын білік, итергіштер, штангалар, рокер өзегі, рокер, клапандар, клапан өзегінде бекітуге арналған тетіктері бар клапандар серіппесі жатады.

Қозғалтқыштың салқындату жүйесі артық жылуды бұруға және 80 ...95 °С аралығында температуралық режимді сақтап тұруға арналған. Қозғалтқыштың салқындату жүйесінің екі түрі бар: қоршаған ортаға жылуды сұйықпен бұратын және артық жылуды қозғалтқыш цилиндрлерінен ауамен үрлейтін. Салқындатудың сұйық жүйесінде радиатор, сорғы, термостат, цилиндрлерді салқындату рубашкасы және радиатор жалюзилері бар.

Қозғалтқыштың майлау жүйесі қозғалатын тетіктерге майды беру үшін, үйкелісетін беттерден үйкелісу заттарын жою үшін және үйкелісетін тетіктерді салқындату үшін керек. Жүйенің негізгі құралдары май қабылдағышы бар май сорғысы, майды тазалау сүзгілері, май радиаторлары, қозғалтқыш картерінің вентиляция жүйесінің бөлшектері, магистралдер мен құбырлар болып табылады.

Карбюраторлық қозғалтқыштардың қуат көзі жүйесі қозғалтқыш цилиндрлерінен бөлек жанармай қоспасын дайындау үшін және оны цилиндрге жіберу үшін қажет. Жүйенің негізгі құралдары болып жанармай бағы, карбюратор, күрделі және ақтап тазарту сүзгілері, жанармай сорғысы, ауа сүзгісі, кіріс және шығыс құбырлар, бәсеңдеткіш саналады. Дизельдің қуат көзі жүйесіне отын бағы, күрделі және ақтап тазартудың жанармай сүзгілері, төмен қысымды басқылайтын сорғы, жоғары қысымды жанармай сорғысы, бүріккіштер, ауа сүзгісі, шығыс құбырлар, бәсеңдеткіш құбыры мен бәсеңдеткіш.

Оталдыру жүйесі қозғалтқыш цилиндрлерінде жұмыс қоспасының тұтануына арналған. Дизельдерде оталдыру жүйесі болмайды, себебі жанармай қоспасының тұтануы қатты сығылу салдарынан ауаның жоғары температурасы әсерінен болады.

Қосу жүйесіне қозғалтқыштың қосудың жеңілдететін құралдар кіреді.

**Қозғалтқыштың негізгі параметрлері.** Қозғалтқыштың негізгі параметрлеріне мыналар жатады:

- өлі нүктелер — қозғалтқыш цилиндріндегі піспектің шеткі қалпы, бұл қалыпта піспек өз қозғалысы бағытын өзгертеді. Жоғарғы өлі нүкте (ЖӨН) мен төменгі өлі нүкте (ТӨН) болады;

- піспек жүрісі — піспектің бір өлі нүктеден екіншіге дейін жүріп өткен жолы;

- қозғалтқыштың жұмыс кезеңі — жылу энергиясы механикалық энергияға түрленетін үдерістердің жиынтығы;

- такт — піспектің бір жүрісі ішінде болатын жұмыс кезеңінің бөлігі;

- жану камерасының көлемі немесе сығылу көлемі — піспектің жоғарғы өлі нүктеде болғандағы піспектің үстіндегі кеңістік;

- цилиндрдік жұмыс көлемі — піспектің жоғарғы өлі нүктеден төменгіге қозғалу кезінде босап қалатын кеңістік;

- цилиндрдің толық көлемі — жану камерасының көлемі мен цилиндрдің жұмыс көлемінің қосындысы;

- қозғалтқыштың жұмыс көлемі — литр түрінде көрсетілген барлық цилиндрлердің жұмыс көлемдерінің қосындысы;

сығылу деңгейі — цилиндрдің толық көлемінің жану камерасының көлеміне қатынасы. Сығылу деңгейі қозғалтқыш цилиндрінде жұмыс қоспасы қанша рет сығылатынын көрсетеді;

- жылу энергиясы механикалық жұмысқа түрленетін такт саны. Қозғалтқыштар төрт тактілі және екі тактілі болады. *Төрт тактілі* деп жұмыс үдерісі піспектің төрт жүрісі (немесе иінді біліктің екі айналымы) ішінде болатын қозғалтқышты айтамыз. *Екі тактілі* деп жұмыс үдерісі піспектің екі жүрісі (немесе иінді біліктің бір айналымы) ішінде болатын қозғалтқышты айтамыз.

# І Б Ө Л І М

## ҚОЗҒАЛТҚЫШ

---

### 1 т а р а у

#### ЖҰМЫС КЕЗЕҢДЕРІ

#### 1.1. Төрт тактілі карбюраторлық қозғалтқыштың жұмыс кезеңі

Іштен жанатын қозғалтқыштың *жұмыс кезеңі* - бұл белгілі бір реттілікпен қайталанып отыратын үдерістер жиынтығы.


Төрт тактілі қозғалтқыштың әрбір осындай үдерісі *такт* деп аталады және ол піспектің бір жүрісі ішінде болады.

Карбюраторлық қозғалтқыштың тактілері *жіберу* – цилиндрді жанармай қоспасының жаңа зарядымен толтыру; *сығылу* – цилиндрге жіберілген жанармай қоспасының жаңа заряды келесі жылу энергиясын механикалық жұмысқа түрлендіруге арналған *жұмыс жүрісі* деп аталатын тактіге дайындалу үшін сығылады; соңғы такт пайдаланылған газдарды *шығару* болып табылады. Бұдан кейін тактілер осындай реттілікпен қайталаынады.

Шартты түрде тактілер өлі нүктеде басталып аяқталады деп алып, қозғалтқыштың теориялық жұмыс кезеңін қарастырайық.

***Бірінші такт*** — жіберу (1.1. а сур.). Такт басталмас бұрын піспек ЖӨН-де орналасады. Шығыс клапаны *б* жабық, ал кіріс клапаны *4* ашылады. Піспек *1* ЖӨН-нен ТӨН-ге орын ауыстыра отырып, ол жерде ауаның сейілуін жасап, піспек үстінде көлемді босатады. Иінді біліктің айналуы газ тарататын механизмі бөлшектері арқылы кіріс *4* клапанына беріледі және ол ашылады. Ауаның сейілу әсерінен цилиндрге *2* кіріс түтік *3* арқылы карбюратордан жанармай қоспасы келіп түседі. Цилиндрда ол пайдаланылған қалдық газбен араласып, жұмыс қоспаға түрленеді. Жіберу тактісінің соңында цилиндр ішіндегі қысым 80...90 кПа (0,8...0,9 кгс/см<sup>2</sup>) құрайды. Жіберу тактісінің соңында жұмыс қоспасының температурасы 80...120°С-ға жетеді. Бұл ретте қозғалтқыш оптималды температураға дейін қыздырылған болу тиіс. Олай болмаған жағдайда, температура нормадан төмен болады.





1.1 с у р. Төрт тактілі бір цилиндрлі карбюраторлық қозғалтқыштың жұмыс кезеңі:

*a* — жіберу тактісі: 1 — піспек; 2 — цилиндр; 3 — кіріс түтігі; 4 — кіріс клапаны; 5 — оталдыру білтесі; 6 — шығыс клапан; 7 — шығыс түтігі; 8 — шатун; 9 — иінді білік; *б* — сығылу тактісі; *в* — кеңею тактісі (жұмыс жүрісі); *г* — шығыс тактісі.

**Екінші такт** — сығылу (1.1, *б сур*). Сығылу тактісі кезінде қос клапан жабық болады. Піспек ЖӨН-нен ТӨН-ге жылжып, жұмыс қоспасын 6—10 рет сығады. Сығылу нәтижесінде жұмыс қоспасының температурасы 300...450 °С-ге дейін көтеріледі, ал қысым 1000... 1200 кПа-ға (10.12 кгс/см<sup>2</sup>) жетеді.

**Үшінші такт** — жұмыс жүрісі (1.1, *в сур*). Сығылу тактісінің соңында піспек оталдыру білтесі 5 арқылы ЖӨН-ге жақындағанда, цилиндрге электр ұшқыны жіберіледі, сол кезде цилиндрдегі жұмыс қоспасы тұтанады. Жұмыс қоспасы жанған кезде, жану камерасындағы температура 2000...2500 °С-ға дейін жетеді, бұл цилиндр ішіндегі қысымның 3...4 МПа (30...40 кгс/см<sup>2</sup>) дейін кенеттен көтерілуіне әкеліп соқтырады. Қысым піспектің түбіне 1 жіберіліп, кейін піспекті сұққы мен шатун 8 арқылы иінді білікке 9 жіберіледі, ол жерде иінді білікті айналдырады. Піспек бұл кезде ЖӨН-нен ТӨН-ге орын ауыстырады.

Жұмыс жүрісі кезінде қос клапан жабық. Бұл негізгі такт кезінде жылу энергиясы механикалық жұмысқа түрленеді. Жұмыс жүрісінің басында қысымның шапшаң өсуінен және бұл қысымның иінді білікке берілгеннен кейін піспек үстіндегі көлемнің үлкеюі салдарынан қысымның кемуі байқалады. Температура 1200...1400 °С-ға дейін, ал қысым 400...500 кПа-ға (4.5 кгс/см<sup>2</sup>) дейін төмендейді. Жұмыс жүрісі аяғында шығыс клапаны ашылады және пайдаланылған газ шығыс құбыры 7 және бәсеңдеткіш арқылы атмосфераға шығады.


**Төртінші такт** — пайдаланылған газды шығару (1.1, г сур.). Шығару тактісі кезінде шығыс клапаны ашылады б және пайдаланылған газ шығыс құбырлар 7 арқылы атмосфераға шығады. Бұл ретте піспек ЖӨН-нен ТӨН-ге жылжиды. Алайда цилиндрді пайдаланылған газдардан толық тазалау мүмкін болмайды. Пайдаланылған газдардың бір бөлігі цилиндрде қалады және жанармай қоспасының келесі зарядымен араласады. Піспек ЖӨН-ге келген кезде, шығыс клапаны жабылады және жұмыс үдерісі қайталаннады. Шығару тактісінің соңында цилиндрдегі қысым 110...120 кПа-ға (1,1...1,2 кгс/см<sup>2</sup>) дейін, ал температура 700...850 °С-ға дейін төмендейді.

## 1.2. Төрт тактілі дизельдің жұмыс кезеңі

Төрт тактілі дизельдің жұмыс кезеңі карбюраторлық дизель сияқты төрт қайталанатын тактіден тұрады: енгізу, сығылу, жұмыс жүрісі және шығару.

Алайда, бұл үдерістің айтарлықтай айырмашылықтары бар, мысалы, ағып кету сипаты, цилиндрді жаңа зарядпен толтыру, қоспаның түзілу және жанармай қоспасының тұтану әдісі, себебі дизельде жанармай цилиндрге дайын жанармай қоспасы ретінде емес, ұсақ шашырау жағдайында жіберіледі.

**Бірінші такт** — енгізу (1.2, а сур.). Енгізу алдында піспек 7 ЖӨН-де болады және ТӨН-ге қарай қозғала бастайды. Шығыс клапаны 5 бұл



1.2. сур. Бір цилиндрлі төрт тактілі дизельдің жұмыс кезеңі:

а — енгізу тактісі: 1 — сорғы; 2 — бүріккіш; 3 — ауа сүзгісі; 4,5 — клапандар; б — цилиндр; 7 — піспек; б — сығылу тактісі; в — жұмыс жүрісі; г — шығару тактісі

кезде жабық болады. Цилиндрде 6 жұмыс көлемінің артуы кезінде ауаның сейілуі пайда болады және оған ауа сүзгісінен 3 өткен ауа келіп түседі. Цилиндрде ауа шығару тактісі кезінде цилиндрдан шықпаған пайдаланылған газдың біраз бөлігімен араласады. Шығару тактісі ТӨН-ге піспектің келу сәтінде аяқталады. Осы уақытта енгізу 4 клапаны жабылады. Цилиндрге таза ауаның енгізілуі аяқталған кезде, ондағы температура 50...80°C-ға (қыздырылған қозғалтышта), қысым — 90...95 кПа-ға (0,9...0,95 кгс/см<sup>2</sup>) жетеді.

**Екінші такт** — сығылу (1.2, б сур.). Енгізу тактісі аяқталғаннан кейін және енгізу клапаны жабылған соң піспек таза ауаны сығып, ЖӨН-нен ТӨН-ге жылжи бастайды. Такт соңында сығылу нәтижесінде ауа температурасы 600...700 °С, ал қысым — 4...5 МПа (40...50 кгс/см<sup>2</sup>) құрайды. Температура мен қысымның осылайша артуы дизельдердегі сығылу деңгейінің жоғары деңгейімен түсіндіріледі (16...20 және жоғары). Жоғары температура мен қысым жоғары қысымды сорғыны сығу 1 тактісі соңында бүрікіш арқылы 2 қозғалтқыш цилиндріне бүрікілетін жанармайдың тұтануына қажетті. Қозғалтқыштың сенімді жұмысы үшін цилиндрдегі сығылған ауаның температурасы өздігінен тұтанған жанармай температурасынан әлдеқайда жоғары болу тиіс.

**Үшінші такт** — жұмыс жүрісі (1.2, в сур.). Сығылу тактісі соңында иінді білік айналымын бойынша санағанда піспек ЖӨН-ге 15° ± 30' бұрышқа жетпегенде, жоғары қысымды сорғы бүрікіш арқылы шамамен 18...20 МПа (180...200 кгс/см<sup>2</sup>) қысыммен дизель отынын бүркейді. Жанармайды бүрку қысымы жанармайдың жұқалап бүркуін және жану камерасының көлемі бойынша тарауын қамтамасыз ететін жану камерасында сығылған ауаның қысымынан жоғары болу керек. Дайындалатын жанармай қоспасының сапасы бүрку қысымының көлемі мен жану камерасының формасына байланысты болады. Жанармай ағыны шүмектің бүрку саңылауларынан шыққан кезде ұсақ бөлшектерге ұсақталады. Жанармайдың бүркуі мен тез арада булануына жану камерасының арнайы формасы көмектеседі, бұл арқылы жанармай ағыны мен камерадағы ауа құйынды қозғалысқа айналады. Жоғары температура (600...700 °С) әсерінен жұмыс қоспасының өздігінен тұтануы орын алады. Жұмыс қоспасының бір бөлігі піспек ЖӨН-ге қозғалғанда, яғни сығылу тактісінің соңында, ал басқа бөлігі піспектің ТӨН-ге қозғалғанда жанып кетеді. Жану кезінде пайда болатын газдар 1800...2000 °С температура кезінде піспек түбінде қысым (6...8 МПа (60...80 кгс/см<sup>2</sup>)) жасайды. Газ қысымы астындағы піспек ЖӨН-нен жылжып, механикалық жұмыс жасайды. Жұмыс жүрісі аяғында цилиндрдегі температура 1100...1300 °С, ал қысым — 300...400 кПа (3...4 кгс/см<sup>2</sup>) дейін төмендейді.


**Төртінші такт** — шығару (1.2, г сур.). Жұмыс жүрісі піспек ТӨН-ге жеткенде аяқталады және шығыс клапаны ашылады. Ішкі қысым әрекеті әсерінен пайдаланылған газ шығыс клапаны, шығыс құбыры және бәсеңдеткіш арқылы атмосфераға шығады.

Піспек пайдаланылған газды ысырып, ТӨН-нен ЖӨН-ге жылжи бастайды. Кіріс клапаны осы кезде жабық болады. Шығару тактісінің соңында пайдаланылған газ температурасы 700...800°С дейін, ал қысым — 110...120 кПа (1,1... 1,2 кгс/см<sup>2</sup>) дейін төмендейді. Инді біліктік одан арғы айналымы кезінде жоғарыда аталған тактілер дәл осындай ретпен қайталанады.

### 1.3. Екі тактілі карбюраторлық қозғалтқыштың жұмыс кезеңі

Екі тактілі карбюраторлық қозғалтқышта жұмыс кезеңі піспектің екі жүрісі ішінде немесе инді біліктің бір айналымы ішінде болады. Оның конструкциясы төрт тактілі қозғалтқыштың конструкциясынан айырмашылығы үлкен. Басты

айырмашылық — клапандардың жоқтығы. Клапан функцияларын үш терезе атқарады: кіріс, шығыс және үрлемелі. Газ тарату механизмінің функциясын піспек орындайды. Екі тактілі карбюраторлық қозғалтқыштарда цилиндр жанармай қоспасын жинау мен дайындауда негізі рөл атқаратын нығыздалып жабылған қартермен қосылады. Мұндай қозғалтқыштар *тура агынды-қартерлі үрлемесі бар қозғалтқыштар* деп аталады. Қозғалтқышты жұмысқа дайындау үшін карбюраторды жанармай қоспасымен толтыру керек және оны цилиндрге қайта жіберу қажет. Қозғалтқыштың жұмыс кезеңін қарастырайық.



1.3. сур. Екі тактілі карбюраторлық қозғалтқыш құрылысы мен жұмысының сызбасы:

*a* — бірінші такт; 1 — қосинді камераның арнасы; 2 — үрлемелі терезе; 3 — піспек; 4 — цилиндр; 5 — білте; 6 — шығыс терезе; 7 — кіріс терезе; 8 — карбюратор; 9 — қос инді камера; *б, в* — екінші такт; - ⇄ — ауа; → — жанармай; ⇄ — жанармай қоспасы; → — пайдаланылған газ; → — қозғалыс бағыты

**Бірінші такт.** Піспек 3 (1.3, а сур.) ТӨН-нен ЖӨН-ге жыл-


жиды. Бұл ретте картерде еркін көлем көбейе түседі және ауаның сейілуі артады, ал цилиндрда 4 көлемнің азаюы салдарынан піспекті 3 көтеру кезінде жұмыс қоспасының сығылуы, қысым мен температураның артуы байқалады. Көтеру кезінде піспектің төменгі жиегі кіріс терезесін ашады 7, ол арқылы картердегі сейілу әсерінен карбюратордан 8 жанармай қоспасы келіп түседі. Осы уақытта піспек көтеріліп, жану камерасындағы жұмыс қоспасын одан әрі сығуды жалғастырады. ЖӨН-ге жақындағанда оталдыру білтесі арқылы 5 цилиндрдің жану камерасына жұмыс қоспасын тұтандыратын электр ұшқыны беріледі. Қоспа 2000...2200 °С температура мен 3...4 МПа (0,3... 0,4 кгс/см<sup>2</sup>) қысымда жанып кетеді.

**Екінші такт.** Пайда болған ыстық газ кеңейеді және піспек түбіне салмақ түсіреді. Салдарынан ол төмен түседі және шатунды қозғалту арқылы иінді білікті де қозғалысқа келтіреді (1.3, б сур.). Төмен түскенде піспек бірінші кезекте төменгі жиегімен кіріс терезені жабады 7 және қос иінді камерада 9 жанармай қоспасын сығуды бастайды, осы уақытта жұмыс жүрісі жалғаса береді. Піспек бастиегінің жоғарғы жиегі шығыс терезесін б ашқан кезде, пайдаланылған газ шығыс құбыр мен бәсеңдеткіш арқылы атмосфераға шығады. Піспек қос иінді камерада жанармай қоспасын сығып, төмен түсуді жалғастыра береді. Бір уақытта бастиек піспек бастиегінің жоғарғы жиегі үрлемелі терезені 2 ашады және сығылған жанармай қоспасы қос иінді камерадан арна арқылы 1 цилиндрді толтыра әрі оның ішінен қалдық пайдаланылған газды ысырып цилиндрге өтеді (1.3, в сур.). Жанармай қоспасының біраз бөлігі пайдаланылған газбен бірге жұмыс үдерісіне қатыспай, атмосфераға ысырылады.

Екі тактілі карбюраторлық қозғалтқыштарда картер құрғақ болады және ішінде май болмайды. Қозғалтқыш бөлшектерін майлау үшін қажетті май көлемі бензинге тікелей құйылады. Сөйтіп, екі тактілі қозғалтқыштың жанармай қоспасы ауадан, бензин буынан және майдың ұсақ тамшыларынан құралады.

### **1.3. Карбюраторлық қозғалтқыштардың жұмыс кезендерінің кейбір түрлері**

ВАЗ-2111 және -2112 автомобильдерінің қозғалтқыштарында жанармайды басқарудың электр жүйесі бар. Бензин сорғысының электр жетегі бар және ол жанармай багының ішінде орнатылған. Бензин бүріккіштер арқылы кіріс құбыры мен кіріс клапандарына жіберіледі, ол жерде қызып, тез арада буланады және кіріс клапандары ашылғаннан кейін буланған күйі цилиндрге жетеді. Жанармайды берудің осындай жүйесі бар қозғалтқыштардың әр



1.4.сур. Камера алды алаулы тұтандыруы бар төрт тактілі карбюраторлық қозғалтқыштың сызбасы

1 — негізгі жану камерасы; 2 — ар на; 3 — қосымша камера; 4 — білте; 5 — рокер; 6 — қосымша камера клапаны; 7 — негізгі камера клапаны; 8 — карбюратордың қосымша камерасы; 9 — карбюратор; 10 — цилиндр піспекі; 11 — цилиндр

Такт соңында электр білтесі 4 байытылған қоспаны алдыңғы камерада тұтандырады. Ыстық алау арна 2 арқылы үлкен қысыммен негізгі жану камерасына 1 лақтырылады, оның ішіндегі сығылған жұтандаған қоспаның барлық көлемінен өтіп, оның тез тұтанып жануын қамтамасыз етеді. Қалған үдерістер кәдімгі төрт тактілі карбюраторлық қозғалтқыштағыдай болады.

Соңғы жылдары бензин бүріккіш арқылы тікелей цилиндрге немесе кіріс құбырына бүркелетін қозғалтқыштар пайда болды. Тұтандыру электр ұшқыны арқылы жүзеге асады.

Түрлі отын түрінде жұмыс істейтін көп жанармайлы қозғалтқыштар әзірленген. Мысалы, дизельді отынмен, бензинмен, керосинмен жүретін қозғалтқыштар. Отынның барлық түрлерінде жұмыс жасағанда үнемділік және қуаттылық көрсеткіштері бірдей болып келеді. Осындай қозғалтқыштар жұмысының ерекшелігі — жану камерасы піспек бастиегінде жасалғандығы әрі арнайы формасы бары. Жанармай цилиндрге бүріккіш көмегімен такт соңында жіберіледі. Бүріккіш жанармайдың шамамен 5 %-ын

цилиндрінде екі кіріс және екі шығыс клапандары бар.

Бұл жанармайды үлестіріп бүрку жүйесі, себебі әрбір цилиндрге жанармай бөлек бүріккіш арқылы жеткізіледі. Бүрку жүйесі атмосфераға зиянды газдардың аз шығуына себепкер болады.

Үнемділік пен қуаттылығын арттыру үшін карбюраторлық қозғалтқыштар камера алды-алаулы тұтандырумен орындалу мүмкін (1.4 сур.).

Осы қозғалтқыштың негізгі жану камерасынан 1 өзге тағы қосымша камерасы 3 (алдыңғы камера) бар. Қос камера да газ тарату механизмінің бір рокері арқылы жұмыс жасайтын кіріс клапандарымен жабдықталған. Енгізу тактісі кезінде рокер 5 бір уақытта қосымша камераның клапанын 6 және негізгі жану камерасының 1 клапанын 7 ашады.

Қосымша камераға 3 карбюратордың қосымша камерасынан 8 байытылған қоспа, ал негізгі жану камерасына 1 карбюратордан 9 жұтандаған қоспа келіп түседі.

кыздырылған ауаға бағыттайды және бұл жанармай тез тұтанады. Жанармайдың басым бөлігі (шамамен 95 %) бүріккішпен қиылған шар тәріздес формасы бар жану камерасының қабырғаларына бағытталады және ол жерде пленка түрінде жайылады. Жану камерасындағы ауа құйынды қозғалысқа ие. Ол жанармай пленкасын қабырға бойымен созып, олардың үстінен буланған жанармайды біртіндеп жанып кету үшін жану аумағына үрлейді. Осындай біртіндеп жанып кету — түрлі жанармай түрлерінде қозғалтқыштың жұмыс жасау мүмкіндігінің негізгі алғы шарты.

### **1.5. Қозғалтқыштардың әртүрлі типтерінің артықшылықтары мен кемшіліктері**

**Екі тактілі қозғалтқыштардың төрт тактілі қозғалтқыштарға қарағанда артықшылықтары:**

- біртекті жұмыс, себебі екі тактілі қозғалтқыштың жұмыс кезеңі иінді біліктің бір айналымы ішінде жүзеге асады. Екі тактілі қозғалтқыштардың қуаты төрт тактілі қозғалтқыштардың қуатына қарағанда 60...70 % көп, бұл жұмсақ сермер орнатуға мүмкіндік береді;
- екі тактілі қозғалтқыштар құрылысы жағынан қарапайым, себебі олардың міндетін піспек атқаратын газ тарату механизмі жоқ.

**Екі тактілі қозғалтқыштардың кемшіліктері:**

- үнемділігі жағынан төрт тактіліге есе береді, себебі пайдаланылған газдан цилиндрді тазалау жүйесі нашарлау;
- цилиндрді үрлеу ыстық қоспамен жүзеге асырылады, бұл қоспаның 30 % -ның шығынына әкеліп соғады;
- қарқынды салқындатуды талап етеді;
- бөлшектері майлау үшін бензинге майды қосу (4 %-ға дейін) піспек түбінде, клапан бастиктерінде және жану камерасының қабырғаларында күйіктің көптеп жиналуына әкеліп соқтырады;
- қос иінді камерадағы төмен қысымның салдарынан жартылай жүктеме режимінде жеткіліксіз үрлеу жұмыс қоспасының тұтануының қалдырылуына әкеліп соғады;
- шығыс және үрлемелі терезелердің болуы жұмыс жүрісінің ұзақтығын қысқартады.

Аталған кемшіліктерден екі тактілі қозғалтқыштарды автомобильге орнату тиімсіз болып шықты. Бұл қозғалтқыштар мотоциклдарда, мопедтерде, мотороллерде, мотоарбашаларда, сондай-ақ аспалы қайық моторы және тракторлардың қосу қозғалтқышы ретінде қолданылады.

**Дизельді қозғалтқыштардың карбюраторлық қозғалтқыштарға қарағанда артықшылықтары:**

- сығылудың жоғары деңгейі мен арзан жанармайға байналысты үнемділігі басым (25...30 %);
- өрт жағынан қауіпсіз;

- оталдыру жүйесі жоқ, әдетте карбюраторлық қозғалтқыштарда осы жүйе бойынша ақаулар үлесі үлкен болады;
- жанармайдың құрамында канцерогенді заттар аз;
- дизельді қозғалтқыштар иінді білік айналымының аз жиілігі ішінде айналу кезі көбірек болады.

### Дизельді қозғалтқыштардың кемшіліктері:

- карбюраторлық қозғалтқыштарға қарағанда қиындатылған, қосу, әсіресе қысқы уақытта;
- қуат бірлігіне шаққандағы металл шығыны карбюраторлық қозғалтқыштарға қарағанда 30 % артық;
- тым шулы және жұмысы күрделі;
- технологиялық және техникалық тұрғыдан дайындау мен қызмет көрсетудің күрделі үдерістері.

## 1.6. Дизельдегі үрлем

Қозғалтқыш қуаты иінді біліктің айналым жиілігіне, сығылу деңгейіне және цилиндрдің жұмыс көлеміне байланысты болады.

Дизельдің литрлық қуатын арттыру үшін цилиндрді ауамен

салмақты толтыруды арттыратын газ турбиналық үрлемді қолданады, себебі ауа онда 0, 15...0,17 МПа (1,5...1,7 кгс/см<sup>2</sup>) қысыммен беріледі. Нәтижесінде жанармайдың толық жануы қамтамасыз етіледі. Ауаның турбиналық үрлемі цилиндр көлемін әрі иінді біліктің айналым жиілігін ұлғайтпай қозғалтқыштың қуаттылығын 20...40 % арттыруға мүмкіндік береді.

Қарапайым турбиналық компрессор келесідей жұмыс жасайды (1.5 сур.). Шығыс клапаны ашық болғанда

10, пайдаланылған қысымы астында айналады, ал онымен бірге ауаны кіріс құбырдан алып, кіріс клапаны 3 арқылы жану камерасына құбыр бойымен 4 айдап отырып, ортадан тепкіш компрессор доңғалағын да айналдырады. Цилиндр-



ге 1 ауаны айдау піспек 2 ЖӨН-ге жақындағанда клапандардың жабылу сәтінде жүзеге асады. Осы уақытта шығыс клапаны әлі ашық және піспек ЖӨН-нен өткеннен соң ( $40^\circ$  пайызға, иінді біліктің айналымы бойынша санаса) жабылады. Кіріс клапаны да уақытынан бұрын ашылады. Себебі қозғалтқыштар көп цилиндрлі болғандықтан, газ турбиналық компрессор енгізу тактісі жүзеге асатын цилиндрлерде сығылған ауаны үздіксіз беру арқылы жұмыс істейтін болады.

Газ турбиналық үрлемнің кемшіліктеріне цилиндрге келіп түсетін жанармайдың көп үлесі жанып кететіндіктен, қозғалтқыш бөлшектерінің жылу кернеулігінің артуын және турбиналық компрессордың жұмысына кететін қуат шығынын жатқызуға болады.

### Бақылау сұрақтары

1. Төрт тактілі карбюраторлық қозғалтқыштың жұмыс үдерісін түсіндіріңіз.
2. Төрт тактілі дизельдің жұмыс үдерісін түсіндіріңіз.
3. Екі тактілі карбюраторлық қозғалтқыштың жұмыс үдерісін түсіндіріңіз.
4. Жанармайды бүркүді басқарудың электронды жүйесі қалай жұмыс істейді? (ВАЗ-2112 қозғалтқышын мысалға алып)
5. Камера алды алаулы тұтандыруы бар қозғалтқыштар қалай жұмыс жасайды?
6. Екі тактілі қозғалтқыштың төрт тактіліге қарағанда артықшылықтары мен кемшіліктерін атаңыз.
7. Дизельді қозғалтқыштың карбюраторлық қозғалтқышқа қарағанда артықшылықтары мен кемшіліктерін атаңыз.
8. Турбиналық үрлеулі дизельдер қалай жұмыс жасайды?

## 2 т а р а у

### ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

#### 2.1. Цилиндрлердің орналасуы мен саны


Жеңіл көлік құралдарында *бір цилиндрлі* қозғалтқыштар қолданылады. Бір цилиндрлі қозғалтқыштың басты кемшілігі – бұл иінді білік айналымының біркелкі еместігі. Мұндағы біліктің айналым жылдамдығының тек жұмыс соққысы кезінде пайда болуына байланысты, ал басқа соғулар кезінде айналу жылдамдығы баяулайды. Айналым жиілігін қалыптандыру үшін айтарлықтай массасы бар серіппелер қолданылады. Бір цилиндрлі қозғалтқыштардың теңгерімі төмен. Ішінара есептелетін массасы бар және әртүрлі бағытта айналатын қосымша екі біліктерді орнату арқылы теңдестіріледі.

Автомобиль қозғалтқыштарындағы цилиндрлердің ең аз саны - екі (ВАЗ-1111, -1113 «Ока» қозғалтқыштары). Ока вагондарының *екі цилиндрлі* қозғалтқыштары теңдестіру біліктеріне ие. Толықтай теңдестірілген қозғалтқыш жоқ, өйткені айналу кезінде реакция ретінде пайда болатын аудару кезінде теңгеру мүмкін емес. Теңдестіруді жақсарту үшін қозғалтқыштарды көп цилиндрлі етіп жасайды, бұл ретте жұмыс жүрістері әр түрлі цилиндрлерде бір-бірімен сәйкес келмейді. Қозғалтқыштың цилиндрлері неғұрлым көп болса, иінді білігінің айналымы соғұрлым біркелкі болады. Көп цилиндрлі қозғалтқыштарда қос иінді механизмнің бөлшектеріне түсетін салмақ бір цилиндрлі қозғалтқыштарға қарағанда баяу өзгереді.

Цилиндрлердің орналасуына сәйкес қозғалтқыштар былай бөлінеді:

- бір қатарда тік орналасқан цилиндрлері бар бір қатарлы (қатарлы);
- цилиндрлердің тік осінен ауытқуы бар бір қатарлы;
- екі қатарлы, V-тәрізді, оппозитті - қарама-қарсы орналасқан цилиндрлерімен (2.1 сур.).

Газ-31029, ВАЗ-2110, -2111, -2112, «ГАЗель» ГАЗ-2705, ГАЗ-2705 «Комби» тектес автомобильдерінде бір қатарлы тігінен реттелетін цилиндрлер қолданылады. «Москвич-2140» автомобильдерінің қозғалтқыштарында тігінен бұрышта цилиндрлер орналасқан. V-тәрізді қозғалтқыштар ГАЗ-3307, ЗИЛ-433110, MAZ-5335 автомобильдерінде, КамАЗ көліктерінің барлық модельдерінде, PAZ-3205 автобустарында және тағы басқаларында орнатылады.



2.1. сур. ZIL-645 дизельдің V-тәрізді көлденең қимасы:

1 — май құю қылтасы; 2 — бүріккіш; 3 — жанармай түтігі; 4 — шығыс газ құбыры; 5 — штанга; 6 — клапан қақпағы; 7 — кіріс клапаны; 8 — бастиек; 9 — цилиндр бастиегі; 10 — піспек; 11 — шығыршық; 12 — цилиндр блогы; 13 — май сылғыш шығыршық; 14 — тығыздағыш; 15 — шатун; 16 — картер; 17 — иінді білік; 18 — сүзгі; 19 — цилиндр; 20 — клапан серіппесі; 21 — шығыс клапаны; 22 — рокер

V-тәрізді қозғалтқыштардың қуатты бір қатарлы қозғалтқыштарға қарағанда конструкциясы тым қатты, өлшемі мен массасы кіші болып келеді. Осындай қозғалтқыштардың иінді білігінің ұзындығы кішірек, сондықтан қаттылығы жоғары келеді. V-қозғалтқыштардың кемшілігі болып ауқымды ені мен күрделі конструкциясы саналады. Цилиндрлерінің реттілігі 60, 75 және

90°-ға тең болу мүмкін, бірақ әдетте цилиндрлердің реттігі 90° болатын қозғалтқыштар қолданылады.

Қатарлы қозғалтқыштар төрт («Волга», «Лада» барлық модельдерінде, «GAZel») және алты (ГАЗ-52-04) цилиндрдің көмегімен жасалады. V-тәрізді қозғалтқыштардың алты цилиндрлі (YaMZ-236) немесе сегіз цилиндрлі (ГАЗ-3307, ZIL-433100, PAZ-3205, КамАЗ және басқалары) болуы мүмкін (2.1 сур. қараңыз).

## 2.2. Көп цилиндрлі қозғалтқыштың жұмысы

**Екі цилиндрлі қатарлы қозғалтқыштар.** Егер цилиндрдегі жұмыс жүрістерінің кезектесуі иінді білік айналымының тең бұрыштары арқылы жүзеге асса, онда көп цилиндрлі қозғалтқыштар жұмысының біркелкілігіне қол жеткіземіз. Мысалы, төрт тактілі қозғалтқыштарда жұмыс кезеңі иінді біліктің 720° айналымы ішінде орын алады.

Атас тактілер цилиндрде кезектесіп болатын бұрышты анықтау үшін бір жұмыс кезеңі ішіндегі иінді біліктің айналуының максималды бұрышын цилиндр санына бөлген жөн ( $720^\circ:2 = 360^\circ$ ). Бұл есептеу иінді біліктің қос иіндісі бір-біріне қандай бұрышта орналасуы керектігін көрсетеді. Екі цилиндрлі қозғалтқыштың иінді білігінің шатунды мойындары иінді біліктің осінен бір жақ бүйірінде орналасқан. Екі піспек бір уақытта ЖӨН-нен ТӨН-ге және керісінше орын ауыстырады. Қозғалтқыштардың түрлі цилиндрлеріндегі атас тактілердің кезектесуінің реті қозғалтқыш *цилиндрі жұмысының тәртібі* деп аталады.

Екі цилиндрлі қозғалтқыштың цилиндрлеріндегі тактілердің кезектесу ретін қарастырайық (2.1-кесте). Егер бірінші цилиндрде қосу болса, онда піспегі ТӨН-ге орын ауыстыратын екінші цилиндрде жұмыс жүрісі болады. Барлық тактілер өлі нүктелерде басталады және аяқталады деп ойлайық, яғни иінді біліктің жарты ( $0 \dots 180^\circ$ ) айналымы кезінде жасалады. Иінді біліктің екінші жартылай айналымында ( $180 \dots 360^\circ$ ) бірінші цилиндрде сығылу пайда болады, ал піспек қозғалысы жоғары болғанда екінші цилиндрде пайдаланылған газдардың шығуы жүзеге асу керек.

2.1 кесте

### Екі цилиндрлі қозғалтқыш цилиндрлі еріндегі тактің кезектесу реті


Иінді біліктің айналымдары	Иінді біліктің бұрылу бұрышы	Цилиндр нөмірлері	
		1	2
Бірінші	0...180	Кіру	Жұмыс жүрісі
	180...360	Сығылу	Шығу
Екінші	360...540	Жұмыс жүрісі	Кіру
	540...720	Шығу	Сығылу

Иінді біліктің үшінші жартылай айналымында ( $360 \dots 540^\circ$ ) бірінші цилиндрде жұмыс жүрісі болады, ал екінші цилиндрде — жаңа зарядтың кіруі. Жұмыс кезеңі төртінші жартылай айналыммен аяқталады ( $540 \dots 720^\circ$ ), бұл ретте бірінші цилиндрде пайдаланылған газдардың шығуы, ал екінші цилиндрде жұмыс қоспасының жаңа зарядының сығылуы орын алады.

**Төрт тактілі қатарлы қозғалтқыштар.** Төрт тактілі төрт цилиндрлі қозғалтқыштардың түрлі цилиндрлерінде аталған тактілер қайталану арқылы иінді біліктің бұрылу бұрышын анықтау үшін бір жұмыс кезеңі ішінде иінді біліктің бұрылуының максималды бұрышын цилиндр санына бөлу қажет ( $720^\circ : 4 = 180^\circ$ ). Бұл бұрышта иінді біліктің шатунды мойындары орналасу керек. Иінді біліктің бірінші және төртінші мойындары бір жазықтықта орналасады және иінді біліктің осінен бір жаққа бағытталу керек (2.2, а сур.). Екінші және үшінші цилиндрлердің шатунды мойындары дәл солай бір жазықтықта, бірақ қарама қарсы жақта орналасады.

Төрт цилиндрлі қозғалтқыштардың жұмыс тәртібі 1 — 2 — 3 — 4 немесе 1 — 3 — 4 — 2 болу мүмкін. Қозғалтқыштардың жұмыс тәртібін таңдағанда, конструкторлар иінді біліктің шатунды және негізгі мойындарына түсетін салмақ біркелкі болуына тырысады, себебі жұмыс жүрісінің тактілері қозғалтқыштың түрлі цилиндрлерінде сәйкес келмеу керек.

Осы тұрғыдан егер иінді біліктің бірінші жартылай айналымында ( $0 \dots 180^\circ$ ) бірінші цилиндрде жанармай қоспасы енгізілсе, онда піспегі ТӨН-ге жақындаған төртінші цилиндрде жұмыс жүрісі болу керек. Осы уақытта екінші және үшінші цилиндрлер піспегі ЖӨН-ге жылжиды. Цилиндрдегі мұндай қозғалыс кезінде шығу немесе сығылу орын алу мүмкін.



2.2. сур. Төрт тактілі қатарлы қозғалтқыштардың қос иінді-шатунды механизмінің сызбасы:

а — төрт цилиндрлі; б — алты цилиндрлі; I — VI — цилиндр санына сәйкес иіндібіліктің қос иіндері 1 — 6; 1 — 6 — цилиндрлер

### Төрт цилиндрлі қозғалтқыш цилиндрлеріндегі тактің кезектесу реті

Иінді біліктің айналымдары	Иінді біліктің бұрылу бұрышы	Цилиндр нөмірлері			
		1	2	3	4
Бірінші	0...180	Кіру	Шығу	Сығылу	Жұмыс жүрісі
	180...360	Сығылу	Кіру	Жұмыс жүрісі	Шығу
Екінші	360...540	Жұмыс жүрісі	Сығылу	Шығу	Кіру
	540...720	Шығу	Жұмыс жүрісі	Кіру	Сығылу

Екінші цилиндрде шығу болып жатыр деп есептейік, онда үшінші цилиндрде сығылу болады. Иінді біліктің екінші жартылай айналымында (180...360°) бірінші цилиндрда сығылу, ал екіншіде — енгізу, үшіншіде — жұмыс жүрісі және төртіншіде — шығару болады. Иінді біліктің үшінші жартылай айналымында (360.540°) бірінші цилиндрда жұмыс жүрісі, екіншіде — сығылу, үшіншіде — шығару және төртіншіде — енгізу болады. Жұмыс кезеңі бірінші цилиндрда шығару тактісімен, екіншіде — жұмыс жүрісі тактісімен, үшіншіде — енгізу, төртіншіде сығылу тактісімен аяқталады. Сипатталып отырған қозғалтқыш цилиндрлерінің жұмыс тәртібі: 1 — 2 — 4 — 3. Осындай жұмыс тәртібі бар қозғалтқыштар (2.2 сур.) «Волга» ГАЗ-31029, «ГАЗель» ГАЗ-33021, ГАЗ- 33023, -32214, -2705 (ЗМЗ-4025 немесе - 4026 қозғалтқыштары) автомобильдерінде орнатылады.

Келтірілген мысалда екінші және үшінші цилиндрлер үшін иінді біліктің бірінші жартылай айналымында екінші цилиндрда шығару тактісі, ал үшінші цилиндрда сығылу тактісі қабылданды. Егер тактілердің орнын ауыстырса, яғни екінші цилиндрде шығару орнына сығылу, ал үшіншіде шығаруды қолданса, қозғалтқыш цилиндрлерінің жұмыс тәртібі өзгереді. Енді ол мынадай болады: 1 — 3 — 4 — 2. Цилиндрлердің осындай жұмыс тәртібі бар қозғалтқыштары (2.3 кесте) «Жигули» ВАЗ-2110, -2111, -2112 автомобильдерінде орнатылған.

Осы барлық қозғалтқыштарда цилиндрлер бір қатарға орналасады. Иінді біліктің шатунды мойындары бір-біріне 180° бұрышта орналасқан (2.2, а сур.).

**Алты цилиндрлі қатарлы қозғалтқыштар.** Қозғалтқыштардың түрлі цилиндрлерінде аталған тактілер кезектесу әрі оның астында иінді біліктің қос иіндері орналасу керек бұрышты табу үшін бір жұмыс кезеңі ішінде иінді біліктің бұрылуының максималды бұрышын цилиндр санына бөлу қажет ( $720^{\circ}:6 = 120^{\circ}$ ).

### Төрт цилиндрлі қозғалтқыш цилиндрлеріндегі тактің кезектесу реті

Иінді біліктің айналымдары	Иінді біліктің бұрылу бұрышы	Цилиндр нөмірлері			
		1	2	3	4
Бірінші	0...180	Кіру	Сығылу	Шығу	Жұмыс жүрісі
	180...360	Сығылу	Жұмыс жүрісі	Кіру	Шығу
Екінші	360...540	Жұмыс жүрісі	Шығу	Сығылу	Кіру
	540...720	Шығу	Кіру	Жұмыс жүрісі	Сығылу

Осылайша, иінді біліктің қос иіндері бір-біріне  $120^\circ$  бұрышта орналасуы керек, ал аталған тактілер иінді білік айналымының  $120^\circ$  бұрышы сайын кезектесу керек (2.2, б сур.).

Алты цилиндрлі төрт тактілі қатарлы қозғалтқыштар үшін цилиндрлер жұмысының кең тараған тәртібі мынадай: 1 — 5 — 3 — 6 — 2 — 4. Егер жұмыстың осындай тәртібінде бірінші және алтыншы цилиндрлердің шатунды мойындары жоғары бағытталған деп алсақ, онда екінші және бесінші цилиндрлердің шатунды мойындары солға, ал үшінші және бесінші оңға бағытталатын болады.

Шатунды мойындары дәл осылай орналасқан қозғалтқыштардың ерекшелігі тактілердің басып озуы болып табылады, яғни бір цилиндрде аяқталмаған такті кезінде аталған такті басқа көрші цилиндрде басталады. Тактілердің басып озуы иінді біліктің айналымы бойынша санағанда  $60^\circ$  құрайды. Жұмыс жүрістерін басып озу піспектерді өлі нүктелерден шығаруға көмектеседі, бұл сермер массасының азаюына жол береді. Цилиндрлердің дәл осындай жұмыс тәртібі бар бір қатарлы алты цилиндрлі төрт тактілі қозғалтқыштар ГАЗ-52-04 автомобилінде орнатылады.


Бірінші цилиндрдің піспегі ЖӨН-нен жылжи бастағанда кіріс клапаны ашылады және цилиндрге жанармай қоспасы келіп түседі. Иінді біліктің айналымы бойынша санағанда, піспек  $120^\circ$  өткен сәтте бесінші цилиндрдің піспегі ЖӨН-де болады және ол жерде кіру тактісі басталады. Иінді біліктің кезекті  $120^\circ$ -қа айналымынан кейін үшінші цилиндрде кіру басталады, иінді біліктің  $120^\circ$ -қа кезекті айналымынан кейін кіру алтыншы цилиндрде болады және т.с.с. тактілердің басып озу нәтижесінде иінді білік біркелкі айналады.

**Алты цилиндрлі қатарлы қозғалтқыш цилиндрлеріндегі тактің кезектесу реті**

Иінді біліктің айналымдары	Иінді біліктің бұрылу бұрышы	Цилиндр нөмірлері					
		1	2	3	4	5	6
Бірінші	0...60	Кіру	Сығылу соңы	Жұмыс жүрісі	Кіру	Шығу соңы	Жұмыс жүрісі
	60...120			Сығылу	Шығу		
	120...180	Жұмыс жүрісі	Кіру		Кіру		
	180...240					Шығу	Жұмыс жүрісі
	240...300	Жұмыс жүрісі	Кіру	Кіру			
300...360	Шығу				Жұмыс жүрісі	Шығу	
Екінші		360...420	Жұмыс жүрісі	Шығу			Сығылу
	420...480	Кіру			Сығылу	Шығу	
	480...540		Жұмыс жүрісі	Кіру			Шығу
	540...600						
	600...660	Шығу	Жұмыс жүрісі	Шығу			
660...720	Сығылу				Жұмыс жүрісі	Кіру	Шығу

Қайтарымды-ілгерілеме қозғалатын массалар инерциясының күші теңдестірілген болады (2.4 кесте).

**V-тәрізді қозғалтқыштар.** Алты цилиндрлі төрт тактілі V-тәрізді қозғалтқыштарды МАЗ-5335 автомобильдерінде орнатады. Бұндай қозғалтқыштар жұмысының ерекшелігі – тактілердің әркелкі орындалуы. Қозғалтқыштың иінді білігінің үш шатунды мойындары.



2.3. сур. Төрт тактілі V-тәрізді қозғалтқыштарының қос иінді-шатунды механизмінің сызбасы:

а — алты цилиндрлі; б — сегіз цилиндрлі; 1 — 8 — цилиндрлер; I — VII — сәйкесінше 1 — 8 цилиндрлерінің иінді біліктерінің косиндері бар.



Олар бір-біріне  $120^\circ$  бұрышта орналасқан. Әрбір шатунды мойында екі шатун орналасқан. Бірі цилиндрлердің сол қатарына, ал екіншісі оң қатарына жасалған (2.3, а сур.).

Бірінші шатунды мойынмен бірінші және төртінші цилиндрлердің шатундары, ал екінші шатунды мойынмен екінші және бесінші цилиндрлердің шатундары, үшіншімен үшінші және алтыншы цилиндрлердің шатундары байланысқан. Автомобиль жүрісі бойынша цилиндрлердің оң қатарында 1-ден 3-ке дейін, ал сол қатар да сәйкесінше 4-тен 6-ға дейін нөмірлер бар. Қозғалтқыш цилиндрлер жұмысының тәртібі: 1 — 4 — 2 — 5 — 3 — 6. Тактілер  $90^\circ$  және  $150^\circ$  сайын кезектеседі (2.5 кесте).

2.5. кесте

**Алты цилиндрлі V-тәрізді қозғалтқыш цилиндрлеріндегі тактің кезектесу реті**

Иінді біліктің айналымдары	Иінді біліктің бұрылу бұрышы	Цилиндр нөмірлері							
		1	2	3	4	5	6		
Бірінші	0...30	Кіру	Жұмыс жүрісінің соңы	Сығылу соңы	Шығару соңы	Жұмыс жүрісінің соңы	Кіру		
	30...60								
	60...90		Шығу	Жұмыс жүрісі	Кіру	Шығу	Сығылу		
	90...120								
	120...150								
	150...180	Сығылу	Кіру	Шығу	Сығылу	Жұмыс жүрісі			
	180...210								
	210...240								
	240...270								
	270...300								
300...330	Жұмыс жүрісі	Шығу	Сығылу	Кіру	Шығу				
330...360									
360...390						Сығылу	Жұмыс жүрісі	Шығу	Кіру
390...420									
420...450									
450...480		Шығу	Кіру	Жұмыс жүрісі	Сығылу	Шығу			
480...510									
510...540									
540...570									
570...600									
600...630	Шығу	Жұмыс жүрісі	Сығылу	Шығу	Кіру				
630...660									
660...690									
690...720									
720...750									

Егер бірінші цилиндрде кіріс болса, жұмыс тәртібі бойынша бірінші цилиндрден соң кіріс төртінші цилиндрде болады. Ол бірінші цилиндрде такт иінді біліктің айналымы бойынша санағанда  $90^\circ$ -та болғанда басталады. Төртінші цилиндрдегі кіріс тактісі аяқталуына  $30^\circ$  қалғанда, екінші цилиндрде кіріс басталады. Тактіні бесінші цилиндрмен бөгеу  $90^\circ$  құрайды. Иінді білік айналымының кезекті  $150^\circ$ -нен соң үшінші цилиндрде кіріс басталады. Жұмыс кезеңі алтыншы цилиндрдағы кіріспен аяқталады, ол үшінші цилиндрмен салыстырғанда,  $90^\circ$  бөгеумен басталады. Осыдан соң барлық тактілер тура осындай реттілікпен қайтала-нады.

Тактілер, әсіресе жұмыс жағдайындағы жылдамдық әртүрлі уақыт аралығында қайталанатындықтан иінді білік те әрқалай айналады. Осы айналымның әрқалайлылығын азайту үшін айтар-лықтай массадағы сермер орналастыруға тура келеді.

**Сегіз цилиндрлі төрт тактілі V-тәрізді қозғалтқыштар.** Бұндай түрдегі қозғалтқыштарды ГАЗ-3307, ЗИЛ- 433100 авто-мобильдеріне, КамАЗ тектес автотомобильдерге және басқаларға орналастырады.

Қозғалтқыштың әртүрлі цилиндрінде аталған тактілердің қай-таланатын бұрышын және иінді білікте қос иіннің орналасуын анықтау үшін иінді білік айналымының максималды бұрышын цилиндрлер санының бір жұмыс жағдайындағы жылдамдық кезеңіне бөлу керек ( $720^\circ: 8 = 90^\circ$ ). Көрініп тұрғандай қос иіндер  $90^\circ$  бұрышта крест тәрізді орналасқан және тактлердің кезектесуі де солай  $90^\circ$  мөлшерінде өтеді ( 2.3, б сур.).

Қозғалтқыш цилиндрлерінің жұмыс тәртібі: 1 — 5 — 4 — 2 — 6 — 3 — 7 — 8. Иінді білік төрт шатунды мойыннан тұрады. Әр мойынға екі шатуннан жалғасқан, цилиндрдің әр қатарынан бір-бірден. Бірінші шатун мойнында бірінші және бесінші ци-линдрлер шатуны орналасқан, екіншіде-екінші және алтыншы, үшіншіде-үшінші және жетінші және төртіншіде - төртінші және сегізінші цилиндрлер. Сегіз цилиндрлі төрт тактілі қозғалтқышта жұмыс кезеңі иінді біліктің екі айналымымен жүргізіледі. Бұл ретте барлық цилиндрлерде бір жұмыс жүрісі болады.

Тактілердің жабылуы  $90^\circ$  құрайды. Бұндай жабылу иінді білік-тің бірқалыпты айналымын қамтамасыз етеді және сермер мас-сасы айтарлықтай кемиді. Қозғалтқыш жұмысы келесі ретпен жүзеге асады. Бірінші цилиндрдегі піспектің ЖӨН-нен ТӨН-ге қарай қозғалысында кіріс клапаны ашылып, цилиндрге жанар-май қоспасы түседі. Иінді біліктің  $90^\circ$  айналымы арқылы бесін-ші цилиндрде жанармай қоспасының кірісі басталады, содан соң иінді біліктің әрбір  $90^\circ$  айналымынан соң кіріс тактісі төртінші, екінші, алтыншы, үшінші, жетінші және сегізінші цилиндрлерде басталады (2.6 кесте).

### Сегіз цилиндрлі қозғалтқыш цилиндрлеріндегі тактің кезектесу реті

Иінді біліктің айналымдары	Иінді біліктің бұрылу бұрышы	Цилиндр нөмірлері							
		1	2	3	4	5	6	7	8
Бірінші	0...90	Кіру	Жұмыс жүрісінің соңы	Сығылу соңы	Шығу	Шығу соңы	Жұмыс жүрісі	Сығылу	Кіру соңы
	90...180		Шығу	Жұмыс жүрісі		Кіру			Сығылу
	180...270	Сығылу	Кіру	Шығу	Кіру	Сығылу	Шығу	Жұмыс жүрісі	Сығылу
	270...360								Жұмыс жүрісі
Екінші	360...450	Жұмыс жүрісі	Сығылу	Кіру	Сығылу	Жұмыс жүрісі	Кіру	Шығу	Шығу
	450...540								
	540...630	Шығу	Жұмыс жүрісі	Сығылу	Жұмыс жүрісі	Шығу	Кіру	Кіру	Шығу
	630...720								Кіру

### Бақылау сұрақтары

1. Қозғалтқыштардың түрлі модельдеріндегі цилиндр санын атаңыз.
2. Қозғалтқыштардың түрлі модельдерінде цилиндрлердің қандай орналасу нұсқалары болады?
3. Көп цилиндрлі қозғалтқыштың бір цилиндрліге қарағанда артықшылығы қандай?
4. Екі цилиндрлі қозғалтқыштарға арналған тактілердің кезектесу кестесін салыңыз және оның құрылысы әдістемесін түсіндіріңіз.
5. Жұмыс тәртібі 1—2—4—3 болатын төрт цилиндрлі қозғалтқыштарға арналған тактілердің кезектесу кестесін салыңыз және оның құрылысы әдістемесін түсіндіріңіз.
6. Алты цилиндрлі қатарлы қозғалтқыштарға арналған тактілердің кезектесу кестесін салыңыз және оның құрылысы әдістемесін түсіндіріңіз.
7. Алты цилиндрлі V-тәрізді қозғалтқыштарға арналған тактілердің кезектесу кестесін салыңыз және оның құрылысы әдістемесін түсіндіріңіз.
8. Сегіз цилиндрлі V-тәрізді қозғалтқыштарға арналған тактілердің кезектесу кестесін салыңыз және оның құрылысы әдістемесін түсіндіріңіз.
9. Иінді біліктің қос иіндері орналасу керек бұрышты қалай есептеуге болады?

## 3 т а р а у

### ҚОС И ИНДІ-ШАТУНДЫ МЕХАНИЗМ

#### 2.1. Цилиндрлердің орналасуы мен саны


Қос иінді-шатунды механизм жанғыш газдардың жарылыс күшін қабылдайды және піспектің тура қайтарымды-ілгерілемелі қозғалысын иінді біліктің айналмалы қозғалысына айналдырады. Қос иінді-шатунды механизмді (3.1 сур.) жалпы үлкен екі топқа бөлуге болады: қозғалысты және қозғалыссыз бөлшек топтары. Қозғалыссыз бөлшектер тобына жоғарғы картермен бірге бүтіндей құйылған цилиндрлер блогын жатқызуға болады; қозғалтқыш картерінің тұғырығы; араларында нығыздағыш төсемелер бар цилиндрлер блогының бастиегі, таратқыш өркеш дөңгелектердің қақпағы. Картер тұғырығы, таратқыш өркеш дөңгелектер және цилиндрлер блогының арасына нығыздағыш төсемелер қойылады.

Қос иінді-шатунды механизмнің қозғалысты бөлшектер тобына, мойынтіректері бар иінді білік (ішпектермен), мойынтіректері бар шатундар (төменгі бастиектерге арналған ішпектер және жоғарғы бастиектеге арналған төлкелер), піспектер, піспек шығыршықтары, піспек сұққылары (қозғалтқыштың барлық модельдерінде орнатылады) және сермер жатады. Екі топта да бекіткіш бөлшектер бар.

#### 3.2. Цилиндрлер блогы

Цилиндрлер блогы қозғалтқыштың базалық бөлшектері болып саналады. Оған барлық негізгі бөлшектерді және қозғалтқыштың түрлі жүйесіндегі құрылғыларын бекітіп орнатады. Қозғалтқыштардың цилиндрлер блогы жоғарғы картермен бірге бір бүтін болып құралған.

**Материалдар.** Цилиндр блоктары сұр шойын қосындыларынан (ЗИЛ-433100, КамАЗ-5320 автомобиль қозғалтқыштары және барлық модификациялары, ВАЗ-2110, -21102, -21103, -2111, -2112, «Ока» ВАЗ- 1111, -11113 және басқалары) немесе алюминий қорытпасынан жасалуы мүмкін (ИЖ-2126, ГАЗ-3307, «Волга» ГАЗ- 3102 автомобильдерінің қозғалтқыштары және олардың модификациясы, «ГАЗель» ГАЗ-2705, ГАЗ-3302, -33021, -33023, -33027, -330273, -27057 және осы автомобильдердің модификациясы). Цилиндрлер блогының геометриялық формасын сақтау үшін және олардың шалысуының алдын-алу үшін оларды құймадан соң жасанды ескіруге ұшыратады.




3.1. сур. Қос иінді-шатунды механизм бөлшектері:

а — V- тәрізді карбюраторлық қозғалтқыш; б — V-тәрізді дизель; в — цилиндр бәстиектерін, гильзалардың КамАЗ-740 дизелі цилиндрларының бәстиектері және блоктарының байланысы: 1 — таратқыш өркеш дөңгелектер блогының қақпағы; 2 — цилиндр блоктары бәстиектерінің төсемелері; 3 — жану камерасы; 4 — цилиндрлер блогының бәстиектері; 5 — цилиндр гильзасы; 6, 19 — нығайтқыш шығыршықтар; 7 — цилиндрлер блогы; 8 — резенке төсемелер; 9 — цилиндр бәстиектері; 10 — қақпақ төсемелері; 11 — цилиндр бәстиектерінің қақпақтары; 12, 13 — қақпақтарды және цилиндрлер бәстиектерін бекіту бұрандалары; 14 — шығыс коллекторының келте құбыры; 15 — бұранда-тұтастырғыш; 16 — негізгі мойынтіректің қақпағы; 17 — негізгі мойынтірек қақпағын бекіту бұрандамасы; 18 — тірек болаты шығыршық; 20 — цилиндр бәстиегінің болат төсемесі

Шойыннан құйылған цилиндр блоктары цилиндрмен бірге дайындалуы мүмкін (барлық түрленімдегі «Жигули», «Ока» автомобильдерінің қозғалтқышы) немесе алмалы-салмалы цилиндр гильзалары болуы мүмкін (КамАЗ-5320 және барлық түрлемдері, ЗИЛ- 433100 және басқалары.)

**Конструкциясы** (3.2 сур.). Алюминий қорытпасынан құйылған цилиндр блоктары алмалы-салмалы цилиндр гильзалардан тұрады (барлық түрленімдегі «ГАЗель», ГАЗ-3307, ИЖ-2126 және басқа




3.2. сур. Қозғалтқыштың цилиндрлер блогы және оның бөлшектері:

1 — цилиндр блоктары; 2 — ілінісу картері ; 3 — айдау арналарымен май ағызатын орындары бар сүзгілер корпусын орнату алаңқайы; 4 — цилиндр гильзаларын орналастыруға арналған блоктағы саңылау; 5 — цилиндр бастиегін орнату штифті; 6 — картер вентиляциясы сүзгісімен және картерге май құюға арналған саңылауы бар кіріс құбыр желісін орнату алаңқайы; 7 — су сорғысынан блок цилиндріне салқындатқыш сұйықтық айдауға арналған арналар; 8 — итергіштердің оң жақ қатарына және компрессорға май айдайтын оң магистральды арнасы; 9 — иінді біліктің негізгі мойынтіректеріне және итергіштердің сол жағына май айдайтын сол магистралды арна; 10 — таратқыш иінді орнатуға арналған саңылау; 11 — таратқыш тегершіктер қақпағы; 12 — иінді білік айналым санын шектегіш ортадан тепкіш қадағаны бекітуге арналған фланец; 13 — иінді білік басын шығаруға арналған саңылау; 14 — компрессорға май айдауға арналған саңылау; 15 — компрессордан майды ағызуға арналған саңылау тығыны; 16 — иінді біліктің алдыңғы негізгі мойынтіректерінің қақпағы; 17 — иінді біліктің ортаңғы негізгі мойынтіректер қақпағы; 18 — иінді біліктің артқы негізгі мойынтіректерінің қақпағы; 19 — картер тұғырығының аралықтары (науа); 20 — қозғалтқыш картерінің тұғырығы; 21 — төсемелер; 22 — ілінісу картерінің төменгі қақпағы ; 23 — май айдайтын сорғыны бекіту алаңқайы.

автомобильдерінің қозғалтқыштары). Цилиндр гильзалары дымқыл немесе құрғақ болады. Егер гильза тікелей салқындатқыш сұйықтықпен шайылса, онда ол дымқыл гильза деп аталады. Ал құрғақ гильзалар салқындатқыш сұйықтықтармен әрекеттеспейді.

**Конструкциясы** (3.2 сур.). V-тәрізді цилиндр блоктарының құрылымы күрделі. Мәселен, жоғары механикалық құрылымдағы

арнайы шойыннан құйылған ЯМЗ-740 қозғалтқышының цилиндр блоктары өз ішінде төрт бөліктен тұрады. Олардың әрқайсысында сол және оң қатарда бір-бірден цилиндр орналасады. Аралықтар арнайы күш қабырғаларымен қамтылған және картердің бүйірдегі қабырғаларымен, блоқтың цилиндрлі бөліктерімен бірге сұйық конструкция құрады. V-тәрізді қозғалтқыштардың (мысалы, ЗИЛ маркасы) цилиндрлері арасындағы жарықта кіріс құбыр желісі (3.3 сур.) бар. V-тәрізді және қатарлас қозғалтқыштардың барлығында блоктардың қаттылығы картердің ажырату жазықтығының және картер тұғырықтарының иін білігі осінен айтарлықтай төмен болуымен қамтылады.



3.3. сур. V –тәрізді қозғалтқыштың кіріс құбыры құбыржелісі:

1 — кіріс құбыры; 2 — су температурасын көрсететін қадағаны орнатуға арналған саңылау; 3 — картер вентиляциясы клапанының корпусы; 4 — картер вентиляциясының клапаны; 5 — картер вентиляциясының құбыры; 6 — карбюраторды бекіту алаңқайы ; 7 — стационарлық жылыту жүйесіне қосылуға арналған саңылау; 8 — салқындату жүйесінің шығыс келте құбырына арналған фланец; 9 — салқындату жүйесінің шығыс келте құбыры; 10 — картер вентиляциясы жүйесінің сүзгісі; 11 — картер вентиляциясының май құятын келте құбыры; 12 — май құятын келте құбырды бекіту алаңқайы; 13 — компрессорға салқындатқыш сұйықтықты жіберуге арналған қадаға тұтқасын жалғауға арналған саңылау; 14 — кіріс құбырға қыздырылған салқындатқыш сұйықтықты айдау арнасы; 15 — цилиндрларға жанармай қоспаларын айдауға арналған арна; 16 — кіріс құбырының төсемелері; 17 — картердің вентиляция жүйесінің майтұтқышы; 18 — кабина жылытқышы кранын орнату саңылауы

Цилиндр гильзаларының дұрыс орналасуы үшін, цилиндр блоктарының төменгі бөлігінде арнайы ұяшықтар бар, ал гильзаларда орнатқыш белдемелер бар. Барлық түрленімдегі ЗИЛ-433100 автомобилінің қозғалтқыштарында, КамАЗ және басқа автомобильдер қозғалтқыштарында гильзаның жоғарғы шеті блоктың арнайы ұяшығында, «ГАЗель», «Волга», ГАЗ-3307 автомобильдерінің қозғалтқыштарында цилиндр блоктарының төсемелерімен орталықтандырылады. Жақсы нығыздалу үшін гильзаның жоғарғы бүйіржағы блок қуысының астына 0,02...0,01 мм-ге түседі. Салқындатқыш сұйықтықтың цилиндр гильзаларының төменгі шетінен ағып кетуінің алдын-алу үшін олар «ГАЗель» қозғалтқышында қалыңдығы 0,3мм болатын жұмсақ мыс төсемелермен, «Волга» ГАЗ-31029 қозғалтқышында қызыл мыс төсемелерімен нығыздалады. ЗИЛ-433100 автомобилінің қозғалтқышында гильзаның төменгі қондыру белдеуі майға бензинге төзімді резеңкеден жасалған екі шығыршықпен және кавитацияның алдын алуға арналған үшінші жоғарғы шығыршықты конустық сыртқы бетпен нығыздалған. ЯМЗ-740 қозғалтқышында гильзаның төменгі белдеуі блоктардың жырашығында орналасқан екі резеңке шығыршықпен нығыздалады.

Картердің аралықтары мен қабырғаларында, иінді біліктердің негізгі мойынтіректері (ішпектер) үшін жоғарғы төсеніштер болып саналатын аркалар орналасқан. Негізгі мойынтіректердің қақпақтары алынбалы және аркаларға бұрандамалардың көмегі арқылы бекітіледі. Картер бойымен басты май магистралі орналасқан. Майды иінді біліктің негізгі мойынтірегіне, тарату біліктерінің тіреу мойындарына және аралықтардағы клапанды механизм бөлшектеріне жеткізу үшін картер аралықтары мен қабырғаларында арналар бұрғыланған. Цилиндрдің барлық бойымен салқындатқыш сұйықтық өту үшін өзектер жасалған, соның аркасында цилиндрден, піспектерден, піспекті шығыршықтардан жылуды бұрып әкету шарасы қамтылып, мотор майының температурасы төмендетіледі және ауытқымалы қызудан блоктың өзгеру қаупі азаяды. Салқындатқыш сұйықтықты блок бастиегінің салқындатқыш рубашкасына жеткізу үшін блок бастиегіне төсемелермен нығыздалған арнайы саңылау жасалған. Картер ішінде орналасқан таратқыш білікті қозғалтқыштарда сонымен қатар итергіш қарнақтар өтетін қуыстар бар.

Қозғалтқыштардың V–тәрізді цилиндрлер орналасуында қатарлардың бірі екіншісінен алдыға жылжып тұр, бұл иінді біліктің жалпы шатунды мойындарына екі шатунды орналастыру үшін қажет. ЯМЗ-740 қозғалтқышында оң жақ қатар, ал ЗИЛ-645 қозғалтқышында сол жақ қатар алдыға қарай жылжыған.

Картер төменгі жағында мотор майы қорының резервуары саналатын тұғырықпен жабылған. Тұғырық астында майды ағызуға арналған саңылау бар, ол тығынмен жабылып тұрады.

Тұғырық пен картер арасында төсемелер орналасқан. Тұғырықта майдың шалпылдауын азайту үшін аралықтар орналасқан.



### 3.3. Цилиндрлер гильзасы

Цилиндрлер гильзасы өте күрделі жағдайда жұмыс істейді. Әсіресе, бұл олардың ішкі, жеткілікті деңгейде майланбайтын бөлігіне қатысты. Себебі мұнда піспек шығыршықтарымен май өткізілмейді. Жұмыс барысында цилиндрдің жоғары бөлігінде жұмыс қосындысы мен температура 2000...2500 °С дейін көтеріледі. Жану кезінде қышқылдық өнімдері бөлінеді: көмірқышқыл мен азот, күкірт газы және көмірқышқыл оксиді, судың буы және басқа да заттар. Судың буы қорғалмаған қабатына түсіп, тотығу процесіне ұшырайды. Бұдан басқа, су конденсаты қышқылдану (диоксидтер) өнімдерін қышқыл түзеу арқылы ерітіп, нәтижесінде цилиндр қабырғалары одан сайын тотыға түседі.

Цилиндрдің жоғары қабатында қысымның күрт алмасуы байқалады. Ол жерде атмосферадан төмен қысымды қосу ырғағы кезінде жұмыс процесінің басында көрсеткіш 3-4 МПа (30...40 кгс/см<sup>2</sup>) жетуі мүмкін. Ал, жұмыс қосындысының детонациясы кезінде — 10.

15 МПа (100...150 кгс/см<sup>2</sup>) көрсетеді. Температураның ауытқуы да осындай маңызға ие болады. Іске қосқан кезде цилиндрдің ішкі қабаты температурасы 40.80 °С суық ауаға толады, дегенмен біраз уақыттан кейін температура 2000.2500 °С градусқа жетеді. Осының барлығы металл құрылымының бұзылуына әкеліп, тозу процесін жеделдете түседі. Ол жерде шаң маймен араласып, цилиндрлердің қарқынды тозуына әкелетін түйіршікті массаға айналады. Әсіресе, бұл оның жоғары бөлігін қамтиды. Бұған қоса, оған жоғары компрессорлық сақинаны төменгі өлі нүкте – ТӨН арқылы ауыстыру да әсер етеді.

Тозу процесін төмендету үшін ауаны мұқият сүзгіден өткізіп, кіріс жолдың саңылаусыздандыруды бақылап, таза май мен бензин қолданып, қозғалтқыштың қызып немесе суып кеткен күйінде жұмыс істеуіне жол бермеу керек. Мұның барлығы цилиндрлердің айналарын мерзімнен бұрын тоздан сақтайды. Бұдан басқа оның цилиндрден бір жерінен екінші жеріне ауысқан кезінде дизельдерде цилиндрлер гильзасының тербелісі байқалады. Піспек пен цилиндр айнасының арасында саңылау бар және піспектің ауысы екпінмен жүзеге асырылып, тербеліс пайда болады да кавитациялық бұзылыс орын алады.

Карбюраторлық қозғалтқыштарда цилиндрлердің кавитациялық бұзылысы жұмыс барысында қысымның аз болуы салдарынан мүлдем орын алмайды.

Цилиндрлердің жоғары бөлігіндегі тозуды азайту үшін кейбір қозғалтқыштарда (ЗИЛ-130, ГАЗ-24 және тағы басқа) қысқа (ұзындығы – 50 мм) ендірмелер аса берік аустенит шойынынан нығыздалады. Заманауи қозғалтқыштардың цилиндрлерінде мұндай ендірмесі жоқ.

Цилиндр гильзалары перлитті құрылымды арнайы шойыннан құйылады. Гильзаның жұмыс істейтін қабаты жиілігі жоғары тоқ

арқылы шынығудан өтеді, мұқият өңдеуден өткізіліп, тегістеледі. Алмастырылатын ылғалды гильза түрінде жасалған, цилиндрлері бар қозғалтқыштарды жөндеу әрі жұмыс істеу анағұрлым оңай. Блокпен біртұтас құйылған цилиндрлері бар қозғалтқыштарды жөндеу күрделі, себебі цилиндрлердің біреуі істен шыққан сәтте (мысалы, цилиндр айнасы сырылып қалса), барлық цилиндрді тегістеп, қайрауға тура келеді.

### 3.4. Цилиндрлердің бастиектері

Цилиндрлер блоктарының бастиектерін цилиндрлер жауып тұрады және оның қақпасы қызметін атқарады. Олар қоспалы шойыннан құйылуы мүмкін (ЗИЛ-635, Д-245.12 қозғалтқыштары) немесе алюминий құймасы («Жигули», «Волга», «ГАЗель», ИЖ-2126 қозғалтқыштары). Бастиектің қалдық кернеуін шешу және шалыстанудың алдын алу үшін дайындау барысында жасанды жолмен ескіруге жол беріледі. Бастиектер V-тәрізді қозғалтқыштар мен цилиндрлердің біртұтас қатары үшін (әрбір цилиндр үшін бастиектері жеке жасалатын КамАЗ қозғалтқышынан басқа) ортақ жасалады.

Цилиндрлердің бастиектері әрбір цилиндр үшін жылуды жақсы бөледі, дегенмен олардың клапандарын келтіру құрылғысы күрделі, кіріс және шығыс құбырлардың саңылаусыздандыру күрделенген. Әрбір бастиек жеке құйылған алюминий қақпамен жабылады. Оның астында тығынды қақпағы бар майға бекем резеңкеден тұратын тығыздатылған төсеме орнатылған. Бастиектің төменгі жазықтығында болат шығыршық нығыздалған шығыршық жырашығы тесіп шығарылған. Бастиекті бекіткен кезде бұл шығыршық төсемге тығыздалып, оның пішінін өзгертеді де сенімді газ жапсарын жасайды. Цилиндр блогынан бастиекке май мен салқындатылған сұйықтық өтетін саңылау, сонымен қатар бастиек контур бойынша арнайы резеңке төсемемен нығыздалған.


**Құрылым.** Ең қарапайым құрылым клапандары төмен орналасқан қозғалтқыш цилиндрлерінің бастиектерінде болады. Бұл бастиектердің салқындатқыш қабығы бар. Бұдан басқа, олардың жану камерасы мен тұтату үшін майшам қоюға арналған саңылау бар.

Бұдан да күрделі құрылым бастиектер барлық қатардағы цилиндрлер үшін жасалған цилиндрлерде кездеседі. Жану камерасынан басқа, олардың жанатын қосындыны жеткізу және пайдаланылған газды шығару арналары, кіріс және шығыс клапандарының ұялары болады. Олар шойыннан жасалып, бастиекке нығыздатылып орнатылады. Бұдан басқа, жағу майшамдары немесе бүріккіш орнатуға арналаған ұялар жасалған, клапандардың бағытталған төлкелері тығыздалған және клапанды ашу үшін ровер осьтері орнатылған. Блоктың басында ылғалды қабат, штанг

өтетін жол, май құятын және цилиндрлер блогының салқындатқыш қабатымен блок бастиектері салқындатқыш қабаты хабарламасына арналған арналар бар.

Алюминий құймасынан жасалған цилиндрлер бастиектері жылуды бұруды жақсартып, тығыздалу деңгейін жұмыс қосындысы детонациясы пайда болу қаупін тудырмастан, 0,2...0,3 бірлікке арттырады.

**Жану камерасының формасы.** Цилиндрлер бағы бастиектерінің құрылымы көптеген жағдайда жану камерасының формасы мен клапандардың орналасуына байланысты болады. Жану камерасының формасы жұмыс процесінің жүруіне нақтырақ айтсақ, қосындының жасалуына, жұмыс қосындысының жануына, тығыздалу деңгейі мен қозғалтқышқа үлкен әсер етеді. Жану камерасының формасы мен оның орындалу орны қозғалтқыш жұмыс істейтін отынға да байланысты. Карбюраторлық қозғалтқыштар камерасында ереже бойынша жану - блоктың бастиегінде, дизельдіде – піспектің басында орындалады. Кейбір карбюраторлық қозғалтқыштарда піспектердің түбінде жану камерасы көлемін ұлғайту үшін тереңдету жүргізіледі (қозғалтқыш ЗМЗ-4061). Карбюраторлық қозғалтқыштардың ішінде жану жарты шарлы (3.4 сур., II сызба) камераларда орын алған. Жану камерасының клапандары төмен орналасқан камералары Г-тәрізді пішінге ие болады (IV сызба). Дизельділерде бөлінбеген жану (V және VI сызбалар), бөлінген (VII және VIII сызбалар) камералары қолданылады.



3.4 сур. Жану камерасының формалары:

а — карбюраторлық қозғалтқыш; б — дизельді; I — цилиндрлі; II — жарты шарлы; III — сыналы; IV — жылжытылған (Г-тәрізді); V, VI — бөлінбеген; VII, VIII — бөлінген; 1 — клапан; 2 — жағу майшамы; 3 — піспек; 4 — жану камерасы; 5 — бүріккіш; 6 — алдыңғы камера; 7 — негізгі камера; 8 — құйынды камера

Бөлінбеген жану камералары піспектің басында орындалады. Оларға бүріккіш жанармайдың құйындауын қамтамасыз ететін форма беріледі. Бұл тозаңдандыру және булануды жылдамдату үшін қажет. Сәйкесінше жанармайдың толығымен жанып кетуі үшін аса маңызды болып табылады. Жану камерасына піспектің түбі мен піспек жоғары өлі нүктеде болған кездегі блок бастиегінің төменгі жазықтығындағы көлем енеді.

Бөлінген жану камераларының құрылғылары өте күрделі болып келеді. Бүріккіш 5 алдыңғы камераға 6 немесе құйынды камера 8 орнатылады. Жанармайдың үшқыны мен лапылдап жануы алдыңғы немесе құйынды камерада орын алады. Оның ішінен жанып тұрған алау түрінде 7 негізгі жану камерасына түседі. Жану камерасының мұндай құрылғысы жанармайдың толық жанып кетуін қамтамасыз етеді, дегенмен бастиектің құрылымын күрделендіре түседі.

Блоктың бастиегінде бөлу белдігі орналасқан кезде олар үшін мойынның астында бес тіреуіш орнатылады. Тіреуіштер алмалы-салмалы болып орналастырылады. Жоғары бөлігі мойынтірек корпустарында орналасады. Тіреуіштердегі саңылауларын мойынтірек корпустарын жинаған кезде өңделеді, сондықтан олар өзара алмастырылмайды.

Әртүрлі модельдегі цилиндрлердің өзіндік ерекшеліктері болады. Мысалы, 3МЗ-4061 және -4063 қозғалтқыштарының бастиектері алюминий қоспасынан құйылған және барлық цилиндрлер үшін ортақ болады. Кіріс және шығыс клапандары үшін арналар жеке-жеке орындалған: сегіз кіріс клапан үшін – оң жақтан, сегіз шығыс клапаны үшін – сол жақтан.

**Клапандардың орналасуы.** Клапандар үшін ұялар қозғалтқыштың бойлау осіне сәйкес екі қатармен орналасады. Әрбір цилиндрдің кіріс клапандары үшін екі ұя мен шығыс клапандар үшін – екі-екіден бар. Клапандарға арналған орын алмалы-салмалы болады. Олар ыстыққа төзімді, нығыздылығы қатты шойыннан жасалады. Орындарды нығыздау үшін бастиектерін 160...175 °С градусқа дейін қыздырады, орындарды —40 °С, — 45 °С градусқа дейін салқындатады. Мұндай жағдайда орындар ұяға еркін орналастырылады, кейін температура реттелген соң орынды ұясына сенімді қондыру қамтамасыз етіледі. Бұдан кейін бастиек металы арнайы жақтау қосымша орынның айналасы нығыздалады. Клапандардың төлкелері шойыннан жасалады және бастиекке ұзыннан тұрғызылады. Орындардың жүзі мен төлкедегі саңылау бастиекті жинаған кезде өңделеді. Жану майшамы тұтану камерасының ортасына орналастырылады.

Бастиек пен блокты нығыздау үшін олардың арасына асбест матасынан төсеме салынып, графит жабылған және арматураның металл қарқасы салынады. Төсемедегі барлық саңылаулар металмен жиектеледі.

Бастиектің жоғары ған.

Тарататын біліктің алдыңғы тірек жағында кіріс және шығыс бөлу біліктерінде тірек мойыншағы астында екі қатар орналасқан. Ұялардың қақпалары біріншіден басқа, әрқайсысына алюминийден, алдыңғы тірек мойындарына бөлу біліктерінен жасалып-таларына арналған қақпа жалпыға ортақ болып табылады әрі тарату біліктерін осьтік алмасудан қорғайтын пластмасс тірек

фланецтермен қамтылған.

Тірек қақпақтары бастиекпен жинақтау кезінде қайралып, өзара алмастырыла алмайды. Қақпалардың дөңсешелерінде кіріс бөлу білігінде «1», «2», «3» және «4» нөмірлері айқындалады, шығыс бөлу біліктерінің тірек қақпаларында сәйкесінше «5», «6», «7» және «8» сандары көрсетілген. Есептеу алдыңғы мойын тіректері үшін ортақ қақпадан басталады.

Бастиектердің цилиндрлердің блогында дұрыс орналасуы бүркеншіксіз блокқа нығыздалған штифт-төлкемен қамтамасыз етіледі.

### 3.5. Иінді біліктер


Қозғалтқыштағы иінді білік тік жолақты піспектің қайтымды ілгері қозғалысы біліктің айналмалы қозғалысына өзгертеді.

**Материалдар.** Иінді біліктер беріктігі жоғары шойыннан («ГАЗель», «Волга» ГАЗ-31029, ВАЗ-2110, -2111, -2112, -1111, -1113 қозғалтқыштары) немесе жоғары көміртекті болаттан жасалған. Шойын иінді біліктер құймадан, болат – қақталып жасалады.

Шойын болаттан арзан болғанмен, әлсіз және одан жасалған бөлшектер көлемдірек. Белгілі пішінге келтірілген шойын иінді біліктің бағасы болаттан қақталған түрінен арзанырақ. Дегенмен металл шығындарының тым көп шығынға ұшырауына байланысты шойын иінді біліктерді қуаттылығы жоғары қозғалтқыштар үшін дайындау жарамсыз. Мұндай біліктермен жөндеу жұмыстары мен қозғалтқыштарға қызмет көрсету кезінде жұмыс істеу қиын.

**Конструкциясы.** Иінді біліктің негізгі бөліктері болып (3.5 сур.) негізгі 20 және бұлғақты 18 мойын табылады. Олар 34 жақпен бірігіп, солармен бірге ауыспалы ойықпен ұштасады. Негізгі және бұлғақты мойын саны бойынша иінді біліктер *толық тіректі* және *толық емес тіректі* болып екіге бөлінеді. Толық тіректі деп - әрбір бұлғақты мойынын екі жақтан негізгі мойыны бар иінді біліктер аталады. Толық емес – тым болмағанда бір бұлғақты мойыны екі жақтан негізгі мойыны жоқ түрі аталады. Қатардағы қозғалтқыштарда бұлғақты мойын саны цилиндрлер санымен сәйкес келеді. Цилиндрлері V-тәрізді орналасқан қозғалтқышта бұлғақты мойын саны цилиндрлерге қарағанда екі есе аз, себебі олардың әрбір бұлғақты мойнында екі бұлғақтан орнатылады: біреуі – он жақтан болса, екіншісі – сол жақ қатардан. Сонымен қатар иінді біліктің алдыңғы жақтағы соңын басы деп те атайды.

Иінді біліктің басында 1 тегершік кілтектің көмегімен 2 көмекші құралдардың жетегі орнатылады (су сорғысы, генератор, компрессор, гидравликалық күшейткіш және т.б) тұрғызылады. Сол жердегі кілтекке газ тарату механизмді 40 жетекті тегершік орнатылады. Егер де бөлу білігі цилиндрлер блогының басында орналасқан болса (ВАЗ-2110, -2111, -11113, ИЖ-2126), иінді біліктің басында тісті жұлдызша тұрғызылады. Одан тісті белбеудің көмегімен (ВАЗ-2110, -2111, -2112, ВАЗ-1111, - 11113 қозғалтқышта-




ры) немесе шынжырлар (ИЖ-2126 қозғалтқышы) бөлу білігінің қозғалысына келтіріледі. «Ока» автокөлігінің қозғалтқышында иінді білік тегершігінен теңестіруші білік жұмысқа келтіріледі.

«ГАЗель» автомобилі қозғалғышы иінді білігінің басында кілтке болат тірек тығырық, бөлу білігінің кілтегі, май қайырғы мен иінді білік тегершігінің күпшегі орнатылған. Барлық аталған бөлшектер біліктің алдыңғы бүйіржағына айналдырылған бұрандамен тартылған. Су сорғысы мен желдеткіш тартпа тегершігі, генератор тегершігі иінді біліктің күпшегіне бұрандамен бекітіледі. Осы тегершікте иінді біліктің айналуын тоқтату үшін демферлі құрылғы орнатылады. ЗИЛ-5301 автомобилі қозғалтқышының иінді біліктің басында аралық тегершік пен тіркелген тегершік құрылған. Аралықтан белгіленген біліктің жұмысына келтіріледі. Тартпа тегершіктің алдына май сорғысы мен алдыңғы май көрсеткіштің жетекші тегершік, оймақ кілтке иінді білік кілтегі орнатылады. Осы бөлшектердің барлығы біліктің алдыңғы бөлігіне айналдырылған бұрандамен тартылған.

Иінді біліктің соңғы бөлігінде сермерді тіркеуге арналған фланец бар. Фланец пен мойынның арасында май лақтыратын тарак 23 және майды айдайтын спиральды орам 24 бар. Иінді білік сермермен теңгерімге түседі.

Жөндеу жұмыстары кезінде теңгерімді бұзбау үшін және сермердің иінді білікпен дұрыс қосылуын қамтамасыз ету үшін фланецтер арнайы штивпен қамтамасыз етіледі немесе сермер мен фланецті бекітетін бұрандаларға арналған саңылаулардың біреуі өзгелерге қарағанда симметриясыз орындалып, бір жаққа қарай ығысады.

Иінді біліктің артқы жағында беріліс қорабының жетекші білігі үшін алдыңғы тірегі болып табылатын, шар тәрізді мойынтірек сығылған ұя бар.



### 3.5 сур. Шатунды топпен иінді білік тетіктері:

1 — басы; 2 — шкив; 3 — храповик; 4 — керме-тірек шайбасы; 5 — алдыңғы мойынтіректің бейметалл тірек шайбалары; 6 — бастапқы мойынтіректің қосымша парақшасы; 7 — шатунды мойынтіректің қосымша парақшасы; 8 — тоқтатқыш шығыршық; 9 — піспек сұққышы; 10 — төлке; 11 — піспек сұққышын майлауға арналған саңылау; 12 — шатунның жоғары басы; 13 — шатун; 14 — шатун қақпасының бұрандасы; 15 — шатунның дөңесі; 16 — шатунның төменгі басы; 17 — шатун қақпасы; 18 — шатун мойны; 19 — мойынның қарама-қайшы салмағы; 20 — бастапқы мойын; 21 — піспек; 22 — майды ағызға арналған дренажды жырашығы; 23 — артыңғы мойынның май лақтыратын тарағы; 24 — май айдайтын спираль айналымдары; 25 — артыңғы мойынтіректің тығыздамасы; 26 — сермер; 27 — тісті тәж; 28 — ағаш нығыздамасы; 29 — тығыздалған резеңке төсемесі; 30 — артыңғы мойынтірек қақпасы; 31 — бұлғақты мойынтіректі майлауға арналған арна; 32 — майды тазалауға арналған ортадан тепкіш қақпан; 33 — қақпан тығыны; 34 — бет; 35 — ортаңғы мойынтіректің қақпасы; 36 — қосымша парақша; 37 — жез-никель қабаты; 38 — үйкелуге қарсы СОС 6-6 қорытпа; 39 — алдыңғы мойынтірек қақпасы; 40 — тегершік.

Иінді біліктің шатунды мойнында механикалық бөліктен майды тазарту үшін қақпамен жабылатын ортадан тепкіш қақпа 32 орнатылады. Қақпаны тартқаннан кейін өздігінен айналып кетпеуі үшін жауып тастайды.

Қозғалтқыш шатунды мойында жұмыс істеген кезде ортадан тепкіш күш пайда болып, білікті жан-жаққа алып кетеді. Өзекті мойынтіректі ортадан тепкіш күштің әрекетінен қайта жүктеу үшін иінді білікте қарама-қайшы салмақ 19 орындалады.

Сол жерден дамитын ортадан тепкіш күшке қарсы бағытта шатунды мойында әрекет етеді. Осының нәтижесінде өзекті мойындар мен олардың мойынтіректері ортадан тепкіш күштің әсерінен жеңілдей түседі.

Иінді және үйлестіруші білік қиғаш тісті тістегершігі арқылы бірігеді және жұмыс кезінде иінді білікті осьтік бағытта қозғауға тырысатын күш пайда болады. Сонымен қатар, оған сермерге орнатылған жабысу әсер етеді. Әсіресе, біліктің орнын ауыстыруына тіркеуді қосу немесе өшіру кезіндегі үлкен күш әсер етеді. Иінді білікті ұстап тұруға өзекті мойынтіректің біреуін мықты қылып жасайды.

«ГАЗель», «Волга» ГАЗ-31029, ГАЗ-3307 қозғалтқыштарының иінді біліктері өзінің сығылуынан алдыңғы 5 өзекті мойынтіректен биметтал тіреу шайбалары 5 арқылы ұсталып тұрады. «ГАЗель» автомобилінің қозғалтқышында бұл шайбалар болат және алюминий, «Волга» ГАЗ-31029 көлігінде – болат баббитті. ЗИЛ-433100 және ЗИЛ-5301 автокөліктерінде иінді біліктер өзінің сығылуынан болат және алюминий шығыршықтар арқылы ұсталып тұрады. Бұл шығыршықтар бүйіржақ тіреуде бесінші өзекті мойынтірек арқылы құрылып, тіреу қақпасының науашасына кіретін тірек дөңесінен бекітілген. Артқы жағынан металл кермикалық жартылай шығыршық, алдыңғы жағынан болат алюминий шығыршық қойылады. ВАЗ-2110, -2111, -2112 автомобильдерінің қозғалтқыштарындағы иінді біліктің осьтік ауысуы екі тіреу жартылай шығыршықтары арқылы шектеледі. Олар екі жақтан ортаңғы өзекті мойынтірек арқылы қойылады. Артқы жағынан металл керамикалық жартылай шығыршық, алдыңғы жағынан болат алюминий шығыршық қойылады. Сонымен қатар, «Ока» автомобиль білігі жылжуының болат алюминий жартылай шығыршықтың сығылуы шектеледі.

Қосу тұтқышын қозғалысын жіберу және иінді білікті алмастыру үшін, мысалы тұтануды құрған кезде, «Волга» ГАЗ-31029, ГАЗ-3307, ИЖ-2126 автомобильдері қозғалтқыштарының алдыңғы бүйіржақ пен басқаларының храповиктері аударылған.

**Мойынтірек.** Иінді біліктердің өзекті және шатунды мойынтіректерінің ұқа ішпектен тұрады. Олар өзекті мойын мен тіректердің кішіреюі үшін қызмет етеді.

Өзекті мен шатунды мойынтіректерінің ішпқабырғасы жектері шағын көміртекті болат үйкеліске төзімді жоғары қалайы алюминий қабаты бар таспадан дайындалады. Әрбір мойынтірек



екі ішпектен құрылған. Осы тік ауысу мен ішпектердің аударылып қалуына цилиндр блок төсектерінде немесе төменгі алмалы-салмалы шатунды бастиектердің ішпектерде дағдыланған арнайы мұртшалар және цилиндрлер блогының тиісті мойынтірек қақпағындағы ойықтар кедергі келтіреді. Барлық өзекті ішпектерде шығыршықты бунақтар бар. Сол бойынша май үздіксіз ағыспен шатунды мойынтіректерге келіп түседі. Май арнасының майдың өтуі үшін ішпектерде аралықтар мен қартер қабырғалары арнайы бұрғылау бар. Бұл бұрғылау барлық өзекті ішпектерде жасалады және төсекке ішпектерді орнату кезінде қателіктерге жол бермеу үшін қажет. «ГАЗель», «Волга» ГАЗ-31029, ВАЗ-1111, -1113 маркалы автомобильдер мен басқаларында шатунды мойынтірек ішпектері, арнайы бұрғылау болады. Сол арқылы осы саңылау май арнасымен шатунды мойынтірекке түскен кезде цилиндрлер мен үлестіруші білікке бағытталған шатунды мойында майдың ағысы атып шығады.

ЗИЛ-433300 автомобильдерінің қозғалтқыштарында өзекті және шатунды үш қабатты (үш металды) мойынтірек ішпектері үйкеліске төзімді қабатты есепке алғанда қорғасын мен қоладан жасалады. Төменгі және жоғарғы ішпектер өзара байланысты емес, себебі жоғары ішпектер төменгіден май құюға арналған саңылау және үлестіруші шығыршықты жырашықпен ерекшеленеді.

Үш металл ішпек ұнтақты металургия әдісі арқылы жез-никель қабаты жағылған болат 37, таспадан тұрады. Оның жоғары жағында үйкелуге қарсы СОС 6-6 типті қабат болады.

Қосымша парақшаларда ешқандай жымдау операциясын жүргізуге болмайды. Механикалық бөлшектердің қажамасы, сызыққ ізі, дақтары немесе ішпектердің қабатталуы болған жағдайда, оларды жаңасымен алмастырады.

### 3.6. Сермер

Сермер 26 (3.5 сур.) піспектің өлі нүктеден шығуын жеңілдетеді. Жұмыс кезінде энергияны жинақтай отырып, ол қосымша ырғаққа көмектеседі. Сермер массасы айналымдардың жоспарлы өзгеруін қамтамасыз етеді. Қозғалтқышты іске қосу үшін, әсіресе іске қосатын тұтқышпен (стартер) сермерге тісті тәж нығыздалған 27.

Сермерлер сұр шойыннан құйылады. Бұл ретте, металдың негізгі массасы шеңберде инерция кезеңін ұзарту үшін шеңберде орналасады.

ЗИЛ-433100 автомобилі сермерінің шеңберінде фиксатор үшін жік болады. Ол жанармайды бұрку және клапанды механизмде саңылауды реттеу, алға кету бұрышын құрған кезде сермер-

мен бірге енгізіледі. Иінді білікке сермер сегіз бұранда арқылы бекітіліп, мойында иінді біліктің артыңғы тығыздамасы астында ортаға келтіріледі. Нақты бұрыштық қалып екі бекіту штифті арқылы қамтамасыз етіледі.

ГАЗ-3307 автомобилі қозғатқышының сермері иінді білікке төрт бұранда арқылы бекітіліп, оның біреуіне арналған саңылау бір жаққа қарай сығымдалған. Осының нәтижесінде сермерді иінді білікпен бір жағдайда ғана біріктіруге болады.

ВАЗ-1111 және -1113 қозғалтқыштарының сермерлері цилиндрлі дөңеспен иінді білік фланецінде ортаға келтіріледі және нұсқаушы төлкемен белгілі жағдайда тіркеледі.

«ГАЗель» автомобилі қозғалтқышының сермері иінді білікке төрт бұранда арқылы бекітіледі. Оның біреуі бір жаққа сығылған. Бұрандалардың сомындары жазылу пластинасымен бекітілген.

ВАЗ-2110, -2111 және -2112 қозғалтқыштарының сермерлері иінді білікпен білік фланецінде дөңеспен ортаға келтіріледі. Сермердің артқы жазықтығында тісті тәжі жанында конусты шұңқыр тәрізді орнату белгісі болады. Ол төртінші цилиндрдің шатунды мойнына қарсы тұруы тиіс.

Ілінісудің жетекші дискісінің батып қалуын болдырмау үшін сермердің жұмыс бетінде сызат болмауы тиіс.

### 3.7. Шатунды–піспекті топ

**Піспек.** Піспек жұмыс кезінде және қосымша такт – қосу, сығылысу, өңделген газдың шығуы мен газдың жарылу күшін қабылдау үшін қажет. Піспек жұмысының шарты үлкен механикалық және жылу жүктемелерімен сипаттас келеді. Нақтырақ айтсақ, жоғары


(2500 °С), қысым 10 МПа (100 кгс/см<sup>2</sup>) дейін және жылдамдық (піспек қозғалысының күші 15...20 м/с). Піспек қозғалысының әркелкілігі цилиндр ұзындығының орташа бөлігі маскимальды жылдамдықпен қозғалады, өлі нүктеге қозағысты азайтып, тоқтап қалады, инерцияның бар күшінің пайда болуына әкеледі. Піспектің үйкелісуінен механикалық тозу пайда болады, ал температура көтерілген кезде оның әрекеті жұмыс кезінде эрозиялық және коррозиялық тозуға ұшырайды. Сондықтан піспек материалы төмендегі құрамнан тұруы тиіс:

- жоғары механикалық беріктік пен жоғары температурада жұмыс істеуге төзімді;
- құрамы үйкеліске төзімді;
- жылу өткізгіш;

- сызықтық кеңеюдің төмен коэффициенті;
- коррозияға төзімді.

Мұндай жұмыс жағдайын қанағаттандыру үшін АК-4, АЛ-4, -25, -30 алюминий қорытпалары мен басқалары тиімді материалдар болып келеді.

Алюминийден жасалған піспектердің кемшіліктеріне сызықтық кеңеюдің үлкен коэффициентін және температураны арттыра отырып, механикалық сапаның бұзылуын жатқызуға болады. Мұндай кемшіліктерді жою үшін піспектер термиялық өңдеуден – жасанды түрде ескіруден өтеді. Піспектің негізгі бөлігі 1 түбі бар басы 10 және піспектің жанындағы бағытталған, белдемше деп аталатын 13 (3.6 сур.) қабырға болып табылады. Піспек басының ішкі бөлігінде беріктік қабырғалары болады. Піспекті шатунмен біріктіру үшін дөңесше 3 шығыршықты жырашық қызмет етеді. Піспектің бастиегіне компрессиялық 6 және аз алмалы шығыршықтарды 4 орнатуға арналған шығыршықты жырашық орнатылған.



3.6 сур. Піспек және піспекті шығыршықтар:

а — піспек; б — піспек шығыршықтары; в — піспек шығыршықтарын орнату; 1 — піспек; 2 — піспек сұққыштарының тоқтатқыш шығыршығына арналған жырашық; 3 — піспек сұққышын орнатуға арналған дөңесше; 4 — шағын салмалы шығыршықты құруға арналған жырашық; 5 — піспектегі дренажды арналар; 6 — компрессиялық шығыршықты құруға арналған жырашық; 7 — піспек түбіндегі құрылатын қасқалша; 8 — беріктік дөңесше қабырғалары; 9 — піспек тобы көлемін белгілеу; 10 — піспектің түбі; 11 — шағын салмалы шығыршықты құруға арналған жырашық; 12 — піспектің жанындағы температура тілімі; 13 — піспектің (белдемше) жанындағы қабырғалардың бағытталған бөлігі; 14 — май сылғыш шығыршықтың шығыршықты дискі; 15 — май сылғыш шығыршықтың шығыршықтың радиалды кеңейткіші; 16 — май сылғыш шығыршықтың осьтік кеңеюі; 17 — төменгі компрессиялық шығыршық; 18 — жоғарғы хромдалған компрессиялық шығыршықтар; 19 — түбімен қоса бастиек жасайтын піспектің бүйір қабырғасының нығыздалған бөлігі

Жоғары компрессиялық шығыршық үшін піспектің басына шойын ендіріме қойылады II. Оған компрессиялық шығыршық үшін жырашық кесіп жасалған. Май сылғыш шығыршыққа піспектің ішіне өтпелі бұрғылау – дренажды арна 5 жасалған. Сол арқылы цилиндрдің қабырғасынан алынған майдың артық қалдығы піспектің ішіне, бұдан кейін қозғалтқыш қартерінің тұғырығына ағады.

Цилиндрге піспекті іріктеу суық күйінде жүзеге асырылады. Піспек пен цилиндрдің арасын қыздыру кезінде піспектің желінуінің алдын алатын саңылау қалдырылады, майлы қабықша құруды қамтамасыз етеді. Биіктікте піспекті қыздыру бірдей жүргізілмейді. Әсіресе, жоғары бөлігі қатты қыздырылады. Бұл жерден піспек басы мен цилиндр арасындағы саңылаудың биіктігі бойынша көлемі әрқелкі. Белдемшенің төменгі жағында осы саңылау кішірейе түседі.

Суық қозғалтқышта піспек белдемшесі мен цилиндрдің арасында кішкентай саңылау алу және қыздыру кезінде піспектің желінуінің алдын алу үшін алюминий қорытпасынан жасалған піспек белдемшелері көлденең жолақта сопақша (белдемшенің пішіні шамамен 0,18...0,80 мм), ал піспектер – биіктігі бойынша конус пішінде жасалады. Кейбір қозғалтқыштардың піспектері жырығы бар белдемшелерден тұрады. Егер де белдемше сопақша болса, сопақша осінің аз бөлігі піспек сұққысы бойынан өтеді. Қыздыру барысында металдың шамадан тыс болуы салдарынан дөңесте ептіленген дәл осы жазықтықта кеңеюі орын алады және белдемше цилиндр пішініне ие болады.

Қозғалтқыш модельдерінің кейбір модельдерінде жылу реттегіш болат пластинкалар құйылады. Олар жылудың тегіс жайылуын қамтамасыз етеді және механикалық беріктікті ұлғайтады.

Піспек белдемшесінің биіктігі цилиндрге жіберілетін шекті қысымға байланысты. Ол 0,3 МПа (3 кгс/см<sup>2</sup>) асып кетпеуі тиіс. Піспекті іске кірістіруді жақсарту үшін кей кездері жұқа қалайы (0,004.0,006 мм) қабатымен жабылады.

Піспектердің дұрыс орналастыру үшін цилиндрге міндетті түрде белгі қойылады. Мұндай белгі піспекті шатунмен біріктіру үшін де жасалады.

Піспек жоғарғы өлі нүкте – ЖӨН арқылы өткен кезде жанындағы күштің бағыты өзгереді және піспек цилиндрдің бір жағынан екінші жағына ауысады. Жылдам жүретін қозғалтқышта және қысқа шатунда бұл күш айтарлықтай болады және алмасу гүрсіл арқылы жүзеге асырылады. Әсіресе мұндай жағдай суық қозғалтқышта байқалады. Гүрсілдің болмауының алдын алу үшін піспек сұққышын 1,4.1,6 мм осін басқа жаққа максималдық күшпен алмастыру арқылы тоқтатуға болады. Осындай жылжыту нәтижесінде піспектің бастапқы ауысуы 3.4° жоғарғы өлі нүктеге дейін, цилиндрлердегі қысымы аса үлкен болмағанда орын алады. Піспек сұққыштың айналасында айналып, оның қозғалысы піспек шығыршықтарындағы үйкелісумен тежеледі. Бұл гүрсіл деңгейін біршама төмендетеді.

Дизель қозғалтқыштарының поршеньдерінің бағыттауыштары (юбки) сопақ конус тәрізді. Сонымен қатар, дизель қозғалтқыштарының поршенді бастарында жану камералары орындалады.

**Піспек шығыршықтары.** Шығыршықты жырашықтарда піспектердің бастиектеріне піспек шығыршықтары орнатылады. Көптеген қозғалтқыштарға екі компрессиялық және бір май сылғыш шығыршық салынады.

*Компрессиялық шығыршық* цилиндрде қайтымды-ілгерілемелі қозғалысында піспектің нығыздау қызметін атқарады. Піспек басынан цилиндрлерге жылжудың бөлінуі мен жану камерасынан қозғалтқыш қартеріне газдың жарып өтуінің алдын алады.

Шығыршықтар қажет пішінге келтіру арқылы шойыннан немесе болаттан көшірмелі қашау жолымен жасалады. Еркін күйінде шығыршықтардың сыртқы диаметрі цилиндрдің ішкі диаметрімен салыстырғанда үлкенірек, сондықтан цилиндрге қойылатын шығыршық оған тығыз жабыстырылады. Шығыршықтардың жапсарласуы *құлып* деп аталады. Жұмыс кезінде шығыршықтарды қыздыру барысында жылудың кенеюінің орнын толтыру үшін құлыптың жолында шамамен 0,20...0,80 мм саңылау қалуы тиіс. Піспектің жырашығына шығыршықтарды орнату кезінде құлыптар 180° бұрышында орналасуы керек. Компрессиялық шығыршықтардың биіктігі піспектің басында жырашықтың биіктігінен 0,04...0,09 мм-ге төмен. Саңылаудың үлкендігі барлық шығыршықтар үшін әртүрлі. Әсіресе, жоғары шығыршықта қатты қыздырылатын саңылаулар үлкен болады. Шығыршық төмен орналасқан сайын олардың саңылаулары кішкентай болады. Көптеген модельдерде қозғалтқыштар құлыптарының пішіндері түзу болып келеді, себебі мұндай құлыпты дайындау жеңіл. Компрессиялық шығыршықтардың саны қозғалтқыштың ептілігіне байланысты. Қозғалтқыш епті болған сайын қартерге газдың шығуына аз уақыт кетеді. Сәйкесінше, компрессиялық шығыршықтар аз қажет болады.

Жану камерасынан газдың біршама бөлігі үнемі қартерге шығыршықтардың ішкі цилиндрлік қабаты арқылы келеді де, шығыршықтардың цилиндр айнасына ығысуына себеп болады. Осылайша компрессиялық шығыршықтар газдың қысымымен цилиндрлерге жабысады. Егер де піспек шығыршығы цилиндрлердің айнасына тығыз жабыспаса, газдың бөлініп шығуы артады да, салдарынан шығыршық қыза түседі. Шығыршық пен цилиндр айнасының арасындағы майдың қызуы салдарынан қышқылданады. Нәтижесінде бөлінген көмірқышқыл газы (лақты шөгінділер) жырашық қабырғалары мен шығыршықтар арасындағы саңылауларын толтырады. Шығыршықтардың қозғалысы жырашықта қиындай түседі де еркін ауысуды тоқтатады. Бұл құбылыс шығыршықтардың *қаспақтану* (қоқыстануы) деп аталады және цилиндрдегі компрессияның кішіреюмен жалғасып, қозғалтқыш қуаттылығы жоғалады және майдың шығысы артады.

Цилиндр қабырғасына тығыз жабысуын қамтамасыз ету үшін шығыршықтар айналасы бойынша ауытқымалы радиалды салыстырмалы қысымымен дайындалады. Нәтижесінде шығыршықтың арнайы пішіні мен оның механикалық өңдеуіне қол жеткізіледі.

Көлденең қимадағы компрессиялық шығыршықтар әртүрлі пішінге ие болады: тікбұрышты немесе конус тәрізді. Конустық қимадағы шығыршық кіші тірек жазықтығына ие, сондықтан меншікті қысым цилиндр қабырғасына айтарлықтай үлкен болады. Бұл шығыршық айнаның байланысын жақсартады және жылдам іс ке кірістіруді, оның төзімділігін қамтамасыз етеді.

Қызмет көрсету мерзімін ұлғайту үшін жоғары жақтағы піспек шығыршығы хромдалады. Хромның қалыңдығы жұмысшы қабатында шығыршықтар 0,10...0,15 мм-ді құрайды. Бұл ретте, хромның сыртқы қабаты 0,03...0,06 мм — боркылдақ болып келеді. Жоғарғы компрессиялық шығыршықтарды хромдау майлау мен қызмет көрсету мерзімін жағдайын жақсартады. Төменгі компрессиялық шығыршықта электролиздік тұндыру тәсілі арқылы қалайы қалыңдығы 0,01...0,1 мм қабатына жағылады. Бұл цилиндрді іске кірістірудің қамтамасыз етеді және шығыршықтар мен цилиндрлердің қызмет көрсету мерзімін ұзартады. Қазіргі таңда борпылдақ хромдаудан молибденнің сыртқы қабатқа шаңдатуына көшеді.

*Майсылғыш шығыршық.* Цилиндрлердің ішкі жұмыс істейтін қабаты майланады. Майдың артық бөлігі цилиндрдің жоғарғы қабатына жану камерасына өтеді. Сол жерде біршама жанып, қышқылданады. Мұның барлығы майдың шамадан тыс кетуіне, піспектің түбіне, клапандардың басына, жану камерасының қабырғаларына күйіктің шоғырлануына және жұмысшы қоспаның жанып жарылуына, ұшқыннан тұтануына әкеледі.

Майдың жану камерасына келіп түсуіне компрессиялық шығыршықтар сорғысының әрекеті әсер етеді. Піспек жоғарғы өлі нүктеден (ЖӨН) төменгі өлі нүктеге (ТӨН) жылжыған кезде шығыршықтар айнаның цилиндрлерінің үйкелісуі мен инерция күшінен шығыршықтар жырашығына жабысады да, олардың астындағы және жырашықтардың түбіндегі саңылаулар майға толады. Піспек ТӨН-ге түсіп, жоғары қарай жылжыған кезде, шығыршықтар шығыршықтардың төменгі қабырғаларына жабысады да радиалды саңылау арқылы майды шығыршықтардың үстіндегі кеңістікке шығарып тастайды. Мұндай үдеріс әрбір піспектің әрбір қозғалысы кезінде орын алады және май жану камерасына жиналады.

Жану камерасына түсетін майдың көлемін төмендету үшін цилиндрлер айнасынан артық майды алып тастау керек. Ол үшін болат пен шойыннан жасалған май сылғыш шығыршықтар құрылады. *Шойын* майсылғыш шығыршықтар сыртқы жағынан шығыршықты бунақ болады. Ол шығыршықтың тірек жазықтығын кішірейтеді де, нәтижесінде меншікті қысым арта

түседі. Жырашықтардың түбі айнала тіліктерден тұрады.

*Болат* майсылғыш шығыршықтар үш немесе төрт элементтен тұруы мүмкін. Төрт элементті май сылғыш шығыршық екі болат шығыршықты дисктен 14, осьтік кеңейткіштен 16 және радиалды кеңейткіштен 15 құралады.

Үш элементті май сылғыш шығыршықтар екі болат шығыршық дискіден және бір болат екі функционалды кеңейткіштен тұрады. Болат шығыршықты дисктер қалыңдығы 0,080...0,130 мм хроммен жабылған. Шығыршықты орнату кезінде олардың піспек жырашықтарында дұрыс ораналасу тәрбітіне баса назар аудару керек. Бұдан басқа, қозғалтқыштар цилиндрлері блогына піспекті орнату кезінде, тегіс шығыршық дискілері 14 олардың құлыптары бір-біріне 180° бұрышта және компрессиялық шығыршыққа 90° бұрышта орналасатындай болуы тиіс.

*Түрлі автомобильдердің піспек шығыршықтарын орнату үлгілері.* ЗИЛ-433100 автомобилі қозғалтқышының піспегіне екі компрессиялық және бір майсылғыш шығыршықтан орнатылады. Жоғары жақтағы компрессиялық шығыршықтар сырты бөшке тәрізді сапасы жоғары шойыннан, трапециялы симметриялық қимадан дайындалады. Төменгі компрессиялық шығыршық - сұр қоспалы шойыннан, жұмысшы беті – конус тәрізді. Май сылғыш шығыршық – симметриялы қиықты сұр қорапты қоспалы шойын серіппелі еспе кеңейткіштен тұрады. Барлық шығыршықтардың жоғарғы қабаты хроммен жабылған.

ЗИЛ-5301 қозғалтқышының піспегі үш компрессиялық шығыршықтан тұрады. Жоғарғы жағы беріктігі мықты хромдалған шойыннан жасалған, қимасы тең бүйірлі трапеция тәрізді. Бұл оны жырашыққа кез келген тұсынан орнатуға мүмкіндік береді. Екінші және үшінші компрессиялық шығыршықтар – конус тәрізді. Шығыршық жырашығына дұрыс орналастыру үшін құлыптың жанындағы бүйіржақта «Жоғары» деген белгі болады. Майсылғыш шығыршықтар – спиральды кеңейткіші бар қорапты қимадан.

ГАЗ-3307 автомобилінің қозғалтқышы әрбір піспекте екі компрессиялық шығыршық пен бір майсылғыштан тұрады. Майсылғыш шығыршық – болат, екі тегіс хромдалған дисктен, осьтік және радиалды кеңейткіштен тұрады.

ВАЗ-2110, -2111 және -2112 қозғалтқыштарында бөшке тәрізді хромдалған жоғары компрессиялық шығыршықтар бар, төменгі компрессиялық шығыршық қырнауыш типті. Хромдалған жұмыс жазықтығы және болат айналмалы серіппесі бар май сылғыш шойын шығыршық. Піспектің жырашығына орнату белгілерін ескере шығыршықтар орнатылады.

«Волга» ГАЗ-31029 автомобилінің қозғалтқышының әрбір піспегінде екі компрессиялық шығыршық бар. Жоғары компрессиялық шығыршық хроммен, төменгі жағы қалайы қабатпен қапталған. Май сылғыш шығыршық – болат, төрт элементтен тұрады. Болат дискілердің жұмыс дискілері хромдалған.

ВАЗ-1111 және -1113 қозғалтқыштары піспектерінде үш шығыршық бар. Жоғары компрессиялық шығыршықта бөшке тәрізді хромдалған шығыршық бар. Төменгі компрессиялық шығыршықтар қырнауыш типті. Май сылғыш шығыршықтар шойыннан жасалған. Жұмыс істейтін ернеуіне хром жабылған. Шығыршықтардың астына болат серіппелі байлау орналасқан. Жөнделетін мөлшерлі шығыршықтарда «40» немесе «80» сандары қойылады. Бұл сыртқы диаметрдің 0,4 немесе 0,8 мм-ге ұлғаюына сәйкес келеді.

ИЖ-2126 автомобилі қозғалтқышының піспегі үш-үш шығыршықтан тұрады. Барлық шығыршықтар шойыннан жасалады. Олардың екеуі компрессиялық, үшіншісі – май сылғыш.

«ГАЗель» автомобилінің піспегі екі компрессиялық шығыршықтан құралған. Жоғарғы жағы беріктігі мықты, шымыр шойыннан құйылған. Жұмыс істейтін қабықшасы хром қабатынан тұрады. Төменгі компрессиялық шығыршық сұр шойыннан құйылған. Жақсы жұмыс істеуі үшін сыртқы цилиндр қабаты қалыңдығы 0,006 ..,0,012 мм қалайыдан жасалған. Кейбір шығыршықтар жабындысы тұтастай фосфаттан болуы мүмкін. Төменгі компрессиялық шығыршықтың ішкі цилиндр қабатында қырнау бар. Осы қырнаумен шығыршық жоғарыға, піспектің түбіне қарай бағытталуы керек. Осының арқасында цилиндрлерге орнатылған жаңа шығыршықтар біршама аударылып, цилиндрдің айнасына шетімен ғана жабысады. Бұл шығыршықтардың цилиндр айнасына іске кірістіруді жақсартады. Бұл ереженің бұзылуы майдың күрт шамадан тыс кетуі мен қозғалтқыштың түтіндеуін тоқтатады. Жоғарғы компрессиялық шығыршықтың шеті болмайды. Май сылғыш шығыршық жиналмалы, үш немесе төрт элементтен тұрады. Шығыршықты дискілердің жұмыс цилиндр қабатының қалыңдығы 0,080 ..,0,130 мм болатын хроммен жабылған.

ЗМЗ-4061 және -4063 қозғалтқыштарында үш элементтік май сылғыш шығыршықтар орнатылады. Осы қозғалтқыштар піспегінің төменгі жағында газ тарату фазасы бұзылған кезде клапан бастиектерінің піспек түбіне соққы тимеуін қамтамасыз ететін шенжоңғы (тереңдік) бар. ЗМЗ-4061 қозғалтқыштары піспектерінің түбінде жану камерасын ұлғайтуға арналған тереңдік жасалған. Дәл осындай тереңдік ПАЗ-3205 автобусының қозғалтқыштарында да бар.

### 3.8 Піспек сұққылары

Піспек сұққылары піспектің шатунмен топсалы қосылуына арналған. Олар өте берік болуы тиіс, себебі жұмыс кезінде бағыты мен көлемі бойынша өзгертін бар салмақты қабылдайды. Көміртекті немесе аз көміртекті болаттан жасалады.

Аз көміртекті болат сұққылары тереңдігі 1...1,5 мм үстіңгі




кірігуге және жиілігі жоғары токтың үстіңгі шынығуына, бұдан кейін белгілі бір қаттылыққа дейін ұшырайды. Көміртекті болат сұққылары тереңдігі 1...1,5 мм шынығуға тап болады. Үйкелісті азайту үшін сұққылардың жоғарғы қабаты жылтырай түседі. Термиялық өңдеуден кейін сұққылардың қатты төтеп бергіш қабаты мен тұқыр өзек пайда болады. Бұл екпінді және айнымалы таңбалы жүктеме жағдайында өте қажет.

Піспек сұққысы 9 (3.5 сур.) шатунның жоғары бастиегі арқылы өтетін және соңымен піспектің дөңесшесіне 3 (3.6 сур.). сүйкнетін қысқа болат түтік тәрізді болып келеді. Көптеген заманауи қозғалтқыштарда қалтқылы сұққылар қолданылады. Мұндай сұққылар шатунның бастиегіне және піспектің дөңесшесіне еркін орнатылады. Сұққыны осьтік алмасуынан ұстап тұру үшін піспектің дөңесшесіне тоқтатқыш шығыршық үшін 2 жырашық орындалады. Бұл жырашыққа сұққыларды орнатқаннан кейін, серіпелі тоқтатқыш шығыршық 8 орнатылады (3,6 сур.). Қалтқылы сұққылар айналасы бойымен біркелкі тозады, сондықтан ұзақ қызмет етеді. Қыздыру барысында болат сұққылар алюминий піспекпен салыстырғанда аз кеңейеді де, суық қозғалтқыш жұмыс істеген кезде гүрсілдің пайда болуына әкеледі. Гүрсілдің алдын алу үшін шатунды-піспекті топты жинастыру кезінде алдын ала температура 70...80 °С-ға дейін қыздырылады, кейін піспек пен шатун сұққымен біріктіріледі. Салқындатылғаннан кейін сұққы піспектің дөңесшесіне сығылады. Қозғалтқыш жұмыс істеген кезде піспек қыздырылады да, сұққы босатылып, піспек дөңесшесінде және шатунның жоғары бастиегінде еркін айнала алады. ЗИЛ-433100 автомобилі қозғалтқышының піспегін 80...100 °С температураға дейін қыздыру керек.

Кейбір қозғалтқыштардың (ВАЗ-1111, -11113) сұққылары шатунның жоғары бастиегіне нығыздалады, сол жерде қозғалтқыш жұмыс істеген кезде қозғалыссыз қалады. Сұққыларды орнату келесі жолмен жүзеге асырылады. Шатун 240 °С-ға дейін электр пеште қыздырылады, дискке бекітіліп, оған дөңесшелердегі саңылаулар шатунның жоғары бастиегіне сәйкес келетіндей кигізіледі де, сұққы саңылауына итеріледі. Мұндай сұққылар тұтастай емес, қалтқылы тәрізді емес, біржақтан тозады.

### 3.9. Шатундар

**Конструкциясы.** Шатун қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде сұққы арқылы піспекке және піспектен қозғалтқыштың иінді білігіне күш береді. Ол піспектің қайтымды-ілгерілеме қозғалысын иінді біліктің айналмалы қозғалысына қайта өзгертеді.



3.7 сур. Шатун:

1 — сомын; 2 — бұрандама; 3, 14 — майға арналған саңылау; 4 — шатунның өзегі; 5 — қола төлке; 6 — піспек сұққысына май өтетін саңылау; 7 — шатунның жоғарғы бастиегі; 8 — төменгі бастиектің нөмірі; 9 — шатунның төменгі бастиегі; 10 — төменгі бастиегінің қақпасы; 11 — тоқтатқыш сомын; 12 — белгі; 13 — ішпектер; 15 — мұртша; 16 — шатун бастиегіндегі ойық

Шатунның негізгі бөлігі өзек 4, жоғары бастиегі 7 және төменгі бастиегі 9 қақпасы бар (3.7 сур.). Шатунның өзегі көлемі мен бағыты бойынша үлкен салмақ алады, сығылысуға, иілуге және созылуға ұшырайды. Мұндай салмақты ұстап тұру үшін шатун мықты және қатты, инерциялық күштің төмендеуі үшін барынша жеңіл болуы мүмкін. Мұндай салмақ металдың бірдей шығындалуы кезінде қиманың қос таврлы өзегін ұстап тұрады. Шатунның өзегі біртіндеп қиығы ұлғайтылады, төменгі бөлігіне ауысады. Жоғары бастиегі тұтас болып жасалады.

Шатун күрделі қозғалыс жасайды. Шатунның жоғары бастиегі көбінесе қайтымды ілгерілеме қозғалады. Бұдан басқа, піспектің дөңесшесіне қатысты біршама бұрышқа иіледі.

Ол дөңесшегі үйкелесіп қалмауы үшін олар шатунның бастиегіне дөңесшелердің қондыру ұясына қарағанда 2...4 мм-ге қысқа жасалады.

Төменгі бастиек шатунды мойынмен бірге қозғалады, бір уақытта қайтымды-ілгерілеме және тербемелі қозғалыс жасайды.

Төменгі бастиектері шатунның осіне перпендикуляр түрде қиықпен алмалы-салмалы етіп жасалынады. Мұндай қиық барлық автомобильдерде қолданылады. ЯМЗ-236 қозғалтқышында төменгі бастың жалғағыш жазықтығы шатунның осіне бұрыштап орнатылған. Бұл оның піспек монтажі немесе демонтажі кезінде шатунмен бірге цилиндрге еркін өтпеуі үшін жасалған. Шатундар сапасы жоғары көміртеккі немесе қоспалы болаттан жасалады, қалыптаудан кейін механикалық және термиялық өңдеуден (шынықтыру және босату) өтеді. Шатунның жоғарғы басына үйкелісті төмендету үшін сырғанау рөлін атқаратын төлке нығыздалады. Төлкелерді жасауға әртүрлі материал қолданылады. ЗИЛ-433100, ВАЗ-2110, -2111, -2112 автомобилінің қозғалтқыштарына

болат тәрізді төлке, «ГАЗель» автомобилінің қозғалтқышына қалайы қоладан құйылған төлке қолданылады.

Піспек сұққыларын майлау үшін жоғары бастиекте және төлкелерде арнайы саңылаулар бар 6 (3.7 сур.).

**Құрастыру.** Төменгі ажырамалы бастиек алмалы-салмалы қақпа және өзекпен бірге орындалған аркадан тұрады. Ол аркамен бұрандалар арқылы біріктірілген. Қақпаның бекіту бұрандамасы мен шатунды бұрандалар сомындары қоспалы болаттан дайындалған және термиялық өңдеуден өткен. Шатун бұрандамалардың сомындары  $6,8 \cdot 10^7, 5 \text{ Н} \cdot \text{м}$  ( $6,8 \cdot 10^7, 5 \text{ кг} \cdot \text{м}^2/\text{с}^2$ ) күшімен тартылады және «Унигер-9» қымтағымен бекітіледі. Кейбір қозғалтқыштарда герметика болмаған жағдайда, арнайы штампталған сомын қолданылады. ЗИЛ-433100-де қақпасы шатунға сомын және екі бұрандамен бекітіледі, бұранда өзегін - берік, қақпасына - бос орнықтырылады. Барлық қозғалтқыштарда шатундардың төменгі бастары қақпашаларды жинаған кезде өңделеді, сондықтан өзара тәуелді болмайды. Жинақтау барысында шатундармен қақпашаларды шатастырып алмау үшін оларға тұрғызылатын цилиндр нөмірі таңбаланады. Жинақтау барысында бұл нөмірлер бір жақтан орналастырылуы керек. Бұдан басқа, қақпа мен шатун өзегінің аркасындағы тереңдік ішпектердің белгілеу дөнесі де бір жақта болуы тиіс.

Көптеген шатунның қозғалтқыштарында төменгі басында диаметрі 1,5 мм саңылау болады. Сол арқылы оның майлы арнамен түйісуі кезінде шатун мойнынында майдың ағысы сыртқа лақтырылады және цилиндрлердің айнасына жағылады. Бұл саңылау қозғалтқыштың *оң жақ* бағытына, қарама-қайшы үйлестіру білігіне бағытталуы тиіс.

V-тәрізді қозғалтқыштар шатунның төменгі кеңістігі бір қатардағы қозғалтқыштардан аз, диаметрі үлкен болу керек. Бұл жағдай V-тәрізді қозғалтқыштарда әрбір шатун мойнында екі шатунды орналастырумен түсіндіріледі.

ГАЗ-3307 қозғалтқыштарының піспегі бар шатундарын жинау кезінде келесі тәртіпті сақтау керек: цилиндрлердің сол жақ қатардағы шатундарын шатунның нөмірі мен оның қақпасындағы белгісі қозғалтқыштың алдыңғы жағына қарайтындай, ал оң жақ қатарды керісінше орнату керек. Піспектер шатундармен қандай жағдайда да піспектегі «Алға» жазуы қозғалтқыштың алдыңғы қатарына қарайтындай болуы тиіс.

Шатунның басындағы мойынтірек рөлін ішпек атқарады. Олар үйкеліске төзімді жұқа қорытпа жабылған аз көміртекті болат лентадан дайындалады. «ГАЗель» қозғалтқышында үйкеліске төзімді қорытпа жоғары қалайы мен алюминий қорытпасынан, «Волга» ГАЗ-31029, ЗИЛ-5301, ИЖ-2126 қозғалтқыштарында

піспектері болат алюминийден болады. Дизель ЗИЛ-433100 үш қабатты қорғасын қола үйкеліске қарсы қабаты бар піспектен жасалған. Шатундардың төменгі бастиегінің ішінде піспектердің айналып кетпеуі үшін піспектерде мұртшалар 15 мөрленеді, ал арка мен шатунның төменгі басының қақпасында піспектің мұртшалары кіретін саңылаулар 16 кесіледі. Саңылауларды жинақтау барысында қақпашалар шатун аркасының саңылауына қарсы болуы тиіс.

### 3.10. Күш агрегатының аспасы


Күш агрегатқа қозғалтқыш, ілініс механизмі мен беріліс қорабы кіреді. Қазіргі заманғы қозғалтқыштар біркелкі болып келеді, дегенмен жұмыс істеген кезінде (тербеліс) діріл пайда болады да, автомобильдің рамасына беріледі. Тегіс емес жолдармен жүрген кезде және әсіресе арықтар мен жолдың екі жағындағы жыралардан өткенде, рамалар ауытқып, соңында істен шығуы мүмкін цилиндрлердің блоктарында тербеліс пайда болады. Оның алдыналу үшін қозғалтқыштар рамаға тым қатты емес, резеңке жастықшалармен бекітілуі тиіс. Қозғалтқыштар рамаға үш және төрт, бес нүктеден бекітілуі мүмкін.

ЗИЛ-433100 автомобилінің қозғалтқышы алдыңғы және артқы бағандарда тұрады (3.8 сур.). Қозғалтқыштың алдыңғы жағы төрт бұрандамен алдыңғы тіреудің кронштейніне 2 бекітіледі. Кронштейннің көлденең сөресі автомобильдің бірінші көлденең рамасының төменгі 1 және жоғарғы 3 резеңке металл жастықшалардың арасында болады. Артқы тіреу саны екеу. Олар сыналы резеңке элементі арқылы алмалы салмалы болады. Екі жағынан төрт бұрандасы бар қозғалтқыш артқы кронштейнге 4 бекітілген. Резеңке жастықша 8 жабыстырылған табанымен 9, тартылмалы бұрандамен тірек кронштейні және қақпа 5 арасына ығысады. Тартылмалы бұранда төлкеге 11 орнатылған. Қақпа 5 пен артқы тіреу 7 арқылы резеңке жастықшаның 8 отырып қалуының орнын толтыратын реттеуіш төсемелер 6 орнатылған. Бұл төсемелерді автомобиль 50 000 км жүріп өткеннен кейін алып тастау қажет. Күш агрегаттың тіреу кронштейндері мен тіреу табандары сомын бұрандалары арқылы біріктіріледі.

«Волга» ГАЗ-31029 автомобилінің қозғалтқышы үш нүктеде бекітіледі: екі тіреуіш алдыңғы цилиндр блоктарының алдыңғы қатарында, үшінші тіреуіш артынан, яғни алдыңғы бөліктен беріліс қорабы ұзартқышының алдыңғы бөлігінде орнатылған.

ГАЗ-3307 автомобилінің қозғалтқышы рамаға төрт нүктеде бекітілген. Оның екеуі цилиндрлер блогының алдыңғы жағынан, екеуі артынан орналасқан. Арттағы тірлеулері болып сермер мен ілінісу қартерінің табаны саналады.

ВАЗ-2110, -2111, -2112 автомобилінің қозғалтқыштары үш нүктеде бекітіледі. Артыңғы тіреу болып саналатын кронштейнге бұранданың көмегімен екі шектеуіш арқылы артқы тіреу жастықшасы автомобильдің артыңғы шанағына бекітіледі.



3.8. сур. Күш агрегатының аспасы:

а — алдыңғы тіреу; б — артқы тіреу; 1 — төменгі жастықша; 2 — алдыңғы тіреу кронштейні; 3 — жоғары жастықша; 4 — артыңғы кронштейн; 5 — қақпаша; 6 — реттеуші төсеме; 7 — артқы тіреу кронштейні; 8 — резеңке жастықша; 9 — табаны; 10 — тартылмалы бұранда; 11 — төлке

Сол және оң жақ лонжеронға резеңке жастықшалар арқылы оң және сол жақ қозғалтқыш тіреулерінің кронштейндері жабыстырылған кронштейндер бекітілген.

ИЖ-2126 автомобилі қозғалтқышының аспасы үшін цилиндрлер блогына оң және сол аспаның түйіндері бекітілген. Қозғалтқыштың артқы жағына екі бұрандамен шешілмелі көлбеу жабыстырылады. Қозғалтқыш тіреулерінің астында резеңке жастықшалар орналастырылған.

«ГАЗель» автомобилі қозғалтқыштарының аспалары қозғалтқыштың екі кронштейнінен, қозғалтқыш бөлігінің алдыңғы

жағында екі жақта орналасқан екі резеңке жастықшадан, беріліс қорабы ұзартқышының артқы резеңке жастықшасынан тұрады.

Резеңке жастықшалар рамалардың көлбеу жағында құрылады. ВАЗ-1111 және -11113 автомобилінің қозғалтқыштары шамақтың рамасы астына үш нүктеде бекітіледі. Қозғалтқыштың артқы жағында тіреу кронштейні мен артқы тіреуі болады. Қозғалтқыштың сол жақ бөлігін орнату үшін сол жақ тіреу мен сол жақ тіреу аспаның кронштейні бар. Бекітудің үшінші нүктесі аспаның алдыңғы тіреуі мен сол жақ тіреу кронштейні болып табылады. Автомобильден күш беру агрегатын шешу кергішпен бірге жүзеге асырылады. Бұл ретте алдыңғы дөңғалақтардың жетек біліктері дөңғалақтардан ажыратылып алынады да, күш беру агрегатымен бірге шешіледі. Қозғалтқыш тіреулерінің астына резеңке жастықшалар орналастырылады.

Тіреулердің астындағы резеңке жастықшалар автомобиль қозғалған кезде, қозғалтқышқа түсетін екіпін соққысын азайтып, рама мен шамақ дірілін төмендетеді. Бұдан басқа, тіреулер қозғалтқышты тіркелуді өшірген кезде, автомобиль кенеттен от алдырғанда немесе тоқтағанда бойлай жылжудан сақтап тұрады. Бұл мақсат үшін көптеген қозғалтқыштарда қозғалтқыш пен көлденең раманы біріктіретін реактивті тартпа болады.

### **Бақылау сұрақтары**

1. Қос иінді-шатунды механизм не үшін қажет?
2. Цилиндр блоктары қалай құрастырылған және қандай материалдардан жасалған? Осы материалдардың артықшылықтары мен кемшіліктерін атап өтіңіз.
3. Цилиндр блогы бастиктері мен олардың төсемдері қалай жасалған?
4. Иінді біліктер не үшін қажет және қалай жасалған? Оларды қандай материалдардан әрі қалай жасайды? Осы материалдардың артықшылықтары мен кемшіліктері қандай?
5. Шатундар мен олардың мойынтіректері не үшін қажет әрі қалай жасалған?
6. Піспектер не үшін қажет және олардың құрылысы қандай?
7. Піспекті шығыршықтардың міндеті, құрылысы мен жұмысы туралы айтып беріңіз
8. Піспекті сұққылдардың міндеті, құрылысы мен жұмысы туралы айтып беріңіз
9. Сермердің құрылысы мен міндетін түсіндіріңіз.
10. Қозғалтқыштардың түрлі модельдерінің иінді біліктері осы тік жылжып кетуден қалай сақталады?
11. Иінді біліктің негізгі мойынтіректерінің міндеті мен құрылысын түсіндіріңіз.

## 4 т а р а у

### ГАЗ ТАРАТУ МЕХАНИЗМІ

#### 4.1. Газ тарату механизмдерінің түрлері

Газ тарату механизмі жанармай қоспалардың (карбюраторлық қозғалтқыштарда) немесе ауаның (дизельде) уақытында цилиндрге жеткізілуін және пайдаланылған газдарды шығаруын қадағалайды. Сығылау кезінде және жұмыс кезінде газ таратушы механизм қоршаған ортадан жану камераларын сенімді оқшаулайды.

Барлық төрт тактілі карбюраторлық қозғалтқыштар мен дизельдер клапанды газ тарату механизмдерінен тұрады. Бұл қозғалтқыштарда жанармай қоспалар немесе ауа кіріс клапандары арқылы енеді, ал пайдаланылған газдар шығуы — шығыс клапандары арқылы шығарылады.


Екі тактілі қозғалтқыштарда клапандар қызметін үш ұяшық орындайды: кіріс, шығыс және үрлемелі. Екі тактілі қозғалтқыштағы газ тарату механизмінің үрдісі қос иінді-шатунды механизм арқылы жүзеге асырылады, ол кері қозғалыс кезінде кезектесіп ұяшықтарды ашады және жабады, жанармай қоспалардың немесе ауаның цилиндрге жеткізілуін және пайдаланылған газдарды шығаруын қадағалайды, сонымен қатар жұмыс қоспасы мен жұмыс жүрісін сығады.

Газ тарату механизмдері орналасуы бойынша төменгі және жоғарғы клапанды болып келеді.

**Клапаны төмен орналасқан және тарату білігі бар газ таратушы механизмдер** (4.1, а сур.). Қазіргі кезде олар өте сирек кездеседі (ЗИЛ-157КД және ГАЗ-52-04 автокөліктерінің қозғалтқыштары). Тарату білігі бұл жағдайда 19 цилиндрлер блогында орналасады және оның камераларына 10 тікелей итергіштер 9 тіреледі, бұрандаларды реттеу бұрандасы 7 мен құлыпты сомбындармен 8 бекітілген. Клапан ұяшығы 2 цилиндрлер блогына бастырылған, ал клапан бағытталушы төлкеде 3 орналасқан. Клапан серіппемен 4 жабылады, бір ұшымен цилиндрлер блогына тірелсе, ал екіншісі — серіппе тақтайшасына 6 бекітіледі. Серіппе тақтайшасы айналмалы тармақшада бекітілген клапан шыбығының төменгі бөлігінде сухарь 5 көмегімен ұсталынады. Мұндай механизмнің ерекшелігі қарапайымдылығында, бөлшектердің аздығы және бағасының төмендігінде. Кемшіліктеріне клапан өзегі мен реттеуші итергіш бұранда арасындағы жылу саңылауларының өзгерту қиындығы жатады. Клапандардың төмен орналасқан жағдайда цилиндрлерді толтыру жеткіліксіз, себебі жанар-

май қоспалардың цилиндрге түсуі үшін көлденең және жоғары учаскелерін өту арқылы қиын жолдан өтуі тиіс.

**Клапаны жоғары орналасқан әрі таратушы білігі төмен орналасқан газ таратушы механизмдер** (4.1, б сур.). Мұндай механизмдер құрылысы күрделі болады және ЗИЛ-433100, -5301, «ГАЗель», «Волга», ГАЗ-3307 автомобильдерінің қозғалтқыштарында қолданылады. Бұл қозғалтқыштарда реттеуші білік 10 цилиндрлер блогында 19 орналасады. Білік жұдырықшаларына итергіштер 9 келіп тіреледі, олар штанг 18 көмегімен реттеуші бұрандалар 16 арқылы рокерға 5 салмақ түсіреді, ал одан клапан өзегіне 2 ауысады.



4.1. сур. Газ таратушы механизм:

а — клапандары төмен орналасқан және таратушы біліктер; б — таратушы біліктің клапандары жоғары және төмен орналасуы; в — клапандары жоғары орналасқан және таратушы біліктер; 1 — клапан ершігі; 2 — клапан; 3 — бағыттаушы төлке; 4 — серіппе; 5 — сухарь; 6 — клапанның серіппе тарелкесі; 7 — реттеуші бұранда; 8 — қарсы сомын; 9 — итергіш; 10 — таратушы біліктің жұдырықшасы; 11 — оталдыру білтесі; 12 — тірек шайба; 13 — клапанның майды көрсететін қақпағы; 14 — блоктың бастиек қақпағы; 15 — рокер; 16 — реттеуші бұранда; 17 — рокер осі; 18 — штанга; 19 — цилиндрлер блогы; 20 — ұшы; 21 — ішкі серіппе; 22 — сыртқы серіппе;



Клапан ершігі 1 цилиндрлер блогының басына қысылған. Механизм клапаны төмен орналасқан газ таратушы механизмімен салыстырғанда қиындау әрі қымбаттырақ келеді, алайда жылу саңылауларын реттеу үрдісі әлдеқайда қарапайым келеді, себебі дайындық жұмысы блок бастиегін 14 шешуден ғана тұрады. Осы механизм көмегімен жанармай қоспалардың немесе ауаның цилиндрге жеткізілуі жақсарады және пайдаланылған газдардан тартылады.

**Клапандары жоғары орналасқан және таратушы білігі бар газ таратушы механизмі** (4.1, в сур.). Оның құрылысы қарапайым келеді, себебі онда итергіштер мен штангалар болмайды. Рокерлер 15 рокер осьтарына 17 орнатылған және бір ұшымен таратушы білік жұдырықшаларына 10 тіреледі. Екінші ұшына реттеуші бұранда 16 тағылған, ол клапан өзегіне 2 күшейткіш әсер береді. Бұл мезанизмнің кемшіліктеріне таратушы білік тартпасының әлдеқайда қиын болатыны жатады. Таратушы білік шынжырлы білік (ИЖ-2126) немесе белдікті (ВАЗ-2110, -2111, -2112, -1111, -11113) желіден тұрады. Шынжыр немесе шынжыр жұмыс кезінде созылады, сондықтан арнайы реттеуші құрылғылар қажет. Жоғары жағында орналасқан таратушы білік жоғары жылдамдықты қозғалтқыштарда қолданылады, себебі бұл жағдайда қозғалыс таратушы білік жұдырықшасынан рокер арқылы клапанға беріледі және газ таратушы механизмнің аралық тетіктерінен (итергіштер мен штанг) бас тартуға болады, кері әсер етуші қозғалыс пен үлкен энерциялы болып келеді.

Клапандар сығылу кезінде және жұмыс жүрісі барысында қозғалыссыз және серіппелермен ұшықтарға кіріс және шығыс арналарын жаба отырып, тығыз кемкерілген. Иінді біліктің айналымы кезінде тегершік арқылы айналым таратушы білігіне жеткізіледі, ол айнала отырып, жұдырықшамен бірге итергіштерге жеткізіледі және оларды штангамен бірге жоғары көтереді. Штанга рокер осімен бұрылады, ол клапан өзегіне келіп күшпен итереді де жібереді, кіріс немесе шығыс құбырларын ашады. Кейінгі айналым кезінде тарату білік жұдырықшасы итергіштен шығады, итергіш пен рокерді босата отырып, клапан механизмі серіппе әсерімен бастапқы қалпына келеді. Одан кейін барлық үрдіс қайталаанады.

## 4.2. Таратушы тісті доңғалақтар

Жүк автомобильдері қозғалтқыштарында таратушы біліктер иінді және таратушы білікке бекітілген тісті доңғалақтар қозғалысымен жүзеге асырылады. Тегершікті дұрыс қосу үшін оларда арнайы белгілер болады.


ЗИЛ-5301 қозғалтқыштарында иінді білік тегершігін айналым қалпына аралық тегершігі жүзеге асырады, сол арқылы таратушы білік тегершігі мен жоғарғы қысымды сорғылайтын жетек тегершігі айналысқа түседі. Таратушы тегершіктер қисық тісті

болып келеді, себебі мұндай тегершіктер тегіс тістіге қарағанда әлдеқайда тыныш жұмыс істейді, жұмсақ енгізіледі және біріктіруден оңай шығарылады. Тістерге артылатын нақты жүктеме аз, себебі тегіс тісті тегершіктерге қарағанда бұлардың ілінісуінде бір уақытта көп тістер жұмыс істейді. Осы мақсатта «Волга» ГАЗ-31029, «ГАЗель», ГАЗ-3307 автомобильдері қозғалтқыштарының таратушы білік тегершіктері текстолиттен жасалынады. ЗИЛ және КамАЗ автомобильдерінің қозғалтқыштарының таратушы білік тегершіктері шойыннан жасалады.

Иінді біліктің таратушы тегершіктері болаттан немесе қоспалы шойыннан дайындалады.

ИЖ-2126 қозғалтқыштары таратушы білік жетектерінде, блок бастиегінде орналасқан, иінді және таратушы біліктерінде жұлдызшалар бекітілген, олар шынжыр арқылы біріктірілген. Шынжыр кергіштігі жұлдызша кергішпен реттеледі, ол тұтқаның басу құрылғысында орнатылған.

ЗМЗ-4061 және -4063 қозғалтқыштарындағы екі таратушы білік жетегі, блок бастиегінде де орнатылған, екі сатылы шынжыр арқылы жүзеге асырылады. Шынжыр төлкелік, екіқабатты. Бірінші сатысы аралық білікке айналысты жеткізеді, екіншісі таратушы біліктің кіріс және шығыс клапандарын айналысқа итермелейді. Иінді, аралық және таратушы біліктердің жұлдызшалары жоғары сапалы шойыннан жасалады. Иінді білік жұлдызшаларының бүйір жағына, аралық білік жұлдызшасы мен таратушы білік жұлдызшаларына орнығу белгілері жазылады. Шынжырдың кергіштігін реттеу үшін арнайы жоғарғы және төменгі шынжырлар үшін тірек тоспалары бар гидравликалық кергіштер бар. ВАЗ-2110, -2111, -2112, -1111 және -11113 автомобильдерінің қозғалтқыштарындағы таратушы біліктің клапандары жоғары орналасқан кезде таратушы жетегі иінді білік тегершігінен 1 тісті белбеумен 6 іске қосылады (4.2 сур.).



4.2. сур. Таратушы білік жетегінің сызбасы:

1 — иінді біліктің тісті тегершігі; 2 — салқындататын сұйықтық сорғысының тісті тегершігі; 3 — керілгіш аунақша; 4 — артқы қорғаныс қақпағы; 5 — таратушы біліктің тісті тегершігі; 6 — тісті белбеу; 7 — керілгіш аунақшаның осі; А — артқы қорғаныс қақпағындағы орнату дөңесі; Б — тарату білігіндегі тегершік белгісі; В — май сорғысының қақпағындағы белгілер; Г — иінді біліктің тегершігіндегі белгі

Салқындатылған сұйықтық сорғысы 2 жетегінің тісті тегершігі арқылы асылған тісті белбеу, керілгіш аунақша 3 және таратушы біліктің тісті тегершігі 5 сорғы жұмысын бастайды. Тегершікті дұрыс қосу үшін иінді біліктің тегершігінде орнату белгілері (Г) және май сорғысының жапқышында (В), сонымен қатар тарату білігінің тісті тегершігінде (Б), оны орнату дөңесімен А және артқы қорғаныс қақпағында 4 қиыстыру қажет.

Гидравликалық керілгіштер, ЗМЗ-4061 және -4063 автомобильдерінің қозғалтқыштарындағы таратушы біліктің шынжырлы жетегінде қолданылады әрі шынжырлардың кергіштігін реттеуді қажет етпейді.

### 4.3. Таратушы біліктер

Таратушы білік кіріс және шығыс клапандарын уақытымен ашып, жабуға арналған. Клапандарды қымтап жабылуы серіппелер арқылы жүзеге асырылады, олар клапанның өзегінде орнатылған.

Біліктерді болаттан қалыптау әдісі арқылы жасайды (ЗИЛ-433100 және КамАЗ автомобильдерінің қозғалтқыштары) немесе шойыннан құйылады («Волга» ГАЗ-31029, ВАЗ-2110, -2111, -2112, -1111, -11113, «ГАЗель» автомобильдерінің қозғалтқыштары).


4.3 суретінле көрсетілген таратушы білік бес тіректі мойыннан 7 тұрады. ВАЗ-1111 және -11113 автомобильдерінің біліктері үш тіректі, ал ЯМЗ-741 қозғалтқышы алты тіректі мойыннан тұрады. Клапандарды ашып, жабу үшін клапандардың шығыс 9 және кіріс 10 итергіш жұдырықшалары болады. Отын сорғысының жетегі үшін таратушы білікте эксцентрик 8, ал май сорғысының жетегі мен тоқтату-жайғастырушы үшін — тегершік 24 орнатылған. Біліктің алдыңғы бұрышында кілтпен таратушы білік жетегінің тегершігі орнатылған. Таратушы біліктің тіреуіш мойындары төлкелерде 11 айналады, осылайша мойынтірек қызметін атқарады.

Әр түрлі модельдердің қозғалтқыштарындағы мойынтіректер бір-бірінен ерекшеленеді. ЗИЛ-5301 автомобильдерінде олар болат алюминийден, ЯМЗ-740 және -741 қозғалтқыштарында — қоладан жасалынады. «ГАЗель» автомобильдеріндегі қозғалтқыштарының таратушы біліктері өздерінің тірек мойындарымен бірден цилиндрдің алюминий блогындағы бұрғылау бетіне келіп тіреледі. ЗИЛ-5301 де, бірінші мойынтірек алюминий балқытпасынан, қалғандары — болаттан жасалады.

КамАЗ, ЗИЛ-433100, ГАЗ-3307, «Волга» ГАЗ-31029, «ГАЗель» автомобильдерінің қозғалтқыштарындағы таратушы біліктердің осьтік жылжуына тірек тұрақты фланецпен 5 және тарату мойынтірегімен 6 ұсталынады.

4.3. сур. Таратушы білік және газ таратушы механизмнің бөлшектері:

1 — газ таратушы тегерішiнiң орнатуға арналған белгiлер; 2 — таратушы бiлiктегi жетек тегерiшi; 3 — таратушы бiлiк аунағы; 4 — жылдамдық шектегiшiндегi қадаға жетегiнiң бiлiкшесi; 5 — таратушы бiлiктiң тұрақты фланецi; 6 — таратушы бiлiк тегерiшiнiң кеңейтiлген шығыршығы; 7 — таратушы бiлiктiң тұрақты мойыны; 8 — жанармай сорғысының жетегiндегi экцентрик; 9 — клапанның шығыс итергiш жұдырықшалары; 10 — клапанның кiрiс итергiш жұдырықшалары; 11 — таратушы бiлiктiң мойынтiрек төлкесi; 12 — кiрiс клапаны; 13 — клапанның бағыттаушы төлкесi; 14 — кiрiс клапанның серпiше шайбасы; 15 — клапан серпiшесi; 16 — рокер осi; 17 — клапанның рокерi; 18 — клапан рокерiнiң реттеушi бұрандасы; 19 — рокер осiнiң тiрегi; 20 — шығыс клапанның айналым механизмі; 21 — шығыс клапаны; 22 — клапан итергiшiнiң штангасы; 23 — клапандардың итергiштерi; 24 — май сорғысының жетегi мен тоқтату-жайағастырушы тегерiшi



Кергіш төлкенің сыртқы диаметрі тіреу фланецтің ішкі диаметрінен кіші, сондықтан фланец кергіш төлкенің сыртынан кигізіледі және цилиндрлер блогына екі бұрандамамен бекітіледі. Кергіш төлке фланецтен 0,1...0,2 мм-ге кең. Осындай құрылғы арқасында таратқыш білік 0,1.0,2 мм-ге қозғала алады.

ВАЗ -2110, -2111, -2112, -1111 және -1113 автомобильдері қозғалтқыштарының таратқыш біліктері өзінің қозғалуынан цилиндрлердің бастиегі (мойынтіректер корпусымен) мен қосымша агрегаттар корпусы арасында орнатылатын фланецпен ұсталады.

ЗИЛ-5301 автомобилі мен оның түрлемдері қозғалтқышының таратқыш біліктері өзінің қозғалуынан арнайы тірек бурты бар тірек мойынның (желдеткіш жағынан) алдыңғы төлкесімен ұсталады. Бұл төлке алюминий қорытпасынан жасалған. Беріктігін арттыру үшін жұдырықшалардың және шойын біліктердің жанармай сорғысы жетегі эксцентрігінің жұмыс беті жоғары қаттылыққа дейін ағартылды. Май сорғысы жетегі тегершігінің тістері шыңдалған.

Болат таратқыш біліктерде жұдырықшалар мен тірек мойындардың беті жоғары жиілікті тоқпен беріктелген.

Біліктердің тірек біліктерінің диаметрі бірдей (ГАЗ-3307 автомобилі қозғалтқышы) немесе әр түрлі («Волга» ГАЗ-31029 және «ГАЗель» автомобильдерінің барлық түрлемі қозғалтқыштары) болуы мүмкін.


#### 4.4. Итергіштер

Итергіштер тарату білігінің жұдырықшаларынан клапанға немесе штангаға күш береді. Сонымен қатар олар тарату білік жұдырықшыларының айналымы кезінде пайда болатын бүйір жақты күшті де қабылдайды. Итергіштер динамикалық сипатқа ие айналымы жүктеменің әрекетіне тап болады, сондықтан берік жұмыс беті мен аз массасы болуы керек. Массаны азайту үшін итергіштерді қуыс қылып жасайды.

Клапандар төмен орналасқан қозғалтқыштарда сфералық тірек беті бар *табақшалы итергіштер* қолданылады. Тарату білігінің жұдырықшасы 10 (4.1, а сур. қараңыз) итергіштің тірек бөліміне өзек осінің бүйір жағынан жанасады және кішігірім конустылыққа ие. Итергіш пен жұдырықшаның осындай құрылғысы арқасында итергіш таратқыш біліктің айналуы кезінде айналады. Бұл тірек бетінің біртекті тозуын қамтамасыз етеді. Жылу саңылауларының итергіш өзегіне реттелуі үшін 9 қарсы сомыны 8 бар реттеу бұрандамасы 7 бұралған.

Клапандар жоғары және таратқыш біліктері төмен (4.1, б сур. қараңыз) орналасқан қозғалтқыштарда тегергіштер қуыс піспек түрінде жасалған, оның ішіне штанга кіреді.

Штанганың төменгі ұшы штанга бойымен ағатын маймен майланады. Итергіште саңылау бар, сол арқылы ағатын май бағыт-




4.4-сур. Дизель клапандары жетектерінің бөлшектері:

1 — өзек; 2 — аунақша; 3 — итергіш; 4 — штанга; 5 — реттегіш бұранда; 6 — рокер

тауыш төлкелер мен тарату білігінің жұдырықшаларын майлайды. Мұндай саңылау екеу болуы мүмкін. Жұдырықшамен байланысатын итергіш бүйірі аққа боялған болатпен балкытылған, ал итергіштердің өзі болаттан жасалған. Біртекті тозу үшін итергіштің тірек бөлігі сфералық болып жасалады, ал жұдырықша конус түрінде болады. Бұл итергіш қозғалтқышының жұмыс барысында айналуына әкеледі.

*Иінтіректі аспалы итергіштерді* дизель қозғалтқыштарында қолданады. Итергіштің ішінде аунақша осі орнатылған. Оның инелі мойынтірегінде аунақша 2 айналады. Қозғалтқыштың жұмысы кезінде аунақша тарату білігінің жұдырықшасы бетімен аунайды. Бұл итергіштерде жылжу үйкелісі тербелу үйкелісіне ауыстырылады да, итергіш тозуы мен жұдырықша бетінің төмендеуіне әсер етеді (4.4 сур.).

Клапандар мен тарату біліктерінің жоғары орналасуы кезінде (ВАЗ-2110, -2111, -1111 және -1113 автомобильдерінің қозғалтқышы) итергіштер 3 клапанға 2 айналмалы түрде кигізілген *стакан* түріне ие. (4.5. сур.). Итергіштің сыртқы түбінде реттегіш шайбаларды 6 төсеуге арналған айналмалы терендеу жасалған. Олардың қалыңдығы арқылы итергіш пен таратқыш білік жұдырықшасы 5 арасындағы *А* жылу саңылауы реттеледі.



4.5. сур. Клапандар мен таратқыш біліктің жоғары орналасуы жағдайында клапандар жетегінің механизмі:


1 — цилиндрлер бастиегі 2 — клапан; 3 — итергіш; 4 — таратушы білік мойынтіректерінің корпусы; 5 — таратушы білік; 6 — реттеуші шайба; 7 — май қайтаратын қалпақ; А — жұдырықша мен реттеуші шайба арасындағы саңылау

«ГАЗель» автомобильдерінің ЗМЗ-4061 және -4063 қозғалтқыштарында, ВАЗ-2112 автомобилінің қозғалтқышында гидравликалық итергіштер қолданылған. Бұл қозғалтқыштарда кіріс және шығыс клапандарына арналған таратқыш біліктер бар. Әр цилиндрде екі кіріс және екі шығыс клапаны бар. Әр клапанның үстіне гидравликалық итергіш орнатылған. Гидравликалық итергіштер болаттан, плунжер буы мен шар тәрізді кері клапаны бар цилиндрлі стақан түрінде жасалған. Стақанның сыртқы бетінде айналмалы жырашық және цилиндрлер блогы бастиегі магистралінен итергіш ішіне май жіберуге арналған саңылау бар. Итергіштің сыртқы беті мен бүйірі нитроцементтелген. Итергіштер цилиндрлер блогы бастиегі саңылауларында орнатылған. Гидравликалық итергіштер итергіштер мен клапандар арасындағы саңылауды реттеуді қажет етпейді.

#### 4.5. Клапандар

Клапандар цилиндрден жанармай қоспасы немесе ауа кіретін және пайдаланылған газдар шығатын кіріс және шығыс арналарын ашады және жабады. Клапандар сығылу тактісі мен жұмыс жүрісі кезінде цилиндрді кіріс және шығыс құбыр желісінен оқшаулауы тиіс, сондай-ақ ашық орындағы газдардың қозғалысын минималды сүйемелдеуі керек.

**Конструкциясы.** Клапан бастиек пен соңында дөңгелек бунағы бар өзектен тұрады. Клапанды түйін бағыттаушы төлкеге салынған 2, клапанның өзінен 1 (4.6 сур.), тоқтатқыш шығыршықтан 3, май қайтаратын қалпақшадан 4, серіппе тірек шайбадан 5, ішкі серіппеден 6, сыртқы серіппеден 7, серіппелер қақпағынан 8, екі сухарьдан 9, итергіштен 11 және реттегіш шайбадан 10 тұрады. Бір қалыпты ауысу өзектен бастиекке газдың айналып ағуы кезінде кедергіні азайтады, әсіресе кіріс такті кезінде клапан беріктігін арттырып, жылуды әкетуді жақсартады. Клапан бастиегі жалпақ, дөңес, қызғалдақ тәрізді болып келеді. Ол шалыстыруға жақсы қарсыласуы тиіс, себебі шығыс клапандарының бастиегі - 850 °С-ға, ал кіріс клапандарыныңкі - 400 °С-ға дейін қызады. Ауналып ағуды жақсарту және гидравликалық шығынды азайту үшін бастиектен өзекке өту бірқалыпты, үлкен радиуспен орындалады. Шығыс клапандарының бастиектері жалпақ болады. Олар өте жеңіл дайындалады және қажетінше қатты болады. Кіріс клапандарының бастиектері салмақты азайту және инерциялық күштер үшін қызғалдақ тәрізді етіп жасалынады. Кіріс және шығыс клапандары бастиектерінің диаметрлері бірдей болуы мүмкін, алайда кіріс клапандарының бастиектері көп жағдайда жанармай қоспасы немесе ауамен цилиндрді толтыру үшін үлкен диаметрлі болып келеді.



#### 4.6 сур. Клапанды түйіннің бөлшектері:

1 — клапан; 2 — бағыттайтын төлке; 3 — тоқтатқыш шығыршық; 4 — май қайтаратын қалпақша, 5 — серіппенің тірек шайбасы; 6 — ішкі серіппе; 7 — сыртқы серіппе; 8 — серіппе қақпағы; 9 — сухарь; 10 — реттегіш шайба; 11 — итергіш

Кедергілерді азайту үшін ВАЗ-2110, -2111, -2112, -1111, -11113 және ИЖ-2126 автомобильдерінің кіріс клапандары кіру кезінде цилиндрдің белдігіне иілген. Клапанның бастиегіндегі клапан-орынның түйіндесуінің сенімділігі мен бітеулігін арттыру үшін жүз бар, оны алдымен қырнап, кейіннен сол жерге арнайы паста жағады. Жүздегі түйіспелі белбеудің ені кемінде 0,5 мм болуы керек.

Түйіндесудің сенімділігін арттыруға жүзге арнайы тозуге төзімді құйындыны құю арқылы қол жеткізіледі. «ГАЗель» автомобильдерінің қозғалтқыштарының шығыс клапандарына жүзге хромды-никельді құйынды құйылады. ЗИЛ-433100 автомобилінің қозғалтқышының екі клапанына да ЭП-616-Б құйындысы құйылады.


**Материалдары.** Клапандар ыстыққа төзімді болаттан жасалады: кіріс – хромды-кремнийліден, ал шығыс – азот қоспасы бар хромды-никельді-марганецтен. ЗИЛ-433100-дің клапаны хромды жабындылы ыстыққа төзімді болаттан жасалынады. Клапандардың серіппелер қақпағы мен сухарьларды аз көміртекті болаттан дайындайды және үстіртін нитроцементтейді.

Клапандар жүздері 30 және 45° бұрышпен орындалады. 45° бұрышты клапан жүзінің біркелкі көтеру кезінде 30° бұрышты клапан жүзіне қарағанда өту қимасы аз болады, алайда орында жақсы центрлік пен бастиекте аса қаттылықты қамтамасыз етеді. Сол себепті 30° бұрышты жүзді үдемелі қозғалтқыштың кіріс клапандары үшін негізгі қалып ретінде қолданады.

Клапандар жүздері 30 және 45° бұрышпен орындалады. 45° бұрышты клапан жүзінің біркелкі көтеру кезінде 30° бұрышты клапан жүзіне қарағанда өту қимасы аз болады, алайда орында жақсы центрлік пен бастиекте аса қаттылықты қамтамасыз етеді. Сол себепті 30° бұрышты жүзді үдемелі қозғалтқыштың кіріс клапандары үшін негізгі қалып ретінде қолданады.

Кейбір қозғалтқыштарда, мысалы ЗИЛ-508.10-да, шығыс клапаны өзегінің жақсы салқындауы үшін жартылай натриймен толтырылған 11 арна бұрғылап тесілген 1. Қыздыру кезінде натрий балқып, булану кезінде клапан бастиегіндегі жылуды екшейді және бағыттаушы төлке арқылы цилиндрлер блогы бастиегінің кабырғаларына 16 жеткізеді. (4.7 сур.).





4.7 сур. Айналу механизмді ЗИЛ-508.10 автомобилі қозғалтқышының шығыс клапаны:

а – шығыс клапан және айналу механизмі; б – г – айналу механизмнің сәйкесінше бастапқы, жұмыс үстіндегі және соңғы қалпы; 1 – шығыс клапаны; 2 – айналу механизмнің корпусы; 3 – кішкене шар; 4 – тірек шайба; 5 – құлыпты шығыршық; 6 – клапан серіппесі; 7 – серіппе қақпағы; 8 – клапан; 9 – дискілі серіппе; 10 – қайтару серіппесі; 11 – натрийлі толтырғыш; 12 – бағыттағыш төлке; 13 – клапан орны; 14 – ыстыққа төзімді балқыма қаптамасы; 15 – бітеуіш; 16 – блок бастиегі.

Бағыттағыш төлкелер 12 клапанды орналастыруда орынның 13 біршама перпендикулярлығын қамтамасыз етеді. ЗМЗ-4061 және 4063 қозғалтқыштарында төлкені сұр шойыннан жасайды. «ГАЗель» автомобильдері қозғалтқыштарының тозуға төзімділігін арттыру үшін қос сульфитті молибден қосылған темір, мыс және графитті ұнтақты қоспадан тығыздап біріктіру арқылы дайындалған бағыттағыш төлкелері болады. ИЖ-2126 автомобиль-

дері қозғалтқыштарының бағыттағыш төлкелері металқыштан жасалады. Олар жеңіл өңделеді және кеуектілігінің арқасында майды жақсы ұстайды, сондықтан да клапандар өзектері мен төлкелерінің тозуы азаяды.

Клапан өзегі мен төлке арасында саңылау болады, ол клапанның жылжуы үшін қажет. Кіріс кезінде қозғалтқыштар айырмасы орын алады: цилиндрде – сирек, блок бастиегінің қақпағының астында – атмосфералық қысым. Сондықтан май цилиндр ішіне басылады. Майдың басылуын азайту үшін клапанның бағыттағыш төлкесіне май мен бензинге төзімді резеңкеден жасалған май қайтаратын қалпақша кигізіледі 7 (4,5 сур. қараңыз), саңылаудың өзі минималды болады (0,05...0,08 ММ).

**Серіппелер.** Клапандар жабық күйде шамамен сығылған серіппелермен ұсталынады. ЗИЛ-433100, ГАЗ-3307 және ВАЗ-2112 автомобильдерінің қозғалтқыштарында әр клапан бір немесе екі серіппемен жабылады (КамАЗ, «ГАЗель», ВАЗ-2110, -2111, -1111, -11113, ИЖ-2126, «Волга» ГАЗ-31029, ЗИЛ-5301автомобильдерінің қозғалтқыштарында).

Клапанды серіппелер клапандарды жабу және газ тарату механизмі жұмысы кезінде шығатын екпінді күшті қабылдауда ұяғатығыз отыру үшін қызмет атқарады. Толық ашық клапандағы серіппе күші клапан ашықтығының белгіленген ұзақтығын сақтай отырып, үлестіруші білік жұдырықшасына қысылған итергішті ұстап тұру үшін жеткілікті болуы керек.

Егер клапанда бір серіппе орналасса, ол онда айнымалы немесе тұрақты қадамды болады. Айнымалы қадам айналымдары резонанс шығуынан қорғайды.

Клапанда екі серіппенің орналасуы олардың жалпы биіктігін төмендетеді, серіппе резонансы беріктігі үшін қауіпті мүмкіндіктердің тууын жояды және серіппелердің бірінің істен шыққан жағдайында клапан екіншісіне ұсталынғандықтан жұмыс сенімділігін кепілдендіреді. Сыртқы серіппенің соңы кем қадам айналымынан төмен қарай орнатылады. Ол сол жаққа оралады, ал ішкі серіппе – оңға. Әртүрлі ораулар сынған жағдайда қажет, егер бір жаққа оралған болса, серіппедегі сынықтар басқа айналымдар арасында қалып, оны қысуы мүмкін.

Клапандар серіппелері кенет ауысатын динамикалық жүктеме арқасында жұмыс істейді. Серіппенің қажетті беріктігін қамтамасыз ету үшін оны диаметрі 4...6 мм болатын 50ХГА, 50ХФА, 60С2Н2А маркалы болат сыммен орайды. Тоттанудың алдын алу үшін серіппелердің сыртын жабады. Бұйралаудан соң клапанды серіппелер шынықтырылады, жұмсартылады және механикалық өңдеуден өтеді. Қажу беріктігін арттыру үшін серіппелер бытыралы ағынмен өңделеді. Серіппелерді бекіту бөлшектері (тірек шайбалар, сухарьлар және тағы басқа бөлшектер) 40, 45, 12ХНЗА және т.б. болаттан дайындалады.

Тірек сыртын жасау үшін серіппенің соңғы айналымдары дайындалу барысында шектесуге дейін жақындайды және қырнап өңдейді. Төменгі шетімен серіппе цилиндрлер бастиегінде немесе дискілі серіппеде 9 орналасқан тірек шайбаға тіреледі 4 (4.7 суретті қараңыз), басқа шеті серіппелер қақпағына тіреледі 7. Серіппелердің тірек қақпағы ішкі кемершегі клапан өзегінің бунақ шығыршығына енетін екі сухарь 8 көмегімен клапан өзегіне ұсталады.

#### 4.6. Клапандардың айналу механизмі

Қозғалтқыштың жұмыс үдерісінде клапандардың жұмыс жүзінде (әсіресе шығыс) күйік жиналады. Жүзге күйік бөлшектерінің тиюі кезінде клапандар орынды тығыз жаппайды, нәтижесінде цилиндрдегі компрессия төмендеп, бітеулік бұзылады. Клапандар бастиектерінде күйіктің көп мөлшерде бөлінуі клапандар орындарында, әсіресе шығыс клапанда жылу бұрудың төмендеуіне, қатты қызуға және тіпті күйіп кетуге әкеледі. Қатты қызу әсерінен клапан бастиектерінде жұмыс үдерісінің қалыпты өтуін бұзатын жұмыс қоспасының балқытып тұтануы орын алады.

Клапандарды айналдыру арқылы күйік жиналуын төмендетуге болады. Клапандарды мәжбүрлі айналдыру ЗИЛ-433100 және кейбір басқа автомобиль қозғалтқыштарының газ тарату механизмдерінде жүзеге асырылады.

Клапандарды айналдыру механизмі қозғалмайтын корпусан 2 (4.7 суретті қараңыз), цилиндрлердің блок бастиектері бөлігінде және бағыттағыш төлкеде орналасқан 12 клапаннан; корпусстың еңкіш тереңдігінде шеңбер бойынша орналасқан 2, қайтарма серіппелі 10 бес кішкене шардан 3; корпусстың дөңес жеріне еркін кигізілген 2, конус тәрізді дискілі серіппеден 9; клапанның жүктеулі серіппесінен 6, тірек шайбадан 4, және барлық механизмді жинап тұрған құлыпты шығыршықтан 5 тұрады.

Жабық клапан 1 кезінде дискілі серіппе 9 корпус кемершігінің 2 ішкі жиегінде жатады, ал сыртқы жиегіне тірек шайба 4 тіреледі; кішкентай шарлар 3 серіппелер 10 әсерінен корпус жыраларының ұсақ бөліктерінде 2 еркін жатады. Клапанның ашылу кезінде 1 тірек шайбаға әрекет ететін 4, клапанды серіппенің күші 6 соғұрлым артып, бұл дискілі серіппенің 9 түзуленуі мен тегістеуіне әкеледі. Оның ішкі жиегі мен корпус кемершігі 2 арасында саңылау пайда болып, бұл ретте клапанды серіппе күші 6 кішкентай шарларға 3 беріледі. Олар жыраның еңкіш түбі бойынша домалап, арттарынан дискілі серіппені 9 және тірек шайбаны 4 бірге алып кетеді. Олармен бірге біршама бұрышқа клапанды серіппемен 6 клапан 1 да бұрылады. Клапанды жабу кезінде клапанның серіппе күші азаяды.

Дискілі серіппе иіліп, корпус кемершігіне отырады кішкене шарларды босатады, олар қайтарма серіппенің әсерінен өздерінің бастапқы қалпына келеді, шайба мен корпусстың еңкіш сырты арасында сыналанады. Бұл ретте клапан айналмайды. Иінді біліктің әрбір жүз айналымы сайын клапан бір айналым жасайды.

КамАЗ автомобилі қозғалтқышында клапандардың мәжбүрлі айналуы карбюраторлық қозғалтқыштардағы секілді клапанды сухарьлардың серіппе қақпағының тура үстіңгі жағынан емес, қосымша циандалған конусты төлке арқылы қамтамасыз етіледі. Конусты төлке өзінің төменгі шетімен қақпақ түпшесінің жалпақ сыртына тіреледі, ал сыртқы конусы тірек шайбаның ішкі конусымен сәйкес келмейді. Осындай конструкция арқасында төлке мен тірек шайба арасында үйкеліс пайда болады және серіппелер сығылуы кезінде (олардың бұралуы есебінен) клапан бұрылады. Осылайша қозғалтқыш жұмысы кезінде клапан бірқалыпты қызып, оның төзімділігі артады.

#### 4.7. Штангалар

Тарату білігінің төмен орналасуы және клапандардың жоғары орналасуы кезінде итергіштің күші рокерге штанга көмегімен беріледі. Штангалардың бойлық иіліске жақсы тұрақты, мүмкіндігінше аз салмақта және жұмыс беті тозуға төзімді болуы керек. Қозғалтқышты қыздыру және салқындату кезінде клапанды механизмде үнемі саңылаулардың болуын қамтамасыз ету үшін, итергіш штангалары цилиндр блоктарымен сызықтық кеңеюлері бірдей материалдардан жасалады. Бұны сақтамаудан клапанды механизмдегі жылу саңылауы бұзылады, бұл жұмыс үдерісіне ықпал етеді. Штанганың салмағын төмендету үшін құбырлы сығылған сфералық ұштықтарды жоғарғы және төменгі бөліктерінде орындайды. Штангаларды аз көміртекті болаттан немесе алюминий құйындыларынан дайындайды, ұштықтарын – термиялық өңделген орта көміртекті болаттан жасайды.

Топсалы қосылысты қамтамасыз ету үшін итергішті штанга пен реттегіш бұрандалы рокер ұштықтары сфера бойынша өңделеді. Мысалы, ЗМЗ-4026 қозғалтқыштарында төменгі ұштық радиус сферасы 8,73 мм болатын бүйір жағы бар итергішпен түйіндессе, жоғарғы рокердің реттеуші бұрамадағы кіріс қуысы - 3,5 мм.

«Волга» ГАЗ-31029, «ГАЗель», ЗМЗ-4061 және -4063-дан басқа, сондай-ақ ИЖ-2126 автомобильдері қозғалтқыштарының штангалары болат ұштықты алюминий құбырлардан жасалынады.

ЗМЗ-4061 және -4063 қозғалтқыштары, сондай-ақ «Ока» ВАЗ-1111 және -11113, ЗИЛ-5301, «Жигули» ВАЗ-2110, -2111 және -2112 автомобильдері қозғалтқыштарының цилиндрлер блоктары сұры шойыннан дайындалған, олардың екі жақ басында да болат ұштықтармен сығылған құбырлы болат штангалар бар.

#### **4.8. Клапандар рокерлері**

Клапандар рокерлері 6 (4.4 сур. қараңыз) болаттан құйылады. Рокердің күпшек саңылауына қалайыланған қола табақтан оралған төлге сығылған. Рокердің ұзын иіні минималды қаттылық 55 HRC шындалған цилиндрлі бетпен аяқталады. Қысқа иін соңында реттеуші бұрамасы 5 бұралған бұрандалы саңылау болады. Реттеуші бұраманың төменгі шындалған шетінде штанга ұштығының жоғарғы жағына сфералық дөңес жер істелген, ал жоғарғы шетінде бұрағышқа арналған кесік бар. Төменгі шеті алты қырлы кілтке арналып жасалған. Реттеуші бұрама 5 қарсысомынмен бекітіледі.

Штанганың жоғарғы ұштығына май жеткізу үшін реттеуші бұраманың 5 бойлық арнасы болады, ол бұрама бастиегі тарапынан орындалады, шамамен үштен екі ұзындықты және радиалды арна арқылы қосылады, сондай-ақ бұрама өзегінде рокер иіні бар арнада айналмалы бунағы болады. Арнаның шығуы рокер төлкесі саңылауымен сәйкес келеді, соңғысы – төлкенің майлау жырашығы. Жырашық төлкенің барлық бетіне майлау материалын біркелкі таратып үйкелеу және рокер осінен саңылауға дейінгі рокер арнасына майды жеткізу үшін қызмет атқарады.

Рокер осі барлық рокерлер үшін ортақ бір бастиекті қақталған шойыннан жасалған тіреуге тіреледі. Рокерлердің осьтік ауысуларына кергіш серіппелер кедергі келтіреді. Ось шетінде орналасқан шеткі рокерлер осьтік ауысуларда жалпақ серіппелерге ұсталынады. Серіппелер оське сірге арқылы бекітілген екі шайбамен шектелген. Рокерлер орналасатын ось учаскелері беттік шындауға түседі.

Клапандар жетегі үлестіруші біліктің төменгі және жоғарғы орналасуында келесі жолмен жүзеге асады. Үлестіруші біліктің айналуы кезінде жұмыс тәртібіне сәйкес жұдырықшаларды итергіштер көтереді, олардан күш штангалар 4 арқылы реттеуші бұрамаға 5 және рокерге 6 жіберіледі. Рокер өз осінде айналып, ұзын иін клапан өзегіне басады. Клапан серіппені сығып, клапан орнынан кетеді және кіріс және шығыс арналарды ашады.

## 4.9. Газ тарату фазалары

Цилиндрді жанармай қоспасымен немесе ауамен жақсылап толтыру және пайдаланылған газдарды жою үшін қозғалтқыштардың жұмыс үдерістері кезін қарау барысында анықталғандай, клапандар піспектің өлі нүктелерде болмаған жағдайында ашылып және жабылуы, сондай-ақ ашылу кезінде біраз алға кетіп, ал жабылу кезінде біраз кешігуі тиіс.

Клапандардың ашылу және жабылу кезі үлестіру білігі жұдырықшаларының профилімен, оның иінді білік пен клапандар арасындағы саңылауларға және итергіш немесе рокерлерге қатынасы бойынша қондырғымен анықталады.

Иінді білік айналымында градуспен көрсетілген клапанның ашылу кезінен (немесе екі тактілі қозғалтқыштарда терезе) жабылу кезіне дейінгі период *газ тарату фазасы* деп аталады.

Газ тарату фазалары қозғалтқыштың жүрдектігіне байланысты. Иінді білік айналуының номинал жиілігі артқан сайын, газ тарату фазаларының бұрыштары да көбейеді.

Барлық қозғалтқыштарды кіріс және шығыс клапандардың бір мезгілде ашылу кезеңі болады. Бұл *клапандарды жабу кезі* делінеді. «ГАЗель» (ЗМЗ-4061 және -4063 қозғалтқыштарынан басқа) автомобильдерінің қозғалтқыштарында кіріс клапанның ашылуында және шығыс клапанның жабылуында бұрышты жабу кезі 28°, ал ЗМЗ-4061 және -4063 қозғалтқыштарында бұл – 30° құрайды. Клапандарды жабу кезінде пайдаланылған газдармен зарядтың шығып кетуі болмашы болғандықтан, осы уақытта шағын өту қимасы және жабу уақыты да аз ғана болады.

Қозғалтқыштың әр моделі үшін газ таратудың қолайлы фазасы экспериментті жолмен белгіленеді. Қозғалтқыштың газ тарату фазасының дұрыс орнатылуына иінді және үлестіру біліктерінің тегершіктерінде арнайы белгілер орнату кезінде екі нәрсені бірге құрастыру арқылы қол жеткізіледі.

Шығыс клапан піспектің ТӨН-ге түскен кезінде ашылса, онда пайдаланылған газдарды ығыстыруға қозғалтқыштың белгілі бір мөлшердегі қуатын жұмсауға тура келеді. Шығыс клапан піспектің ТӨН-ге келісінен бұрын ашылса, газдар жұмысы жоғалады, бірақ пайдаланылған газдарды ығыстыруға жұмсалатын қуат мөлшері азаяды. Әлбетте, шығыс клапан газдар жұмысы кезіндегі және піспектің ығыстыру жүрісі кезіндегі жұмыс шығындарының минималды кезінде ашылуы тиіс, яғни шығыс клапанның ашылуы кезеңінде піспектің ТӨН-ге келуі кезінде пайдаланылған газдарды ығыстыруға кеткен шығыннан оның шығыс клапандардың алдын ала ашылуы кезіндегі қозғалтқыш қуатына жұмсалған шығындары аз болуы тиіс.

Пайдаланылған газдардың қалдығынан цилиндрді жақсылап тазалау үшін шығыс клапандарды піспектің ЖӨН-ге келуі кезінде жаппай біраз кешіктіріп жапқан абзал.

Себебі пайдаланылған газдар піспектің ЖӨН-нен өтуінен соң да цилиндрден шығуын тоқтатпайды. Қозғалтқыш жүрдек болған сайын, шығыс клапанды жабуды кешіктіреді.



Кіріс клапанды ашу піспектің ЖӨН-ге келуіне дейін басталады. Бұл піспектің ЖӨН-ге келуі мен оның ТӨН-ге қозғалысының басталуы кезінде клапанның толық ашылуын қамтамасыз етеді. Көп цилиндрлі қозғалтқыштарда кіру тактісі арқылы басқа цилиндрлерде жанармай қоспасы немесе ауа дизельде инерция кіргізу тактісі бойынша үнемі қозғалыста болады. Сондықтан ашылған кіріс клапандарында цилиндрге түсуге дайын жанармай қоспасы болады, клапан ашыла салысымен цилиндрге жаңа заряд түсе бастайды.

Кіріс клапан ашылуының бастапқы кезінде оның өту қимасы өте аз болатынын естен шығармау керек, сондықтан дизельде жанармай қоспасы немесе ауаның жаңа зарядының цилиндрге үрлеуі мүмкін деген болжам бар, демек жаңа заряд бөлшегінің шығып кетуі мүмкін емес. Кіріс клапанының ашылуын жабу кезі және шығыс клапанын жабу кіру үдерісін кіріс клапанында үлкен өту қимасымен бастауға мүмкіндік береді.

Піспектің ТӨН-ге кіру тактісі кезінде цилиндр жанармай қоспасымен (немесе дизельдегі ауамен) біржола толтырылмаған және онда біршама ыдырау (қысым атмосфералықтан төмен) сақталады. Сондықтан кіріс клапанды жабу орынсыз, өйткені піспектің ЖӨН-ге қозғалысы кезінде де ыдыраудың болуы салдарынан цилиндрге жанармай қоспасының жаңа заряды түсетін болады. Кіріс клапанды жабуды кешіктіру цилиндрді жаңа зарядпен жақсы толтыру үшін қозғалыстағы жанармай қоспасының инерциялығын пайдалануға мүмкіндік береді. Егер қозғалтқышта иінді білік айналымдары санының артуы салдарынан кіргізу соңында қысым төмендесе, ал заряд инерциясы көтерілсе, онда бұл кіріс клапанын жабудың кешіктірілуін білдіреді.

Пайдаланылған газдарды жақсылап жою және цилиндрді жанармай қоспасымен толтыру үшін, үлестіру білігінің жұдырықшаларының мынадай профилі қажет, ол – клапандардың тез ашылуы мен жабылуын қамтуы тиіс. Бұндай шартты орындау үлкен қиындықтармен байланысты, ол инерциялық күшті арттыруға негізделген. Тәжірибеде клапанды ашу кезінде инерциялық күштің қолайлы шамасын қамтамасыз ететін профиль жобалауда.

Мысал ретінде газ тарату фазалары есебімен «ГАЗель» қозғалтқышының карбюраторлық төрт тактілі жұмыс үдерісін қарайық (4.8 сур.). Кіру тактісі иінді біліктің айналымдарын санап, піспектің ЖӨН-ге жетпей  $12^\circ$ -ден басталады (ЗМЗ-4061 және -4063 қозғалтқыштары үшін –  $14^\circ$ ).



4.8 сур. Қозғалтқыштардың газ тарату фазаларының және газ тарату фазаларына сәйкес піспектер қалыптарының (г) диаграммалары (а — в):

а — жалпы төрт тактілі; б — ЗИЛ-508; в — КамАЗ-740; а — кіріс клапаны ашылуының алға озу бұрышы; в — кіріс клапаны жабылуының кешігу бұрышы; у — шығыс клапаны ашылуының алға озу бұрышы; 5 — шығыс клапаны жабылуының кешігу бұрышы.

Бұл уақытта кіріс клапандар ашылады және цилиндрлер жаңа заряд түсуіне дайын болады. Піспек ЖӨН-ге жетіп, төменге қарай қозғалады. Піспектің ТӨН-ге келуі кезіне кіріс клапан жабылмайды және піспек ЖӨН-ге жоғары қарай қозғалысын бастайды (сығылу тактісіне сәйкес). Цилиндрде әлі де ыдырау болғандықтан, оған жаңа заряд түсуді жалғастырады. Кіріс клапан піспектің ТӨН-ге 60-қа қайтып кетуінен кейін, иінді білік айналымы бойынша санап (МЗ-4061 және -4063 қозғалтқыштарында бұл - 46°) жабылады. Осылайша кіргізу тактісі кіріс клапанының ашылуы бойынша 252° санап жалғаса береді, Кіріс клапанының жабылуынан соң жұмыс қоспасының сығылуы басталады.

Жұмыс қоспасының тұтануы, піспектің бірнеше градусқа ЖӨН-ге жетпеуінен болады. Бұл піспектің ЖӨН-ге келу кезі мен оның ТӨН-ге қозғалысын бастағанда жұмыс қоспасының бір бөлігінің жанып кетуі үшін қажет. Қалған жұмыс қоспасы піспектің ТӨН-ге қозғалысы кезінде жанады. Жұмыс қоспасы 30...35 м/с жылдамдықта жанады және оны піспек ЖӨН-де болған кезде тұтандырса, онда піспек түбінде максималды қысым болуы мүмкін емес, себебі үдемелі қысымға қашқан піспекті қуып жетуге тура келеді.

Жұмыс қоспасы тұтануының алға озу бұрышы немесе дизельге



жанармай кіргізу тұрақты болмайды, бұл иінді біліктің айналым жиілігі мен қозғалтқышқа түсетін күшке байланысты. Дизельдегі жанармайды тұтату және бүркудің алға озу бұрышын өзгерту үшін арнайы құрылғылар болады.

Жұмыс жүрісі шығыс клапанының ашылуы кезінің басталуынан бітеді. «ГАЗель» автомобильдерінің қозғалтқыштарында шығыс клапан піспектің ТӨН-ге келуіне  $54^\circ$  қалғанда ашыла бастайды (ЗМЗ-4061 және -4063 қозғалтқыштары үшін бұл –  $46^\circ$ ), ал піспек ЖӨН-ге  $18^\circ$  өткен соң иінді білік айналымдары бойынша санап (ЗМЗ-4061 және -4063 қозғалтқыштары үшін бұл –  $14^\circ$  ) жабылады. Осылайша пайдаланылған газдарды шығару бұл қозғалтқыштарда  $252^\circ$  жалғаса береді (ЗМЗ-4061 және -4063 қозғалтқыштары үшін бұл –  $240^\circ$ ).

Газ тарату фазаларының дұрыс қондырылуы үшін ЗИЛ-433100 автомобилі қозғалтқышының таратқыш тегершіктеріне арнайы қондыру белгілерін орнатады.

### **Бақылау сұрақтары**

1. Газ тарату механизмі міндетін түсіндіріңіз және оның негізгі бөлшектерін атаңыз.
2. Клапандары жоғары және төмен орналасқан газ тарату механизмдерінің артықшылықтары мен кемшіліктері қандай?
3. Тарату біліктерінің міндеті мен құрылысын түсіндіріңіз.
4. Түрлі модельдегі қозғалтқыштардың тарату біліктері осьтік жылжып кетуден қалай сақталады?
5. Тісті тарату доңғалақтарының құрылысын және олардың иінді біліктің тісті доңғалағымен байланысын түсіндіріңіз.
6. Түрлі модельдегі қозғалтқыштар итергіштерінің құрылысы қандай?
7. Түрлі модельдегі қозғалтқыштар клапандарының міндетін, құрылысы мен жұмысын түсіндіріңіз.
8. Штангалар қалай жасалған?
9. Рокер құрылысы қандай?
10. Шығыс клапандары піспек ТӨН-ге жетпей ашылып, ал піспек ЖӨН-нен өтіп кеткеннен кейін жабылып қалады. Бұл қандай мақсатпен жасалғанын түсіндіріңіз.
11. Шығыс клапандары піспек ЖӨН-ге жетпей ашылып, ал піспек ТӨН-нен өтіп кеткеннен кейін жабылып қалады. Бұл қандай мақсатпен жасалғанын түсіндіріңіз.
12. Газ тарату фаза диаграммасы бойынша карбюраторлық қозғалтқыштың жұмысын түсіндіріңіз.


## 5 т а р а у

### САЛҚЫНДАТУ ЖҮЙЕСІ

#### 5.1. Салқындату жүйесінің жалпы талаптары

Салқындату жүйесі қозғалтқыш цилиндрлерінен артық жылу-ды бұру үшін және қолайлы температуралық режимді 80...95°C шамасында сақтауға арналған. Салқындату жүйесі ауамен (іштен жанатын отандық қозғалтқыштарда сирек қолданылады) және сұйықтықпен (5.1 сур.) болуы мүмкін.

Сұйықтықпен салқындату жүйесінде салқындатқыш сұйықтық ретінде су мен қатпайтын сұйықтықтар қолданылады. Салқындатқыш сұйықтықтар қанағаттандыруы тиіс негізгі талаптар:



5.1. сур. Қозғалтқышты сұйықтықпен салқындату жүйесі:

1, 2, 3, 5, 15, 18 — шлангтер; 4 — келте құбыр; 6 — таратқыш кіші бак; 7, 9 — тығындар; 8 — салқындату рубашкасы; 10 — радиатор; 11 — қап; 12 — желдеткіш; 13, 14 — тегершіктер; 16 — қозғалтқыш белдік; 17 — сорғы; 19 — термостат

- жылуды тиімді бөлу;
- жоғары температурада қайнау және жылы булану;
- төменгі температурада кристалдану;
- металл бөлшектерді тоттандырмау және резенке бөлшектерді бүлдірмеу;
- жұмыс үдерісі кезінде көбіктенбеу;
- арзан болу;
- өртке қатысты қауіпсіз болу және денсаулыққа зиянды болмау.

Көп таралған салқындатқыш сұйықтық – су. Оның жылу сыйымдылығы, жылу өткізгіштігі өте жоғары, аздап тұтқыр, жақсы буланады. Алайда судың да салқындатқыш сұйықтық ретінде қолдану үшін өзіндік кемшіліктері бар. 0°C-да ол айтарлықтай көлемде қатады, бұл аспаптардың бүлінуіне әкеп соғады. Оның құрамында тұз көп болғандықтан, қайнау кезінде олар салқындату рубашкасы қабырғаларына және радиатор трубкаларына қақ түрінде бөлініп шығады. Металдарға қарағанда жылу өткізгіштігі едәуір төмен.

Құрамындағы тұзға байланысты су - кермек, орта кермек және кермектілігі төмен болып бөлінеді. Кермектілігі төмен суда тұз аз болады, ол салқындату жүйесін қақпен, қалдықпен аз ластайды. Орта кермек және кермек суды құяр алдында қайнатып немесе химиялық жолмен жұмсарту қажет. Кез-келген қаққа қарсы өңделген суды жүйеге құяр алдында жүйені ескі қақтан тазартып алу қажет.

Жылдың суық мезгілінде 0°C төмен температурада этиленгликоль мен су қоспасынан жасалған төмен деңгейде қататын сұйықтықтар (антифриздар) қолданылады. Этиленгликоль – бұл иіссіз майлы сарғыш сұйықтық. Этиленгликольдің қайнау температурасы - 197°C, кристалдануы - 115°C; 53% этиленгликоль мен 47% судың кристалдануы - 40°C, 66% этиленгликоль мен 34% судың кристалдануы - 65°C температурада жүзеге асады. Тоттануды азайту мақсатында антифриздер құрамына қоспалар қосады.

6-02-751 ТТ – 86 бойынша Тосол антифризі алғаш рет ВАЗ автомобильдері үшін шығарылған болатын. Тосолға көбіктенуге қарсы қоспа мен үйкеліске төзімді қоспалар композициясы енгізіледі. Тосол үш маркада шығарылады:

- Тосол АМ — көгілдір түсті, кристалдану температурасы - 40 °С;
- Тосол А-40 — көгілдір түсті, кристалдану температурасы - 65 °С;
- Тосол А-65М — қызыл түсті, кристалдану температурасы - 65 °С.

113-07-02 – 88 ТТ бойынша «Лена» маркалы антифриз үш маркада шығарылады: ОЖ-К, ОЖ-40 және ОЖ-65. Барлығы сары-жа

сыл түсті, кристалдану температурасы сәйкесінше – 40, - 65 және 65°С.

Антифриздер рецептура бойынша ажыратылады, сондықтан әртүрлі марканы өзара араластыруға болмайды.

Автомобильді пайдаланған кезде қозғалтқыш радиаторында салқындатқыш сұйықтықтың деңгейі төмендеуі мүмкін. Этиленгликольдің қайнау температурасы өте жоғары (197°С-ға дейін) болғандықтан, салқындатқыш сұйықтықтың деңгейінің түсуі судың қайнауы салдарынан болады және оған таза суды еселеп құю қажет. Сәйкес маркалардың антифриздері салқындату жүйесінен сұйықтықтың ағып кетуі кезінде ғана еселеніп құйылады.

Этиленгликольді салқындату сұйықтықтарының мұнай өнімдеріне түсуіне жол бермеу керек, себебі олар көбіктендіру тудырып, атмосфераға радиатор тығынының буланған клапаны арқылы бу шығарады.

Жүйені этиленгликольді сұйықтықтармен суға қарағанда 6...8 % аз толтыру қажет, себебі олар қыздыру кезінде ұлғаяды және буланған клапан арқылы радиатордан ығыстырылуы мүмкін.

Тосолдың қызмет ету мерзімі екі жылмен шектеледі, автомобильді қарқынды қолданған жағдайда оны автомобильдің 60 мың км жүрісінен кейін ауыстыру қажет.

Этиленгликоль — *күшті тағамдық*, сондықтан онымен жұмыс жасағаннан соң қол мен бетті сабынмен жақсылап жуу қажет.

Тосолдың қатуынан төмен температурада ол цилиндрлер блогы мен радиатор үшін қауіпсіз қою қар тәрізді массаға айналады.

## **5.2. Салқындату жүйесінің жалпы құрылысы және жұмысы**

Салқындату жүйесі ұйғарынды шекке дейінгі ыстық газдармен жапсарласатын қозғалтқыш бөлшектерінің температурасын сақтайтын агрегаттар, құрылғылар мен механизмдер жиынтығынан тұрады. Қозғалтқыш бөлшектерінен бөлінетін жылу мөлшері режимнің қуатына, жылдамдығы мен жүктемелігіне байланысты.

Жылудың артық бөлінуі қозғалтқыштың өте салқындауына, ал жеткіліксіз бөлінуі оның қызып кетуіне әкелмеуі қажет, өйткені бұл оның жұмысын нашарлатады. Қозғалтқыштың жылу режимі көптеген факторларға, нақты айтсақ: атмосфералық температураға, қозғалтқыштың қатты салқындауы мен қызып кетуіне әсер ететін жеке жүйелер мен механизмдердің жұмысына, олай болса, оның жұмысына, қуаты мен үнемділігіне және бөлшектердің тозуына байланысты.

**Қозғалтқыштың қызып кетуі.** Бұндай құбылыс келесі себептерден орын алуы мүмкін:

- салқындату жүйесіндегі салқындату сұйықтығының тапшылығы;
- салқындату жүйесінің ішінде қалдықтың жиналуы;
- су сорғысы мен вентилятор белдіктерінің әлсіз керілісі;
- су сорғысының қалақты аспабының сынуы;
- қозғалтқыштың жұмыс режиміне сәйкес емес қозғалтқыштың байытылған және жұтаңдаған жұмыс қоспасымен жұмысы;
- теріс орнатылған тұтандыру;
- жазғы уақытта толық ашылмаған жалюзилер;
- реттелмеген тежегіштермен тежеу;
- автомобильді тәжірибесіз жүргізу.

Қозғалтқыштың қызып кетуі кезінде мотор майлары қатты сұйылады. Ол тұтқырлығынан айырылып, үйкелген бетте тұра алмайды, нәтижесінде олардың тозуы артады. Цилиндр қабырғаларынан сорғалаған майлар цилиндрдегі піспектің тығыздығын төмендетеді, салдарынан піспекті топ бөлшектерінің тозуы мен қозғалтқыш қартеріне газдың жарып өтуі артады. Бензиннің буы суық қартерге түсіп, қойылтылады және майға түсіп оны сұйылтады. Жұмыс жүрісі кезінде қартерге күйесі бар пайдаланылған газдардың үлкен мөлшері бұзып өтіп, майға түседі де, оны да ластайды. Бұндай майларды мұқият тазалау қажет және олар тез тозады, жиі ауыстыруды керек етеді. Жанармай қоспасының бұзып өтуі бензиннің өнімсіз шығынын арттырады, піспек түбіндегі газ қысымының мөлшерін төмендетеді, осылайша қысым да төмендейді. Цилиндрге түскен жанармай қоспасы қатты қызған, ұлғайған, сондықтан цилиндрдің салмақ зарядын кемітеді. Осылайша, қызып кеткен қозғалтқыштың жұмысы бөлшектердің тозуына, қысымның төмендеуіне және жанармайдың шығынына әкеледі.

**Қозғалтқыштың қатты салқындауы.** Көбінде қозғалтқыштың қатты салқындауы сыртқы температураның төмендігінен орын алады. Қатты салқындаған қозғалтқыштың майы қою, тұтқыр болады. Ол тар саңылауларда нашар сығылады және үйкелген беттер мүлдем майланбай қалады, бұл олардың тозуына әкеледі. Цилиндрлерге түсетін жанармай қоспасы қажетті деңгейде қызбайды, бензиннің бір бөлігі буланып үлгермей, цилиндрге сұйық күйде түседі де, піспектің түбіне барады. Кейін қозғалтқыш қартерінде майды шайып, цилиндрлер мен піспектерді жалаңаштап, цилиндрлер қабырғаларымен ағады. Бұл цилиндрлі-піспекті топтың қарқынды тозуына мүмкіндік туғызады. Цилиндрлер айнасындағы май қабатының кемуі тығыздалуды төмендетеді және қозғалтқыш қартеріне газдың бұзып өтуін арттырады. Сондай-ақ, сығылу барысында қартерге жанармай қоспасының бұзып өтуі артып, бұл майды сұйылтады. Жұмыс жүрісі кезінде қартерге майды күйелеп, ластайтын пайдаланылған газдардың бұзып өтуі артады. Күйемен ластаған және бензинмен сұйылтылған май мұқият тазартуды талап етеді, сондай-ақ тез тозып, оны жиі ауыстыру қажет болады. Бензиннің бір бөлігі буға айналып үлгермей, қозғалтқыш қартеріне ағады, сонымен қатар қартерге жану каме-

раларынан жанармай қоспасының бұзып өтуі артады. Осылайша, бұл жанармай жануға қатыспайды, бұл жұмыс жүрісі кезінде піспек түбіндегі қысымның төмендеуіне әкеледі және қозғалтқыш қуаттылығын жоғалтады.

Сонымен, жеткіліксіз қызған қозғалтқыш жұмысы кезінде жанармайдың артық шығыны, цилиндрлі-піспекті топтың, иінді және тарату білік мойынтіректерінің тез тозуы байқалады, қозғалтқыштың қуаты айтарлықтай төмендейді.

**Ауамен және сұйықтықпен салқындау жүйелерін бағалау.** Ауамен салқындау жүйесінде іштен жанатын қозғалтқыштарда («Запорожец» автомобилінің қозғалтқышы) цилиндрлер қабырғалары мен блок бастиектерінен жылу ауа беріледі, атмосфераға шығарылады. Сұйықтықпен салқындату жүйесінде қозғалтқыштан бөлінген жылу қозғалтқыш алқылы сорып алынған сұйықтыққа беріліп, кейін сұйықтықтан ауаға беріледі, бұдан соң жылу қоршаған ортаға тарайды. Салқындатудың қос жүйесі де қозғалтқыштың қалыпты жылу жағдайын қамтамасыз етеді.

Ауамен салқындату жүйесінің басты басымдылығы су рубашкасының, су сорғысы мен радиаторының болмауында. Осылайша, ауамен салқындату жүйесінің құрылғысы өте жеңіл, оны пайдалану сенімділігі жоғары. Ауамен салқындайтын қозғалтқыштар іске қосудан соң тез қызаяды, бұл цилиндрлер мен піспектердің шығыршықтарының тозуының төмендеуін қамтамасыз етеді. Алайда, ауамен салқындату жүйесі барлық цилиндрлердің бір-келкі салқындауын қамти алмайды және қозғалтқышты іске қосар алдында жылыту өте қиынға соғады.

Сұйықтықпен салқындату жүйесінің артықшылығы цилиндрлерді біркелкі салқындата алуында болып табылады. Ондай қозғалтқыштар цилиндрлер блогымен бірге дайындалады, бұл қаттылықты арттырады. Сұйықтықпен салқындатылатын қозғалтқыштарда цилиндрлерден жылуды жақсы бұру үшін олардың араларына ауа ағыны өтетін орын жасайды. Сұйықтықпен салқындатылатын қозғалтқыштар тыныш жұмыс жасайды, себебі цилиндрлер салқындату рубашкасымен оқшауланады.

Сұйықтықпен салқындату жүйесінің кемшілігі қиын құрылғысымен, көп аспаптар қажеттілігімен, қымбат түсті металдарға кететін шығынмен, бірігу бітеуліктері үнемі қадағалануы тиіс көптеген келте құбырлар мен резеңке шлангілердің болуымен түсіндіріледі.

**Ашық және жабық салқындату жүйелері.** Цилиндрлерді қыздыру деңгейі цилиндрлердегі жұмыс жүрісінің қайталану жиілігіне байланысты, бұл өз кезегінде өте жоғары және иінді білік айналымының жиілігіне байланысты. Иінді білік айналымының жиілігі артқан сайын, цилиндрдің жоғарғы бөлігі қыза түседі, әсіресе жану камерасы. Бұл цилиндрдің және жану камерасының жоғарғы бөлігіндегі салқындату сұйықтығының қайнауына және бу бұлтының түзілуіне әкеледі. Бу бұлты салқындату сұйықтығының қыза бастаған жану камерасы қабырғаларына өтуіне жол бермейді. Камерасының жоғарғы бөлігіндегі салқындату сұй-

ықтығының қайнауына және бу бұлтының түзілуіне әкеледі. Бу бұлты салқындату сұйықтығының қызға бастаған жану камерасы қабырғаларына өтуіне жол бермейді.

Ашық салқындату жүйесінде су 100°C-да қайнайды, ал жабық жүйеде қысымның көтерілуіне байланысты салқындату сұйықтықтарының қайнау температурасы 109... 115 °C-ға дейін болады. Енді цилиндрлер айналасындағы бу бұлты едәуір кеш түзіледі. Салқындату жүйесіндегі ішкі қысымның артуы бу бұлтының қысылуына мүмкіндік жасайды және салқындату сұйықтығы цилиндрге қарқынды түсіп, оны салқындатады.

Қозғалтқыштардағы ашық салқындату жүйелері табиғи булану және қозғалтқышты қыздыру кезіндегі қайнау барысында салқындату сұйықтықтарының айтарлықтай ысырабы салдарынан қолданылмайды. Суды еселеп құярда тазалығын, кермектігі төмендігін тексеру қажет, алайда бұл автомобильді пайдалану кезінде үнемі сақталмайды. Кермек суды құю судан тұздың булануына және салқындату рубашкалары қабырғаларына қақ түрінде жиналуына әкеледі. Кір суды қолдану қалдық жиналуына әкеледі. Бұның барлығы қозғалтқыш жұмысының бұзылуын тудырады. Бұдан басқа тау жағдайларында салқындату сұйықтықтарының ашық жүйеде қайнауы қозғалтқыш жұмысы сенімділігін төмендету себептерінің бірі болып табылады.

Замануи қозғалтқыштарда жабық салқындату жүйелері қолданылады. Бұндай салқындату жүйесінде радиатор тығынмен бітеу жабылып, атмосферамен байланысы болмайды. Жүйе атмосферамен екі клапан, олар - радиатордың тығынында немесе таратқыш кіші бакта орналасқан оң және ауа жіберетін клапандар арқылы байланысады. «Волга» ГАЗ-31029 қозғалтқышында клапандар радиатор тығынында монтаждалған: сондай-ақ, таратқыш кіші бакта резеңке клапан бар, ол ашылып, артық қысымда бу шығарады, ал төмен қысымда таратқыш кіші бакқа ауа жібереді.

**Салқындату жүйесінің компоненттері.** Салқындату жүйесіне келесі аспаптар мен бөлшектер кіреді: радиатор, жалюзилер, вентилятор, су сорғысы, термостаттар, қозғалтқышты салқындату рубашкасы, келте құбырлар, шлангілер, краниктер, салқындату сұйықтығының температурасын көрсететін көрсеткіштер және қадағалар, салқындату сұйықтығының апаттық қатты қызуының сигнал беруші қадағалары, вентилятор қабы, кеңейткіш кіші бак, салқындату аспаптарының қайыс тартпалары. Қозғалтқыштардың көптеген түрлерінде вентилятор жұмысқа электр қозғалтқыштан тартылады. Дизельдерде вентилятор жұмысқа гидравликалық муфтадан тартылады.

### 5.3. Радиатор


Радиатор суды немесе тез қататын сұйықтықты салқындатуға арналған (5.2 сур.).

ЗИЛ-433100, ГАЗ-3307, ЗИЛ-5301, «Волга» ГАЗ-31029 және

тағы басқа автомобильдердегі радиаторларда екі кішігірім бағқа балқытып жапсырылған, тегіс құбырлардан жасалған жоғарғы 9 және төменгі 15 бактар бар. Олардың арасында 12 радиатордың өзегі орналасқан. Салқындату ауданын ұлғайту үшін құбырлар қатары арасына кеңірдектенген жез лента орнатылған.

Жоғары бакта аралық келте құбыр және иілгіш шланг 10 көмегімен бағыттаушы келте құбыр 11 мен салқындатқыш рубашкасын байланыстыруға арналған келте құбыр бар.

Жүйені салқындатқыш сұйықтықпен толтыру үшін тығынмен саңылаусыз жабылатын қылта бар 8.



5.2.сур. Радиатор:

а — бөлшектер, б — бу (шығару) клапаны ашық; в — ауа (шығару) клапаны ашық; 1 — қаңқасы; 2 — жалюзилер, 3 — күш, 4 — жалюзилер жетегінің тұтқышы; 5 — бекіткіш; 6, 20 — тіреулер; 7 — радиатор тығыны; 8 — радиатор қылтасы; 9 — жоғары бак; 10, 13 — иілгіш шланг; 11 — бағыттаушы келте құбыр; 12 — радиатор өзегі; 14 — радиатордың ағызатын шүмегі; 15 — төменгі бак; 16 — бағыттаушы қаптама; 17 — бу шығатын құбыр; 18 — тығын қаңқасы; 19 — бу клапанының серіппесі; 21 — жапқыш серіппе; 22 — бу (шығару) клапаны; 23 — шығару клапанының төсемі; 24 — ауа клапанының төсемі; 25 — ауа клапаны; 26 — ауа клапанының серіппесі; 27 — ауа клапанының орны; 28 — ауаға арналған саңылау



Бұл салқындатқыш рубашканың ішінде жоғары қысымды жау үшін қажет, бірақ құбырлардың жарылуының алдын алу үшін қысымды шамадан тыс арттыруға болмайды. Жоғары қысымды шектеу үшін тығында серіппелі 19 ауа (шығару) клапаны 22 бар. Клапанда ұясына қондыру тығыздығын қамтуға арналған төсем 23 бар. Көлемі 0,065 МПа (0,65 кгс/см<sup>2</sup>) болатын ЗИЛ-433100 және -5301, көлемі 0,045...0,060 МПа (0,45... 0,6 кгс/см<sup>2</sup>) болатын «Волга» ГАЗ-31029 салқындату жүйелерінде максималды қысым шектеледі. Егер салқындату жүйесі ішіндегі қысым бұл көлемнен асса, клапан ашылады және будың жартысы бу шығару құбыры 17 арқылы атмосфераға шығады. Қозғалтқыш суыған жағдайда, радиатор ішіндегі салқындатқыш сұйықтықтың көлемі азаюы нәтижесінде сұйылады. Бұл атмосфералық ауа көмегімен құбырлардың қысылуына әсер етуі мүмкін. Жүйеде сұйылтуды жою үшін радиатор тығынында серіппелі 26 ауа клапаны 25 бар. Клапанда орынға 27 қысылатын төсем 24 бар. Жоғарыда аталған қозғалтқыштарда 0,001 МПа (0,01 кгс/см<sup>2</sup>) шегінде радиатордың жоғары бағында сұйылту пайда болған кезде, клапан ашылады. Радиатордың төменгі бағында иілгіш шланг 13 көмегімен су сорғысының келте құбырымен байланыстыруға арналған келте құбыр және салқындатқыш сұйықтықты ағызуда арналған кран 14 бар. Жоғары және төменгі бактарға төменгі бакқа балқытып жабыстырылған, тіліммен байланысқан бүйір жақты тіреулер 6 бекітілген. Тіреулер мен тілімдер радиатордың қаңқасын құрайды.

Радиатор өзегі арқылы ауа ағынын реттеу үшін өзінің қаңқасымен 1 радиаторға бекітілетін жалюзилер қызмет етеді. Оларды жүргізуші кабинасындағы күш 3 және тұтқа 4 көмегімен басқарады. Егер тұтқаны алға қарай орналастырса, жалюзилер жармалары толық ашылады және радиатор өзегі арқылы ауаның максималды көлемі өтеді; ал егер тұтқаны артқа қарай орналастырса, жармалар жабылады және радиатор өзегінің үрлеуі тоқтайды. Қозғалтқыштың белгілі бір температуралық режимін сақтап тұру үшін тұтқаны арнайы бекіткіш көмегімен 5 кез келген аралық қалыпта орнатуға болады. Радиатордың өзегі арқылы өтетін ауа ағымының көлемін арттыру үшін желдеткішді бағыттаушы қапатамада 16 орнатады.

ВАЗ-2120, -2111, -2112, -1111, -11113, «ГАЗель» автомобильдерінде радиатор өзегінің құбырлары көлденең орналасады. «ГАЗель» радиаторының өзегі бүйір жақты тілімді бактары бар құбырлы-ленталы. Бактар радиатор сүйенішімен резеңкелі нығыздағыш төсем арқылы пластмассабактардың фланецтері бойынша тіреуіш тілімдерді қысу жолымен байланысады. Бактар мен радиатор сүйенішінің жоғары тілімінде радиаторды автомобиль кабинасының қанатына бекітетін кронштейндер бар. Оң бакта (автомобиль жүрісі бойынша) термостат корпусымен байланыстыруға арналған келте құбыр бар, ал ол арқылы қозғалтқыштың салқындатқыш рубашкасымен байланысады.

Сол бактың төменгі жағында иілгіш шланг көмегімен су сорғысының келте құбырымен байланыстыруға арналған келте құбыр бар. Осы бактың төменгі жағында тығынмен жабылатын, салқындатқыш сұйықтықты ағызуға арналған саңылау бар.

ВАЗ-2110, -2111, -2112, -1111 және -11113 автомобильдерінің қозғалтқыштары алюминий қорытпасынан жасалған құбырлы-ленталыөзегі бар радиаторлармен және пластмасса бактармен жабдықталған. Радиатор екі жүрісті, автомобиль жүрісінің сол жақ бағында аралық бар. Сол жақ бактың жоғары бөлігінде келте құбыр бар. Оған қозғалтқыштың салқындатқыш рубашкасынан радиаторға ыстық су беруге арналған иілгіш шланг жалғанған. Сонымен қатар мұнда иілгіш шланг жәнекеңейткіш бакпен байланысқан, буды жіберуге арналған диаметрі кіші келте құбыр бар. Сол жақ бактың төменгі бөлігінде термостат корпусы мен шлангтар арқылы су сорғысының келте құбырымен байланысатын иілгіш шлангты байланыстыруға арналған келте құбыр бар.

Радиатордың оң жақ бағында электр желдеткіш қосу тетігі орналасқан; осы бактың төменгі бөлігінде жабық тығыны бар, салқындатқыш сұйықтықты ағызуға арналған келте құбыр бар.

Радиатор өзегі ауа ағынын күшейтуге арналған қаптамамен жабылады. желдеткіш электр қозғалтқыштың осында орналасқан.

#### 5.4. Кеңейткіш бак

Кеңейткіш бак жүйедегі салқындатқыш сұйықтықтың қызудан ұлғаюы кезіндегі өзгерістердің орнын толтыруға, жүйенің сұйықтықпен толтырылу деңгейін бақылауға, сонымен қатар одан ауа мен буды жоюға арналған. Ол радиатордың сол жақ бағының жоғары бөлігімен және термостат корпусымен байланысады. Қозғалтқыштар үлгісінің басым бөлігінде кеңейткіш бактар арқылы жүйеге салқындатқыш сұйықтықты құяды.

Кеңейткіш бактарды мөлдір пластмассадан дайындайды. Бактың бүйір жағының үстіңгі қабатында «MIN» белгісі бар, бұл бактағы салқындатқыш сұйықтықтың мүмкін болатын төмен деңгейін көрсетеді. Салқындатқыштың толық толтырылған жүйесінде, суық қозғалтқыштағы кеңейткіш бактағы сұйықтық деңгейі «MIN» белгісінен 25...30 мм жоғары болуы тиіс.

Кеңейткіш бактың құю қылтасы салқындатқыш жүйесіндегі жоғары қысымды ұстайтын бұрандамалық тығынымен жабылған. Салқындатқыш жүйесін саңылаусыз жабатын кеңейткіш бактың тығынында екі клапан бар – бу және ауа.

«ГАЗель» автомобилі қозғалтқыштарындағы бу клапаны 80...110 кПа (0,8 ...1,1 кгс/см<sup>2</sup>) қысым кезінде, ал ауа клапаны 1,0...10 кПа (0,01...0,1 кгс/см<sup>2</sup>) қысым кезінде ашылады. ВАЗ- 1111

және -11113 қозғалтқыштарындағы ауа клапаны жүйедегі қысым кем дегенде 110 кПа (1,1 кгс/см<sup>2</sup>) болғанда, ал ауа клапаны 3.13 кПа (0,03.0,13 кгс/см<sup>2</sup>) болғанда ашылады.

ЗИЛ-433100 және -5301 қозғалтқыштарындағы бу клапаны жүйеде 65 кПа (0,65 кгс/см<sup>2</sup>) дейін артық қысымды ұстайды. Ауа клапаны дизель суыған кезде, жүйеде вакуумның пайда болуына тосқауыл болады және қысым 1 кПа (0,01 кгс/см<sup>2</sup>) болған кезде ашылады. Сұйықтық деңгейін бақылауға арналған кран бар.

ВАЗ-2110, -2111 және -2112 автомобильдері қозғалтқыштарында бу клапаны қысым 110...150 кПа (1,1...1,5 кгс/см<sup>2</sup>) болғанда, ал ауа клапаны қысым 3.13 кПа (0,03.13 кгс/см<sup>2</sup>) дейін төмендегенде ашылады.

«Волга» ГАЗ-31029 автомобилі қозғалтқыштарында ауа клапаны салқындатқыш жүйесіндегі қысым 45...60 кПа (0,45...0,6 кгс/см<sup>2</sup>), ал ауа қысым 1...10 кПа (0,01...0,1 кгс/см<sup>2</sup>) дейін төмендегенде ашылады.

Салқындатқыш сұйықтық деңгейін суық қозғалтқыш кезінде тексеру ұсынылады. Себебі қыздыру кезінде оның көлемі ұлғаяды және қыздырылған қозғалтқыштың сұйықтық деңгейі айтарлықтай көтерілуі мүмкін.


Суық кезде салқындатқыш сұйықтық ретінде суды қолдануға тыйым салынады. Салқындатқыш жүйесінен суды ағызу кезінде судың бір бөлігі сорғы қуысында қалады. Бұл сорғының қалақты аспабының қатуына және қозғалтқыштың сұққылы белбеуінің істен шығуына әсер етуі мүмкін.

Қажет болған жағдайда салқындатқыш сұйықтықтың тығыздығын ареометрмен тексеру керек. Ол 1,078...1,085 г/см<sup>3</sup> аралығында болуы тиіс. Егер бактағы салқындатқыш сұйықтық деңгейі нормадан төмен, ал тығыздығы жоғары болса, тазартылған суды қосымша құю қажет. Егер тығыздық қалыпты болса, салқындатқыш жүйесінде қандай сұйықтық болса, сондай түрін құю керек. Егер сұйықтық тығыздығы төмен болса, *A* тосолын құю қажет.

## 5.5. Сұйық сорғыш

Сұйық немесе су сорғысы қозғалтқыштың салқындату жүйесі (5.3 сур.) бойынша салқындатқыш сұйықтықтың мәжбүрлі циркуляциясына арналған.

Сорғы құрылысы. Сорғы корпусы *11* цилиндрлердің блогына, ал оған мойынтірек корпусы *9* бекітіледі. Оған екі шар мойынтірегі *5* орнатылған. Бұл мойынтіректерде су сорғысы жетегінің білігі *3* орнатылған. Мойынтіректер білік бойынша қозғалу үшін олардың арасында кергіш төлке *7* бар.



5.3-сурет. Сұйық сорғы:

1 — генератор, тізгінді басқару гидравликалық күшейткіш сорғысы мен су сорғысы бар желдеткіш жетегінің сыртқы екі ойықты тегершігі; 2 — тегершік бекіткішінің тілік конусты төлкесі; 3 — су сорғысы жетегінің білігі; 4 — желдеткіш тегершігінің күшшегі; 5 — шарлы мойынтірек; 6 — желдеткіш айкастырмасы; 7 — кергіш төлке; 8 — компрессор жетегіне арналған ішкі бір ойықты тегершік; 9 — мойынтіректер корпусы; 10 — су жіберу құралы; 11 — корпус; 12 — қалақты аспап; 13 — өздігінен жылжитын тығыздама шеңбері; 14 — графиттелген текстолиттік тірек тығырық; 15 — тығыздаманың резеңкелі нығыздағышы; 16 — қалақты аспапты бекіту бұрандамасы; 17 және 18 — цилиндрлердің оң және сол топтарына салқындатқыш сұйықтықты берудің кеңейтілген тұсы; 20 — салқындатқыш сұйықтықты сыртқа шығарудың бақылау арнасы; 21 — жылытушыдан салқындатқыш сұйықтықты ағызу құбырын бекітуге арналған дөңесше; 22 — компрессордан салқындатқыш сұйықтықты ағызу құбырын бекітуге арналған дөңесше; 23 — бақылау саңылауын жабатын тығын; 24 — мойынтіректерді майлау майсауыты

Су сорғысы жетегі білігінің алдыңғы ұшындағы кілтегінде тәждік сіргелеу сомынмен бекітілген желдеткіш тегершігінің күшшегі 4 орнатылған. Біліктің артқы ұшында қалақты аспап 12 орнатылған. Салқындатқыш сұйықтық ағып кетпеуі үшін білікке су сорғысының өздік қыспа тығымдама орнатылған. Ол графиттелген текстолиттік шайбадан 14, серіппесі және екі шайбасы бар резеңкелі нығыздағыш тығындамадан 15 тұрады. Бұл барлық бөлшек өздік тығыздаманың құрсауына 13 орналастырылған. Қалақты аспап білікке бұрандамамен 16 бекітілген. Салқындатқыштың сұйықтық радиатордан қалақ аспаптың орталығына сорғыға

сұйықтық берудің келте құбыры 19 арқылы беріледі де, цилиндрлердің оң тобының салқындатқыш рубашкасына сұйықтықты берудің кеңейтілген тұсы 17 арқылы бөлінеді және сол жақ қатарға салқындатқыш сұйықтықты берудің кеңейтілген тұсы 18 арқылы беріледі. Қалақты аспап білігі желдеткіш тегершігінің күпшегіне бұрандамамен бекітілген тегершік көмегімен иінді біліктен айналады. Сол бұрандамалармен күпшекке желдеткіш бекітілген. Сорғы білігінің мойынтірегі майсауыт 24 арқылы қысып толтырылатын майлау материалы консистентімен майланады. Майлау материалын беру көлемін бақылау үшін тығынмен жабылатын бақылау 23 саңылауы бар. Компрессордан су сорғысына салқындатқыш сұйықтықтың қайратылуы дөңесше 22 арқылы жүргізіледі, ал жылытқыштан дөңесше 21 арқылы беріледі.

**Сорғы жұмысы.** Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде, сына тәрізді белбеу көмегімен иінді білік тегершігінен айналу су сорғысы білігінің тегершігіне және сорғының қалақты аспабына беріледі. Қалақты аспап қалақшалары ортадан тепкіш күш әрекетімен суды жан-жаққа шашады және сукеңейтілген 17 мен 18 тұстар арқылы қозғалтқыштың салқындатқыш рубашкасына нығыздалады.

**Сұйық сорғының жетегі.** «ГАЗель», «Волга», ИЖ-2126, ЗИЛ-5301 автомобильдері мен олардың барлық түрлеміндегі, ЗИЛ-433100, ГАЗ-3307 және тағы басқаларындағы қозғалтқыштардың сұйық сорғысының жетегі иінді білік тегершігі мен су сорғысы арқылы айналдырылған сына тәрізді белбеулер көмегімен жүзеге асырылады.

ВАЗ-2110, -2111, -2112, -1111 және -11113 автомобильдері қозғалтқыштарының салқындатқыш сұйықтық сорғысының жетегі таратқыш білік (4.2 сур. қараңыз) жетегімен бір уақытта жүзеге асады. Жетектің тісті белбеуі 6 иінді біліктің тісті тегершігінен 1 салқындатқыш сұйықтық 2 сорғысының тісті тегершігі, керіліс аунақшасы 3 және таратқыш біліктің тісті тегершігі арқылы айналдырылған. Тісті белбеу керілісінің реттелуі керіліс аунақшасы 3 арқылы жүргізіледі. Егер иінді және таратқыш біліктерінің тісті тегершіктері арасында тісті белбеу сұққыларының 15...20 Н (1,5...2,0 кгс) күшімен орта есеппен 90° айналса, белбеудің керілісі калыпты деп саналады.


**Желдеткіш.** Желдеткіш радиатор құбырлары бойымен ағатын сұйықты салқындататын радиатордың өзегі арқылы ауа ағынын күшейтуге арналған. Желдеткіш күпшектен, қалақты аспаптан, қалақты аспаптың алдыңғы және артқы айкастырмалардан және қалақшалардан тұрады.

Қалақшалар болаттан жасалған, таңбаланған (КамАЗ автомобилінің қозғалтқышы). ЗИЛ-5301 автомобильдері мен оның түрлеміндері қозғалтқыштары сұйық сорғы біліктерінің алдыңғы ұшында тегершік баспаланған, оған ось түріндегі болат таңбаланған желдеткіш бұрандамамен бекітіледі.

ЗИЛ-433100 автомобильдері қозғалтқыштарында ось түріндегі желдеткіш автоматты жалғастырғыш корпусында орналасқан.

Желдеткіш шпилькаларда орналасқан және муфта корпусына сомындармен бекітілген, олардың астына муфта сынған кезде оны бұғаттау үшін тілімдер қойылған.

Желдеткіш муфтасы желдеткішке автоматты режимде жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Ол корпустан 2 (5.4 сур.) және муфта қақпағынан 1 тұрады және биметалды шиыршықты термиялық реттегішпен 11 басқарылады. Термиялық реттегіш тілімді клапанмен 10 ось арқылы байланысады. Корпус қақпағында А резервтік камерасының қақпағы 9 бар. Жетекші диск 7 муфта білігімен тығыз байланысқан. Муфтаның, сәйкесінше желдеткіш 6 қосылуы мен ажыратылуы муфта корпусы үрлейтін ауа температурасына байланысты жүргізіледі және биметалды термиялық реттегішті қыздыру температурасына әсер етеді. Қозғалтқыштың төмен температурасы кезінде термиялық реттегіш клапанды ол муфтаның жетекші және жетектегі бөлімдері арасындағы жұмыс қуысына жабатындай қалыптар орналастырады.



5.4 сур. Желдеткіш муфтасы:

а — бұғатталған; б — бұғаттан шығару; 1 — муфта қақпағы; 2 — муфта корпусы; 3 — шарлы мойынтірек; 4 — фланец; 5 — бұғаттаушы тілімдер; 6 — желдеткіш; 7 — жетекші диск; 8 — тығыздама; 9 — резервтік камера қақпағы; 10 — тілімді клапан; 11 — биметалды термиялық реттегіш; А — резервтік камера

Жұмыс сұйықтығы резервтік камерада болады. Муфтаның жетекші және жетектегі бөлімдері арасында сұйықтық болмайды және олар еркін айналады. Бұл ретте желдеткіш айналмайды.


Қозғалтқыштың температурасы жоғарылаған жағдайда, би-металды термиялық реттегіш жұмыс және резервтік қуыстарды саңылаумен бірлесе клапанды бұрады. Ортадан тепкіш күш арқылы жұмыс сұйықтығы муфтаның жетекші және жетектегі муфталары арасындағы саңылауды толтырады. Жұмыс сұйықтығында тұтқырлық жоғары, бұл муфта мен желдеткіштің қосылуын қамтамасыз етеді. Олар айнала бастайды және радиатор өзегі арқылы ауа ағынын құрайды.

«Волга» ГАЗ-31029 томобильдері қозғалтқыштарында желдеткіштер алты тілімді, пластмассадан жасалған. Желдеткіштің қалақты аспаптары өтпелі тілім көмегімен су сорғысы білігінің алдыңғы ұшына кигізілген күпшекке бекітіледі. Желдеткіш қозғалтқышының иінді білігіндегі тегершіктен екі сыналы белбеумен айналады. Желдеткіш қаптаманың ішіне орналастырылған. Қаптама радиаторға бекітілген және радиатор өзегі арқылы өтетін ауа ағынының жылдамдығын арттыру үшін қызмет етеді.

«ГАЗель» автомобильдері қозғалтқыштарының барлық түрлемінде иінді біліктің тегершігінен сыналы белбеумен жұмыс істейтін алты тілімді пластмасса желдеткіштер қолданылады. Желдеткіштің қалақты аспабы екі шарлы мойынтіректе айналатын білікте орнатылған. Мойынтіректер мойынтіректердің арнайы корпусында орнатылған. Корпус таратқыш тегершіктер қақпақтарына үш шпилькамен бекітіледі. ВАЗ-2110, -2111, -2112, -1113 және ИЖ-2126 автомобильдері қозғалтқыштарында электр жетегі бар төрт тілімді пластмасса желдеткішлар орнатылады.

## 5.6. Термостат

Термостат іске қосылған соң қозғалтқыштың жылытылуын күшейту және автомобиль қозғалысы кезінде қалыпты температуралық режимді сақтау үшін қызмет етеді. Автомобильдердің кейбір үлгілерінің қозғалтқыштарына сұйық толтырғышы бар термостаттар қойылатын. Оларға жеңіл буланатын сұйықтық (70 % этил спирті мен 30 % судан жасалған қоспа) құйылатын. Заманауи қозғалтқыштарда мұндай термостаттар қолданылмайды. Қазіргі кезде барлық қозғалтқышқа қатты толтырғышы бар термостаттар орнатылады. Қатты толтырғыштар ретінде жезді жоңқасы бар перезин қолданылады. Бұл масса көлемді кеңейтудің үлкен коэффициентіне ие. Қозғалтқыштардың әр түрлі үлгілерінің термостаттары құрылғы бойынша ерекшеленеді, бірақ қағида тұрғысында орнатылып, бірдей жұмыс істейді.



5.5 сур. Термостат:

1, 12 — тіреулер; 2 — қайта өткізу клапаны; 3 — баллон; 4 — белсенді масса (церезин); 5 — тірейтін тығырық; 6 — өтемді серіппе; 7 — қайтару серіппесі; 8 — шеңбер; 9 — мембрана; 10 — буфер; 11 — төлке; 13 — сояуыш; 14 — реттегіш бұранда; 15 — радиаторлы клапан; 16 — клапан орны

налмайды. Радиаторды ерітіп алмас үшін (судың салқындатқыш сұйықтығы ретінде қолданған жағдайда) қоршаған ауаның төмен температурасы кезінде жалюзилерді ашық қалдыру қажет (егер олар автомобильде болса) және сұйықтық температурасы  $90^{\circ}\text{C}$  дейін жоғарылаған кезде ғана сәл ашу керек. Егер жалюзилер болмаса, қап немесе пердені қолдану керек. Оңтайлы температуралық режим қозғалтқыштың тозуы мен оның жұмысының өнімділігіне қатты әсер етеді. Салқындатқыш сұйықтықтың температурасын бақылайтын көрсеткіш бар.

Термостаттың термиялық күшті қадағасында термиялық белсенді зат 4 —арнайы шаншу арқылы шыңдалатын церезин бар. Церезин температуралардың белгілі бір мөлшерінде көлемді кеңейтудің жоғары коэффициентіне ие. Қозғалтқышты қыздырған кезде, церезин кеңейеді де сояуыш 13 термиялық күшті қадаға төлкесінен шығады. Сояуыш реттегіш бұрандаға 14 тіреледі де, термиялық күшті қадағаны төменге қарай ығыстырады — 7 және 6 серіппелердің қарсылығын еңсере отырып, төлке 11 мен клапандарды ығыстырады. Бұл ретте радиаторлы клапан 15 ашылады және салқындатқыш сұйықтық радиатор арқылы айнала бастайды. Температура  $85^{\circ}\text{C}$  болған кезде, радиаторлы клапан

ЗИЛ-5301(5.5 сур.), сонымен қатар ЗИЛ-645 қозғалтқыштары термостаттары үлгісінде термостат жұмысы мен құрылысын талдаймыз.

Термостат термиялық күшті қадағадан — қатты толтырғышы бар буферден 10, термиялық күшті қадағаның 11 төлкесіне кіретін сояуыштан 13, реттегіш бұрандадан 14, 1 және 12 корпусы тіреулерінен, негізгі радиаторлы клапаннан 15, қайта өткізу клапанынан 2, қайтару 7 және өтемдік 6 серіппелерден тұрады.

Термостат бөлшектері жезден жасалған. Термостат радиатор арқылы сұйықтық айналысын қосып және ажыратып, салқындатқыш сұйықтықтың қажетті температурасын автоматты түрде сақтайды. Суық күндері, әсіресе қозғалтқыштың аз жүктемесі кезінде барлық дерлік жылу қозғалтқышты ауамен үрлеу есебінен шығарылады және салқындатқыш сұйықтық радиатор арқылы ай-



толық ашылады және барлық сұйықтық радиаторға бағытталады. Қозғалтқыш  $70\text{ }^{\circ}\text{C}$  салқындаған кезде, радиаторлы клапан жабылады және барлық сұйықтық радиаторды айланып өтіп сұйық сорғымен сорылады.

Қандай жағдай болса да, термостатты шешуге болмайды. Жылдың суық мезгілі кезінде термостаты жоқ қозғалтқыш ұзақ қыздырылады және салқындатқыш сұйықтықтың төмен температурасы жағдайында жұмыс істейді. Нәтижесінде қозғалтқыш тез тозып, жанармай шығыны артады, шайырлы заттар мол бөлініп, автомобиль кабинасында ауаның дұрыс температурасы қамтылмайды. Термостатсыз қозғалтқыштың қыздырылуы оның тозуын  $150\text{...}200$  шақырымға сәйкес арттырады.

Жылдың жылы мезгілінде термостат болмаған жағдайда, салқындатқыш сұйықтықтың едәуір бөлігі радиаторды айналып өтіп, кіші шеңбер бойынша (қозғалтқыштың салқындату рубашкасы арқылы) айналады. Бұл қозғалтқыштың шамадан тыс қыздырылуына әсер етеді.

### **5.7. Салқындатқыш сұйықтықтың салқындату жүйесі бойынша айналу жолдары**

Салқын қозғалтқыш іске қосылған соң тез қыздырылуы үшін салқындатқыш сұйықтық радиатор арқылы өтпеуі тиіс. Сондықтан термостат салқындатқыш сұйықтықтың радиаторға шығар жолын жабады және ол радиатор өзегінен айналып өтіп кіші шеңбер бойынша айналады. Сорғы салқындатқыш сұйықтықты цилиндрлер блогының салқындатқыш рубашкасына айдайды. Сұйықтық сол жерден терезелер арқылы цилиндрлер блогының салқындатқыш бастиегіне өтеді, қыздырылады және арна бойынша термостатқа түседі. Сұйықтық қайта өткізу клапаны арқылы өтіп, сұйық сорғыға қайта оралады.

Сұйықтық радиатор өзегінен өтпейтіндіктен, ол қозғалтқыш температурасын  $78\text{...}82\text{ }^{\circ}\text{C}$  дейін көтере отырып тез қыздырылады.

Қозғалтқыш қыздырылып жатқан кезде, ауа түсімі жапқышын аспаған және шанақ жылытқышының электр қозғалтқышын қоспаған дұрыс. Себебі шанақ жылытқышы радиатормен параллелді түрде байланысқан және термостат оны қозғалтқыштан ажыратпайды.

Термостаттың негізгі клапаны салқындатқыш сұйықтық температурасы  $78\text{...}82\text{ }^{\circ}\text{C}$  жеткен кезде ашыла бастайды. Температура  $94\text{ }^{\circ}\text{C}$  болған кезде ол толығымен ашылады және салқындатқыш сұйықтық үлкен шеңбер бойынша айнала бастайды. Ол сұйық сорғыдан цилиндрлер блогының салқындату рубашкасына, кейін терезелер арқылы цилиндрлер блогы бастиегінің салқындатқыш рубашкасына және арна арқылы термостатқа түседі; сұйықтық негізгі клапан арқылы өтіп, радиатордың жоғары бағына барады. Одан әрі қарай сұйықтық төменгі бакқа түсіп, құбырлардың жіңішке арналары арқылы өткен кезде салқындайды және

төменгі бактан келте құбырлар мен шлангтар арқылы сұйық сорғысына түседі. Бұл ретте шанақ жылытқышының шүмегі ашық болса, ыстық сұйықтық салқындатқыш рубашкасынан шанақ жылытқышына түседі. Сұйықтық жылытқыштан шланг бойынша сұйық сорғысының ыдырау қуысына оралады.

## 5.8. Қозғалтқыш жылытқыштары

**Электр алаулы қондырғы (термостат).** Бұл қондырғы қоршаған ауа температурасы  $-25^{\circ}\text{C}$  болған жағдайда, ЗИЛ-645 суық қозғалтқышын іске қосуды күшейтуге арналған. Оның жұмысының қағидасы балкудың штифті білтесінде жанармайдың булануына және жасаушы жанармай қоспасының тұтануына негізделеді. Бұл ретте пайда болатын алау қозғалтқыш цилиндрлеріне түсетін ауаны қыздырады.

Штифті білтелер жіберу құбыр желілеріне бұралады және оларға электр магнитті жанармай клапаны бар құбыр желілері тартылған. Жанармай клапанға қозғалтқыштың қуат беру жүйесінен тартылады.

Термостатты қосқан кезде білтелердің шиыршықтарына кабинадағы аспаптар панелі артында орналасқан жылу релесінің қосымша резисторлары арқылы кернеу беріледі.

Білтелер қажетті температураға дейін қыздырылған соң, жылу релесі байланыстары тұйықталады және электр магнитті жанармай клапаны ашылады. Сонымен бір уақытта қозғалтқыштың іске қосылуға дайындық сигнализаторы жанады. Стартер қосылған кезде, жанармай соратын сорғы жанармайды электр магнитті клапан арқылы қыздырылған білтеге түсіреді. Мұнда жанармай буланады және тұтанады. Сонымен бір уақытта білтелер шиыршықтарына аккумулятор батареясының толық кернеуі беріледі, бұл ретте жылу релесінің қосымша резисторы сөнеді.


**Қозғалтқыштың сұйық жылытқышы.** Жылытқыш суық қозғалтқыштың іске қосылуы алдында оны жылыту және салқындату жүйесі, жүргізуші кабинасында температураны автоматты түрде сақтау үшін арналған. Жылытқыш (5.6 сур.) дизельді қуаттандыру жүйесіндегі жанармаймен жұмыс істейді және:

- құрамында шілтер мен газ-сұйықтық жылу алмастырғышы бар қазандықтан;





- электр қозғалтқышы бар сұйық сорғысын басқару блогынан;
- жанармай электр қыздырғышы бар жанармай сүзгісінен тұрады.

Шілтер электр қозғалтқыштан 2, желдеткіштен 31, тістегершікті жетегі бар 30 жанармай сорғысынан 27, бүріккіштен 13, жоғары кернеу көзінен 3 және электр ұшқынды тұтануға арналған екі электродтан тұрады. Жылытқыштың шілтерінде жанармай қоспасы ауамен бірігіп, қоспа тұтанып, жанады.

Жануды бақылау жалын индикаторы 25 көмегімен жүзеге асырылады. Жанармай құбырында жылытқыштың жанармай сорғысы мен бүріккіш арасында электр магнитті клапан орнатылған.




5.6 сур. Қозғалтқыштың сұйық жылтытқышы:

1,5 — желдеткіш корпусы; 2 — желдеткіштің электр қозғалтқышы; 3 — жоғары кернеу көзі; 4 — муфта; 6 — мойынтірек; 7 — магнитті клапан; 8 — оталдыру электродының ұштығы; 9 — бүріккіштің электр қыздырғышы; 10 — бүріккіш корпусы; 11 — оталдыру электроды; 12 — сұйық келте құбыр (сұйықтың шығуы); 13 бүріккіш; 14 — сақталдырғыш; 15, 16 — температура қадағалары; 17 — сұйық келте құбыр (кіріс); 18, 26 — тіреулер; 19, 20 — жылу алмастырғыштың ішкі және сыртқы құбырлары; 21 — жылу алмастырғыш; 22 — құйындағыш; 23 — газ шығаратын келте құбыр; 24 — жалын индикаторының шайбасы; 25 — жалын индикаторы; 27 — жанармай сорғысы; 28 — ағызу жанармай құбыры; 29 — қуатты жанармай құбыры; 30 — тістегерішті жетек; 31 — желдеткіштің қалақты аспабы; 32 — соратын ауа келте құбыры;  — ауа;  — жанармай;  — сұйықтық;  — шығарылған газ

Ол бүріккішке жанармай беруді қосу және өшіру үшін қызмет етеді. Бүріккішпен шашылған жанармай ауамен араласады да жа-нады, ал жанармай сорғысымен берілетін қалған артық жанармай редуциялық клапан арқылы қайта шығарылады және жанармай бағына кұйылады.

Жылу алмастырғышта жану өнімдерінің жылуы оның сұйық қуысы арқылы айналатын сұйықтыққа беріледі. Қозғалтқыштың салқындату жүйесі, кабина жылытқышы және жылытқыштың жылу алмастырғышы аралығындағы сұйықтық циркуляциясы электр сұйық сорғы көмегімен іске асады.

Жылытқыш жұмысын басқару және оны қызып кетуден сақтау үшін жылу алмастырғышта температураның екі басқару қадағасы 15, 16 және қызып кетудің батырмасы бар қада орналастырылған.



Сур 5.7. Қозғалтқыштың іске қосу құралы:

1 — кую кылтасы; 2 — басқару пульті; 3 — жанармай бағы; 4 — желдеткіш; 5 — ауа жіберу шлангы; 6 — электр магнитті клапан; 7 — білте; 8 — дренаждық түтік; 9 — тығын; 10 — газ шығаратын келте құбыр; 11 — ағызу краны; 12 — жылытқыш


**ГАЗ-3307** автомобилі қозғалтқышының іске қосу жылытқышы. Жылытқыш қоршаған ауаның төменгі температурасы жағдайында қозғалтқышты іске қосу кезінде оны жылытуға арналған. Қыста температура төмен болатын өңірлерде жұмыс істеу үшін автомобильдер жылытқыштармен жабдықталады. Жылытқыш жанармаймен жұмыс істейді. Жылытқыш 12 қозғалтқыштың іске қосу құралдары құрамына кіреді (5.7 сур.) және жылу алмастырғыш пен оттықтан тұрады. Жылу алмастырғыш екі газ арнамен (ішкі және сыртқы) және екеуара жалғасқан екі сұйық рубашкамен ұсынылады. Жанармай жану камерасына бактан 3 электр магнитті жапқыш клапан 6 арқылы беріледі. Басқару пульті ауыстырып-қосқышын қосқан кезде шарғыға, электр магнитті клапанға түседі. Бұл ретте ол созылып, жанармай жылытқыштың жану камерасына беріледі. Ауыстырып-қосқышты өшірген кезде резеңкелі нығыздама клапан орналасқан өзек серіппе күші әсерінен жанармай құбыры жабылады.

Жануға арналған ауа желдеткішпен 4 беріледі. Қоспаның бастапқы тұтануы балқыту білтесі 7 арқылы жүргізіледі. Камерада тұрақты жану болғанда бірте сөніп қалады.

Жану нәтижесінде пайда болатын газ иірмек ағынмен газ арнасы бойынша өтеді және жылу алмастырғыштағы сұйықтықты, картер түпқоймасындағы майды қыздырады. Жылу алмастырғыштың сұйықтық қуысы келте қосқыш және салқындатқыш қозғалтқышы жүйесімен байланысқан құбырлар көмегімен қыздырылады.

## **5.9. Желдеткіш жетегінің гидромұфтасы**

ЯМЗ-740 және -7401 қозғалтқыштары желдеткіштері жетегінің гидромұфтасы қозғалтқыштың оңтайлы жылу режимін сақтауға арналған. Ол салқындатқыш жүйесіндегі салқындатқыш сұйықтықтың температурасына байланысты автоматты түрде қосылады және ажыратылады. Гидромұфта (5.8 сур.) қозғалтқыш цилиндрлері блогының алдыңғы бөлігінде орнатылады. Оның негізгі бөлшектеріне кронштейн корпусы 10, жетектегі дөңгелек 7 және жетекші дөңгелек 9. Жетектегі біліктің 16 алдыңғы ұшында желдеткіш күпшегі 15 орнатылған. Білік мойынтіректер корпусымен бірге екі шарлы мойынтірекпен және гидромұфтаның жетекші дөңгелегімен 9 айналады. Мойынтіректер корпусында екі бұрандамамен генератор жетегінің тергершігі 13 бекітілген. Жетектегі білік 16 және генератор жетегінің білігі 12 манжеттермен 11 және 14 тығыздалады. Гидромұфта кронштейн корпусына 10 мойынтірек корпусы бұрандамалармен бекітіледі. Корпуста гидромұфтаның жетектегі дөңгелегі 7 орнатылған. Ол мойынтіректерден, жетекші біліктен 4 және қаптамамен 8 жинақталған. Мойынтіректер мен біліктер 2 және 5 тығыздағыш сақинамен тығыздалады. Май құбыр 1 арқылы беріледі.



5.8 сур. Генератор тегершігі және кронштейн корпусы бар желдеткіш жетегінің гидромұфтасының жинағы:

1 — май беру түтігі; 2, 5 — тығыздағыш сақиналар; 3 — күпшек; 4 — жетекші білік; 6 — мойынтірек корпусы; 7 — гидромұфтаның жетектегі дөңгелегі; 8 — қаптама; 9 — гидромұфтаның жетекші дөңгелегі; 10 — гидромұфта кронштейнінің корпусы; 11, 14 — манжеттер; 12 — генератор жетегінің білігі; 13 — генератор жетегінің тегершігі; 15 — желдеткіш күпшегі; 16 — жетектегі білік

Гидромұфта салқындатқыш жүйесіндегі температураға байланысты оңтайлы температуралық режимді сақтай отырып, желдеткіштің қосылуы мен ажыратылуын қамтамасыз ететін арнайы қосқышпен қосылады.

Желдеткіш жұмысы келесі үш режимнің бірі бойынша жүргізілуі мүмкін:

- автоматты — қозғалтқыштың салқындатқыш жүйесіндегі су температурасы 80...95 °С аралығында сақталады;

- ауыстырып-қосқыш желдеткіш айналымын кіші жиілікпен камтитын қалыпқа қойылады;
- желдеткіш тұрақты айналымға қосылған.

## 5.10. Салқындатқыш сұйықтың температурасын бақылау

Автомобильді пайдалануға беру кезінде жүргізуші қозғалтқыштың температуралық режимін бақылауға міндетті, себебі оның бұзылуы қуаттылықтың жоғалуына, жанармайдың артық шығындалуына және қозғалтқыш бөлшектерінің тозуына әкеледі.

Салқындатқыш сұйықтықтардың температурасын бақылау үшін ВАЗ-2110, -2111, -2112 автомобильдерінде термостаттың шығыс келте құбырына орнатылған көрсеткіш қадағасымен су температурасының көрсеткіші бар. Кеңейткіш бакта салқындатқыш сұйықтық деңгейі көрсеткішінің қадағасы орнатылған.

ЗИЛ-5301 автомобилі мен оның түрлемдерінің қозғалтқыштарындағы салқындатқыш жүйесінің жұмысын бақылау су температурасы көрсеткіші көмегімен жүзеге асады. Оның қадағасы блок бастиегінің салқындатқыш рубашкасында орнатылған. Радиатордың жоғары бағында қадағасы орналасқан салқындатқыш сұйықтық деңгейі сигнализаторы бар. Одан бөлек, салқындатқыш жүйесіндегі салқындатқыштың апаттық қыздырылуының белгі беруші орнатылған. Оның қадағасы термостаттың корпусына орнатылған.

ВАЗ-1111 және -1113 «Ока» автомобильдері қозғалтқыштарындағы салқындатқыш жүйесінің жұмысын бақылау блок бастиегінің артқы бөлігінде қадағасы орнатылған салқындатқыш жүйесіндегі салқындатқыш сұйықтық температурасы көрсеткіші арқылы жүзеге асырылады. Желдеткіш электр қозғалтқышының жұмыс сигнализаторы бар.

«ГАЗель» автомобильдері қозғалтқыштарында салқындатқыш жүйесінің жұмысын бақылау үшін салқындатқыш сұйықтық температурасының қадағасы бар көрсеткіші және салқындатқыш сұйықтықтың қыздырылу сигнализаторы (қызыл) бар. Қозғалтқыштың салқындатқыш жүйесінің температурасы 105 °С болған жағдайда сигнализатор жанады.

Салқындатқыш жүйесі жұмысын бақылайтын заманауи қозғалтқыштарында міндетті түрле салқындатқыш сұйықтық температурасы көрсеткіші және оның қозғалтқыштың салқындатқыш жүйесіндегі апаттық қыздырылуының сигнализаторы болуы керек. Желдеткіш жұмысқа электр қозғалтқышы арқылы кірісетін қозғалтқыштарда электр қозғалтқыш жұмысының сигнализаторы бар.

### Бақылау сұрақтары

1. Салқындату жүйесінің міндеті қандай?
2. Салқындату жүйесінің негізгі құралдарын атаңыз және олардың міндетін түсіндіріңіз.

3. Жабық типті салқындату жүйесі қандай жағдайларда қолданылады?
4. Баяу қататын сұйықтықтардың құрамын атаңыз.
5. Желдеткіштердің міндеті, құрылысы мен жетегі туралы айтып беріңіз.
6. Салқындатқыш сұйықтықтың кіші шеңбермен циркуляция жолын көрсетіңіз.
7. Салқындатқыш сұйықтықтың үлкен шеңбермен циркуляция жолын көрсетіңіз.
8. Электр алаулы жылытқыштың (термостарттың) міндеті, құрылысы мен жұмысын түсіндіріңіз.
9. Қозғалтқыштың сұйық жылытқышының міндеті, құрылысы мен жұмысын түсіндіріңіз.
10. ГАЗ-3307 автомобиль қозғалтқышының қосу жылытқышының міндеті, құрылысы мен жұмысын түсіндіріңіз.
11. Желдеткіш жетегінің міндеті, құрылысы мен жұмысын түсіндіріңіз.



## 6 т а р а у

### МАЙЛАУ ЖҮЙЕСІ

#### 6.1. Қозғалтқышты майлауға қолданылатын майлар

Майлау жүйесі қозғалтқыштың үйкелісетін беттерінің тозуын азайту, тозу өнімдерін жою және бөлшектерін ішінара салқындату үшін қызмет етеді. Үйкелісетін беттерінің арасында айналып тұратын май оларды коррозиядан қорғайды. Цилиндрлер піспектерінде және жылтырында орналасқан майдың жіңішке қабаты компрессияны арттырып, цилиндрде піспектің жақсы нығыздалуына мүмкіндік береді.

Автомобиль қозғалтқыштарында құрама майлау жүйесі бар, олар: қысыммен, шашырату және өздігінен ағу. Қос иінді-шатунды және газ тарату механизмдерінің (иінді біліктің өзіндік және шатунды мойындары, үлестіруші біліктің тірек мойындары, рокерлері, үлестіруші біліктің төмен орналасуы кезіндегі үлестіруші тегершік) ең жүктеулі бөлшектері *қысыммен* майланады.

Үлестіруші біліктің цилиндрлері, піспектері, піспек шығыршықтары, піспекті сұққылар, жұдырықшалар мен тегершіктер шашыратып майланады.

*Өздігінен ағу* әдісімен итергіш төлкелерді және ішінара үлестіруші біліктің жұдырықшаларын бағыттайтын қарнақтардың төменгі ұштары майланады.

Май қатуы кезінде мүмкіндігінше төмен температуралы және белгілі бір тұтқырлық қасиеті болуы керек, қажетті дәрежеде физикалық және химиялық тұрақты болуы қажет, металдарға минималды коррозиялық ықпалға қабілетті болуы тиіс, механикалық қоспалар мен судан құралмау керек. Қозғалтқыштардағы майлар атмосфералықтан төменнен бастап 100 Мпа-ға дейін (1000 кгс/см<sup>2</sup>) қысымның түсіп кетуінің және жоғары температураның (жұмыс барысында 2500 °С дейін) әсерін ала отырып, өте ауыр жағдайларда қызмет етеді.

Қозғалтқыштың қызметі кезінде май ішінара жану камерасына ағып кетеді және осылайша жанып кетіп, күйік пайда болады. Күйік қабаты бөлшектерден жылу шығуын нашарлатады, қабырғадан түсіп, детонация мен шоқтан тұтанудың пайда болуына жағдай жасайды, майды қатты бөлшектермен ластайды. Пайда болған күйіктің мөлшері майдың сапасына және оның шығынына, сондай-ақ, жанармайдың сапасына байланысты. Күйіктің шекті қалыңдығы қозғалтқыш жұмысының жылыту режиміне байланысты: жану камерасының қабырғалары қаншалықты салқын болса, соншалықты күйік бөлініп шығады.

Майлардың мына түрлері ең көп таралған болып саналады (МЕМСТ 10541-78):

- М-8Г<sub>1</sub> (қысқы), М-12Г<sub>1</sub> (жазғы), М63/10Г<sub>1</sub> (барлық мезгілге) — жеңіл автомобильдерінің жоғары үдемелі қозғалтқыштарын пайдалану үшін;

- М-4<sub>3</sub>/8Г(рк) — барлық мезгілге май түрін әмбебап жұмыс және консервациялық мотор майы, карбюраторлық қозғалтқыштарда және дизельдерде қолдануға болады, қоршаған ауаның температурасы —30 ... + 50 °С аралығында қозғалтқыштың жұмыс жасау қабілетін және қозғалтқыш консервациясын 15 жыл ішінде қамтамасыз етеді;

- М-8В — жеңіл және жүк автомобильдерінің орташа үдемелі қозғалтқыштарына арналған барлық мезгілге арналған майы;

- М-6<sub>3</sub>/10В — карбюраторлық қозғалтқыштарға арналған барлық мезгілге арналған әмбебап мотор майы. Үрлемесіз дизельдерде қолданылуы мүмкін. Майдың бұл маркасы КамАЗ-740 қозғалтқыштың майлау картасына енгізілген және М-8Г<sub>2</sub>к и М-10Г<sub>2</sub>к майларын алмастыра алады;

- М-4<sub>3</sub>/6В1 — Қыыр Солтүстіктің жағдайында карбюраторлық қозғалтқыштардың сенімді жұмысын қамтамасыз ететін және — 35 °С дейінгі температурада қозғалтқышты қыздырусыз қосуға мүмкіндігі бар қоюландырылған майы. Оны сондай-ақ, солтүстікте орындалған КамАЗ-740 автомобильдерінің дизельдеріне қолдануға болады.

Дизельдер үшін мына мотор майлары ұсынылады:

- М-8В2 (ТУ 38.401-58-37—92) қысқы жағдайда пайдалануға арналған аз үдемелі дизельдер үшін;

- М-10В2 (МЕМСТ 8581—78) жазғы жағдайда пайдалануға арналған аз үдемелі үрлемесіз дизельдер үшін;

- М-8Г<sub>2у</sub> (ТУ 38.401-58-21—91) қысқы жағдайларда және майды ауыстырғанға дейін ұлғайтылған жүріспен пайдалануға арналған жоғары үдемелі үрлемесіз немесе төмен үрлемелі дизельдер үшін;

- М-10Г<sub>2у</sub> (ТУ 38.401-58-21—91) қысқы жағдайларда пайдалануға арналған жоғары үдемелі үрлемесіз немесе төмен үрлемелі дизельдер үшін;


- М-8Г<sub>2</sub> (МЕМСТ 8581—78) жазғы жағдайларда пайдалану үшін;

- М-8Г<sub>2</sub> (МЕМСТ 8581—78) қысқы жағдайларда КамАЗ автомобильдері және «Икарус» автобустарында пайдалану үшін;

- М-10Г<sub>2к</sub> (МЕМСТ 8581—78) жазғы жағдайларда пайдалану үшін.

## **6.2. «Волга» ГАЗ-31029 автомобилі қозғалтқышының майлау жүйесі**

Осы автомобильдің майлау жүйесі (6.1-сур.) қозғалтқыш картері тұғырығының ішінде орнатылған май қабылдағышы 9 бар май сорғысынан, ауыстырмалы картонды сүзгі элементтерімен толық ағынды май сүзгісінен 5, бекітпе кранигі бар 8 май радиаторынан 11 және сақтандырғыш клапанынан 7 құралған.



6.1-сур. Майлау жүйесі және ГАЗ-31029 қозғалтқыш қартерін  
вентиляциялау жүйесі:

1, 14 — шлангтер; 2 — ауа сүзгісі; 3 — сүзгі элементі; 4 — рокер қақпағы;  
5 — май сүзгісі; 6 — апатты май қысымы сигнализаторының қадағасы; 7 —  
май радиаторының клапаны; 8 — май радиаторының бекітпе кранигі; 9 —  
май қабылдағышы бар май сорғысы; 10 — қозғалтқыш қартері ағызу  
саңылауының тығыны; 11 — май радиаторы; 12 — май қысымын көрсет-  
тетін қадаға; 13 — қартер вентиляциясының бөліп тазартқыш құрылғысы;  
↔ — қартер газдары; ⇌ — таза ауа; → — май

Қартердің тұғырығында қақпақпен 10 жабылатын майды ағызуға арналған саңылау бар. Майлау жүйесінің жұмысын бақылау үшін аспаптар қалқаншасында май қысымының көрсеткіші және май магистралінде орнатылатын көрсеткіш қадағасы 12 бар. Жүргізуші кабинасындағы аспаптар қалқаншасында апатты май қысымының сигнализаторы орнатылған, ал май сүзгісінің төменгі бөлігінде осы сигнализатордың қадағасы 6 орнатылған.

Май сорғысы қосымша білікше арқылы үлестіруші білікте тершіктен іске келтіріледі. Қозғалтқыштың жұмысы уақытында май сорғысы май қабылдағыштың көмегімен қозғалтқыш қартері тұғырығынан майды алады және толық ағынды май сүзгісіне 5 оны бағыттайды. Май сүзгі элементі арқылы өткеннен кейін бас май магистраліне келіп түседі, ол жерден қартердің аралықтары мен қабырғаларының арналары арқылы иінді біліктің өзіндік мойнына және үлестіруші біліктің тірек мойнына оларды майлап отырып, келтіріледі. Май өзіндік мойындардан шатунды мойындарда орындалған ортадан тепкіш саз тұтқылары арқылы мойындардың өзінің арналары бойымен шатунды мойындарға келіп түседі. Май өзіндік мойыннан каналға өту үшін жоғарғы ішпектегі арнайы бұрғылау бар, ал енді өзіндік ішпектегі шатунды мойынтіректерге май үздіксіз барып тұру үшін шығыршықты жырашықтар орындалған. Шатунды мойынтіректерге өзіндік мойындар, білік мойындары және шатунды мойындар арқылы өтетін арналар барады. Шатунды ішпектерде білік айналған кезде шатунды мойындағы май каналымен сәйкес келетін бұрғылаулар бар. Шатунның төменгі бастиегінде де автомобиль жүрісі бойынша қозғалтқыштың оң жағына бағытталған бұрғылау бар. Осы саңылаулар сәйкес келген уақытта олардан жоғарыға бағытталған майдың ағыны лақтырылады. Бұл май цилиндрлерді, піспектерді, піспекті сұққыларды піспектің дөңес» және шатунның жоғары бастиегі арасындағы саңылау арқылы шашыратып майлайды. Төлке мен сұққыларды майлау үшін шатунның жоғары бастиегінде бұрғылау бар, сол арқылы май шатунның жоғары бастиегі төлкесінің ішіне келіп түседі. Өлі төменгі піспегі ӨТП нүктеге қарай қозғалғанда, май алмалы шығыршықтар цилиндрлер жылтырынан майдың қалдығы алынады, кейін бұрғылау арқылы піспек бастиегінің шығыршықты жырашығында бұрғылау арқылы күшпен піспектің ішіне түседі және піспекті сұққыларды майлайды. Төмен түсіп бара жатып, май айналмалы иінді білікке келіп түседі және қартерде май тұманын қалыптастыра отырып, жан-жағына шашырайды. Шатунды мойын саңылауларынан сығылған май да шашырайды.

Үлестіруші біліктің тірек мойындарына май арналар арқылы келеді. Артқы тірек мойыннан канал өтеді, оның бойымен рокердің қуыс осіне май беріледі, ал одан радиалды бұрғылау арқылы рокер төлкелерді майлайды. Рокердің қысқа иінінде реттеуіш бұрандама үшін бұрандалы саңылауға шығатын бойлық арнасы бар. Бұрандама клапанды механизмде жылыту саңылауын реттеу үшін қызмет етеді. Оның орта бөлігінде сыртында шығыршықты бунақ бар, оған рокер иініндегі канал келеді. Бастиек жағынан реттеуіш бұрандамада бойлық каналы, шығыршықты бунақты бұрандамамен қатынастағы радиалды бұрғылау бар. Осы арналар арқылы қысымдағы май қарнақтың жоғарғы ұшына ке-

леді және оны майлайды.

Майдың қалдықтары штангінің бойымен төмен қарай ағады және итергіштің ішіне барады, ал итергіштің жанындағы екі саңылау арқылы май өздігінен ағып шығады және итергіштердің бағыттаушы төлкелерін майлап өтеді. Итергіштердің астыңғы бөлігі төмен қарай шығатын кезде осы саңылаулар бағыттаушы төлкелерден шығады. Осы саңылаулардан май ағып, үлестіруші біліктің жұдырықшаларын майлайды.

Үлестіруші біліктің алдыңғы тірек мойнында сыртында жартылай шығыршықты бунақтар, сондай-ақ алдыңғы тірек мойнының дөңбек жағына шығатын арна бар. Осы арна арқылы мойындағы жартылай шығыршықты бунақтардың әсерінен май лүпілдек ағыспен үлестіруші білікті осы тік қозғалудан ұстап тұратын ромб тәрізді тығырықты майлау үшін барады.

Таратушы тісті доңғалақтарды майлау үшін алдыңғы тірек мойнындағы мойынтіректің денесінде арна бар, одан түтікше бойымен тегершікке лүпілдек ағыспен май барады.

Майлау жүйесінде үш клапан бар:

- май сорғысында редуциялық;
- май сүзгісінде қайта өткізу;
- май радиаторының жетегінде сақтандырғыш.

*Редуциялық* клапан қозғалтқыштың майлау жүйесінде максималды қысымды шектеу үшін қызмет етеді. Май сорғысы жүйеге қажеттілігінен едәуір көп май береді. Майдың қысымы әдеттегідей талап етілетін мөлшерден жоғары. Әсіресе бұл жылдың салқын мезгілінде немесе қозғалтқыш қалыпты температураға дейін қыздырылғанша байқалады. Өте жоғары қысым төсемдердің қысып шығаруына, құбыр желісінің жұлынуына немесе үзілуіне әкелуі мүмкін. Редуциялық клапан майлау жүйесінің аспаптары мен бөлшектерін сақтай отырып, максималды қысымды шектейді. Сонымен қатар, автомобильді пайдалану кезінде түйіндесетін булардың тозуы болады. Олардың арасындағы саңылау өсіп, майдың шығынын ұлғайтады. Бұл әсіресе қос иінді-шатунды механизмнің негізгі және шатунды мойынтіректері және үлестіруші біліктің мойынтіректері үшін өзекті. Редуциялық клапан, қалыпты қысымды ұстап тұрып, майдың қайта шығарылымын азайтады.

*Қайта өткізу* клапаны орталық құбырлы өзекшеге орнатылады және сүзгі элементі ластанған жағдайда тазартылмаған майды қайта шығаруға арналған. Сүзгі элементі таза болғанда сүзгі корпусындағы қысым айырмасы сүзгі элементінің алдындағы және орталық өзекшенің ішінде сүзгі элементін майлағаннан кейін қысымды азайтады, бірақ 10...20 кПа (0,1...0,2 кгс/см<sup>2</sup>) аспайды. Сүзгі элементі ластанған кезде, май өту тұтқырлығы ұлғаяды және нәтижесінде майдың қысымы төмендейді. Егер қысымның төмендеуі 60...70 кПа (0,6...0,7 кгс/см<sup>2</sup>) жетсе, онда тазартылмаған май-

дың бөлігін басты май магистрліне өткізіп, қайта өткізу клапаны ашылады.

*Сақтандырғыш* клапаны май радиаторы жүйесінде орнатылады. Май радиаторын қосу кранигін ашқаннан кейін, май шарлы клапанды 7 жылжытады, серіппені қыса отырып, май радиаторына барады және радиатордың өзегінен өтіп, қозғалтқыш карттерінің тұғырығына құйылады.

Майлау жүйесіндегі майдың қысымы 0,2...0,4 МПа (2...4 кгс/см<sup>2</sup>) шегінде болуы тиіс. Жұмыс кезінде қозғалтқыш қызуы мүмкін, бұл майдың сұйылтуына және қысымның түсуіне әкеледі. Май радиаторы жүйеге қатарлас қосылған және оған басты май магистралінен 20 % май бөлінеді. Егер май тым қатты сұйылтылса, онда оның көп бөлігі радиаторға бара бастайды, өйткені радиатор арқылы өту оған жеңілдірек. Үйкелісетін беттерге май жеткіліксіз баратындықтан, негізгі және шатунды мойынтіректердің балқуына әкеліп соғуы мүмкін. Бұны болдырмау үшін сақтандырғыш клапан жұмыс жасайды. Егер майдың қысымы 70...90 кПа (0,7...0,9 кгс/см<sup>2</sup>) төмен болса, серіппе шарды орынға қысып, радиатордың қосу кранигі ашық тұрғанына қарамастан май радиаторына майдың баруын тоқтатып тастайды.

Майлау жүйесінің жұмысын бақылау үш аспаппен жүзеге асырылады: қадағасы 12 басты май магистралінде орнатылған май қысымының көрсеткішімен; аспаптар қалқаншасында орналасқан апатты қысым сигнализаторымен; майдың апатты қысымы сигнализаторының қадағасымен 6.

Қозғалтқыш карттеріндегі майдың деңгейі майды өлшеу сызғышымен бақыланады.

### **6.3. 3МЗ-4061 және 3МЗ-4063 қозғалтқыштарының майлау жүйесі қондырғысы мен жұмысының ерекшеліктері**

Осы қозғалтқыштардың майлау жүйесі құрамды болып келеді. Май үйкеліскен беттерге қысыммен және шашыратып барады. Майлау жүйесінің негізгі аспабы қозғалтқыш карттері тұғырығында орналасқан май сорғысы болып табылады. Карттерден майды ағызу үшін тығынмен жабылатын арнайы ағызу саңылауы бар. Май сорғысында торлы сүзгісімен май қабылдағышы бар. Майды тазалау үшін ауыстырмалы сүзгі элементі бар толық ағынды май сүзгісі орнатылған. Май жүйеге қақпағы бар май құю қылтасы арқылы толтырылады.

Қозғалтқыш жұмыс істеген кезде қысымдағы тістегерішті май сорғысы майды май сүзгісіне қысып толтырады. Майлау жүйесіндегі қысым 0,2...0,4 МПа (2...4 кгс/см<sup>2</sup>) шегінде болуы қажет. Максимальды қысым май сорғысының корпусында орналасқан редук-

циялық клапанмен шектеледі. Қысым 0,4 МПа (4 кгс/см<sup>2</sup>) жоғары асқанда редуциялық клапан ашылады да, май жоғары қысым қуысынан май қабылдағыш қуысына қайта шығарылады.

Май тазартылғаннан кейін май сүзгісінен басты май магистраліне келіп түседі, одан арналар арқылы қартердің қабырғалары мен аралықтарында негізгі мойынтіректер мен май сорғысы жетегінің аралық білік мойынтіректерін майлау үшін барады, сондай-ақ үлестіруші біліктер жетегі шынжырының гидрокергішіне қосылады. Май беттердегі арналар арқылы шатунды мойындардың саз тұтқыға барады, ал одан ішпектердегі арналар мен саңылаулар арқылы май шатунды мойынтіректерге барып, оларды майлайды. Шатунның төменгі бастиегінің жанындағы жоғары бөлігіндегі саңылау арқылы шатунды мойынның ішпектері мен арналарында цилиндрлер мен піспектерді майлау үшін ағыспен лақтырылады. Шатунның денесінде арна жасалған, оның бойымен осы арна шатунды мойындағы арнамен сәйкес келгенде қысымдағы май барып, піспекті сұққыларды майлайды. Шатунның жоғарғы бастиегінде саңылау бар, сол арқылы осы уақытта піспек бастиегінің ішкі бетіне бағытталған майдың ағысы лақтырылады және оны салқындатады. Май сорғысы жетегі білікшесінің жоғарғы мойынтірегінен май көлденең бұрғылау мен білікшенің ішкі қуысы арқылы білікшенің төменгі мойынтірегін және жетектегі тістегерішінің тірек бетін майлау үшін барады. Май сорғысының жетектегі тістегеріші басты май магистралінде бұрғылау арқылы майдың ағысымен майланады.


Басты май магистралінен май арналар бойымен цилиндрлер блогы бастиегінің арналарына барады, солар арқылы шығыс клапандарының үлестіруші біліктер тірек мойындарына келеді. Блок бастиегінің арналарынан май үлестіруші біліктерінің екінші дәрежелі жетегінің гидрокергіш шынжырына, гидроитергіштерге және май қысымының қадағасына барады. Қартерге ағатын май өзінің жолында шынжырларға, тоспаларға үлестіруші біліктер жетегінің жұлдызшаларына, эксцентрикке және жанармай сорабы жетегінің аралық тетігіне барады.

Майлау жүйесінің жұмыс сапасы аспаптар қалқаншасында орналасқан май қысымының көрсеткішімен және цилиндрлер блогының бастиегіндегі арналарда орналасқан қадағамен, сонымен қатар майдың апатты қысым сигнализаторымен бақыланады. Сигнализатор аспаптар панелінде орналасқан. Сигнализатордың кішкентай шамы майлау жүйесінің қысымы 40... 80 кПа (0,4...0,8 кгс/см<sup>2</sup>) төмендеген кезде жанады. Сигнализатордың қадағасы блок бастиегіндегі арнада орнатылған. Осы екі қадаға ұшайырға бұралған, олар өз кезегінде цилиндрлер блогы бастиегінің сол жағындағы май магистраліне бұралған. Қозғалтқыш қартерінің тұғырығындағы майдың деңгейі май деңгейінің өзекті көрсет-

кішінің көмегімен бақыланады. Осы өзектің төменгі жағында «П» (максималды) және «О» (минималды) деген екі белгі бар. Қозғалтқыш жұмысы кезінде майдың деңгейі осы белгілердің аралығында болуы керек. Майдың деңгейі «О» белгісінен түскен жағдайда, қозғалтқышты қолдануға болмайды.

#### 6.4 ЗИЛ-433100 автомобилі қозғалтқышының майлау жүйесі

Майлау жүйесінің негізгі аспабы (6.2-сур.) екі секциялы май сорғысы болып табылады. Сорғының бір секциясы 12 май радиаторының жұмысын қамтамасыз етсе, ал екінші негізгісі 9 үйкелісетін беттерге майды жеткізу үшін жұмыс жасайды. Май радиатор секциясынан ортадан тепкіш май тазартқышына 1 барады және радиатордан 20 өтіп, қайтадан қозғалтқыш қартерінің тұғырығына ағады.



6.2-сур. ЗИЛ-433100 автомобиль қозғалтқышы майлау жүйесінің сызбасы:

1 — ортадан тепкіш май тазартқышы; 2 — компрессор; 3 — рокер осі; 4 — майды құю саңылауының тығыны; 5 — жоғары қысымды жанармай сорғысы (ЖҚЖС); 6 — май магистралі; 7 — үлестіруші біліктің мойынтірегі; 8 — іінді біліктің негізгі мойынтірегі; 9 — май сорғысының негізгі секциясы; 10 — май қабылдағыш; 11 — сақтандырғыш клапаны; 12 — май сорғысының радиаторлы секциясы; 13 — май сорғысы негізгі секциясының сақтандырғыш клапаны; 14 — дифференциалды клапан; 15 — іінді біліктің шатунды мойынтірегі; 16 — басты май магистралі; 17 — май қысымының көрсеткіші; 18 — май сүзгісінің қайта өткізу клапаны; 19 — ақтап тазарту сүзгісі; 20 — май радиаторы; 21 — ортадан тепкіш май тазартқышының ағызатын клапаны; 22 — ауа-май радиаторының бекітпе краны; 23 — ортадан тепкіш май тазартқышының кесу клапаны.



22 радиаторлы кран іске қосылады. Жылдың суық мезгілінде радиатордың краны жабық болуы мүмкін, сол кезде май ортадан тепкіш май тазартқыштан ағызатын клапаны 21 арқылы қартер тұғырығынан қайтарылатын болады. Кенеттен қысым түсіп кеткен жағдайда, кесу клапаны 23 май тазартқышқа май жіберуді тоқтатады.


Май сорғысының негізгі клапанынан 9 май клапандар корпусына жіберіледі. Бұл жерде дифференциалды клапан 14 орналасқан, оның ішінде сақтандырғыш клапаны 13 орнатылған. Дифференциалды клапан 0,5 МПа (5 кгс/см<sup>2</sup>) деңгейінде басты май магистралінде 6 қысымды ұстайды. Сақтандырғыш клапаны 13 қысым 0,7 МПа (7 кгс/см<sup>2</sup>) болғанда жұмыс жасайды. Кейін май ақтап тазарту сүзгісіне 19 келіп ағады, одан өткен соң май басты май магистраліне келеді. Сүзгі элементтері қатты ластанған жағдайда, қайта өткізу клапаны 18 орнатылған, ол тазартылған майды қайтадан басты май магистраліне өткізеді. Компрессорды 2 майлау үшін арналардан беріледі, оның бойымен ақтап тазарту сүзгілерінен басты май магистраліне келіп түседі. Май сорғысының радиаторлы секциясының сақтандырғыш клапаны 11 бар, ол сорғы секциясының айдау қуысында майдың қысымы 0,8...0,85 МПа (8...8,5 кгс/см<sup>2</sup>) болғанда ашылады және сорғының сору қуысына майды жібереді.

Басты магистральдан қысымдағы май иінді біліктің негізгі мойындарына және цилиндрлер реттеуінің орнатылған үлестіру білігінің тірек мойындарына барады. Негізгі мойынтіректерден май арналар бойымен шатунды мойындарға барады. Май үлестіруші біліктің тірек мойнынан май магистралі арқылы 6 рокер қуысы осіне барады және қуыс саңылауы арқылы рокер төлкесін майлайды. Арналар бойымен рокердің қысқа иінінде май қарнақтың жоғарғы ұшына барады, кейін стақан тәрізді итергіштің ішіне қарнақтың төменгі ұштарын майлай отырып, ағып түседі. Итергіштер бүйір қабырғасының саңылауы арқылы өтіп, май итергіштердің бағыттаушы төлкелерін майлайды және үлестіруші біліктің жұдырықшаларына ағады.

Цилиндрлер, піспектер, піспекті шығыршықтар және клапандар өзекшелері шашыратып майланады. Жоғары қысымды жанармай сорғысы (ЖҚЖС) 5 май арнасынан шығатын маймен қысыммен майланады.

## **6.5. ЯМЗ-740 қозғалтқышының майлау жүйесі**

Майлау жүйесінде (6.3-сур.) радиаторлы 9 және айдаушы 10 секцияларымен екі секциялы май сорғысы бар. Екі секцияның да 8 және 29 сақтандырғыш клапандары бар. Радиатор секциясының сақтандырғыш клапаны 29 майды жоғары қысымды қуыстан төменгі қысымды қуысқа май радиаторының 6 жабық краны кезде жіберетін болады.



6.3-сур. КамАЗ-5320 автомобилі ЯМЗ-740 қозғалтқышының майлау жүйесінің сызбасы:

1 — май радиаторы; 2, 3, 18, 19, 21, 23, 24 — май құбырлары; 4 — центрифуганың ағысты клапаны; 5 — центрифуганың қайта өткізу клапаны; 6 — май радиаторын қосу қраны; 7 — центрифуга; 8 — айдаушы секцияның сақтандырғыш клапаны; 9 — май сорғысының радиаторлы секциясы; 10 — май сорғысының айдаушы секциясы; 11 — майлау жүйесінің клапаны; 12 — ақтап тазартудың толық ағынды сүзгісі; 13 — басты май магистралі; 14 — майды ақтап тазарту сүзгісінің қайта өткізу клапаны; 15 — манометр; 16 — май деңгейінің көрсеткіші; 17 — сапун; 20 — компрессор; 22 — ЖҚЖС; 25 — гидрожалғастырғышты қосу қраны; 26 — термиялық күштік қадаға; 27 — вентилятор жетегінің гидрожалғастырғышы; 28 — тұғырық; 29 — радиаторлы секцияның сақтандырғыш клапаны

Радиаторды сөндірген кезде, май сорғысы секциясының шығысындағы қысым  $0,7...0,75$  МПа-ны ( $7...7,5$  кгс/см<sup>2</sup>) құрайды. Айдаушы секциядан шығатын жерде майдың қысымы  $0,35...0,40$  МПа-ға ( $3,5...4,0$  кгс/см<sup>2</sup>) тең.

Радиаторлы секциядан май центрифугаға 7, кейін ашық кран 6 арқылы май құбырының бойымен 2 — май радиаторына 1 және осы жерден құбыр желісі арқылы қозғалтқыш қартеріне қайта оралады.

Егер радиатор сөндірілген болса, онда тазартқаннан кейін центрифугада май құбыр желісі арқылы қартерге қайтарылады. Майдың бөлігі центрифугаға бармай, қайта өткізу 5 және ағызатын 4 клапандар арқылы қартерге қайтарылады.


Айдаушы секциядан 10 қысымдағы май ауыстырмалы сүзгі элементімен толық ағынды түрінің дәйекті қосылған май сүзгісі 12 арқылы өтіп, басты май магистраліне 13 барады. Одан май бұрғылау жүйесінің бойымен иінді біліктің негізгі және шатунды мойын тіректеріне, үлестіруші біліктің мойынтіректеріне, вентилятордың гидрожалғастырғышын қосу автоматына, жоғары қысымды жанармай сорғысына және компрессорға барады. Қозғалтқыш блогынан май бастиектердің май арналарына барады және рокер төлкелерін майлайды. Арналар арқылы қысқа иінді рокерде май қарнактардың жоғарғы ұшына барады және олардың бойымен төмен қарай ағып, қарнактардың төменгі ұштарын және итергіштердің бағыттаушы төлкелерін майлайды. Цилиндрлер қабырғалары, шығыршықтармен піспектер, піспекті сұққылар және өзге де үйкелісетін беттер май тұманымен және механизмдер жұмысының кезінде шашыраған маймен майланады.

## 6.6. Май сорғылары

**Екі секциялы май сорғысының құрылысы мен жұмысы.** ЗИЛ-433100, КамАЗ автомобильдерінің қозғалтқыштарында, сондай-ақ ЗИЛ-130, ГАЗ-53А бұрын шығарылған автомобильдердің қозғалтқыштарында және басқаларында екі секциялы май сорғылары орнатылады.

Екі секциялы май сорғысы (6.4-сурет) жоғары секцияның корпусынан 6 құралған, онда тұрақты іліністе болатын жетекші 7 және жетектегі 4 тегершіктер орнатылған. Жетекші тегершік кілтенің көмегімен жетекші білікке орнатылған 5. Жетектегі тегершік бөлек осьте емін-еркін орнатылған. Үстіңгі секция қақпақпен 9 жабылады, онда плунжерден, серіппеден және тығыннан құралған редуциялық клапан 13 орнатылған. Плунжер төменгі және жоғары қысымның қуыстарын қосатын арнаны жабады. Төменгі радиаторлы секцияның корпусы 1 жоғары секцияның корпусына бұрандамалардың көмегімен бекітіледі.

Сорғының білігі 5 жоғары секцияның қақпағы арқылы өтеді және оның шетінде кілтенің көмегімен төменгі радиаторлы секцияның жетекші тегершігі 11 орнатылған. Ол осінің айналасында емін-еркін айналып тұратын жетектегі тегершікпен 12 тұрақты іліністе болады. Төменгі секцияның корпусында қайта өткізу клапаны орнатылған, ол кішкене шардан, серіппеден және тығыннан құралған. Шар серіппемен жабысып, арнаның саңылауын жабады, сол арқылы айдаушы және сору қуысы байланысқан.



6.4-сур. Екі секциялы май сорғысы және май қабылдағыш:

а — конструкция; б — жұмыс сызбасы; в — таза тор кезіндегі майдың баруы; г — тор ластанған жағдайда майдың келуі; 1 — сорғы төменгі секциясының корпусы; 2 — сорғы секцияларының корпустарын қосатын бұрандама; 3 — төсем; 4 — жоғарғы секцияның жетектегі тегершігі; 5 — сорғы білігі; 6 — жоғары секцияның корпусы; 7 — жоғарғы секцияның жетекші тегершігі; 8 — тоқтатқыш шығыршық; 9 — май сорғысының қақпағы; 10 — штифт; 11 — төменгі секцияның жетекші тегершігі; 12 — төменгі секцияның жетектегі тегершігі; 13, 15 — редукциялық клапандар; 14 — май радиаторының қосу қранын орнату орны; 16 — жоғарғы секция; 17 — төменгі секция; 18 — май қабылдағыш корпусы; 19 — түтікше; 20 — серіппе; 21 — тор.

Сорғының жұмыс принципін сипаттайық. Май корпустан, қабылдау құбырынан және майды қаралап тазартуға арналған торлы сүзгіден құралған май қабылдағыштың көмегімен қозғалтқыш қартерінің тұғырығынан алынады. Тор корпуста серіппемен бекітіледі. тор таза болғанда май емін-еркін өтеді және құбыр бойымен май сорғысына барады. Тор ластанған жағдайда, дуал құбырының жанында сұйылту пайда болады, соның әсерінен тордың шеттері корпустан алшақтайды және пайда болған тесіктер арқылы сүзілмеген май май сорғысына ағып кетеді.

Қозғалтқыштың жұмысы кезінде май сорғысы екі секциясының жетекші тегершіктері сағат тілінің бойымен, ал жетектегі — қарама қарсы бағытта айналады. Корпустың жоғары бөлігінде

(шартты деп атаймыз) тегершіктер айналған кезде тістер іліністен шығып кетеді және олардың арасында сұйылту пайда болады. Оның әсерінен тұғырықтың астынан тістердің арасындағы кеңістікті толтырып, май келеді. Бұдан әрі айналғанда тістер бұл майды апарды. Төменгі бөлікте (жоғары қысымның қуысы) тістер майды сығып, ілініске кіреді, ол қысыммен арнаға барады. Екі секция да бірдей жұмыс істейді. Қысымды шектеу үшін айдаушы секцияда редукциялы клапан бар. Егер жоғары қысым қуысындағы қысым серіппесі, плунжері реттелген белгіден асса, серіппені қысып, орнынан жылжып кетеді және майдың бөлігі жоғары қысымды қуыстан сору қуысына ауысатын болады.


Май сорғысының радиаторлы секциясы осыған ұқсас жұмыс істейді, бірақ қайта өткізу клапаны май радиаторының жұмысына қосу қраны жабық болған жағдайда май өткізуді бастайды. Бұл тегершіктің айналуына кедергіні азайтуға және демек қозғалтқыш қуатының шығынын азайтуға қажет.

**Бір секциялы май сорғысының құрылысы мен жұмысы.** «ГАЗель», ГАЗ-3307 автомобильдерінің қозғалтқыштарына және басқаларына бір секциялы тегершікті сорғылар орнатылады, олардың мынадай құрылыстары бар: корпуста білікше бар, оның ішкі шетінде шпильканың көмегімен май сорғысының жетекші тегершігі бекітілген. Ол осьтің айналасында емін-еркін айналатын жетектегі тегершікпен тұрақты іліністе болады. Сорғы корпусы қақпақпен жабылады. Корпус пен қақпақтың арасын нығыздау үшін картон төсемесі бар. Корпусқа тормен қабылдау келте құбыры қосылады.

Сорғы корпусы алюминий қорытпасынан жасалған, тегершіктерде тік тістегі бар және олар металқыштан жасалған (күйдірілген металл ұнтағы). Май қабылдағышы және май сорғысының қабылдау келте құбыры алюминий қорытпасынан бірінғай корпуста жасалған. Келте құбырдың қабылдау бөлігінде тор келтеленген. Келте құбыр май сорғысына төрт бұрандамамен паронитті төсем арқылы май сорғысының қақпағымен бекітіледі.

Сорғы үлестіруші білік тегершігінен қадаға – оталдыруды таратушымен бірге жұмысқа келтіріледі. Ол корпуста құралған, онда білікше орнатылған. Осы білікшемен сұққыштың көмегімен май сорғысының білігі және үлестіруші білік тегершігімен тұрақты іліністегі жетекті тегершігі біріктірілген. Үстіңгі шетте шпильканың көмегімен төлке орнатылған. Білікшемен қадаға білікшесі – оталдыруды таратушы біріктірілген.

Май сорғысының корпусындағы максималды қысымды шектеу үшін плунжерлі түрдегі редукциялық клапан орналасқан. Май қысымының әрекетімен плунжердің шет жағына серіппенің күшінен өтіп, плунжерге ауысады. Қысымның белгілі бір деңгейіне жеткен кезде плунжер сорғының қабылдау қуысына артық майды жіберіп, ағызу арнасының саңылауын ашады.



6.5-сур. ВАЗ-2110, -2111, -2112, -1111 және -11113 қозғалтқыштары май сорғысының бөлшектері:

1 — иінді біліктің алдыңғы сальнигі; 2 — сорғының қақпағы; 3 — резеңке нығыздағыш шығыршығы; 4 — май қабылдағыш; 5 — сорғының корпусы; 6 — жетектегі тегершігі; 7 — жетекші тегершігі; 8-редукциялық клапанның плунжері; 9 — клапанның серіппесі; 10 — тығын; 11 — нығыздағыш шығыршық

Редукциялық клапанның серіппесі қақпақшаның тегіс тығырығына сүйенеді және сорғы корпусының көтерілуінде саңылау арқылы өткізілген сірге арқылы бекітіледі. Редукциялық клапан реттелмейді және қажетті қысым жөнінде сипаттама сорғы корпусының геометриялық өлшемдерімен және серіппенің сипаттамасымен қамтамасыз етіледі.

**ВАЗ-2110, -2111, -2112, -1111 и -11113 қозғалтқыштарының май сорғысы өзінің құрылысы бойынша көптеген қозғалтқыштар моделдерінің май сорғыларынан ерекшеленеді (6.5-сур.).** Ол корпустан 5, жабық қақпақтан 2, май қабылдағыштан 4 және 6 мен 7 екі тегершіктен құралған. Сорғы цилиндрлер блогының алдыңғы шет жағында орналасады. Сорғының жетекші тегершігі 7 екі қасқалшаның көмегімен қозғалтқыш иінді білігінің алдыңғы шетінде орнатылады және жетектегі тегершікпен 6 ішкі ілінісі бар. Механикалық жоғалуды азайту үшін тегершіктердің трохоидалды иіліністері бар. Май қабылдағыш екінші негізгі мойынтіректің қақпағына және сорғының корпусына бұрандалармен бекітіледі. Арнаның үстіңгі бөлігінде цилиндрлер блогы бастиегінің бөлшектеріне майдың баруын шектейтін жиклер орнатылған.

Майлау жүйесінде майдың максималды қысымын шектеу үшін сорғыға плунжердан 8, серіппеден 9, нығыздағыш шығыршықтардан 11 және тығындардан 10 құралған плунжер түрдегі редукциялық клапан орнатылған.

## 6.7. Май сүзгілері

Қозғалтқыштың жұмысы кезінде майда жанбаған жанармайдың түйіршіктері, тотығу өнімдері (күйік, шайырлы заттар), сондай-ақ шаңның түйіршіктері мен қозғалтқыш бөлшектерінің тозу өнімдері жиналады. Егер май ластанса, онда қозғалтқыштың жұмысы бөлшектерінің жоғары тозуымен сүйемелденеді. Майдан керексіз қоспаларды жою абразивті тозуын төмендетіп қана қоймай, май тозуының үдерісін едәуір тоқтатуға жол береді.

Егер иінді біліктің мойынтіректеріне қорғасынды қола немесе жоғары қалайыдан жасалған қорытпасы негізінде үйкеліске қарсы қорытпа жағылса, онда майды жақсылап сүзгіден өткізу қажет, өйткені бұл материалдар абразивті түйіршіктерді нашар сіңіреді. Майды мұқият сүзгілеу қозғалтқыштың сенімділігін едәуір арттырады.

Қозғалтқыштардағы май сапасының нашарлауымен күресудің ең тиімді құралы майларды сүзгілеу болып табылады. Сүзгінің көмегімен майдан металдардың біршама ірі түйіршіктері мен түрлі механикалық қоспаларын ғана жоймай, сондай-ақ өлшенген жағдайдағы майдың ішіндегі шаңдар мен тұнбалар ұсақ түйіршіктерінің көп бөлігін де жоюға болады.

Заманауи қозғалтқыштарда майдың ортадан тепкіш тазартудың толық ағынды сүзгілері немесе ауыстырмалы сүзгі элементтерімен сүзгілер орнатылады. Бұндай сүзгілер бөлшектенетін және бөлшектенбейтін болып бөлінеді. Кейде қозғалтқыштарға толық емес ағынды сүзгілер орнатылады. *Толық ағынды деп* сорғымен ауыстырып құйылатын барлық май сүзгі арқылы өтетін сүзгі деп аталады. *Толық ағынды емес* деп майдың бөлігі ғана, шамамен 10...20 % өтетін сүзгілер аталады.

**Қағаз сүзгі элементтерімен майды ақтап тазарту сүзгілері.** Бұндай сүзгілер 0,001 мм дейін өлшемді механикалық түйіршіктерден тазалауды қамтамасыз етеді. Сүзгі элементінің материалына байланысты олар:

- қағаз;
- картон;
- жұтушы массалы сүзгілер деп бөлінеді.


Қағаз сүзгілері тазартудың жоғары дәрежесін қамтамасыз етеді, бірақ тез ластанады және сүзгі элементтерін жиі ауыстыруды талап етеді. Қазіргі уақытта гормошка ретінде жиналған арнайы қағаз лентасынан жасалған сүзгі элементі бар ақтап тазарту толық ағынды сүзгілері көп таралған. Май қағаз қуыстардан өтіп, 1 мкм дейін өлшемді механикалық түйіршіктерден босатылады.

Қағаз немесе мақта-мата сүзгі элементімен толық ағынды сүзгілер «ГАЗель» және «Волга» ГАЗ-31029 және басқа да автомобильдерінің ЗМЗ-4025, -4026 қозғалтқыштарында орнатылады.

Сүзгі арқылы май сорғысымен ауыстырылып құйылатын бар-

лық май өтеді. Сүзгі корпустан 3, өзекшеден 2, сүзгі элементінен 9 және клапаннан 5 (6.6-сур.) құралған. Алюминий қорытпасынан жасалған сүзгі корпусы өзінің сым жазықтығымен паронитті төсем арқылы қозғалтқыш цилиндрлерінің блогына төрт шпилькамен бекітіледі. Корпустың төменгі бөлігіне түтік тәрізді қиманың орталық өзекшесіне бұралған. Өзекшеде саңылаудың төрт қатары жасалған. Саңылаудың үстіңгі қатары сүзгі элементінің 9 және клапанның 5 үстінде орналасқан.

Қайта өткізу клапаны 5 текстолиттік пластинадан, орыннан, серіппеден және серіппе таянышынан құралған.



6.6-сур. «ГАЗель және «Волга» маркалы автомобильдерінің май сүзгілері:

1 — ағызу саңылауының тығыны; 2 — өзекше; 3 — корпус; 4 — май қысымын көрсету қадағасы; 5 — қайта өткізу клапаны; 6 — тығыздағыш төсем; 7 — қалпақшалы сомын; 8 — қақпақ; 9 — сүзгі элементі; 10 — апатты май қысымының қадағасы; → — май сорғысынан келіп тұрған май; ⇔ — сүзгі элементінің ұсақ тесіктері арқылы өткен май; - - -> — сүзгі элементіне соқпай кеткен май



Ол орталық өзекшенің арнасында орнатылған. Корпустың төменгі бөлігінде қақпақшамен 1 жабылатын майды ағызуга арналған саңылау және апатты май қысымының қадағасы 10 бұралған саңылау бар. Корпустың жоғары бөлігінде май қысымы көрсеткішінің қадағасы 4 бұралған саңылау бар («Волга» автомобильдерінің ЗМЗ-402 және -4021 қозғалтқыштарында саңылау тығынмен жабылған, ал май қысымы көрсеткішінің қадағасы басты май магистраліне бұралған). Корпустың жоғарғы бөлігінде май сорғысынан майды жеткізетін түтікшені сүзгіге қосуға арналған дөңесше бар. Сүзгі корпусы алюминий қақпағымен жабылады, ол орталық өзекшеге қақпақшалы сомынмен 7 бекітіледі. Қақпақтың бунағында резеңке тығыздағыш төсем салынған. Қақпақтың сомыны фибра төсемімен нығыздалады.

Сүзгі элементі ауыстырмалы, орталық қуысты өзекшеге 2 киіледі. Жоғарғы жағынан сүзгі элементі төсеммен 6 нығыздалған, ал төменгі жағында серіппелі төсеммен.

Май тазарту үшін май сорғысынан түтікшенің бойымен сүзгінің корпусына келіп түседі. Сүзгі элементтерінің ұсақ тесіктері арқылы орталық өзекшеге құйылып, май саңылау арқылы өзекшенің ішіне өтеді және арна арқылы аялдайтын жазықтықта басты май магистраліне айдайды.

Сүзгі элементі таза болғанда сүзгі элементінің алдында және өзекшенің ішінде кедергінің әсерінен қысымның түсіп кетуі 10...20 кПа-ны (0,1...0,2 кгс/см<sup>2</sup>) құрайды. Сонымен бірге барлық май сызбада бағыттаушылармен көрсетілгендей сүзгі элементі арқылы өтеді. Сүзгі элементінің ластануына қарай майдың өту кедергісі ұлғаяды. Сүзгідегі қысымның түсіп кету шамасы 70.90 кПа (0,7...0,9 кгс/см<sup>2</sup>) жеткенде, ал «Волга» автомобильдерінің ЗМЗ-402 және -4021 қозғалтқыштары үшін 60.70 кПа (0,6...0,7 кгс/см<sup>2</sup>) болғанда қайта өткізу клапаны ашылады және май сүзгі элементіне соқпай орталық өзекшенің ішіне, сол жерден қозғалтқыш қартерінің басты магистраліне барады.


*Екі сүзгі элементтері бар майды ақтап тазарту 2101С-1012005-РК-1 сүзгілері ЗИЛ-433100 автомобильдерінің ЗИЛ- 645 қозғалтқыштарына орнатылады.*

Майды механикалық қоспалардан тазалау оны қағаз сүзгі элементтерінің ұсақ тесіктері арқылы басқанда болады. Элемент ластанғанда майды басу кедергісі өседі және магистральдағы қысымның түсіп кетуі сүзгінің алдында және кейін 0,25.0,30 МПа (2,5...3,0 кгс/см<sup>2</sup>) жетсе, онда қайта өткізу клапаны 4 ашылады, ол сүзгінің элементтері тым ластанғанда және майдың тұтқырлығы артқанда болады. Осы жағдайда май сүзгіге соқпай, басты май магистраліне айдалады. Бұл қозғалтқыш мойынтіректерін және басқа да үйкеліс беттерін майлау жеткіліксіз және өте тозғанда немесе істен шыққанда болатын қатты қызудан сақтайды.

Ірі механикалық түйіршіктері бар тазартылмаған май қозғал-

тқышқа барғанда, үйкеліс беттерінің жұмысына кері әсерін тигізетінін, қажалатынын және өте қауіпті екендігін есте сақтау қажет. Қайта өткізу клапаны іске қосылғанда, ластанған сүзгі 5 қадағасының контактілері тұйықталады және аспаптар қалқаншасында шам жағылады. Шам суық қозғалтқыш қосылғанда, май салқын болғанда және қыздырғанда жануы мүмкін. Басқа жағдайларда сүзгі элементтерін ауыстыру қажет. Май сүзгісіне уақытында қызмет көрсету және төменгі температура жағдайында ұсынылатын майлар сұрыптарын қолдану ұзақ уақыт бойы қозғалтқышқа тазартылмаған майдың баруына жол бермейді, яғни уақытынан бұрын оны тозуынан және бұзылуынан сақтайды.

Сүзгінің қақпақпен 9 жабылған корпусы 2 (6.7-сур.) бар. Корпустың ішінде қақпақта фланец 6 орналасады, оның бұрандасында бұрандамалы жалғастырғыш-бұрандамасы 13 бұралған. Осы жалғастырғыш-бұрандамамен сүзгі басты май магистралінің дөнесшесіне бекітіледі. Майдың корпус пен қақпақтың арасында ағуын болдырмау үшін бензомай төзімді резеңкеден жасалған резеңке тығыздағыш төсем 8 орнатылады. Осындай төсем 11 корпустың 9 қақпағы мен қозғалтқыш қартерінің арасында қойылады. Корпустың ішінде серіппемен жүктелген қайта өткізу клапанымен 4 сүзгі қағаз элементі 5 бар. Қайта өткізу клапанының өзінің сүзгі элементі 3 бар. Май сүзгіге соқпай өтіп кетпеуі үшін элементті корпусқа көтеріп тұратын серіппе орнатылған. Сүзгі элементінің төменгі бөлігі арнайы тостағанмен нығыздалады.



6.7-сур. 2101C-1012005-РК-1 май сүзгісі:

1 — серіппе; 2 — корпус; 3 — қайта өткізу клапанының сүзгі элементі; 4 — қайта өткізу клапаны; 5 — сүзгі элементі; 6 — фланец; 7 — тоқтатқыш шығыршық; 8, 11, 12 — төсемелер; 9 — қақпақ; 10 — су сіңіруге қарсы клапан; 13 — жалғастырғыш-бұрандама

Сүзгінің корпусында қайта өткізу клапаны және сүзгі элементінің ластануын көрсететін қадаға орнатылған. Сүзгі келесідей жұмыс жасайды. Май қысымдағы май сорғысынан май сүзгісі корпусының ішіне барады. Қақпақтағы 9 кіру саңылаулары арқылы, кейін фланецтегі 6 саңылау арқылы май корпус 2 және сүзгі элементінің 5 арасындағы шығыршықты қуысқа барады. Май сүзгі элементі 5 арқылы басылады, механикалық қоспалардан тазартылады, жалғастырғыш-бұрандаманың 13 ішіне кіреді және басты май магистраліне айдалады. Сүзгі элементі тым ластанғанда, сондай-ақ суық қозғалтқыш іске қосылғанда, май сүзгі элементі арқылы өте алмайды. Осындай жағдайда майдың қысымымен қайта өткізу клапаны 4 ашылады және қайта өткізу клапанының сүзгісі 3 арқылы май жалғастырғыш-бұрандаманың 13 ішіне және бұдан әрі басты май магистраліне барады. Қозғалтқыш жұмыс істемеген кезде, сүзгіден майдың ағуын су сіңіруге қарсы клапан 10 және төсеме 12 болдырмайды.

Сүзгі элементін 5, қайта өткізу клапанының 4 сүзгі элементін 3 әрі 8, 11 және 12 резеңке төсемелерді 10 мың. км жүрістен кейін ауыстыру қажет.

*Қайта өткізгішті және су сіңіруге қарсы клапандармен толық ағынды бөліктектенбейтін сүзгілер* ВАЗ-2110, -2111, -2112, -1111 және -11113 автомобильдерінің қозғалтқыштарына орнатылады.


**Ортадан тепкіш типті (центрифуга) майды ақтап тазартудың толық ағынды сүзгілері.** ЗИЛ-5301 және оның барлық модификацияларында, сондай-ақ ЗИЛ-508.10 қозғалтқыштарында ауыстырмалы картон сүзгі элементтерімен май сүзгілерінің орнына тек осындай сүзгілер ғана қолданылады.

ЗИЛ-433100 автомобильдерінің ЗИЛ-645 қозғалтқыштарында және КамАЗ автомобильдерінің ЯМЗ-740 қозғалтқыштарында центрифугалар ауыстырмалы сүзгі элементтерінің сүзгілерімен қатарлас майлау жүйесіне қосылған және олар арқылы басты май магистраліне айдалатынның көлемінен шашамен 15...20 % май өтеді.

Центрифугалардың ауыстырмалы сүзгі элементтерімен айырмашылығы ауыстырмалы элементтердің жоқтығы, шағын өлшемдегі сүзгінің шамалы кедергісі кезінде жоғары сүзгі қабілеттілігі болып табылады. Центрифугалардың кемшіліктері май температурасы төмендеген және тұтқырлығы артқан кезде сүзілудің күрт нашарлауы, сондай-ақ қоспалармен бірге тұнбалардың бөлінуі нәтижесінде май сапасының төмендеуі болып табылады..

ЗИЛ-645 қозғалтқыш *роторының белсенді жетегімен ортадан тепкіш май тазартқышы* майды механикалық қоспаларды және тотығу мен шайырлау өнімдерінен тазалауға арналған.

Центрифуганың негізгі бөлігі (6.8 сур.) корпус 10 болып табылады, ол бұрандамалармен цилиндрлер блогының оң жақтағы алдыңғы бөлігіне бекітіледі. Май тазартқыштың осінде 6 шарлы тірек мойынтірегінде 7 ротор орнатылған 5.



6.8 сур. Ортадан тепкіш май тазартқышы:

1 — қалпақ; 2 — қалпақ сомыны; 3 — ротор қақпағының сомыны; 4 — ротордың қақпағы; 5 — ротор; 6 — май тазартқыштың осі; 7 — шарлы мойынтірек; 8 — кесу клапаны; 9 — ағызу клапаны; 10 — корпус; 11 — төсем; 12 — тығырық

Ротордың қалпақшалы қақпағы 4 бар, ол төсеме 11 мен тығырықтың 12 көмегімен осьте нығыздалады. Ротор бөлшектерімен корпусың қалпақшасымен 1 жабылады. Центрифуга кесу 8 және ағызу 9 клапандарымен жабдықталған.


Май қозғалтқыш қартерінен май сорғысы радиаторлы секциясының ортадан тепкіш май тазартқышына барады. Осыған іргесінде орналасқан тесіктен майдың ағысы лақтырылады. Май тазартқыштың роторы осы ағыстың әсерімен радиалды шарлы мойынтіректе айналып тұрады, ол осьтік орын алмастыруды болдырмау үшін осьте және роторда бекітілген. Ортадан тепкіш күштердің әсерінен майдағы механикалық түйіршіктер ротор қақпағының ішкі цилиндрлі бетіне лақтырылады және толық тұнба жасап, оған тұнады.

### 6.8. Май радиаторлары

Май радиаторлары қозғалтқыштағы майды салқындату үшін арналған және май радиаторының өзегі ауамен үрленіп тұру үшін қозғалтқышты салқындату жүйесінің радиаторы алдына орнатылады.

Май радиаторларының өзектері пісірілген қабырғаларымен түтік тәрізді немесе түтік тәрізді-қатпарлы бола алады.

«Волга» ГАЗ-31029 автомобилі майлау жүйесінің түтік тәрізді-қатпарлы радиаторы екі кіші бактан 3 (6.9 сур.) құралған, олардың арасында тесік түтікшелерден құралған өзек бар. Салқындату аумағын арттыру үшін түтікшелер көлденен тілімшеге орналастырылған. Май басты май магистралінен келтіру шлангысының 4 бойымен жеткізіледі. Радиатор қранмен 5 басқарылады. Радиаторды іске қосу үшін қранның тұтқасын шлангке 4 (6.9, в сур.) қатарлас болғандай бұру қажет. Салқындаған май шлангының 1 бойымен қозғалтқыш қартерінің тұғырығына ағады. Радиатор сақтандырғыш (шектейтін) клапаны бар 6 штуцермен қамтылған. Радиатор қосылып тұрған кезде және қалыпты қысымда жүйеде май серіппені қыса отырып, шарды жылжытады және ашық клапан арқылы радиаторға өтеді. Егер жүйедегі қысым 90 кПа (0,9 кгс/см<sup>2</sup>) төмен болса, онда серіппе шарды орынға қысып алады және майдың радиаторға кіру жолын жауып тастайды.



6.9 сур. Май радиаторы:

а — жалпы түрі: 1, 4 — шлангтер; 2 — май радиаторы; 3 — бак; 5 — қран;  
 б — сақтандырғыш (шектейтін) клапаны бар штуцер б — қран жабық;  
 в — қран ашық

ЗИЛ-5301 автомобильдерінің және барлық модификацияларының қозғалтқыштарында радиатор ирек түтік түрінде жасалған, ол май сорғысының және бас май магистралінің арасында дәйектілікпен орналасқан. Демек, сорғымен ауыстырылып құйылатын барлық май алдымен радиатордан өтіп, содан кейін бас май магистраліне барады.

## 6.9. Қозғалтқыш қартерінің вентиляциясы


Қысу тактісі кезінде қартерге жанармай қоспасы жарып өтеді, ол суықтау қартерге барып, сұйық бензинге жиналады, май шығады және оны сұйылтады. Жұмыс барысында және шығару тактісінде қартерге күйіктің қатты түйіршіктерін өзімен әкелетін пайдаланылған газдар жарып өтеді. Майға барып күйік оны ластайды. Бензинмен сұйылтылған және күйікпен ластанған май ертерек тозады, оны өте мұқият сүзгілеу және жиі ауыстырып отыру керек. Сонымен қатар пайдаланылған қартерлік газдар капоттың астындағы кеңістікке, ал одан жүргізушінің кабинасына немесе жолаушылар салонына шығуын болдырмау қажет, өйткені олар адамның денсаулығына өте зиянды заттардан құралған.

Қозғалтқыш қартерінің вентиляциясы қартерлік газдарды тікелей ауаға (вентиляцияның ашық жүйесі заманауи қозғалтқыштарда сирек қолданылады) немесе олар жағылып бітетін цилиндрлер жағу камераларына (вентиляцияның жабық жүйесі) шығару жүзеге асырылады.

Қозғалтқыш қартерінің ашық вентиляциясы ГАЗ-24, -53А, -66 автомобильдерінің қозғалтқыштарында және басқаларында қолданылады.

ЯМЗ-740 және -7401 қозғалтқыштарында лабиринт түріндегі ауа шығарғышы бар қартерді табиғи вентиляциялау кезінде автомобиль қозғалысының уақытында сорып шығару түтігі ұшының қасында сейілту әсерінен пайдаланылған газ қартерден сорып тастайды. Ауа шығарғыш арқылы өту кезінде қартерлік газдар қозғалысының бағытын бірнеше мәрте күрт өзгертуге тура келеді және соның әсерінен газдардан май бөліну болады. Осыдан кейін май қозғалтқыш қартеріне ағып кетеді.

Шығару түтігіне қартерлік газдарды сорумен қартердің жабық вентиляциясы ЗИЛ-508.10 қозғалтқыштарына қолданылады. Осы қозғалтқыштарда қартерлік кеңістік майтұтқы 8 (6.10 сур.), клапан 3 және қартер вентиляциясының түтігі 9 арқылы қозғалтқыштың кіру түтігімен 10 қосылады. Жұмыс істеп тұрған қозғалтқыштың кіру түтігінде әрдайым сұйылту болады және ол қартердің вентиляция түтігі 9, клапан 3 және және майтұтқы 8 арқылы қартерге жіберіледі, ал қартерден кері жолмен қартердің газдары келеді.



6.10 сур. ЗИЛ-508.10 қозғалтқыш қартері вентиляциясының сызбасы:

1 — қартер вентиляциясының ауа сүзгісі; 2 — ауа жеткізуші арна; 3 — вентиляция клапаны; 4 — серіппе тостағаны; 5 — серіппе; 6 — клапан шары; 7 — штуцер; 8 — майтұтқы; 9 — қартер вентиляциясының түтігі; 10 — кіріс клапаны

Кіріс түтігінен қартер газдары кіріс клапандары 10 арқылы жанармай қоспаларымен цилиндрге барады, онда олар жанып бітеді. Кейін олар шығыс тракті арқылы атмосфераға жойылады.

Сорылатын газдардың саны клапан 3 арқылы реттеледі. Клапан штуцерден 7 тұрады, оның ішінде шар 6 және серіппе 5 бар. Серіппе шарды төмен түсіреді, бірақ ол арналарды жаппайды және газдар шығыс түтігіне қартерден еркін шығады.

Қартерлік газдардың қарқынды сорылуы кіріс түтігіндегі сұйылту көлеміне байланысты, ол да иінді біліктің айналыс жиілігіне және карбюратордағы дросселді жапқыштың ашылу дәрежесіне

байланысты болады. Сұйылту көбінесе қозғалтқыштың жұмысы кезінде бос жүрістің азғантай айналымында болады. Осы уақытта сорылатын газдардың көлемі өте көп болады. Картер газдары карбюратордан төмен орналасқан кіріс түтігіне сорылады, демек олар жанармай қоспасын дайындауға қатыспайды, яғни картерден қаншалықты көп газ келсе, соншалықты жанармай қоспасы келіп түседі. Бұл жанармай қоспасының тозуына әкеледі және қозғалтқыш шағын жүрісте жұмыс жасай алмайды.

Қозғалтқыштың жұмысы кезінде орташа және үлкен жүрістерде кіріс түтігіндегі сұйылту біршама көп емес. Клапан 3 ашық және пайдаланған газдар картерден кіріс түтігіне еркін барады. Қозғалтқышты азғантай жүріске ауыстырған кезде, дросселді жапқыштарды жабудың әсерінен кіріс түтігінде өте үлкен сұйылту пайда болады және картерден кіріс түтігіне газдардың қатты ағыны ұмтылады. Осы газдардың қысымынан серіппе қысылып, шар көтеріледі және картерлі газдарды сору арналарына жабады. Серіппенің 5 орамдары шарға өз орнына қонуға жол бермейтіндіктен, ал орамдардың өздері бітеулікті қамтамасыз етеді, осы қуыстар арқылы қозғалтқыштың жұмысында шағын жүрісте вентиляция пайда болады, бірақ оның қарқындылығы зор емес.

Қозғалтқыш картерінде сұйылту пайда болған жағдайда вентиляцияның әсерінен картерге картер вентиляциясының ауа сүзгісі 1 арқылы атмосфералық ауа келе бастайды. Картерлі газдарға қарағанда зор салыстырмалы салмағы бар ауа картерлі газдарды ығыстыра отырып, майдың деңгейіне түсіп отырады, олар вентиляциялау жүйесіне жойылады. Май тозаңының газдардан бөлінуі майтұтқыға барады, одан картердің тұғырығына ағып кетеді.


Картердің жабық еріксіз вентиляциясы кіріс түтігіндегі және ауа сүзгісіндегі сұйылту есебінен жеңіл автомобильдердің қозғалтқыштарында қолданылады.

Үлестіру білігін цилиндрлер блогының бастиегіне орналастыру кезінде (6.11 сур.) картерлі газдарды сору төменгі соратын шлангы 9 арқылы жүзеге асырылады, ол картердегі және цилиндрлер блогы бастиегінің қақпағындағы соратын шлангының келте құбырын 8 қосады. Бастиек қақпағының астындағы кеңістік ауа сүзгісін сұйылту қуысы бар үстіңгі соратын шланг 5 арқылы, ал картерлі газдарды бұру шлангы 2 арқылы карбюратордың дросселді жапқыш корпусымен 3 және кіріс түтігімен 1 карбюратордың дросселді кеңістігіне барады.

Қозғалтқыш бос жүрісте және аз салмақта қызмет жасағанда, картерден газдар шланг 2 және карбюратордың калибрлі саңылау арқылы қозғалтқыштың кіріс түтігіне сорылады, ал кейін қозғалтқыш цилиндрлеріне барады.

Толық салмақ болғанда дросселді жапқыштар толығымен ашық және сұйылту картер вентиляциясы саңылауының жанында сұйылту ауқымды емес, сондықтан картерлі газдарды сору қозғалтқыштың ауа сүзгісіне жоғары соратын шланг арқылы 5 жүзеге асырылатын болады.





6.11 сур. Жеңіл автомобильдері қозғалтқыштары картерінің вентиляция сызбасы:

1 — кіріс түтігі; 2 — картерлі газдарды карбюратордың дросселді кеңістігіне бұру шлангы; 3 — карбюратор; 4 — ауа сүзгісінің сүзгі элементі; 5, 9 — үстіңгі және астыңғы соратын шлангілер; 6 — май бөлінудің сүзгі элементі; 7 — май құятын мойын қақпағы; 8 — соратын шлангының келте құбыры; 10 — май деңгейінің көрсеткіші; —> — картерлі газдар қозғалысының бағыты

Қозғалтқыш жұмысының қалған режимдерінде картерлі газдарды сору ауа сүзгісі және карбюратордың калибрлі саңылауы арқылы болады. Май тозаңын ұстап қалу май бөлінумен және май бөлінудің сүзгі элементімен 6 жүзеге асырылады. Картерге таза ауа жіберу қақпақпен 7 жабылған май құятын мойын арқылы жүзеге асырылады.

Үлестіруші білік төмен орналасқан қозғалтқыш картерінің

вентиляциясы да солай жүзеге асырылады, бірақ газдар қартерден газ таратушы механизмі орналасқан арналар бойымен цилиндрлер блогы бастиегінің қақпағының астына қуысқа өтеді.

*Кіріс түтігіндегі сұйылтудың әсерінен қартер жабық, күшпен вентиляциялау кезінде (ЗМЗ-4061 және -4063 қозғалтқыштары) май айырғыш цилиндрлер блогы бастиегінің қақпағында орналасады.*

Қозғалтқыштар бос жүріс және аз қысымда жұмыс істеген кезде газдар қартерден шағын тарау арқылы карбюратор корпусына, бастапқы камераға сорылады. Қартерлі газдар май айырғыш арқылы клапандар қақпағының астына, одан карбюратордағы қартер вентиляциясының калибрлі саңылауы арқылы дросселді жапқыштың корпусына барады, онда олар жанармай қоспасымен араластырылып, қозғалтқыш цилиндрлеріне барады.

Толық қысымда қартер газдары қозғалтқыштың ауа сүзгісіне барады, ал ол жерден карбюраторға және бұдан әрі кіріс түтіктері арқылы қозғалтқыш цилиндрлеріне түседі. Қалған режимдерде екі тарау бірге қызмет жасайды.

### **Бақылау сұрақтары**

1. Майлау жүйесі мен оның негізгі құралдарының міндетін түсіндіріңіз.

2. Ауыспалы сүзгі элементі бар май сүзгісінің міндетін, құрылысын және жұмысын түсіндіріңіз.

3. Майды ортадан тепкіш тазарту сүзгісінің (центрифуганың) міндетін, құрылысын және жұмысын түсіндіріңіз.

4. Май радиаторларының міндетін, құрылысын және жұмысын түсіндіріңіз.

5. Қысыммен, бүркумен және өздігінен ағумен болатын қозғалтқыштардың негізгі бөлшектерінің майлануы қалай жүзеге асады?

6. Қозғалтқыш қартерінің ашық вентиляциясы қалай жүзеге асады?

7. ЗИЛ- 508.10 қозғалтқышы қартерінің жабық вентиляциясы қалай жүзеге асады?

8. Қозғалтқыш қартерінің вентиляция жүйесінің түрі қоршаған ортаны ластауға қалай әсер етеді?

## 7 т а р а у

# КАРБЮРАТОРЛЫ ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫҢ ҚОРЕКТЕН- ДІРУ ЖҮЙЕСІ

### 7.1. Жанармай қоспасының түрлері

Карбюраторлық қозғалтқыштарды қуаттау жүйесі бензин және ауа буынан жанармай қоспаларын дайындауға арналған. Жанармай қоспасы бензин мен ауаның белгіленген мөлшерінен құралады. Жанармай қоспасының құрылуы үшін бензин бұ күйінде болуы керек, өйткені, сұйық бензин жанбайды.

Бензиннің ауамен қоспасының үш түрі бар:

- Жанармай қоспасы — бензин буының ауамен қоспасы;
- Жұмыс қоспасы — қозғалтқыш цилиндрінің ішінде қалдықты газбен жанармай қоспасын арасластыру нәтижесінде пайда болған қоспа;
- эмульсия — сұйық бензиннің ауамен қоспасы. Мұндай қоспа карбюратор арнасында құрылады.

### 7.2. Карбюраторлық қозғалтқыштарға арналған жанармай

Карбюраторлық көліктер қозғалтқыштарына арналған негізгі жанармай бензин болып табылады. Бензиннің басты сипаттары оның буланғыштығы, жылу шығарғыш қабілеті мен антидетонациялық беріктігі. *Антидетонациялық беріктік* бензиннің маңызды сипаты және ол қозғалтқышты қысудың болжамды дәрежесін анықтайды. *Детонация* — бұл жану камерасында жұмыс қоспасының жарылып жану. Қалыпты жану кезінде жалын фронты секундына 20...40 метр жылдамдығында тарайды, ал цилиндрдегі қысым 3...4 МПа-ны (30...40 кгс/см<sup>2</sup>) құрайды. Детонация кезінде жанудың таралу жылдамдығы секундына 2500 метрге, ал қысымы — 10.15 МПа-ға (100.150 кгс/см<sup>2</sup>) жетеді.

Жұмыс қоспасында детонацияның пайда болуының себебі төмен октанды жанармайды қолдану, қозғалтқыштың қызып кетуі, шамадан тыс күш түсу, ерте тұтандыру болуы мүмкін. Детонацияны жанармай беруді азайту немесе барынша төмен беруге ауысу арқылы жоюға болады.

Қоспаның детонациялық жануы болғанда қозғалтқышта өткір металликалық тарсыл мен дыбыстар естіледі. Олар жану камерасы, цилиндр қабырғасы мен піспек түбінде жоғары қысым соқтығысы мен элементтерде тербеліс тудырады.

Піспек түбінде өте үлкен қысымның күшімен жұмыс қоспасын детонациялау кезінде соқпалы күштер құрылып, піспектік сұққылар, жырашықтарда піспектік шығыршықтар, піспектер цилиндрлер айнасына, негізгі және бұлғақты мойынтіректер тарсылдай бастайды. Қозғалтқыштың барлық элементтері тербеледі. Детонация кезінде жану камерасы қабырғасы мен цилиндрдің күшейтілген жылуалмасуынан салқындату жүйесінде жанармайдың толымсыз жануы мен судың толымсыз қайнауы салдарынан ұшқынды түтінді шығарылым байқалады. Нәтижесінде қозғалтқыштың қуаты мен тиімділігі бірден төмендейді. Детонациялық жану кезіндегі ұзақмерзімді жұмыс қозғалтқыш элементтерінің жылдам ескіруіне ғана емес, олардың бүлінуіне немесе элементтерде сызат пен майысудың, бұдан әрі бұзылуына апаратын ірі ақаулардың құрылуына әкелуі мүмкін.

Бензиннің антидетонациялық сипатын көрсететін көрсеткіш - *октандық сан*. Бензиндегі октандық сан қаншалықты көп болса, ол соншалықты аз детонацияланады және қозғалтқыш үшін соншалықты жоғары сығылу деңгейі қабылданады.

Сығылудың жоғарғы дәрежесі бар қозғалтқыштағы октандық санды көтеру мен детонациялау қаупін азайту үшін бензинге *антидетонатор* араластырылады. 1 л бензинге 1,5...3,0 мл кем емес көлемде бензинге құйылатын этил сұйықтығы барынша күшті антидетонатор болып табылады. Этилделген бензин улы, сондықтан оны байқап пайдалану керек.

Детонациялық беріктік арнайы қозғалтқышта таза изооктан көмірсуы мен гептанды пайдалану арқылы анықталады. Изооктанның шартты октандық саны 100-ге тең, ал қалыпты гептанда беріктік нөлге тең болады. Қозғалтқышта пайдаланылған жанармайды детонациялау сәті анықталады, ал одан кейін изооктан мен қалыпты гептаннан сыналатын жанармай сынды детонацияланатын қоспа іріктеледі. Аталған қоспадағы изооктан құрамының пайызы сыналған бензиннің октандық санын береді.

Өнеркәсіп А-72, -76, -80, -92, -91, АИ-93, -95 және -98 «Экстра» бензин маркасын өндіреді. А-72 және АИ-93 бензині этилдендірілген. АИ-91, -95 және -98 «Экстра» автомобиль бензиндері этилдендірілмеген күйде шығарылады. Қалғандары этилдендірілген және этилдендірілмеген болуы мүмкін.

Қазіргі таңда көбіне А-76, АИ-91, В-92, АИ-93, -95 және -98 «Экстра» бензиндері пайдаланылады. Белгілеудегі А әрпі бензиннің көлікке арналғанын танытады. Цифрлер октандық санды көрсетеді. Октандық сан қаншалықты жоғары болса, бензиннің детонациялауға беріктігі соншалықты жоғары. И әрпі октандық санның зерттеулік тәсілмен анықталғанын көрсетеді. Басқа бензиндерде октандық сан моторлық тәсіл арқылы анықталады.

### 7.3. Қоспаның түзілуі мен жанармай қоспасының құрамы

Қоспаның түзілу үдерісі бензин буын ауамен араластырудан тұрады. Ауаның мөлшері қатаң белгіленген болуы тиіс, әйтпесе қозғалтқыштың дұрыс жұмыс істеуі мүмкін емес.

Дайындалған жанармай қоспасы келесі талаптар арқылы қа-  
нағаттандырылуы мүмкін:

- Қозғалтқыш цилиндріндегі қоспа мыңдаған секунд үлесінде өлшенетін өте қысқа мерзімде жануы керек. Бұл піспек түбіндегі газдың максималды қысымын қамтиды, демек газды кеңейтуден бастап максималды жұмысты қамтиды;

- Қоспадағы бензиннің жануы мейлінше толық жүргізілуі тиіс. Бұл механикалық жұмысқа айналдыратын жылу пайдалануды арттыруға мүмкіндік береді және қозғалтқыш жұмысының экономикалық көрсеткіштерін жақсартады.

Жұмыс қоспасы бензин мен ауа қатаң белгіленген пропорцияда араласқан кезде жылдам жанады. Және ауадағы бензин өте ұсақ тозанданып, жылдам буланады және олардың жақсы араласуын қамтамасыз етеді. Бұл ретте, жанармайдың әрбір ұсақ бөлшегі талап етілген мөлшерде оттегімен қоршалады, бұл бар қоспаның жылдам бір мезгілде және толықтай жануын қамтамасыз етеді.

Ауа мен бензиннің құрамына байланысты қоспаның келесі түрлері анықталады: қалыпты, байытылған, бай, жұтандатылған және нашар.

*Қалыпты*, немесе теориялық — бұл 1 кг бензинге 14,95 кг (жинақталған түрде 15 кг) ауа келетін қоспа. Бір келі бензиннің толықтай жануына осынша мөлшерде ауа қажеттігі теориялық түрде анықталған. Мұндай қоспада қозғалтқыш тұрақты жұмыс істейді, жанармай шығыны аз, алайда қозғалтқыш барынша күшті қуатты шығара алмайды. Мұндай қоспа жанғаннан кейін пайдаланылған газда не бензин буы, не ауа оттегісі болмайды.

*Байытылған* — бұл 1 кг бензинге 13...15 кг ауа келетін қоспа. Мұндай қоспада барлық бензинді жандыруға ауа жеткіліксіз және бензиннің 20% атмосфераға лақтырылады. Байытылған қоспаның жану жылдамдығы арта түседі, осының есебінен піспек жұмысы басталарда цилиндрдегі газ қысымы арта түседі. Сондықтан да, қозғалтқыш байытылған қоспамен жұмыс істеген кезде қуатты барынша шығарады, алайда, жұмыс барысы жанармайды көбірек шығындағандықтан, тиімділік деңгейі төмендейді.

*Бай қоспа* – мұнда 1 кг бензинге 13 кг кем емес ауа келеді. Мұндай қоспада ауа жеткіліксіз және бензин толықтай жанбайды, бұл жанармай шығыны көп болса да, қозғалтқыш қуатының төмендеуіне әкеледі.

Күйе түріндегі жанармайдың жанбаған бөлшектерінің бір бөлігі цилиндрдің ішінде жану камераларының қабырғасына, пі-

спек түбі мен клапан бастиегінде тұнып қалады, ал қалғандары шығару құбыржолына тасталып, басқыш арқылы атмосфераға қара түтін түрінде шығады. Жанбаған жанармайдың жанып бітуі нәтижесінде басқышта тарсыл мен атылу қалыптасады, бұл жанармай қоспасының артық байытылуының сыртқы белгісі болып табылады. Егер 1 кг бензинге 5 кг кем емес ауа келетін болса, онда мұндай қоспа мүлдем тұтанбайды, өйткені, жанармайдың бөлшектері ауа бөлшектерімен қоршалмаған.

Дроссельдік жапқыштың бастапқы ашылу сәтінде бұл саңылаулар дроссельдік жапқыштардың астында қалады және олардан қоспаны байыта отырып, эмульсия шыға бастайды.

Бас өлшеуші жүйе *орташа режимде* жұмыс істейді. Ол екі араластырғыш камерасында да бар. Қалтқылы камерадағы жанармай бас жиклер арқылы, одан кейін толық қуат жиклерінен өтеді. Олардан шығар алдында жанармайға араластырғыш камераның екеуінің ауа жиклерінен ауа араластырылады. Эмульсия араластырғыш камерасының екеуінің кіші диффузорының шығыршықты бунағына түседі, ауа ағынымен қоршалыады, тозаңдатылады, буланады және қозғалтқыш цилиндріне жіберіледі. Құрамы бойынша қоспа жұтаңдаған.


*Ауқымды жүктемеде* бас өлшеуші жүйесінен түсетін жанармайға қосымша экономайзер жүйесінен жанармай беріле бастайды. Дроссельдік жапқыштың жүрісі 80...85 % астам ашылуы кезінде дроссельдік жапқыштың осі сояуышты тақтайша мен итергішпен бірге күшпен түсіреді, осылайша экономайзер клапанын ашады және ол арқылы жанармай өте бастайды. Ол бас жиклерден берілетін жанармаймен араластырылады және максималды қуат жиклері арқылы ауа жиклеріне келеді. Бұл жерде ол майғындалады, кіші диффузордың шығыршықты бунағына түседі, ауа ағынымен қоршалыады, тозаңдатылады, буланады және қозғалтқыш цилиндріне жөнелтіледі. Құрамы бойынша қоса байытылған.

*Дроссельдік жапқышты шұғыл ашу кезінде* тездеткіш сорғысының піспегі тездеткіш сорғысы цилиндрінен жанармайды сығады. Ол арналардың бойымен айдау клапанына барады және тозаңдатқыш арқылы үлкен диффузорға бүркіп енгізіледі, ауамен қоршалыады, тозаңдатылады, буланады және қозғалтқыштың цилиндріне түседі. Араластырғыш камерасына жанармайды созылмалы беруді серіппе қамтамасыз етеді. Бұл ретте, қоспа байытылған болады.

*Салқындатылған қозғалтқышты іске қосу кезінде* ауа жапқышы жабық болады. Ауаны беру автоматты ауа клапаны арқылы жүзеге асырылады. Жанармайды беру бос жүріс және бас өлшеуші жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Құрамы бойынша қоспа бай.

## 7.9. Карбюратор жапқышын басқару жетегі

**Дроссельдік жапқышты басқару.** Карбюраторды басқару үшін жүргізушінің кабинасында қайтарымды серіппелі және интiректі басқару басқышы 1 (7.12 сур.) бар. Сұққылар арқылы



7.12 сур. Карбюраторды басқару жетегі:

1 — басқару басқышы; 2 — басқыш тіреуіші төсемі; 3 — ауа жапқышын басқару тұтқышы; 4 — күштің қабы; 5 — ауа жапқышы жетегінің күші; 6 — реттеуші сомындар; 7 — дроссельдік жапқыш жетегінің арқаны; 8 — жетектің аралық иінтірегі; 9 — аралық иінтіректің тіреуіші; 10 — дроссельдік жапқыш жетегінің күші

иінтірекке дроссельдік жапқыш 7 жетегінің арқаны қосылады. Жетекті реттеу үшін реттеуші сомын 6 бар. Арқан 7 тіреуіште 9 орнатылған жетектің 8 аралық иінтірегіне жалғанады. Дроссельдік жапқыштар жетек күшімен 10 іске қосылады.

Басқышты басқан кезде арқан 7 аралық иінтіректі 8 айналдырады және жетек күшімен 10 дроссельдік жапқышты ашады. Жапқыштар қайтарымды серіппемен жабылады.

Жүк автомобильдерінде дроссельдік жапқышты басқару үшін аяқ басқышынан басқа қол жетегі болады. Ол дроссельдік жапқыш жетегі иінтірегіне күштің көмегімен байланысқан жетек тұтқышынан тұрады. Күш иілгіш қабықшаға орнатылған және арнайы тіреуішке бекітіледі. Жетек тұтқышын тарту кезінде дроссельдік жапқыштар ашылады (бұл кезде жанармайды беру басқышы төмендейді). Дроссельдік жапқыштың қол жетегімен иінді біліктің тұрақты айналымдарын орнатуға болады.

Дроссельдік жапқыштың қол жетегі іске қосушы тұтқыштың көмегімен қосылатын қозғалтқыштар үшін қажет. Жеңіл автомобильдер, автобустар, шағын автобустар мен жүк автомобильдерінің дроссельдік жапқыштарында, ереже бойынша, қол жетегі болмайды.

Ауа жапқыштарын басқару. Барлық қозғалтқыштардағы ауа



жапқыштарында қол жетегі болады (7.12 сур. қараңыз). Оның басты бөлшектері жүргізуші кабинасындағы аспаптар панеліне бекітілген ауа жапқышын басқару тұтқышы 3 мен қабықшаның 4 ішінде орналасқан тұтқышқа жалғанған күш 5 болып табылады. Қабықша тіреуішке бекітілген, ал күш ауа жапқышын басқару иінтірегіне жалғанған.

Жапқыштың қол жетегінің көмегімен кез келген аралық күйде жазып алуға болады, өйткені арқанның қабықшаға үйкелісі серіпелерге белгіленген күйді өзгертуге мүмкіндік бермейді.

## **7.10. Иінді біліктің айналымы жиілігін шектегіштер**

Жүк автомобильдерінің карбюраторына автомобиль қозғалтқышының иінді білік максималды айналым жиілігінің пневматикалық инерциялық шектегіштері орнатылады. Жеңіл автомобильдердің қозғалтқыштарында айналым шектегіштері болмайды. Шектегіш қадаға мен атқарушы механизмінен тұрады (7.13 сур.).

Шектеуіш қадағасы. Қадағада қақпақпен 18 жабылатын корпусы 23 бар. Корпуста қадаға роторы 21 орнатылған, ол төрт тиекті айқастырма түрінде дайындалған. Тиектің бірі корпусының үдеуіндегі металл керамикалық кеуекті төлкеге 22 орналастырылып, айналатын ось ролін атқарады. Қарама-қарсы тиекте қозғалтқыштың таратқыш білігімен байланысу үшін ойық 16 бар. Ротор осінде вакуумдық камераның Б диафрагмалықтың үстіндегі қуысқа ыдырауды беретін түтікшені 13 байланыстыру үшін дөңесшеге келетін арнасы 24 болады. Сондай-ақ, қадаға корпусында да атқарушы механизмге карбюратордың ауа қылтасынан ыдырауды беретін түтікшені 14 байланыстыру үшін дөңесше бар. Ротор осіне перпендикулярлы серіппе 15 мен орны 26 бар қадаға клапаны корпусы 25 орналасқан. Серіппе клапанды ашық күйде ұстап тұрады. Қадаға таратқыш тісті дөңгелектің қақпағына бұрандамамен бекітіледі.

Шектегіштің атқарушы механизмі. Атқарушы механизм карбюраторда орналастырылған және қақпақпен 6 жабылған корпусан тұрады және олардың арасы мембранамен 7 бекітілген. Мембрананың ортасы екі нығыздағыш металл қақпағы арқылы сояуышпен 8 жалғанған. Бұл сояуыштың екінші шеті дроссельдік жапқыштың осі 1 иінді білігімен 3 байланысқан. Иінтіректе дроссельдік жапқышты 1 ашуға арналған серіппесі 5 бар. Жапқыш осі жұдырықшалы муфтаның 11 көмегімен дроссельдік жапқыштарды 12 басқару иінтірегі осімен байланысады. Атқарушы механизмінің Б диафрагмасы үстіндегі қуыс түтікшемен 13 ротор осіндегі арнамен 24, сондай-ақ, 2 және 4 жиклерлер арқылы дроссельдік жапқыш корпусының қуысымен байланысады. А диафрагма астындағы қуыс арнаның көмегімен саңылау 9 арқылы карбюратордың ауа қылтасымен байланысады. Ауа қылтасынан саңылау 10 арқылы қадаға корпусына түтікше 14 жүреді.



кейін 2 және 4 жиклерлері арқылы дроссельдік жапқыш корпусына кетеді.

Мембрана 7 үстіне ауаның түсуінің арқасында атмосфералық қысым болады. Мембрана 7 астындағы қуыс арнаның көмегімен саңылау 9 арқылы тағы да карбюратордың ауа қылтасымен қосылған және оның астында атмосфералық қысым бар.

Қозғалтқыштың таратқыш білігінің айналымы қадаға роторын айналуға мәжбүрлейді. Қадаға клапаны 25 ротор 21 айналымы осінің бүйірінде орналасқан. Сондықтан да, онда клапанды жылжытуға ұмтылатын және оны орынға 26 қысатын ортадан тепкіш күш дамиды, алайда серіппе клапанды бастапқы күйінде ұстап тұрады. Клапандағы ортадан тепкіш күштің шамасы ротор айналымы жиілігімен анықталады. Өз кезегінде ол иінді біліктің айналым жиілігіне тәуелді.

Егер иінді біліктің айналым жиілігі максималды жарамды деңгейден асып кетсе, клапандағы ортадан тепкіш күшінің артындағы сонша клапан 25 серіппенің қарсылығын жеңе отырып, айналым осінен жылжып кетеді және қадаға роторы арқылы ауа қозғалысы жолын жауып, орынға қарай 26 қысылады. Енді ауа мембрана 7 астындағы қуысқа түспейтін болады. Алайда, бұл қуыстың 2 және 4 жиклерлер арқылы дроссельдік жапқыш корпусымен байланысқандықтан, онда ыдырау құрылады. Мембрананың астындағы қуыста атмосфералық қысым сақталады. Қысымның әртүрлілігі есебінде мембрана көтеріліп, өзіне қарай сояуышты 8 тартады. Ал ол иінді иінтіректің көмегімен ості айналдырады және дроссельдік жапқышты жабады. Қозғалтқыш цилиндріне берілетін жанармай қоспасының мөлшері азаяды, бұл иінді білік айналымы жиілігінің азаюына себепші болады.


ГАЗ-3307 автомобилінің ақаусыз қозғалтқышындағы шектегіштің дұрыс жұмыс істеуі бос жүрісте минутына 3650 айналымнан аспайтын иінді білік айналымы жиілігімен және сағатына 80...86 км шегінде қатты жабындылы тегіс горизонталды жол учаскесінде максималды жылдамдықпен сипатталады.

Шектегіш пломбаланған және пайдаланудың кепілдікті мерзіміне біткенге дейін бөлшектеуге жатпайды. Шектегіш түтікшелері ажыратылған кезде, карбюраторға орнатылған шектегішпен таратқыш тегершіктердің қақпағына орнатылған қадағаның атқарушы механизмінің пломбалануы бұзылғанда қозғалтқыштың жұмыс істеуіне тыйым салынады.

## 7.11. Жанармай сорғысы

Карбюраторға мәжбүрлі жанармайды беруді жанармай сорғылары атқарады. Карбюраторлық қозғалтқыштарда диафрагмалық типті жанармай сорғылары қолданылады.

Жанармай сорғысы бастиекпен жабылған корпустан тұрады. Олардың арасында диафрагма 8 бекітілген, ал оның ортасына сояуыш орнатылған.



7.14 сур. Жанармай сорғысының ортақ құрылғысы:

1 — қол жетегінің иінтірегі; 2 — нығыздағыш; 3 — бақылау саңылауының торлы сүзгісі; 4 — айдаушы клапан; 5 — сорғы бастиегі қақпағының бекіткіш бұрандасы; 6 — торлы сүзгі; 7 — сору клапаны; 8 — диафрагма; 9 — жетек иінтірегі

Диафрагманы сояуышпен жаншудан қорғау үшін оның екі жағында да металл қақпақтар орналасқан. Диафрагманың астында алдын ала сығылған серіппе бар. Сорғы бастиегі бұрандамен 5 бекітілген (7.14 сур.) қақпақпен жабылады. Онда үсті торлы сүзгімен жабылған айдаушы клапан 4 мен сорушы клапан 7 орнатылған. Диафрагманың тұтастығын бақылау үшін корпуста торлы сүзгімен 3 жабылатын бақылау саңылауы орнатылған. Диафрагма тұтастығы бұзылған жағдайда, жанармай корпустың ішіне және торлы сүзгі 3 арқылы сыртқа өтетін болады. Сорғы тарату білігінің эксцентрігіне сыртқы шетімен тірелетін иінтірекпен 9 іске қосылады. Иінтіректің ішкі жақ шетінде шток орнатылған, ол сояуышты қоршап, тіреуіш тығырығын қысады. Қозғалтқыш қартеріне бензиннің ағуын алдын алу үшін диафрагма жарылуында сояуыш арнайы нығыздағышпен 2 қамтылған. Жанармайды қолмен тартып құюды қол жетегінің иінтірегі 1 атқарады.


**Жанармай сорғысының жұмысы.** Таратқыш біліктің эксцентрігі иінтіректің 9 сырт жақтағы шетіне барғанда ол көтеріледі және осінде айналады. Иінтірек штогы сояуыштың тіреуіш тығырығын қысады және оны түсіреді, сояуышпен бірге диафрагма да 8 төмендейді.

Дифрагманың астында ыдырау пайда болады, оның есебімен сору клапаны 7 ашылып, жанармай бағындағы бензин торлы сүзгі арқылы 6 өтеді және сорғының диафрагма астындағы қуысын толтырады. Эксцентрик шақырылған соң қайтарымды серіппенің әсерінен иіңтіректің 9 сыртқы шеті төмен түседі, иіңтірек сояуыш штогы тіреуіші тығырығынан шығады және оны босатады. Сығылған серіппе бензинге қысым түсіріп, диафрагманы 8 көтереді. Сығылған бензиннің қысымымен сору клапаны 7 жабылады, ал айдаушы клапан 4 ашылады және сығылған бензин карбюратордың қалтқылы камерасына ығыстырылады.

Егер карбюратордың қалтқылы камерасы толтырылған және инелі клапан жабық болса, онда серіппенің күші диафрагманы көтеруге жеткіліксіз болады және ол өзінің төменгі қалпында қалады. Бұл ретте, бензин сорғысы иіңтерігінің 9 ішкі шетінің штогы сояуышта еркін жылжитын болады.

Карбюратордың қалтқылы камерасына жанармайды қолмен тарту үшін қол жетегі иіңтірегі 1 болады. Иіңтірек осьте орналасқан және ортаңғы бөлігінде осьтің ортасына дейін ойығы бар. Осы ойықта иіңтірек 9 орналасқан. Ол ойық жазықтығына сәл жанасады. Егер иіңтіректі 1 өзіңе қарай тартсаң, онда ол осьті айналдырады. Ось оған орналастырылған иіңтіректен негізгі иіңтірекке әсер етіп, яғни оның ішкі шетін сояуыш пен диафрагмамен бірге түсіре отырып, өзің ортасын айналып бұрылады. Диафрагманың астындағы қуыста пайда болған ыдыраудың әсерімен бұл жерге сору клапаны 7 арқылы бензин беріледі. Иіңтірек 1 төмендеген кезде, қайтарымды серіппе осьті айналдырады. Бұл ретте иіңтіректің 9 ішкі шеті босайды, серіппе диафрагманы көтереді, сору клапаны 7 жабылады, ал жанармайдың қысымымен айдаушы клапан 4 ашылады және бензин карбюратордың қалтқылы камерасына түседі. Иіңтірекпен 1 бірнеше шайқалыс жасай отырып, қалтқылы камераны толтыруға болады. Бұл ретте, егер эксцентрик иіңтіректің 9 сыртқы шетін көтеретін болса, онда қолмен шайқаудың жұмыс істемейтіндігін есте сақтау керек. Оның жұмыс істеуі үшін иінді білікті жартылай айналымда бұру қажет.

**«Жигули», «Москвич», «Ока» автомобильдері қозғалтқыштарының жанармай сорғысы.** Аталған автомобильдердің сорғысы мейлінше басқа құрылғыдан тұрады (7.15 сур.). Корпус 3 пен корпустың төменгі қақпағы 13 арасында сыртқы 15 және ішкі 14 дистанциялық төсеммен бөлінген екі диафрагма орналасқан. Корпуста айдау 16 және сору 6 клапандары орналастырылған. Клапанның үстінде нейлон торлы-сүзгі 2 қойылған. Корпус сыртқы қақпақпен 5 жабылады. Жетекті іске қосу үшін теңгергіш 11 пен жанармайды механикалық тартудың 12 екі иықты иіңтірегі болады. Қозғалтқыштың жұмыс істеуі кезінде таратқыш біліктің эксцентрігі иіңтіректі 12 басатын сояуышқа қарай қозғалады.



7.15 сур. «Жигули», «Москвич» және «Ока» автомобильдері қозғалтқышының жанармай сорғысы:

1 — айдаушы келте құбыр; 2 — торлы-сүзгі; 3 — корпус; 4 — сорушы келте құбыры; 5 — жоғарғы қақпақ; 6 — сору клапаны; 7 — сояуыш; 8 — жанармайды қолмен тарту иінтірегі; 9 — серіппе; 10 — жұдырықша; 11 — теңгергіш; 12 — жанармайды механикалық тарту иінтірегі; 13 — төменгі қақпақ; 14 — ішкі дистанциялық төсем; 15 — сыртқы дистанциялық төсем; 16 — айдау клапаны

Иінтірек айналып, диафрагма сояуышын 7 төмен қарай көшіреді. Жоғарғы диафрагманың үстінде ыдырау құрылады, оның әсерімен сору клапаны 6 ашылады. Жанармай бағындағы жанармай атмосфералық қысымда болады, сондықтан ол диафрагманың үстіндегі қуысқа торлы сүзгі 2 арқылы түсе бастайды. Эксцентрик сояуыштан шақырылған кезде, иінтірек 12 қайтарым серіппесімен бастапқы қалыпқа оралады және диафрагма сояуышы 7 босайды. Көтеріле отырып, диафрагма жанармайды қысады. Жанармайдың қысымынан сору клапаны 6 жабылады, айдау клапаны 16 ашылады және жанармай карбюратордың қалтқылы камерасына ығыстырылады. Егер қалтқылы камерасындағы жанармай деңгейі инелі клапан жабылатындай жоғары шекке жетсе, онда жанармай сорғысы босқа жұмыс істей бастайды. Бұл диафрагманы көтеріп, қалтқылы камераның инелі клапанын ашуға серіппе күшінің жеткіліксіздігімен түсіндіріледі. Бұл кезде диафрагмалар өзінің төменгі қалпында қалады, ал иінтірек 12 өз осінде еркін тартылып, диафрагмалармен бірге шеткі төменгі қалыпта орналасқан сояуышқа 7 әсер етпейді.

Сорғының қол жетегі келесі үлгіде жұмыс істейді. Иінтіректі 8 басқан кезде, жұдырықша 10 теңгергішті 11 басады әрі оны

союуыш 7 және диафрагмалармен бірге төмен түсіреді. Диафрагманың үстіндегі қуыстағы ыдыраудың есебінен сору клапаны б ашылады және торлы сүзгі арқылы жанармай құйылады. Иіңтірек 8 босаған кезде, ол серпіппенің 9 әсерімен жұдырықшаны 10 бұра отырып, бастапқы қалпына қайта оралады. Екі иіңді иіңтірек 12 диафрагмамен бірге серіппемен жоғары көтерілетін союуышты 7 босатады. Осы кезде жанармай айдау клапаны арқылы 6 карбюратордың қалтқылы камерасына ығыстырылады. Егер колмен тарту жұмыс істемесе, онда иіңді білікті жартылай айналымға айналдыру қажет.

*Диафрагмалық түйін* бензинмен қатынаста жұмыс істейтін екі жұмыс диафрагмасынан және маймен қатынаста жұмыс істейтін бір сақтандырғыштан тұрады. Сақтандырғыш диафрагмасы жұмыс диафрагмасының жұмысына қартерлік газдың әсерін, сондай-ақ, жұмыс диафрагмасы зақымданған кезде, қозғалтқыш қартері тұғырығына бензиннің түсуін алдың алады. Жұмыс диафрагмалары май мен бензинге жоғары беріктігі бар арнайы кенептен дайындалған.

Сорғы союуыш арқылы таратқыш білігі эксцентрігінен іске қосылады.


## 7.12. Жанармай сүзгілері

Жанармайдың құрамында түрлі механикалық қоспалар мен су болуы мүмкін. Бензиндегі олардың мөлшері тасымалдау, сақтау және құю талаптарына байланысты. Бензинде механикалық қоспа болмауы тиіс, өйткені, олардың бөлшектері карбюратор жиклерін лаастайды, бұл дайындалынатын жанармай қоспасы сапасын нашарлатады, қозғалтқыш қуатын төмендетіп, тиімділік деңгейін түсіреді. Карбюратордың қалтқылы камерасында судың жиналуы араластырғыш камерасына бензиннің орнына судың түсуіне әкелуі мүмкін және қозғалтқыш тоқтайды (өшіп қалады).

**Жанармай сүзгі-тұндырғышы.** Бензинді механикалық қоспалар мен судан бастапқы қаралап тазартуға жанармай сүзгі-тұндырғышы (7.16 сур., а) қолданылады.

Сүзгі-тұндырғышы тартпалы бұранданың көмегімен корпусты қақпақпен 3 байланыстыруға арналған өзекті корпуста тұрады. Өзекке қақпаққа 3 серіппені жабыстырған сүзгілеуші элемент 5 кигізіледі. Өзектегі қалдықты ағызу үшін тығынмен 7 жабылатын радиалды және шығыс саңылаулар орындалған.

Сүзгі элементі үстінен корпустың элементімен, ал астынан тіреуіш тығырықпен жабылған сүзгілеуші тілімдерден 9 тұрады. Сүзгі элементі екі бағанаға жиналады. Сүзгі тілімдері мен элементі корпусы сүзгіленген жанармай 8 өткелі арнасын құрайтын саңылаудан тұрады. Бұл арналардың асты тіреуіш тығырығымен жабылған.



7.16 сур. Жанармай сүзгілері:

а — қарапайым тазарту; б және в — ақтап тазарту: 1, 11 — корпус; 2, 4, 10, 12 — арналар; 3 — қақпақ; 5, 13 — сүзгі элементтері; 6 — дөңесшелер; 7 — тығын; 8 — арналар; 9 — сүзгі тілімдері; 14 — тұндырғыш; 15 — ұстағыш; 16 — құлақты сомын.

Сүзгі тілімдерінде тілімдерді бір-біріне нығыз жанасуын алдын алатын дөңестері *б* бар. Жанармай сүзгі ішіне жанармай бағынан жанармай беру түтікшесі жалғастығына байланыстырылған саңылау *4* арқылы енгізіледі. Сүзгіленген жанармай саңылау *2* арқылы апарылады.

Сүзгі-тұндырғыш келесі үлгіде жұмыс істейді. Жанармай сүзгіге жанармай сорғысымен түзілетін ыдыраудың әсерімен түседі. Егер жанармайда су болған жағдайда, онда ол түбіне түсіріледі, өйткені, ол бензинге қарағанда үлкен үлес шамасына ие. Бензин сүзгі тілімдері арасындағы тесіктер арқылы элементтің сырты мен ішіне өтеді. Тесіктерге қарағанда барынша үлкен механикалық бөлшектер ұсталынады, ал тазартылған бензин бензин сорғысына түседі. Тұнбаны шығаруды ағызу саңылауының тығыны *7* атқарады. Сүзгі тілімдерінің арасындағы саңылау *0,05* мм құрайды.

**Жанармайды ақтап тазарту сүзгісі.** Ұсақ механикалық бөлшектер сүзгі-тұндырғышының сүзгі элементі арқылы және сорғының кіріс арнасының торлы сүзгісі арқылы өтуі мүмкін. Жанармайды ұсақ механикалық қоспалардан тазартуды ақтап тазарту сүзгісі атқарады.

Сүзгі корпусы *11* (7.16 сур., *б* және *в*) мен тұндырғыш-стақанынан *14* тұрады. Бұлар өзара рокер, ұстағыш *15* және құлақты сомынның *16* көмегімен байланысқан. Корпус пен тұндырғыштың арасында жанармайдың ағуын алдын алатын төсем қойылған. Сүзгілеу элементі *13* кеуек керамикалық стақан түрінде әзірленуі мүмкін. Сондай-ақ, ойылған алюминий стақанына жез тор ора-



тылып, серіппемен бекітілген торлы сүзгі элементтері де қолданылады. Соңғы кезде кеуек қағазынан жасалған сүзгі элементі қолданылады.

### 7.13. Жанармай бактары

Автомобильдерге бір, екі және одан да көп жанармай бактарын орнатуға болады. Бактар сыйымдылығы автомобиль жүрісін 400...600 км кем емес қамтамасыз етуі керек. Автомобильдердің көбінің жанармай багы құрыш және таңбаланған. Олар ішкі беті қорғасындалған екі дәнекерлеу бөліктен тұрады. Жүк автомобильдерінің жанармай багының ішінде аралық қалқанды болады. Ол нашар жолдарда бензиннің шалпылдауын төмендетеді. Бұл біріншіден бак қабырғаларын гидравликалық соққылар мен бүлінуден сақтайды, екіншіден, бензин шалпылдауы кезінде жанармай багының ұшқынды разряды мен жарылысын шақыруға қабілетті және электр қуатының жиналуына әкелетін молекулалық жанасудың алдын алады.


Жеңіл автомобильдердің жанармай бактары жүксалғышқа немесе автомобиль шанағының астына орнатылады. Жүк автомобильдерінің жанармай багы шанақтың сол жақ астына немесе жүргізуші кабинасының астына орнатылады. Егер бак саны біреуден артық болса, олар тек сол жаққа ғана емес, шанақтың оң жақ астына да орнатылуы мүмкін. «ГАЗель» автомобилінің кейбір модельдерінде жанармай багы пластмассадан дайындалады.

Бактарды тіреуіштерге болат таспалармен бекітеді (7.17 сур.), ал олардың астына 3 және 5 төсемі төселеді. Тұнбаны ағызу үшін төсемді 2 тығындармен 1 жабылатын саңылаулар болады. Бакқа жанармай деңгейі 13 көрсеткіші, сондай-ақ, бактан жанармайды жинауға арналған түтікшелер және жанармайдың бір бөлігін карбюратордан бакқа қайтару үшін қадаға орнатылады. Жанармайды жинауға арналған түтікшеде торлы сүзгі 10 бар.

Жанармайды құю үшін жанармай багында құю қылтасы болады. Жүк автомобильдерінде құюды жеңілдету үшін қылтаға торлы сүзгілі жылжымалы қылта орнатылуы мүмкін.

Жүк автомобильдері жанармай багының құю қылталары бак ішінде атмосфералық қысымды сақтап тұру үшін бу және ауа клапандары тығындарымен жабылады.

Бактағы бензин мөлшерінің төмендеуі кезінде ыдырау пайда болуы мүмкін, бұл қозғалтқыш жұмысының ауытқуына әкеледі. Бак ішіндегі қысымның атмосфералықтан 2...4 кПа-ға дейін төмендеуі кезінде енгізу ауа клапаны ашылады және бакқа қақпақтағы саңылау арқылы атмосфералық ауа енеді.



7.17.-сурет. Жанармай шаны

1 — ағу тығыны; 2 — ағу тығыны төсемі; 3, 5, 14 — төсемдер; 4 — таспа; 6 — жақтауға бак тіреуішін бекіту; 7 — жанармайды жинау және ағызудың сүзгілі фланеці; 8 — серіппе; 9, 11 — фланецтер; 10 — сүзгі; 12 — штифт; 13 — жанармай деңгейінің электр көрсеткіш қадағасы

Жылдың ыстық кезеңінде автомобильдің жұмыс істеуі кезінде бензиннің қарқынды булануы орын алады және бактағы қысым көтеріледі. Артық қысымның алдын алуды шығару бу клапаны атқарады. Егер бак ішіндегі қысым атмосфералық деңгейден асып кетіп және 110...118 кПа-ға жетсе, шығару клапаны серіппені сығымдап ашады және бензин буының бір жартысын атмосфераға жібереді.

Жеңіл көліктер жанармай бағының құю қылтасы, ереже бойынша, саңылаусыз бұрандалы тығындармен жабылады. Жеңіл автомобильдердің көпшілігінің карбюраторлары жанармай бағына артық жанармайды құятын келте құбыры болады. Бұл түтікшелер арқылы бактағы атмосфералық қысым сақталады.

ВАЗ-2110, -2111, -2112 және кейбір басқа автомобильдерде бакқа шлангпен байланысқан бөлшектенбейтін сепараторы болады. Бензиннің булануы есебінде қысым артқан кезде бу шланг


бойымен сепараторға түседі, конденсацияланады және жанармай бағына қайта оралады.

Тығындарда жоғалудың алдын алатын шынжырша болуы мүмкін.

### 7.14. Ауа сүзгілері

Бір сағат жұмыс істеген қозғалтқыштар 200-ден 350 м<sup>3</sup> ауаны пайдаланады. Ауаның құрамында көп мөлшерде шаң болады. Егер бұл шаң қозғалтқышқа түсетін болса, онда ол цилиндрде маймен араласады және цилиндрлі піспекті топтар, сондай-ақ, клапандық механизмнің қарқынды тозуына әкелетін абразивті қоспаға айналады. Карбюраторға енетін шаң жиклерлердің бітелуіне, жанармай қоспасы сапасының өзгеруіне, қуаттылықтың құлауы мен қозғалтқыш тиімділігінің түсуіне әкелуі мүмкін.

Ауаны тазартуға ауа сүзгілері пайдаланылады. Жеңіл автомобильдері қозғалтқыштарында негізінен құрғақ сүзгі элементі бар



7.18 сур. Құрғақ ауа сүзгісі:

1 — сүзгі корпусы тіреуіш бекіткіші; 2 — сүзгі корпусы; 3 — қақпақ тіреуіш бекіткіші; 4 — сүзгі элементі; 5 — қақпақ қондырғысының тілі; 6 — қақпақ; 7 — қақпақтың сомын бекіткіші; 8 — тығырық; 9 — картер вентиляциясының жоғарғы созу шангісі; 10 — ауа тартқыш; 11 — жылытылған ауаның гофриленген шлангісі; 12 — ауа тартқышы жапқышының шағын тұтқышы; 13 — жоғарғы созу шлангісінің келте құбыры

ауа сүзгілері қолданылады, ал жүк автомобильдері қозғалтқыштарында көбіне көп инерциялық-майлы ауа сүзгілері орнатылады.

Ауа сүзгілеріне келесі талаптар қойылады:

- ауаны шаңнан тазартудың тиімділігі;
- шағын гидравликалық қарсылық;
- қажетті шаң сыйымдылық;
- жұмыс сенімділігі мен қызмет көрсетудің қолайлылығы;
- құрылма технологиялылығы.


Ауа сүзгілері ауаны 95...96% дейін тазартады, осының арқасында айтарлықтай шаңданған жағдайда, тетіктердің ескіруі 1,5-2 есеге азаяды.

Құрғақ ауа сүзгілері. Құрғақ сүзгілер карбюраторға тіреуіштің 1 көмегімен бекітілетін корпуста 2 тұрады (7.18 сур.). Корпус тіреуішке 3 бекітілген қақпақпен 6 жабылады. Корпуста қағаз сүзгі элементі 4 орнатылған. Қақпақ тығырық 8 арқылы сомынмен 7 бекітіледі. Қозғалтқыш қартерін вентиляциялау үшін қақпақта оған шланг 9 бекітілген келте құбыры бар. Сүзгі 2 корпусына ауа аутартқыш 10 арқылы енеді. Жылытылған ауаны алу үшін гофрирленген шланг 11 пен ауа тартқышы жапқышының шағын тұтқышы 12 болады. Шланг 9 келте құбырға 13 жалғанады.

Ауа тартқыш арқылы ауа корпус ішіне енеді және сүзгі элементінің ұсақ тесіктері арқылы өтеді; бұл ретте, механикалық бөлшектер сүзгі элементінің 4 бетіне тұнады. Тазартылған ауа карбюратордың араластырғыш камерасына түседі. Жылдың суық мезгілінде бензиннің жақсы булануы үшін жылытылған ауаны алу қажет. Ол үшін салқын ауаның келуін жапқышпен бөгеп, шағын тұтқышты 12 айналдыру қажет, ал гофрирленген шланг арқылы жылытылған ауа түсетін болады.

Инерциялы-майлы ауа сүзгілері. Бұл сүзгілер (7.19 сур.) корпуста 16, қақпақ 12 пен маңайында сақиналы тесігі 14 бар сүзгі элементінен 6 тұрады. Корпусқа пайдаланылған моторлы май толтырылған майлы ванна 2 орналасқан.

Карбюратордың келте құбырына еңбес бұрын ауа корпус пен қақпақ арасындағы немесе шығыршықты тесіктің 14 бойымен қабылдау терезесі арқылы сүзгі элементі 6 корпусының төменгі шетіндегі тесіктен өтуі тиіс, қуыста 17 ол 180° айналып, элемент 6 арқылы жоғары жүреді. Сүзгі элементі арқылы өте келе, ауа тағы да 180° айналады және карбюратордың араластырғыш камерасына бағытталады. Ауа сүзгі элементінің төменгі шетіне жетіп, қозғалыс бағытын шұғыл өзгерткен кезде, механикалық бөлшектер инерцияның салдарынан айналып үлгермейді, майдың бетіне соғылысып, оған жабысып қалады. Ауа ағыны бірден қозғалыс бағытын өзгертіп, майдың бетінен ұсақ тамшыларды жұлып әкетеді және майда шаңмен бірге сүзгі элементіне түседі. Шаңның майда бөлшектері сүзгі элементінің жіптеріне жабысып, май тамшылары да тұрып қалады. Жиналу шамасына қарай май май



7.19 сур. Инерциялы-майлы ауа сүзгілері:

а — ЗИЛ автомобилінің қозғалтқышы; б — дизельдер; 1, 11 — жалғастырғыш тегіктер; 2 — майлы ванна; 3 — шағылдырғыш; 4, 5, 10, 19, 20 — нығыздағыш төсемдер; 6 — сүзгі элементі; 7 — тартпалы бұранда; 8 — құлақты сомын; 9 — құлақты бұранда; 12 — қақпақ; 13 — компрессорға ауаны іріктеу келте құбыры; 14 — шығыршықты саңылау; 15 — шығыршықты терезе; 16 — сүзгі корпусы; 17 — қуыс; 18 — енгізу жүйесінің бәсеңдеткіш корпусы; 21 — орталық құбыр

ваннасына қайта ағады, бұл жолда ол сүзгі элементі б мен шағылдырғыштағы 3 шаңды шайып өтеді.

Жазғы уақытта ауа тікелей атмосферадан ауа сүзгісіне түседі, ал жылдың салқын мезгілінде –қозғалтқыш капоты кеңістігінде жылытылып түседі. Ол үшін ЗИЛ автомобилі қозғалтқышындағы

ауа сүзгісі қылтасында ауа енгізгішке қысылған гофрирленген келте құбыры болады.

Сүзгіге қарай ауа ағыны жапқыштың көмегімен реттеледі. Егер жапқыш төмен түсірілген болса, онда ауа атмосферадан алынады, ал егер жапқышты тұтқаның көмегімен көтерсе, онда ауа жұмыс істеп тұрған қозғалтқышта жылытылып сүзгіге беріледі. Жапқышты қажет қалыпта серіппе ұстап тұрады.

Ауаны көп тұтынатын қозғалтқыштарда сүзгі корпусы кіру жүйесінің 18 бәсеңдеткіш корпусына сыйып кетеді.

## 7.15. Енгізу және шығару құбырлары


Енгізу құбырлары қозғалтқыш цилиндріне жанармай қоспасын жеткізу ісін атқарады, ал шығару құбырлары цилиндрлерден пайдаланылған газды бұру ісін атқарады.

Цилиндрі V-тәрізді орналасқан қозғалтқыштардың *енгізу* құбыры цилиндр арасындағы дәлдеуде орналасқан және күрделі формалы болады. Құбырлар газдың көшуіне минималды қарсылық білдіруі керек. Өйткені, бұл қозғалтқыш цилиндрін толтыру ісін жақсартуға қажет.

Барлық карбюраторлық қозғалтқыштардың енгізу құбырында жанармай қоспасын жылытуға арналған құрылғысы болады. Бұл мақсатта қозғалтқыш цилиндріне жанармай қоспасы берілетін арналар ыстық сумен жуылады. Жұмыс істеп тұрған қозғалтқышта суды және бензиннің булануын жақсарта отырып, онымен бірге жанармай қоспасын да құбырлар жылытады.

Жанармай қоспасын жылытуға арналған құрылғыда «Қыс» және «Жаз» деген жазбасы бар сектор 6 орналасқан осьтің сыртқы шетінде жапқышы 8 болады (7.20 сур.). Сектор қажет қалыпта тоқтатқыш түйреуіш пен сомынның 7 көмегімен бір қалыпта тұрады. Сыртқы ауаның температурасы 5°C асқан кезде, жапқышты «Жаз» қалпына айналдыру қажет. Бұл ретте ол көлденең күйге түседі және пайдаланылған газ енгізу құбырының қабырғаларымен шамалы жанасып және жанармай қоспасы шамалы жылытылып тікелей бәсеңдеткішке шығады. Жапқышты қыста пайдаланғанда, оны «Қыс» қалпына айналдырады және ол шығару құбырын тасалайды. Пайдаланылған газға жапқышты үстінен айналып өтуге тура келеді және бұл кезде ол енгізу құбыры қабырғасымен жанасып және оны айтарлықтай қарқынды жылытады.

Жанармай қоспасын жылыту қажет, өйткені, карбюратордан енгізу құбырына түсетін қоспа жанармайдың барынша тамшы түріндегі бөлшегінен құралған. Олар бүтін жанармай қабықшасын құрап, енгізу құбырының қабырғаларында тұнады. Жанармай қабықшасы цилиндрге әрқалай енеді. Бұл жағдай жанармай қоспасы құрамының өзгертуге және қозғалтқыштың нашар жұмыс істеуіне әкеледі.



7.20 сур. Пайдаланылған газдың енгізу және шығару жүйесі мен жанармай қоспасын жылыту элементтері:

а — енгізу және шығару құбырлары (ГАЗ-3102 «Волга» автомобилінің қозғалтқышы); б және в — қоспаны барынша аз және көбірек жылытуға сәйкестендірілген жапқыштың күйі; г — шығару жүйесі шуын бәсеңдеткіш; 1 — енгізу құбыры; 2 — карбюратор құрылығына арналған құйылу; 3 — тежегіш механизмін вакуумдық күшейтеу құбыр жалғастығына арналған саңылау; 4 — төсем; 5 — шығару құбыры; 6 — жылытуды реттеу секторы; 7 — тоқтатқыш шпилькасы мен сомыны; 8 — жапқыш; 9, 14 — бәсеңдеткіштің түбі; 10 — корпус; 11 — аралық; 12 — камера; 13 — ішкі құбыр; 15 — шығару құбыры; 16 — бәсеңдеткіштің бергі қабырғасының келте құбыры; 17 — бәсеңдеткіштің қабылдау құбырлары

Алайда жанармай қоспасының артық жылытылуы да зиянды, өйткені қоспаның қатты кеңеюі кезінде цилиндрлердің салмақтық заряды азаяды, ал бұл қуатты жоғалтуға әкеледі.

*Шығару* құбырлары шойыннан, V–тәрізді қозғалтқыштарда әрбір цилиндрлер қатарына жекелей құйылады. Қатарлы қозғалтқыштардың шығару құбырында жанармай қоспасын жылыту деңгейін реттеу үшін жапқыш орнатылады.

### **7.16. Пайдаланылған газды шығару шуын бәсеңдеткіш**

Пайдаланылған газ қозғалтқыш цилиндрінен ауқымды қысымда және үлкен жылдамдықта шығады. Олар айтарлықтай энергияға ие және атмосферада кеңее отырып, қатты шу шығарады. Пайдаланылған газды атмосфераға шығару, жалын мен ұшқынды өшіру кезіндегі шуды азайту ісін бәсеңдеткіш атқарады.

Шуды азайту үшін газдың жылдамдығы мен қысымы төмендетіледі. Бұған пайдаланылған газдың бағыттарын бірнеше мәрте өзгерту, газ ағындарын ұсақ сыздықталған ағысқа бөлу, ағынды шағын мөлшерден үлкенге өткізу және газды салқындату арқылы қол жеткізіледі.

Қарсылықты ұлғайтудың нәтижесінде газды шығаруда қозғалтқыштың қуаттылығы 15...20% дейін жоғалады және шу қаншалықты қарқынды өшірілсе, қуаттылық соншалықты көп жоғалады.

Тура ағындық типті пайдаланылған газдың шуын бәсеңдеткіш (7.20 сур. қараңыз) резонаторлы және кеңейткіш камерасынан тұрады, одан өткеннен кейін газдың лүпілі тегістеледі және олар шығару құбырынан 15 дыбыссыз жұлынады. Бәсеңдеткіш конструкциясы бөлшектелмейді және өзара дәнекерленген құрыш таңбаланған тетіктерден тұрады. Бәсеңдеткіштің қабылдау құбырлары 17 мен шығару құбыры 15 бәсеңдеткіш түбіндегі келте құбырға қатты бекітіледі. Бәсеңдеткіш корпусының 10 ішінде арасында кеңейткіш камералары 12 орнатылған бірнеше аралық 11 бар.

ВАЗ қозғалтқышының бәсеңдеткіші қосымша және негізгі корпустардан, ішкі тесілген құбырдан, бүтін және тесілген аралықтардан тұрады.

Автомобильдердің түрлі моделіндегі бәсеңдеткіштер құрылысы мен жұмыс принциптері негізінен бірдей.

### **7.17. Пайдаланылған газды бейтараптандыру**

Автомобиль қозғалтқыштарының пайдаланылған газының құрамы қоршаған ортаны ластауға айтарлықтай әсер етеді. Ластаудың басты себебі жанармайдың толықтай жанбауы.



Сондай-ақ, қозғалтқыштың жану камералары өзіндік химиялық реакторлар болып табылады, өз кезегінде ол улы заттарды синтездеп, оларды атмосфераға тастайды.

Ішкі жану қозғалтқыштарындағы пайдаланылған газдың құрамында 170 жоғары зиянды құрамдас бар, оның ішінде көміртек тотығы, көмірсутек, азот және күкірт тотығы, қорғасын мен қара күйесі бар қатты қалдықтар. Атмосфераға көмірсутектің түсуі қозғалтқыштың жұмыс істеуі кезінде ғана емес, бензинді құю кезінде де болады. Экологиялық ұйымдардың ақпараты бойынша, Мәскеуде бір тәулікте 300 т бензин буланады. Бұл ауаның 200 мың м<sup>3</sup>-ге дейін ластануына әкеледі.

Ауаның ластану деңгейін төмендету үшін пайдаланылған газдың құрамында көміртек тотығы МЕМСТ талаптарына жауап бермейтін қозғалтқыштарды пайдалануға тыйым салынады. Қолданыстағы нормалар бойынша бос жүрісте қозғалтқыштарды сынау кезінде көміртек құрамы 1,5 %-дан, ал айналым жиілігі жұмысында — 1,0% аспауы тиіс. Бос жүріс, екпін мен айналымдарды жылдамдату режимінде атмосфераға көбіне көміртек тотығы лақтырылады. Қозғалтқыштың нашар жанармай қоспасында жұмыс істеуі кезінде пайдаланылған газдың құрамында азот тотығы көбірек болады.

Зияндылықты азайтудың жолдары белгілі, оларды тізбектеп өтсек:

- қозғалтқыштың бір бөлігін газ жанармайына ауыстыру;
- карбюраторлар және тұтандыру жүйесін мұқият реттеу;
- карбюратордың жанармай бағы мен қалтқылы камерасынан жанармай мен будың ағуын жою;
- қартер вентиляциясының жабық жүйесін қолдану;
- пайдаланылған газда қайта айналымды қолдану;
- иінді біліктің айналым жиілігі мен сығу дәрежесіне қарай қозғалтқышты дефорсирлеу.

Сығу дәрежесі төмендетілген кезде жану температурасы да азаяды, осының салдарынан азот тотығын лақтыру да төмендейді. Мұндай қозғалтқыштарда этилді бензинді пайдаланудың қажеті жоқ. Сәйкесінше, қорғасынның зиянды тотығын лақтыру да азаяды. Қорғасын тотығы шырышты қабыққа әсер ете отырып, ауыр улануды шақырады және адамның ағзасына түссе, оны шығару мүмкін емес. Біртіндеп жинала береді, ал бұл денсаулыққа қауіпті концентрация әкеледі.

## **7.18. Жанармайды үлестіріп бүрку жүйесі**

Аталған жүйе ВАЗ-2110, -2111 және -2112 автомобильдерінде қолданылады. Ол электр жанармай сорғысы жөнделетін жанармай бағынан тұрады. Жанармай сорғыдан қысымды реттеуіш

арқылы бүріккішке беріледі, ал ол жанармайды газ таратқыш механизмінің енгізу клапанының маңында енгізу құбырына бүркіп енгізеді. Қысымды реттегіш инжектордағы қысымды 0,29 Мпа (2,9 кг/см<sup>2</sup>) маңында сақтап тұруды атқарады.

Жанармайды үлестіріп бүрку жүйесі электрондық басқару блогы мен қадаға қатарынан тұрады. Электрондық басқару жүйесі қадаға белгілерін қабылдап, оларды өңдейді және жанармайды бүрку үшін бүріккішті (электр магниттік клапандар) қай кезде ашу уақытын есептеп шығарады.

Бүріккіштер жанармайды ұсақ тозандатылған күйде енгізу клапанының бастиегіне қарай бүркиді, бұл жерде ол жылытылып, жылдам буланады және жану камерасына ашық енгізу клапаны арқылы сорылады. Бүріккіштің клапаны электр импульсін беруді тоқтату сәтінде жанармай беруді де тоқтатады.

Жанармайды үлестіріп бүрку жүйесінің басымдығы қозғалтқыштың айтарлықтай тиімді жұмысы мен оны жылдың салқын мезгілінде жеңіл іске қосуы болып табылады.

Инжекторлық қозғалтқыштың кемшілігі жоғарғы сұрыпты бензинді құю, айтарлықтай күрделі техникалық қызмет көрсету, қызмет мерзімінің қысқаруы болып табылады. Төмен сұрыпты бензиндерде жұмыс істеу қадағалардың уақытынан бұрын істен шығуына әкеп соғады. Жүйенің кейбір элементтері 80...120 км жүрістен кейін-ақ істен шығып жатады. Ереже бойынша, бүріккіштің қызмет көрсету мерзімі 60.80 мың км жүрістен аспайды.

### **Бақылау сұрақтары**

1. Қуат көзі жүйесінің негізгі құралдарының міндеті мен құрылысын түсіндіріңіз.
2. Автомобильді карбюраторлық қозғалтқыштарға арналған жанармай түрінде бензиндердің қандай түрлері қолданылады?
3. Жанармай қоспасы құрамдарын атаңыз.
4. Жұмыс қоспасының детонациясы деген не? Қалыпты жану және детонация кезінде жұмыс қоспасының жануының тарау жылдамдығы қандай? Бұл ретте максималды қысым қандай болады?
5. Қарапайым карбюратордың міндетін, құрылысын және жұмысын түсіндіріңіз.
6. Түрлі карбюраторлардың бос жүріс жүйесінің міндетін, құрылысын және жұмысын түсіндіріңіз.
7. Түрлі карбюраторлардың мөлшерлеуіш басты жүйесінің міндетін, құрылысын және жұмысын түсіндіріңіз.
8. Экономайзерлер мен эконоустаттардың міндетін, құрылысын және жұмысын түсіндіріңіз.
9. Тездеткіш сорғылардың міндетін, құрылысын және жұмысын түсіндіріңіз.

10. Қосу тетіктерінің міндеті мен құрылысын түсіндіріңіз. Суық қозғалтқышты қосқан кездегі карбюраторлардың жұмысы туралы айтып беріңіз.

11. Жанармай сорғысының міндетін, құрылысын және жұмысын түсіндіріңіз.

12. Сүзгі-тұндырғыш пен жанармайды ақтап тазарту сүзгілерінің міндетін, құрылысын және жұмысын түсіндіріңіз.

13. Иінді білік айналымының максималды жиілігінің пневматикалық ортадан тепкіш шектегіштерінің міндетін, құрылысын және жұмысын түсіндіріңіз.

14. Ауыспалы қағаз сүзгі элементі бар және инерциялық-май типті ауа сүзгілерінің міндетін, құрылысын және жұмысын түсіндіріңіз.

15. Бәсеңдеткіштің міндетін, құрылысын және жұмысын түсіндіріңіз.

16. Жанармайдың тарату бүркілі бар бензинді қозғалтқыштардың қуаттау жүйесінің міндетін, артықшылықтары мен кемшіліктерін түсіндіріңіз.

## 8 т а р а у

### ГАЗ БАЛЛОНДЫ АВТОМОБИЛЬДЕРІНІҢ ҚУАТТАУ ЖҮЙЕСІ

#### 8.1. Газ баллонды автомобильдерде қолданылатын газдардың жалпы сипаттамасы

Қазіргі уақытта екі түрлі газ баллонды автомобильдер шығарылады: ЗИЛ-431810 және -431610. Жанармай ретінде арнайы сығымдалған және сұйылтылған газдар қолданылады. Қуаттандудың резервтік жүйесі бензинді қолданады. Жанармай бензин бағының сыйымдылығы 10 л және газ жанармайы толығымен шығындалғанда, қысқа мерзімді жұмысқа немесе қоршаған ауаның төмен температурасы кезінде қозғалтқышты қосу үшін арналған.

ЗИЛ-431610 автомобильдері сығымдалған газ жанармайында және А-76 маркалы бензинмен жүруге арналған. Қуаттау бензин жүйесінің ЗИЛ-431410 карбюраторлы қозғалтқышының қуаттау жүйесінен азғантай айырмашылығы бар. Олар жанармай сорғысы мен карбюратордың калтқы камерасының арасында орналасқан электр магнитті клапанның және барлық режимдерде газды жеткізу құрылғысынан құралады.

*Сұйылту* деп қалыпты температура кезінде және қысымы 1,6 МПа (16 кгс/см<sup>2</sup>) дейін жеткенде сұйықтыққа айналатын газдары аталады.

*Сығымдалған* деп газ тәрізді қалыпты қоршаған ортаның қалыпты температурасында және олар кез келген қысымға дейін сығылған кезде сақтайтын газдар аталады. Негізінде сығылу қысымы 20 МПа (200 кгс/см<sup>2</sup>) дейін жетеді.

**Сұйылтылған газдар.** Автомобиль қозғалтқыштарына қолданылатын сұйылтылған немесе сұйық газдардың құрамына бутан, пропилен, этан және этилен қосылған бутан мен пропан кіреді. Сұйытылған газ қысымы көлемінің маңызды практикалық мағынасы бар. Бір жағынан, баллонның ішіндегі қысым мейлінше төмен болу қажет. Өйткені, бұл жағдайда жұқа қабырғалы, демек жеңілдірек баллондарды қолдануға болады. Екінші жағынан, кез келген температурада баллондағы сұйылтылған газдың қысымы қозғалтқышқа жанармайды жеткізуді және газ аппаратурасының жұмысын қамтамасыз ету үшін жеткілікті болуы қажет.

Пропан (сондай-ақ, пропилен) кез келген климаттық жағдайларда баллондағы қысымның қанағаттанарлық көлемін қамтамасыз етеді. Таза күйдегі бутан тек ыстық климатты аудандарда қол-

дануға жарамды, өйткені ауа температурасы  $0\text{ }^{\circ}\text{C}$  төмен болса ол баллондағы артық қысымды қамтамасыз етпейді. Этан қысымды арттыру үшін азғантай қоспалар түрінде сұйылтылған газдарда қолданылады.

Сұйылтылған газдардың негізі өндірушілері:

- мұнай газдарынан бензин өндіретін газолин зауыттары; бензиннен өндірілген сұйылтылған газдың шығымы  $50\%$  дейін құрайды;

- бастапқы шикізаттан салмағы бойынша  $3\%$  дейін жанама өнім ретінде сұйылтылған газдар алынатын крекинг-зауыттары;

- тас көмірден бензин өндіретін зауыттар; негізгі өнімнің салмағынан сұйылтылған газдың шығымы  $10\text{...}12\%$ -ға дейін.

Сұйылтылған газдарға қойылатын негізгі талаптар:

- құрамының климаттық жағдайларға сәйкестігі;

- ластайтын және зиянды қоспалардың шектелген құрамының қатаң сақталуы.

Ауаның өте төмен температурасы кезінде сұйылтылған газы бар баллондағы қысым  $0,2\text{ МПа}$ -дан ( $2\text{ кгс/см}^2$ ) төмен болмауы, өте жоғарыда —  $1,6\text{ МПа}$ -дан ( $16\text{ кгс/см}^2$ ) аспауы тиіс. Күкіртті қосындылардың шекті құрамы  $0,15\%$ -ды құрайды. Газдың құрамында су, механикалық қоспалар, суда еритін қышқылдар, сілтілер және шайырлы заттар болмауы керек.

**Сығылған газдар.** Бұндай газдар табиғи, мұнай және кәріздік болып бөлінеді.

*Табиғи* газдар бұрғы газ ұңғымаларынан өндіріледі. Табиғи газдар құрамы бойынша біртекті, көп жағдайларда ластайтын және зиянды қоспалары болмайды, жоғары детонацияға қарсы ерекшелігі бар және арзан.

*Мұнай* газдары мұнайды өндіру, мұнай айыру және крекингті зауыттарда мұнайды қайта өңдеу және газолин зауыттарында мұнай газдарынан бензинді өндіру кезінде жанама өнім ретінде алынады. Мұнай газдары құрамы бойынша табиғи газдарға қарағанда біртектіден аздау және қоспалармен көбірек ластаған. Олардың жылу шығару мүмкіндігі табиғи газдардың жылу шығару мүмкіндігінен жоғары, өйткені олардың құрамында ауыр газдар көбірек.

*Кәріздік* газдар ірі қалалардағы арнайы станциялардың кәріз ағын суларын қайта өңдеу кезінде газдар бөлінеді. Бұл газдар негізінде метан мен көмір қышқыл газынан құралған.  $100\ 000$  адам халқына қызмет көрсететін, ағын суларды қайта өңдеу станцияларынан шығатын кәріздік газ тәулігіне  $2500\text{ м}^3$  құрайды, яғни  $2000$  л бензинді алмастырады.

**Сығылған газдардың әртүрлі түрлерін салыстыру.** Құрамында метан және біршама күрделі көмірсутегі бар газдар автомобильдер үшін жанармайдың ең жақсы түрі болып табылады. Керісінше, сутегі және көміртек тотығы көп болған жағдайда, олар төмен жылу шығару мүмкіндігіне ие және сондықтан автомобиль жанармайы ретінде қолдануы төмендеу.

**Сұйылтылған және сығылған газдарды салыстыру.** Жоғары калориялы сығылған газдар қалай болса, сұйылтылған бутан-пропанды газдар да автомобиль қозғалтқыштары үшін солай жоғары сапалы жанармай болып табылады.

Бірақ сұйылтылған газдар сығылған газдарға қарағанда елеулі артықшылықтары бар:

- жұмыс қысымы едәуір төменірек (20 Мпа қарсы 1,6 Мпа дейін), бұл жеңілірек және арзандау баллондар мен газ құбырларын қолдануға жол береді;

- теміржол және автомобиль цистерналарында кез келген ара қашықтыққа тасымалдау мүмкіндігі; сығылған газдарды тасымалдау іс жүзінде жүзеге асырылмаған;

- күрделі жабдықтарды талап етпейтін арзандау және қарапайым газ құю құрылыстары; баллондарды сығылған газбен толтыру жоғары қысымды компрессорлармен қамтылған газ толтыру станцияларында жүзеге асыру мүмкін;

- сапарлар қашықтығының өсуі және сығылған газдарда жұмыс жасайтын газ баллонды автомобильдердің зор пайдалы жүк көтергіштігі.

Сығылған газдардың, өз кезегінде сұйылтылғандардың алдында артықшылықтары бар:

- ол арзан, жергілікті жанармайдың аз қолданылатын түрі; сұйылтылған газдар керісінше өте қымбат өнім болып табылады, өндірісте құнды химиялық заттар, жоғары сұрыпты бензиндер қатарында, тұрмыстық мақсаттарда және т.б. қолданылады;

- табиғи және өндірістік газдар көздері елдің түрлі аумақтарында орналасқан, сондықтан осы аймақтарға сұйық жанармайды едәуір қысқартуға жол береді; сығылған газдары бар станциялар аз таралған.

Автомобиль көлігі үшін газдың жергілікті көздерінің болуына және газбен қамтуды ұйымдастыру мүмкіндігіне қарай сұйылтылған газдарды пайдалануға қаншалықты дұрыс болса, сығылған газға да дәл солай.

**Газ жанармайының бензинмен салыстырғандағы артықшылығы.** Жанармай газының бензиннің алдындағы артықшылықтары мынадай:

- жанармайдың ауамен жеңілірек және толығырақ араласуы;
- жанармайдың қозғалтқыштың жеке цилиндрлеріне біркелкі таратылуы;

- қартерлі майдың жанармайымен сұйылтылуының және цилиндрлер қабырғаларынан май қабықшасының шайылуының толығымен жоқтығы;

- піспектерде, клапандарда және жағу камераларының қабырғаларында күйікті азайту;

- бензинмен жұмыс істегенге қарағанда толық жанғаннан кейін пайдаланған газдардың уландырғыштығының төмендігі;

- қозғалтқыштың цилиндрлі піспекті тобы бөлшектері тозуының едәуір азаюы;

Газ тәрізді жанармайдың дүмпуге қарсы жоғары ерекшеліктері және осымен байланысқан қозғалтқыштағы сығылу дәрежесін едәуір арттыру мүмкіндігі, ол қуаттылықты арттырады және жанармайдың шығынын азайтады.

**Автомобиль қозғалтқыштары үшін жанармай ретінде жанармай газдарының кемшіліктері.** Автомобиль қозғалтқыштары үшін жанармай ретінде жанармай газдарында мынадай кемшіліктер бар:

- жанармайды беру жүйесінің күрделенуі және қымбаттауы, өйткені газ баллондары өздерінің арматураларымен, газ құбырлары және газ аппаратурасы конструкциясы бойынша күрделілеу, бензин бағына, бензин құбырына және бензин сорғысына қарағанда қымбаттау және ауырлау;

- бензин қозғалтқышын қандай да бір қайта жөндеусіз газға ауыстыру кезінде қуаттылықтың азаюы. Газ-ауа қоспасының бензин-ауа қоспасымен салыстырғанда төмен жылу өткізгіштігімен және қозғалтқыш цилиндрлерінің кіріс құбыр желісіне жанармай қоспасының жоғары температураның әсерінен толуының нашарлауына байланысты.

Газда жұмыс істегендегі жанармай қоспасының температурасы бензинде жұмыс істегенмен салыстырғанда 15...20°C жоғары, өйткені карбюратордағы және кіріс құбыр желісіндегі бензиннің булануына жылудың кейбір мөлшері шығындалады.

Жанармай қоспасының бірдей құрамында газ-ауа қоспасының жылу шығару мүмкіндігі көміртегі қышқылын санамағанда, газдардың барлық түрлері үшін бензин-ауа қоспасының жылу шығару мүмкіндігінен төмен: табиғи газ үшін 9 %, кокс газы үшін 10 %, сұйылтылған газдар үшін 2.3 %.

Бензинмен жұмыс істеу кезінде қажетті кіріс құбыр желісін жылыту газдардың барлық түрлерімен жұмыс кезінде зиянды, өйткені қуаттылықты 4.6 %-ға дейін төмендетеді.

Қозғалтқыш қуаттылығы оны бензиннен газға қайта жөндеусіз алмастыру кезінде төмендеуі байқалады: сұйылтылған газдар үшін 5.9%, сығылған газдар үшін 13.21 %.


Қозғалтқыш қуаттылығының төмендеуі, сондай-ақ оның жанармай үнемделуі газда жұмыс істеу кезінде сығу дәрежесін арттырса, кіріс құбыр желісін шығыстан бөлсе, арнайы газ ажыратқышын орнатса, толығымен жойылуы мүмкін. Осы өзгерістерді енгізу қуаттылық пен газда жұмыс істеу кезінде қозғалтқыштың үнемділігін сақтап қана қоймай, оның маңыздылығын арттырады.

## **8.2. Қозғалтқыштың газ баллонды қондырғыдан қоректену жүйесінің сызбасы**

**Карбюраторлық қозғалтқыш.** Карбюраторлық қозғалтқыштың газды жанармаймен жұмыс істеуі дәл бензинмен жұмыс істегендей. Шығарылатын газ баллонды автокөліктердің көпшілігі негізінен екі жанармай түрінде де жұмыс істеуге арналған.

ЗИЛ-431610 автокөлігінде сығымдалған газға арналған 8 баллон орналасқан. Баллондардағы газдың ең жоғарғы қысымы 20 МПа (200 кгс/см<sup>2</sup>). Қозғалтқыштың бензинмен қоректенуі үшін сыйымдылығы 170 литрлік бак орналастырылған. Бензин маркасы А-76.

Бұл автокөліктің газ баллонды қондырғысы екі секциядан тұрады: алдыңғы 14 төрт баллонмен, артқы 13 үш баллонмен. (8.1 сур.). Артқы және алдыңғы секциялардың арасына тағы да бір баллон орналастырылады. Барлық баллондар құбыр желісі 12 арқылы жалғасқан. Ал секциядағы баллондар түтікшелермен жалғанған 11. Жоғарғы қысымды құбыр желісінде шығыс шұрасы 8, толтырғыш шұра 9, жоғарғы қысым манометрі 10 орналасқан. Баллоннан қысымдалған газ шығу барысында көп мөлшерде жылу жұтылады, сондықтан газ құбыр желісінде орналастырылған арнайы ысытқышта ысытылады. 7. Қысымды түсіру үшін жоғарғы қысымды редуктор орналастырылған 17. Газды механикалық қоспалар мен қақтан тазарту жұмыстары газды сүзгісі бар электромагнитті клапанда іске асырылады 16. Газ қысымын атмосфералыққа дейін түсіру үшін екі сатылы төменгі қысымды редуктор орналасқан 20. Газдың төменгі қысымын бақылау төменгі қысымды манометр арқылы жүзеге асырылады 19. Газды редуктордағы атмосфералық қысым қуысынан газ ыдыру арқылы 5 құбыршекпен карбюратор - араластырғышқа беріледі 3.



8.1. сур. ЗИЛ-431610 автокөлігінің қысымдалған газына арналған автокөліктік газ баллонды қондырғы сызбасы:

1 — бензин сорғысы; 2 — бензин сүзгісі бар электромагнитті клапан; 3 — карбюратор-араластырғыш; 4 — кіріс құбыры; 5 — карбюратор-араластырғышқа газ беру шлангісі; 6 — бензинді сүзгі-тұндырғыш; 7 — баллоннан жылытқышқа қарай құбыр; 8 — шығыс шұрасы; 9 — толықтырғыш шұра; 10 — жоғарғы қысымды манометр; 11 — баллондарды байланыстыратын түтікшелер; 12 — секцияларды байланыстыратын құбыр желісі; 13 — баллондардың артқы секциясы; 14 — баллондардың алдыңғы секциясы; 15 — бензин бағы; 16 — газды сүзгісі бар электромагнит; 17 — жоғарғы қысым редукторы; 18 — сүзгіден төменгі қысым редукторына бағытталған түтікше; 19 — төменгі қысым манометрі; 20 — төменгі қысым редукторы; 21 — вакуум жинақтау түтікшесі; 22 — бос жүріс түтікшесі; 23 — қозғалтқыш



Баллондардағы газ жүйеге екі ілмекті құрылғы арқылы жүзеге асады : шығыс шұрасы 8 және газды сүзгісі бар электромагнитті клапан 16.

Қозғалтқышты іске қоспас бұрын шығыс шұрасын ашу керек 8 және жоғарғы қысым монOMETPі арқылы 10 баллонда газдың бар-жоғын анықтау керек. Газ құбыр желісі арылы газ жылытқышқа өтеді, содан кейін автоматты түрде қысымды 20 МПа (200 кгс/см<sup>2</sup>) -ден 1,0.. .1,2 МПа (10... 12 кгс/см<sup>2</sup>)-ға дейін түсіретін жоғарғы қысым редукторына беріледі.

Қозғалтқышты іске қосу үшін, жанармайдың ажыратып-қосқыш түрін «газ» қалпына қою керек. Ажыратып-қосқыштың осы қалпында жоғарғы қысымды редуктордан шыққан газ төменгі қысымды редуктордың бірінші сатысына кеп түседі. Бұл редуктордың екінші сатысын толтыру үшін, мәжбүрлі түрде клапанды ашып, газды бірінші сатыдан екіншіге жіберу керек. Редуктордың бірінші сатысында осы қалыптағы газ қысымы 150.200 кПа, мөлшерінде болады, ал екінші сатыда атмосфералыққа дейін төмендейді. Стартермен оталдыруды қосқан соң және қозғалтқышты қосқан соң цилиндрдағы газ ыдырау арқылы шланг арқылы екінші сатыдан карбюратордың араласқыш камерасына келеді, ал ол жерден кіріс түтікшелеріне және қозғалтқыш цилиндрлеріне түседі.

Қозғалтқыштың бензинмен жұмыс істеуі үшін газ баллонды автокөлікте бензин бағы, сүзгі-тұндырғыш, бензинді сорғы және барлық қажетті құралдар мен жүйелер бар.

**Дизель.** КамАЗ-740 автокөлігінің қозғалтқыштары газды-дизельді кезең бойынша қысылған табиғи газбен де жұмыс істей алады. Аталған жүйе дизельдің дизельді отынымен де, табиғи газ (метан) қоспасымен де, таза дизельді отын түрімен де жұмыс істеуін қамтиды. Сығылған газ платформа астындағы он (сегіз) құрыш баллондарда сақталады.

Айқастырмада орналасқан шығыс шұрасын ашқан кезде, газ құбыр желісі арқылы жылытқышқа барады, ары қарай газ қысымын 0,95...1,1 МПа (9,5...11 кгс/см<sup>2</sup>) дейін төмендететін жоғарғы қысым редукторына барады. Редуктордан газ электромагнитті клапанға беріледі. Клапанның қылтасында алюминий қақпағы бар алмалы киіз сүзгі орналасқан. Электр клапанды іске қосқан кезде, газ екі сатылы төменгі қысым редукторының қылтасына түседі, ол жерде газ қысымы қосымша төмендейді. Белгілі диаметрдегі мөлшерлеу шайбасы арқылы. Газ құбыр желісі арқылы екі сатылы редуктордан газды дозаторға түседі, ол жерде газ араластырғыш диффузорға қажетті газ мөлшері беріледі. Араластырғышта газ ауа түтікшесі арқылы келіп тұрған ауамен араласады. Газды ауалы қоспа цилиндрлерге түсіп, піспекпен сығылып, сығылу тактісінің соңында ол жерден бүріккіш арқылы дизельді отынның «тұтандырғыш дозасы» -шашырайды, ол газдан бұрын жанады және газды ауа қоспасын тұтастай жандырады.

Газ жүйесінің жұмысы жүргізушінің кабинасында орналасқан төменгі қысым манометрімен бақыланады. Төменгі қысымды редуктордың бірінші сатысынан соңғы қысым 0,2...0,22 МПа (2...2,2 кгс/см<sup>2</sup>) болуы керек. Баллондардағы газ қысымы 25 МПа (250 кгс/см<sup>2</sup>) қысымға есептелген және бірінші баллонда орналасқан манометрмен бақыланады 13.

Баллондардың орналасатын жері, автокөліктің түріне байланысты.

Бортты автокөліктерде олар платформаның бойлық білеуінде орналасқан және ол жерге тіреуіштер мен қамыттар арқылы бекітіледі, ал тартқышта көлікте – автокөлік рамасына жиылмалы басқыш арқылы бекіген, кабина артындағы ұстауышта орналасқан. Өзі аударғыш көліктерде бес баллон кабина артында, үш баллон тірегіштегі платформа астында орналасқан. Шасси көліктерде баллондар раманың лонжерондарында орналасқан ағаш дінгектерге қойылған. ЛАЗ- 695НГ автобусында газ баллондары бір пакетке жинақталып, көлік үстінде орналастырылған. Беті декоративті қаппен жабылған.

Баллондардың қылтасы бірдей бір жаққа қаратылған. Баллондар бірізділікпен құбыр желісі арқылы байланысып, екі топқа бөлінген. Баллонның әр тобында шұра бар және олар таратқыш айқастырмасы бар құбыр желісімен байланыстырылған. Айқастырмада толтырғыш және шығарғыш шұралар бар.


### **8.3. Сығылған газға арналған газ баллонды қондырғы**

Сығылған газ отын ретінде ЗИЛ-431810, -441610 автокөліктерінде және ЛАЗ-695П, ЛиАЗ- 677Г автобустарында қолданылады.

ЗИЛ-431810 автокөлігінде сыйымдылығы 225 л бір баллон орналасқан, баллондағы газ қысымы 1,6 МПа. Қозғалтқыштың бензинмен қоректенуі үшін сыйымдылығы 10 л бензин бағы орналасқан. Көлденең және мембранды карбюратор.

ЗИЛ-441610 автокөлігінде екі газ баллоны бар, олардың әрқайсысында сыйымдылығы 117,4 л пайдалы мөлшерде және қысымы 1,6 МПа болатын газ бар. Карбюратор түрі К 91, тік және екі камералы.

*Қозғалтқыштың сығымдалған газбен қоректенуі үшін* автокөлікте газ баллоны орналасқан 14 ( 8.2 сур) және келесі арматура бар: бу тәріздес фазаның шығыс шұрасы 12, сұйық фазаның шығыс шұрасы 19, толықтырғыш шұра 16, баллонды газбен максималды толтырылуын бақылауға арналған шұра 15, максималды қысымды шектеуге арналған сақтандыру клапаны 13. Баллондағы газдың бар-жоғын бақылауға арналған сығылған газ деңгейін көрсететін құрылғы орналасқан 17. Баллоннан газ құбыржелі арқылы сүзгісі бар электромагнитті клапанға жетеді 9.



8.2 сур. ЗИЛ-441610 автокөлігінің сығылған газына арналған газ баллонды қондырғы:

1 — карбюратор-араластырғыш; 2 — бензин сүзгісі бар электромагнитті клапан; 3 — бензин бағы; 4 — газ редукторы; 5 — сығымдалған газдың булануы; 6 — ыстық суды өткізуге арналған штуцер; 7 — суды бұруға арналған штуцер; 8 — суды ағызуга арналған кран; 9 — газ сүзгісі бар электромагнитті клапан; 10 — редуктор манометрі; 11 — қозғалтқыш; 12 — бу шұрасы; 13 — сақтандыру қалапаны; 14 — сығылған газға арналған баллон; 15 — бақылау шұрасы; 16 — баллонның толықтырғыш шұрасы; 17 — сығылған газ деңгейін көрсететін құрылғы; 18 — ағызу тығыны; 19 — сұйық шұра

Сұйық газды буландыруға арналған буландырғыш бар 5, бұл жердегі жылу жеткізгіш ретінде салқындатқыш жүйеден шыққан ыстық су қолданылады. Ыстық су жалғастырғыш 6 арқылы өтеді және сол арқылы ағызылады. 7. Буландырғышқа жиналған су кран арқылы ағызылады 8. Газ қысымын атмосфералыққа дейін төмендету үшін екі сатылы газды редуктор орналасқан 4, ол жерден газ карбюратор-араластырғышқа түседі 1. Редуктордағы газ қысымы манометрмен бақыланады 10.

Қозғалтқыштың бензинмен қоректенуі үшін жанармай бағы 3, бензинді сүзгісі бар электромагнитті клапан 2 және жанармай-

ды берудің, тазалаудың барлық құрылғылары сонымен қатар ауаны тазалау және пайдаланылған газды шығару құрылғылары бар.

*Қозғалтқыштың* бензиннен газға немесе керісінше ауысуы үшін жүргізушінің кабинасында жанармай түрін ауыстырғыш орналасқан, сонымен қатар редуктордағы газ қысымын көрсететін және жанармай деңгейін көрсететін құралдар орналасқан.

Жүйе келесі сипатта жұмыс істейді. Ауыстырғышты газ беру қалпына қойған кезде, баллондағы газ шығыс шұрасы арқылы электромагнитті клапанға түседі. Ал суық қозғалтқышты қосқан кезде, сұйық фазаның шығыс шұрасын жабу керек, ал газды сипаттағы шығыс шұра ашылуы тиіс, газ сипатты фаза шұрасы жабық болуы керек. Электромагнитті клапан арқылы газ буландырғышқа келіп түседі, сол жерде ысып, екі сатылы редуктор арқылы карбюратор-араластырғышқа түседі. Бұл жерде ол белгілі ауа бөлігімен араласып, жанармай қоспасы түрінде қозғалтқыштардың цилиндріне түседі.

*Баллонды* газға толтыру газтолтырғыш бекеттерде жүргізіледі. Баллонды толтыру үшін толтырғыш шұраны ашып 16, оған жанармай құятын пистолетті жалғау керек, бақылау шұрасын ашып 15, содан соң жанармай құятын пистолетті іске қосу керек. Баллонды бақылау шұрасынан сұйық газ сыздықтап аққанша толтыру керек. Осыдан соң жанармай құю тоқтатылады. Баллонды газбен 90 % пайыздан артық толтырмау керек. Қалған 10 % бу үшін қалдырылу керек. Баллонды газбен 100% толтыруға болмайды, өйткені газ қызу барысында қатты кеңіп, салдарынан баллонды жарып жіберуі мүмкін. Баллондағы қысым мөлшері сыртқы ауа температурасымен анықталатын бу қысымымен тікелей байланысты. Сығылған газ мөлшері баллонның ішкі қысымына әсер етпейді.

#### **8.4. Газ баллонды қондырғылардың құралдары мен арматуралары**

**Баллондар.** Газ баллонды автомобильдерде қолданылатын газ типті жанармайлар қоры сақталатын баллондар үш негізгі түрге бөлінеді:

- сығылған газға арналған;
- сұйытылған мұнай газ (СМГ);
- сұйытылған табиғи газ (СТГ).

Олар өзара қысым көлемі, температура диапазоны, құрылымдық орындаулар және арматуралары арқылы ажыратылады.

*Сығылған газға арналған автомобиль баллондары* газ қондырғысының ерекше маңызды әрі металды көп қажет ететін элементтері. Олар жанармайдың жеткілікті қорын сыйдырып, минималды өзіндік салмағына және шектелген габаритті өлшемдерінде

сай автомобильді қажетті әрекет радиусымен қамту керек. Баллон қондырғылары автомобильдің пайдалы сыйымдылығын кемітпеу керек және оның жүк көтерімділігіне айтарлықтай әсер етпеу қажет. Баллондар бір қылтамен, өте сирек жағдайда екі қылтамен әзірленеді. Қылтада тиекті шұраны немесе жалғастырғыш тетікті бұрауға арналған конусты бұранда саңылау бар.

Сығылған газ баллондары сыртқы диаметрі 219 мм болатын және қабырғаларының қалыңдығы 6,5 мм болатын қоспалы болаттан (массасы 62,5 кг) немесе көміртекті болаттан (массасы 90 кг) жасалған. Баллондар металдың сорбитті біртекті құрылымын қамту үшін және оны бұзу кезінде сынықтар болмас үшін жұмсарту, суару сияқты термиялық өңдеулерден өтеді. Баллондардың сыртқы және ішкі жақтарында қуыстар, жарықшақтар мен терең сызықіздер болмау керек. Баллонның толықтай бұралған қылта шұрасында оның кесілген жерінен үш-бес артық жіп қалдырылуы керек.

Сығылған газға арналған баллондар 20 МПа (200 кгс/см<sup>2</sup>) ішкі қысымға есептелген. Әрбір қайта дайындалған баллон 1 минут бойы 30 МПа (300 кгс/см<sup>2</sup>) қысыммен сынамамы гидравликалық сынақтан өтеді, одан соң 20 МПа (200 кгс/см<sup>2</sup>) қысымда пневматикалық сынақтан өтеді. Бұзылған баллондар жарамсыз саналады. Әрбір баллонның сфералық бөлігінде төмендегідей мәліметтер ойылып жазылуы қажет:

- өндіруші зауыттың тауарлық белгісі ;
- баллон нөмірі;
- дайындалу уақыты мен (айы және жылы) және келесі сынақтан өтетін жылы;

- белгіленген жұмыс қысымы;
- сынамамы гидравликалық қысым;
- баллонның литрлік сыйымдылығы ( ±0,2 л дәлдікпен);
- баллонның киллограмдық массасы ( ± 0,2 кг дәлдікпен);
- өндіруші-зауыттың механикалық бақылау бөлімінің таңбасы.

Сығылған газға арналған баллондардың сыртын майлы немесе эмальды бояумен қызыл түске немесе автомобиль түсімен түстес түске бояйды. Баллондардың гидравликалық қайталама сынау әдетте екі жылдан соң өткізіледі.

*Сығылған газға арналған автомобиль баллондары* 1,6 МПа (16 кгс/см<sup>2</sup>) жұмыс қысымына есептелген, бұл 48,4 °С температурадағы пропанның қаныққан бу серпінділігіне сәйкес келеді. Заманауи газ баллонды автомобильдерде толықтырғыш-шығыс және бақылау-сақтандырғыш арматураларымен жарақталған горизонталды баллондар қолданылады. Баллонның цилиндрлік бөлігі әдетте ұзын бойлы тігіспен дәнекерленген табақша материалдан немесе арнайы жұқа қабырғалы құбырдан дайындалады. Баллондарды дайындауға арналған материалдар үшін беріктік шегі мөлшермен алғанда 4000 кгс/см<sup>2</sup> болатын көміртекті болат Ст3

қолданылады. Арматура баллонның біреуінің немесе екеуінің де түбінде не баллонның цилиндрлік бөлігінде (ернеушесінде) орналасады.

Баллонда келесі арматуралар орналасқан: бу шұрасы, сақтандырғыш клапан, бақылау шұрасы, толықтырғыш шұра, сығылған газ деңгейін көрсеткіш және ағызу тығыны және сұйықтық шұрасы. Газ баллонын гидравикалық сынамадан 2,4 МПа (24 кгс/см<sup>2</sup>) қысымда өткізу керек. Таңбалау сығымдалған газ баллонына жасалғандай жасалады.

Автомобильдерді қолдану кезінде сығылған және сұйытылған газ баллондарының бекітілуін ерекше қадағалау керек, өйткені бекімелердің босауы олардың қисайып, құбыр желілердің үзілуіне әкеп соғуы мүмкін.

**Сұйытылған мұнай газының деңгейін көрсеткіш (СМГ).** Дистанциялық түр көрсеткіші жүргізуші кабинасындағы құралдар қалқанында, қададағы - баллон түбінде орналасқан. Көрсеткіштің жұмыс істеуі қалтқы орналасуына байланысты реостаттың кедергілік өзгерісіне негізделген. Газ көрсеткіші өзгерген кезде, қалтқы қалқып шығады немесе түседі. Қалтқыға реостат бойынша жылжитын контактілер байланысқан, олар электр шынжырының кедергі шамасын өзгертеді және көрсеткіштегі белгілерді өзгертеді.


**Шұралар.** Қолданысы бойынша шұралар толықтырғыш, шығыс және бақылау шұралары болып бөлінеді.

*Толықтырғыш ш тұрде болады.* (8.3, а сур.). Олар баллонды сығылған газға толтыру үшін қолданылады және баллонның түбінде орналасады. Баллонға жанармай құю кезінде шұраның бітеулігін полиамидті қарамайдан тұратын нығыздағышы бар, сермерді 6 бұрау арқылы орынға жаншылған клапан 2 қамтамасыз етеді.

Шұраның қосымша нығыздалуы үшін резеңке қосылған матадан тұратын мембрана 3 қарастырылған. Корпус ішінде серіппелі кері клапан 8 орналасқан. Клапан сұйытылған газдың жанармайы құйылып болған соң, шығыс штуцер арқылы шығып кетуінің алдын алу кезіне, шұраның беріктігі бұзылғандағы апаттық жағдайларда және жанармай құю шлангасы ажырап кеткен кезге арналған. Жанармай құю саңылауы тығынмен жабылған 7.

*Бақылау шұрасы* баллондар газға максималды толы кезде екі түрде болады. Барынша қарапайым ( 8.3, б сур.) екі бақылау саңылаулары бар 12 корпустан 11, нығыздағыш 10 және сермерден тұрады 14. Баллонға газ толтыру кезінде шұралар газ баллонды автомобильдердің көпшілігінде диафрагмалық е сермерді 3 — 4 айналымға бұру керек және баллонды бақылау саңылауынан 11 сұйық газ сыздықтағанша толтыру керек. Осыдан соң жанармай құю тоқтатылып, сермер соңына дейін бұралып жабылады.

Бақылаушы шұраның тағы бір түрі (8.4 сур.) сермерден 1, тығыннан 2 және сояуыштан 3 тұрады.




8.3. – сурет Шұралар

а — толықтырғыш; б — бақылау; 1, 12 — корпусар; 2 — клапан; 3 — мембрана; 4 — қақпақ; 5 — сояуыш; 6, 14 — сермер; 7 — тығын; 8 — кері клапан; 9 — серіппе; 10 — нығыздағыш; 11 — бақылау саңылауы; 13 — штифт

Шұра сояуышының сыртқы шетінде 3 сермер, ал ішінде — нығыздағыш 4 бекітілген. Вентиль корпусына 5 тығына 7 бар штуцер 6 бұралған. Жанармай құяр алдында тығынды бұрып алып 7, ал оның орнына артық газды қауіпсіз жерге ағызатын немесе газ құю бекетінің арнайы ыдысына құятын шланг жалғанады. Шлангте арнайы барлайтын қондырғы орналасқан. Жанармай құяр алдында бақылау шұрасының сермерін бірнеше айналымға бұрау қажет. Жанармай құю барлау қондырғысында сұйық газ көрінгенше жалғастырылады. Бұл жанармай құюдың аяқталғандығын білдіретін болады.

Шығыс шұрасын баллондарда екіден орналастырады (8.5, б сур): олардың бірі газтекті фазаны іріктеу үшін, екіншісі сұйықтықты іріктеп алуға арналған.

Шұраның негізгі қызметі конустық бұранда арқылы баллон түбіне бекіген корпус 8. Корпус ішіне қарай клапанның орны бұрылған 9. Клапан 11 нығыздағышпен бірге 10 қыстырғыш



8.4. сур. Баллонды толтырудың бақылау шұрасы:


1 — сермер; 2, 7 — тығындар; 3 — шұраға арналған сояуыш; 4 — нығыздағыш; 5 — корпус; 6 — штуцер

дағы қысымды максималды шектеу үшін арналған. Ол баллонның түбіне бұрап, қондырылған корпустан 3 (8.5, а сур.) тұрады. Корпус ішіне жүктемелі серіппе бекітілген 4 клапан 5 орналасқан. Серіппе қысымы төсемелер 1 арқылы реттеледі. Клапанды күштеп ашу үшін шток қолданылады 2. Шығыс арнасының сенімді түрде жабылуы үшін нығыздағыш орналасқан 7, газдың шығуы үшін саңылау бар 6. Серіппелердің 4 күші 1,68 МПа (16,8 кгс/см<sup>2</sup>) қысымға есептелген. Егер баллон ішіндегі қысым бұл көрсеткіштен

арқылы мембранаға бекіген 12. Мембрананы жүргізу үшін сермер мен 16 шток қолданылады 15. Егер сермерді сағат жүрісінің бағытымен бұраса, онда мембрананы ауыстыра отырып, нығыздағышы бар клапанды орнына жаншиды және кіріс саңылауын бөгейді. Корпустан газды шығару үшін салмалы сомын көмегімен құбыр жалғанатын келте құбыр орналасқан. Егер сермерді сағат жүрісіне қарама-қарсы бағытқа бірнеше рет бұраса, онда нығыздағышы бар клапан орнынан ажырап, газ баллоннан шыға бастайды. Газ қозғалысы суретте бағыттағыштар арқылы көрсетілген.

#### Сақтандырғыш клапан.


Сақтандырғыш клапан ішінде сұйытылған газы бар баллондағы қысымды максималды шектеу үшін арналған. Ол баллонның түбіне бұрап, қондырылған корпустан 3 (8.5, а сур.) тұрады. Корпус ішіне жүктемелі серіппе бекітілген 4 клапан 5 орналасқан. Серіппе қысымы төсемелер 1 арқылы реттеледі. Клапанды күштеп ашу үшін шток қолданылады 2. Шығыс арнасының сенімді түрде жабылуы үшін нығыздағыш орналасқан 7, газдың шығуы үшін саңылау бар 6. Серіппелердің 4 күші 1,68 МПа (16,8 кгс/см<sup>2</sup>) қысымға есептелген. Егер баллон ішіндегі қысым бұл көрсеткіштен



8.5. сур. Сақтандырғыш клапан (а) және шығыс шұрасы (б):

1 — реттегіш төсемелер; 2 — клапан сояуышы; 3 — клапан корпусы; 4 — клапан серіппесі; 5, 11 — клапандар; 6 — газды шығаруға арналған саңылау; 7, 10 — клапандардың нығыздауыштары; 8 — шұра корпусы; 9 — клапан орны; 12 — мембрана; 13 — шұра қақпағы; 14 — мембрана қысқышы; 15 — шұра сояуышы; 16 — шұра сермері





8.6.сур. Газ баллонды автомобильдерге арналған буландырғыш:


1 — газға арналған кіріс штуцері; 2 — суға арналған кіріс штуцері; 3 — суға арналған шығыс штуцері; 4 — газға арналған шығыс штуцері; 5 — суға арналған ағызу шүмегі; 6 — ирек түтік; 7, 8 — корпустар; 9 — төлке

асып кетсе, онда нығыздағышы бар клапан 7, серіппенің күшінен 4 орнынан ажырайды және баллоннан газды шығару үшін саңылауды 6 ашады. Клапан 1,8 МПа (18 кгс/см<sup>2</sup>) қысым кезінде толықтай ашылады.

**Сұйытылған газ буландырғышы.** Баллоннан шыққан газдың кеңеюі салдарынан жылудың көп мөлшері сіңіріледі. Сонымен қатар, сұйық газды буландыру керек. Буландырғыш (8.6 сур.) бұрандамамен тартылған екі симметриялық корпустан тұрады 7 және 8, олардың арасына нығыздағыш төсеме орналасқан. Корпустар ыстық салқындатқыш сұйықтық айналып жататын төлкелер арқылы жалғасады 9. Сұйықтық буландырғышқа штуцер арқылы түседі 2 және штуцер 3 арқылы шығады. Газ ирек түтікке штуцер арқылы түсіп, штуцер 4 арқылы шығады. Ыстық сұйықтық ирек түтікті шайып 6 және газды да қыздырады. Қажет болған жағдайда корпустағы салқындатқыш сұйықтықты жою үшін ағызу шүмегі 5 бар.

**Сығылған газды жылытқыш.** Сығылған газ құрамында аздаған ылғал мөлшері бар. Егер ол жоғарғы қысым редукторына ешбір қыздырусыз түссе, онда ол жерде мұзға айналып бүкіл газбен қоректену жүйесінің жұмысын бүлдіреді. Сондықтан редукциялау алдында газды қыздырған дұрыс. Бұл үшін пайдаланылған газдың жылуын немесе қозғалтқыштың салқындату жүйесіндегі ыстық сұйықтықты қолдануға болады.

Сығылған газды қыздырғыш (8.7 сур.) бір-бірімен байланысқан төменгі 3 және жоғарғы 6 корпустардан тұрады. Корпус



8.7. сур. СТГ жылытқышы:

1 — СТГ кіріс келте құбырының штуцері; 2 — СТГ шығыс келте құбырының штуцері; 3 — төменгі корпус; 4 — ирек түтік; 5 — пайдаланылған газдың шығыс келте құбыры; 6 — жоғарғы корпус; 7 — жылу алмастырғыш; 8 — пайдаланылған газдың кіріс келте құбыры


ауыстыруға қажет. Егер тетік бейтарап қалыпта тұрса, онда қос электр магнитті клапан да ажыратулы болады.

Газ сүзгісі бар электр магнитті ілмекті клапан (8.8, а сур.) өзектен 1, серішпеден 2, якорьдан 3 және орамадан 16 тұрады. Соленоид шеңбермен қорғалған 15. Клапанның өзінде екі фетр шайбадан және үш мыс тордан құралған құрамалы сүзгі элементі 12 бар. Тұндырғышы 11 бар сүзгі корпусы 14 арнайы бұрандамен 8 қосылады. Бұрандаманың бұрандалы ұшы тұндырғыш ішіне шығатын жоғарғы бұрандалы ұшы бар бойлай арнасы бар. Сүзгі элементі 12 корпусқа серіппе 7 арқылы қысылады. Байланыстардың бүтіндігі үшін 5, 6 және 13 тығыздағыш шығыршықтар орнатылған. А қуысының Б шығыс клапаны клапанмен 4 жабылады.

Газ сүзгісі бар электр магнитті клапан былай жұмыс жасайды. Алдымен жанармайды беру жүйесін газ беру жүйесіне ауыстыру керек және оталдыру керек. Оталдырған кезде, соленоид якорі 3 катушкаға кіріп, клапан 4 Б арнасын ашады. Баллоннан шығатын газ арнайы бұрандамада 8 штуцер мен бойлай арна арқылы тұндырғышқа шығады. Механикалық қоспалар тұндырғыш түбіне

ішінде газ айналымы үшін қажетті кіріс келте құбырының штуцері 1 және шығыс келте құбырының штуцері 2 бар ирек түтік 4 орналасқан. Бәсеңдеткіштен шыққан ыстық пайдаланылған газ шығыс келте құбыры 8 арқылы қыздыру корпусына түседі, ал шығыс келте құбыры 5 арқылы шығады, сол аралықта жылу алмастырғыштан 7 ирек түтікті 4 және онымен өтіп жатқан сығылған газды ысытады.

**Газ баллонды автомобильдердің электр магнитті ілмекті клапаны.** Бұндай клапандар жанармай берудің газды және бензинді жүйесінде магистралды клапандар рөлін атқарады. Құрылысы бойынша олар соленоидті болып саналады. Клапандар жанармай түрінің ауыстырғышы арқылы басқарылады. Ауыстырғыш тетігі ортасындағы бейтараптылықпен қоса, 3 қалыпта бола алады. Бейтарап қалып қозғалтқыш жұмысын бензиннен газға немесе керісінше



8.8-сур.Электр магнитті ілмекті клапандар:

а — газ сүзгімен; б — бензинді сүзгімен; 1 — білік; 2 — серіппе; 3 — якорь; 4, 18 — клапандар; 5, 6, 13 — тығыздағыш шығыршықтар; 7, 23 — кернегіш серіппелер; 8 — арнайы бұрандама; 9 — төсеме; 10 — тірек шайба; 11 — сүзгінің тұндырғышы; 12, 21 — сүзгі элементтері; 14, 19 — сүзгілердің корпустары; 15 — қорғаныс құрсауы; 16 — тарқатқыш; 17, 20 — төсемелер; 22 — сүзгінің стақаны; 24 — рокер; А — клапан қуысы; Б — саңылау

түседі, ал газ сүзгі элементінен 12 өтеді және толық тазартылады.

Содан кейін газ арнасы арқылы А қуысына өтеді, одан 4 клапан және буландырғыш арқылы газ редукторына жетеді.

Бензинді сүзгілі электр магнитті клапан (8.8. б сур.) газ сүзгілі электр магнитті клапаннан аздап құрылымдық тұрғыдан ерекшеленеді.

Рокер 24 және құлақты бұранда сомынының көмегімен 19 корпусына қарай 20 төсемесі арқылы 22 сүзгінің тұндырғыш-стақан бекітіледі. 21 сүзгі элементі корпусқа серіппемен қысылған жез торының екі қабатымен оралған корпустан тұрады. Бензин штурцер арқылы 22 тұндырғыштың ішіне енеді. Ірі механикалық бөлшектер мен су, егер ол сүзгі-тұндырғышта ертерек бөгіліп қалмаса, қалдық ретінде тұндырғыштың түбіне түседі, қалған бензин 21 элементінің сүзгі торлары арқылы өтеді және 18 клапанымен жабылған Б арнасына құйылады. Бензинді карбюраторға жіберу үшін қуат бергіштің ауыстырып-қосқышын «бензин» қалпына қою қажет және оталдырғышты қосу қажет. Оталдырғышты қосу кезінде тоқ электр магнитті орамы арқылы өтеді, білікті тарта отырып, 8 клапанды ашады. Бензиннің Б арнасынан А қуысына өтуі басталады және 18 ашық клапаны арқылы карбюратор-араластырғышқа беріледі.

ЗИЛ-431810 автомобилінің сүзгілі электр магнитті клапаны да дәл осылай жұмыс істейді.

## 8.5. Газ редукторы

Баллондардағы сығымдалған газ қысымы 20 МПа (200 кгс/см<sup>2</sup>) дейін, ал сұйылтылған газдікі 1,6 МПа (16 кгс/см<sup>2</sup>) дейін жететіні белгілі. Карбюратор-араластырғышқа газ атмосфералық қысыммен жетуі тиіс. Газдың қысымын атмосфералық қысымға дейін төмендету үшін *газ редукторлары* қызмет етеді.

Сығымдалған газбен жүретін ЗИЛ-431610 автомобильдерінің және ЛАЗ-695НГ автобустарының қозғалтқыштарында бұл мақсатта жоғары қысымды редукторлар және төмен қысымның қос сатылы редукторлары бар.

Сұйылтылған газбен жүретін ЗИЛ-441610, -431810 автомобильдерінің және ЛАЗ-695П, ЛиАЗ-677Г автобустарының қозғалтқыштарында сығымдалған газға арналған төмен қысымның баламалы редукторлары сияқты төмен қысымды қос сатылы газ редукторлары бар.

**Жоғары қысымды газ редукторы.** Редуктор корпусынан тұрады, оның төменгі және жоғарғы бөліктерінің арасында 8 мембрана бекітілген (8.9 сур.). Мембрана 4 реттеу бұрандасының 6 тірек шайбасы мен 2 қысқыш диск арасында орнатылған 7 сығымдалған серіппемен алдын ала тартылған. Мембрана астында 12 редукциялайтын клапанның 3 итергіші бар. Газды сүзу үшін 1 және 11 сүзгілер бар. 12 клапан жеке серіппесімен тартылған және 9 орынға қысылады.


Редукторда газ жоқ кезде, 7 серіппесі 3 итергіш арқылы 12 редукциялайтын клапанды ашады және оны ашық күйінде ұстап тұрады. Газ редукторға құйыла бастағанда ол 1 және 11 сүзгілері арқылы, 2 ашық клапан арқылы өтеді, Б жұмыс қысымының камерасын толтырады, содан кейін төмен қысымды газ редукторының бірінші сатысына жетеді. Бірінші саты толғаннан кейін және

оның клапаны жабылғаннан кейін *Б* жұмыс қысымы камерасында қысым арта түседі. Бұл қысым 8 мембранаға әсер етеді. Жеткеннен кейін 7 серіппесін қыса отырып, мембрананың 0,8 ... 1,2 МПа (8... 12 кгс/см<sup>2</sup>) шегіндегі қысымы мөлшерінің бірінші сатысына беттейді, көтеріледі және 3 итергішті босатады. 12 редукциялайтын клапан көтеріледі де, 9 ұя жабылады және газдың жұмыс қысымы камерасына өтуін бөгейді. Осылайша, қысым 0,8-1,2 Мпа дейін төмендейді. Егер газ қысымы 0,8 Мпа-дан төмен болса, онда редуктор клапаны әрдайым ашық болады.

Жоғары қысымды редуктор кронштейнге бекітіледі, ал ол сонымен бірге газды жылытқыш болып табылады.

**Жоғары қысымды кронштейн — редуктор жылытқышы.** Қозғалтқыштың салқындату жүйесінен салқындату сұйықтығын жеткізу пластинадан және келте құбырдан тұрады. Сұйықтық шығатын саңылаудан бөлінеді. Ыстық сұйықтық жылытқыш арқылы айналып өтіп, редуктор арқылы келе жатқан газды жылытады.

**Төмен қысымды газ редукторы.** Газ қысымын атмосфералыққа дейін төмендету үшін барлық газ баллонды автомобильдер-




8.9 сур. Жоғары қысымды газ редукторы:

1, 11 — сүзгілер; 2 — қысқыш диск; 3 — итергіш; 4 — реттеу бұрандасы; 5 — қарсы сомын; 6 — реттеу бұрандасының тірек шайбасы; 7 — қысқыш серіппе; 8 — мембрана; 9 — орны; 10 — сақтандырғыш клапан; 12 — реттеу клапаны; А — жоғары қысым камерасы; Б — жұмыс қысымы камерасы

де қос сатылы редукторлар орнатылады. Олар негізгі үш бөліктен тұрады: (8.10 сур.):

- жоғары қысымды бірінші сатының *A* қуыстары;
- төмен қысымды екінші *B* қуыстары;
- түсіру құрылғысының *B* қуыстары.



8.10 сур. Төмен қысымды газ редукторы:

1 — газ редукторы корпусы; 2 — төсеме; 3 — қақпақ; 4 — реттеу бұрандасының қарсы сомыны; 5 — төмен қысым клапанының реттеу бұрандасы; 6 — төмен қысым диафрагмасының тетігі; 7 — түсіру диафрагмасы; 8 — түсіру диафрагмасының төсемесі; 9 — корпусстың жоғарғы қақпағы; 10 — төмен қысым диафрагмасы серіппесінің орны; 11 — төмен қысым диафрагмасының серіппесі; 12 — төмен қысым диафрагмасының сояуышы; 13 — серіппенің реттеу ниппелі; 14 — серіппенің тірейтін тығырығы; 15 — орынның қарсы сомыны; 16 — төмен қысым диафрагмасы; 17 — сүзгі корпусының төсемесі; 18 — газ редукторының сүзгісі; 19 — сүзгі торы; 20 — жоғары қысым клапаны; 21 — жоғары қысым диафрагмасы; 22 — жоғары қысым диафрагмасының серіппесі; 23 — серіппенің реттеу сомыны; 24 — жоғары қысым клапанының тетігі; 25 — төмен қысым клапаны; 26 — түсіру құрылғысының серіппесі; 27 — пластина төсемесі; А — бірінші саты қуысы; Б — екінші саты қуысы; В — түсіру құрылғысының қуысы; Г, Д — атмосфералық қысым қуыстары

*Бірінші саты* корпустан және корпус қақпағынан тұрады, олардың арасында 22 серіппесімен артып тартылған 21 жоғары қысым диафрагмасы болады. Серіппе күшін реттеуге арналған қарсы сомынмен 23 сомын болады. Диафрагманың сояуышқа жоғары қысым клапанының 24 иінді иінтірегі қосылған. Иінтірек осы теңселіп тұрады. Иінтіректің бір иіні жоғары қысым 20 клапанымен қосылған. Бірінші саты қуысында газ жоқ кезде бұл клапан ашық.


Газ редукторының *екінші сатысының* 9 қақпағымен жабылған корпусы болады. Корпус пен қақпақ арасында 16 төмен қысым диафрагмасы салынған. Диафрагмасының ортасында 12 сояуыш бекітілген, оған шайба және шпилька арқылы 11 алдын ала қысылған серіппе басады. Бұл серіппе сояуышқа әсер ете отырып, диафрагманың көтерілуін күштейді. Бұл сояуышпен корпус ішінде 6 иінді иінтірегінің иіні қосылған. Иінтірек осы теңселеді. Екінші иінге 4 қарсы сомынды 5 төмен қысым клапанының реттеу бұрандасын күшпен енгізу. Реттеуші бұранда итергішпен 25 төмен қысым клапанын ұяға қарай қысады. Бұл клапанның қалыпты қалпы – жабық.

*Жүктеме түсіру құрылғысы* (вакуумдық жүктеме түсіргіш) редуктордың үшінші бөлігі болып табылады. Ол корпустан, 7 диафрагмадан және 26 серіппеден тұрады. Жүктеме түсіру құрылғысының 8 ішкі қуысы шлангпен қозғалтқыштың енгізу түтігімен байланыстырылады.

Қозғалтқыш жұмыс істемей тұрған кезде, 11 серіппесі төмен қысым 16 диафрагмасын көтереді және 12 сояуыш және 6 иінді иінтірек арқылы редуктордың бірінші сатысынан екіншісіне газдың өтуін жаба отырып, 25 клапанды ершікке қысады. 11 серіппені қысу күші 25 клапанын абсолютті сабуды қамтамасыз етеді, ал бұл газдың бірінші сатыдан еркін өтуіне ықпал етеді. Бұл газ карбюратор-арналастырғышқа түседі, одан қозғалтқыштың капот астындағы кеңістікке жетеді. Газдың үлес салмағы ауаға қарағанда көбірек әрі ауыр болғандықтан төмен түсе бастайды. Егер автомобиль жабық ғимаратта болса, газ шұңқырларға, көлікті тексеретін шұңқырларға жиналады және ашық от ұшқыны пайдала болғанда жарылыс орын алуы мүмкін.

Клапанды 25 тығыз жабу үшін жүктеме түсіретін құрылғы (вакуумдық жүктеме түсіргіш) қызмет етеді. Қозғалтқыш жұмыс істемей тұрған кезде, жүктеме түсіретін құрылғының 26 серіппесі 7 диафрагманы көтереді, ал ол өз күшімен төмен қысым 16 диафрагмасын қосымша көтерілуге итермелейді, осылайша 25 клапанның тығыздық жабылуын қамтамасыз етеді. Бірінші саты қуысынан шыққан газ қысымы енді 11 және 26 серіппелердің жиынтық кедергісін еңсере алмайды. Клапан берік жабылды және газдың екінші сатыға өтуіне жол жоқ.

**Төмен қысымды қос сатылы газ редукторының жұмысы.** Қозғалтқышты іске қосқаннан кейін қозғалтқыштың енгізу түтігінен ауаның сейілуі шланг және 16 арнамен (8.11. а сур.) жүктеме түсіру құрылғысының А қуысына жөнелтіледі.



8.11 сур. Газ баллонды қондырғының элементтері:

а — қос сатылы редуктор; б — газ араластырғышы; 1 — мөлшерлеуіш; 2 — екінші саты мембранасы; 3 — жүктеме түсіретін құрылғының цилиндр серіппесі; 4 — сояуыш; 5 — жүктеме түсіру құрылғысының конус тәрізді серіппесі; 6 — жүктеме түсіру құрылғысының мембранасы; 7 — сақтандырғыш клапан; 8 — бірінші саты клапаны; 9 — бірінші саты серіппесі; 10 — бірінші саты клапанының иінтірегі; 11 — бірінші саты мембранасы; 12 — екінші саты клапаны; 13 — экономайзер клапаны; 14 — мембрана серіппесі; 15 — экономайзерлік құрылғының мөлшерлегіш мембранасы; 16, 19 — арналар; 17 — екінші саты иінтірегі; 18 — тіреуіш; 20 — шығыс келте құбыр; 21 — қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігін шектегіш; 22 — газ аластырғышы; 23 — дроссельді жапқыштардың иінтірегі; 24 — газ тартатын келте құбыр; 25 — кері клапан; 26 — араластырғыштың корпусы; 27 — дроссельді жапқыш; 28 — бос жүріс айналуының минималды жиілігінің реттеуші бұрандасы; 29 — бос жүріс жүйесіне жалпы газ берудің реттеуші бұрандасы; 30 — бос жүріс жүйесіне газ беруге арналған штуцер; 31 — диффузор; 32 — газ бүріккіш; 33 — ауа жапқыш; А — жүктеме түсіру құрылғысының қуысы; Б — атмосфералық қысым қуысы; В — екінші саты қуысы (газдың төмен қысымы); Г — бірінші саты қуысы (газдың жоғары қысымы); Д — бірінші саты атмосфералық қысымының қуысы; Е — мөлшерлегіш экономайзерлік қондырғының қуысы

Жүктеме б түсіру құрылғысының мембранасы астында ауаның сейілуі орын алады, ал бұл мембрананың үстінде қысым әрдайым атмосфералық немесе атмосфералыққа жақын болады, яғни қысым айырмашылығы туындайды. Мембрана б серіппені 5 қыса отырып, төменге қарай иіледі.



18 тіреуіштер мембранадан 2 екінші саты мембранасынан қайтып кетеді және оны босатады. Жүктеме түсіру құрылғысының 6 мембранасы қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде әр уақытта төмен түсіп тұрады және екінші саты мембранасының еркін жұмысына кедергі келтірмейді.

Электр магнитті клапаннан газ 8 ашық клапан арқылы газдың жоғары қысымы редукторының бірінші сатысының Г қуысына түседі. Бұл қуыс ішіндегі қысым арта бастайды және 11 бірінші саты мембранасына беріледі. Ол 0,16...0,18 МПа (1,6... 1,8 кгс/см<sup>2</sup>) мөлшеріне жеткенде мембрана 9 серіппені қыса отырып, иіле бастайды және өзімен бірге 10 иінді иінтіректің иінін тартады. Иінтірек өз осімен айнала бұрылады және газдың өтуін бөгеп, екінші иінімен 8 клапанды ұясына қысады. 8 клапанын жүйелі түрде жабу және ашу үшін Г қуысында газ қысымы әрдайым өзгеріп тұруы тиіс. Қысымды азайтқан кезде, 9 серіппе мембрананы көтере отырып, клапанды ашады және газдың біраз мөлшерін өткізеді. Қысым 1,6. 1,8 Мпа-ға жеткенде мембрана 9 серіппесін қыса және 8 клапанын жаба отырып, төмен түседі. Осылайша қозғалтқыш жұмыс істемей тұрған кезде, 8 клапан және редуктордың бірінші сатысы газ магистралін автоматты түрде жабу үшін қызмет етеді.

Газ редукторының екінші сатысы (төмен қысым қуысы) қозғалтқышты іске қосқаннан кейін ғана жұмысқа кіріседі. Іске қосу тактісі кезінде цилиндрлерден ауаның сейілуі карбюратор-араластырғышқа беріледі, ал одан шлангімен редуктордың төмен қысымды В қуысына түседі. Осы ыдырату есебінен газ 1 мөлшерлегіш және 20 келте құбыр арқылы шлангімен карбюратор-араластырғышқа түседі. Сонымен бірге В қуысында ауаның сейілуі орын алады, ол екінші сатылы 2 мембранаға әсер етеді. Бұл мембрана үстінде қысым әрдайым атмосфералық болады, себебі В қуысы атмосфералық еркін қатынаста. 2 мембрана астында қысым төмендегенде, атмосфералық қысым әрекетімен ол иіле бастайды және сояуышпен екінші саты 17 иінді иінтірек иінін басады. Ол өз осімен айналады және 12 клапанды ашады, ол арқылы газ бірінші сатыдан екінші сатыға өтеді. Екінші сатыда қысым өсе бастайды және ол атмосфералыққа жеткенде, мембрана 3 серіппенің әсерімен көтеріледі және 17 иінді иінтірек арқылы екінші сатыға газдың өтуін тоқтатып, 12 клапанды жабады. Екінші саты қуысында газ қысымы әдетте атмосфералықтан аспайды немесе 80.100 Па-ға (8. 10 мм.ағын. су) жоғары болуы мүмкін.

*Газ редукторының экономайзері* ауыр жүктемелермен қозғалтқыш жұмыс істеген кезде, газ ауа қоспасын байытуға арналған. Шағын және орта жүктемелермен қозғалтқыш жұмысы кезінде карбюратор-араластырғыштағы дроссельді жапқыштар жартылай ашылады және енгізу түтігінде арттырылған ауаның сейілуі болады. Арттырылған ауаның сейілуі экономайзердің Е қуысында да болады. Соның есебінен экономайзер мембранасында ауаның сейілуі 14 серіппесінің кедергісін еңсере отырып, төмен қалыпта болады.


Экономайзер клапаны жабық. Ауыр жүктемелермен қозғалтқыш жұмыс істеген кезде, дроссельді жапқыштар ашық. Енгізу түтігіндегі сейілу сәйкесінше экономайзердің Е қуысында да азаяды. 14 серіппе мембрананы және оған бекітілген 13 клапанды сояуышты көтереді. Клапан ашылады және ол арқылы 19 арнамен 20 келте құбырға газ ауа қоспасын байыта отырып, қосымша газ түсе бастайды.

Г қуысында қысымды 0,45 Мпа-ға дейін арттыру кезінде 7 сақтандырғыш клапан ашылады және газдың бір бөлігі атмосфераға шығады.

## 8.6. Араластырғыш-карбюраторлар және араластырғыштар

**Араластырғыш-карбюратор.** ЗИЛ-431610 газ баллонды қозғалтқышы сығылған ауамен жұмыс істейді. Оның бензинмен қуатталуы үшін К-91 араластырғыш карбюратор орнатылған. Бұл карбюраторлар орнатылған және ЗИЛ-508.10 қозғалтқыштарында орнатылған К-88АТ және К-96 карбюраторлары сияқты жұмыс істейді.

Ауа жапқыштың ернеуінде жалғастырғыш тетік-араластырғыш (8.12 сур.), сондай-ақ газ араластырғыштың қабылдау келте құбыры және кері клапан орнатылады. Араластырғыш келтеқұбыр шлангімен түтікке қосылады, ол арқылы газ бос жүріс жүйесіне өтеді.



8.12 сур. К-91 араластырғыш-карбюратордың араластырғыш-жалғастырғыш тетігі:

1 — газ беру келте қысқа құбыры; 2 — кері клапан жүрісін шектегіш; 3 — енгізу келте құбыры; 4 — келте қосқыш; 5 — шығыршықты саңылау; 6 — корпус; 7 — төсе; 8 — фланец; 9 — қуыс; 10 — шығыршықты қуыс; 11 — кері клапан; 12 — қабырға; 13 — кері клапан сояуышы; 14 — бос жүрісте газ беруге арналған саңылау


Араластырғышты жалғастырғыш тетік корпусы бұрандалармен араластырғыш карбюратордың ернеуіне бекітіледі. 6 жалғастырғыш тетік корпусында 8 фланец сымы бар. Фланец пен корпус арасында 10 шығыршықты қуыс болады. Фланецте карбюратордың араластырғыш камерасына газдың өтуіне арналған 5 шығыршықты саңылаулы 3 енгізу келте құбыры бар. Газды жеткізуге арналған газ жеткізу келте құбыры бар. Газ араластырғышқа отты бекітпесі рөлін атқаратын 11 кері клапан арқылы түседі.

Карбюратордың араластырғыш камерасында қозғалтқыштың жұмысы кезінде ауаның сейілуі орын алады. Соның есебінен газ екі сатылы редуктордың төмен қысым қуысынан 1 келте құбыры және кері клапан арқылы карбюратордың араластырғыш камераларына және одан әрі қозғалтқыштың цилиндрлеріне түседі. Қозғалтқыш жұмысы кезінде карбюраторда кері тұтану болуы ықтимал. Жалын редукторға өтпеуі үшін 11 кері клапан орнатылған. Араластырғыш камераларда газдың кері тұтануы кезінде карбюраторда туындайтын қысым кері клапанды ершікке қысады және жалын редукторға өте алмайды. Араластырғыш-жалғастырғыш тетікте бос жүріс жүйесінің келте құбырымен шлангінің көмегімен байланыстыруға арналған 14 саңылау бар.


**Газ араластырғыштар.** Газ ауа қоспаларын дайындау үшін газ араластырғыштары қолданылады. Егер олар мөлшерлегіш экономайзерлік құрылғылармен жабдықталған қос сатылы газ редукторымен бірге жұмыс істейтін болса, онда бос жүріс бұрандаларынан бөлек газға арналған мөлшерлегіш элементтері болмайды (8.13. а сур.) Егер газ араластырғыштың мөлшерлегіш экономайзерлік құрылғысы бар (8.13, б сур.) болса, онда кез келген редуктормен жұмыс істей алады.

Диффузорға газ әрбір камерада орнатылған 3 бүріккіш арқылы жетеді. Бос жүріс жүйесінің айналымдардың минималды санының 9 саңылауы бар, олар арқылы газ жіберу 8 бұрандалар көмегімен реттеледі және ұлғайтылған айналымдардың 10 реттелмейтін саңылаулары бар. Бос жүріс жүйесіне жалпы газ беру 7 бұрандаларымен реттеледі. Бос жүріс жүйесіне газ 12 арнасы арқылы да, редуктордан тікелей 6 келте қосқышы арқылы да түседі. Мұндай жүйе бос жүріс жүйесіне газдың құрамдастыра: газдың мөлшерлеуіші артындағы кеңістіктер ішінара және редуктордың шығыс қуысынан тікелей ішінара жеткізуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

**Газ-дизельді автомобильдер газының араластырғыш-мөлшерлегіші** (8.14 сур.) Араластырғыш-мөлшерлегіші диафрагмендік типті газды беруді шектеу механизмімен бір корпуста дайындалған және дроссельді құрылғы түрінде жасалған, ол жүргізуші кабинасынан педальмен басқарылады. Газ мөлшерлеуішінің негізгі міндеті - екі сатылы редуктордан араластырғышқа түсетін газ көлемін реттеу болып табылады. Мөшерлегіш араластырғыш




*a*



*б*

8.13 сур. Газ баллонды автомобильдің қозғалтқышына арналған екі камералы газды араластырғыш:

*a* — экономайзерсіз; *б* — экономайзермен; 1 — кері клапанмен жиынтықта енгізу келте құбыры; 2 — кері клапан; 3 — газ бүріккіші; 4 — корпус; 5 — диффузор; 6 — бос жүріс жүйесіне газ енгізу келте қосқышы; 7 — бос жүріс жүйесіне жалпы газ берудің реттегіш бұрандасы; 8 — бос жүріс айналымдарының реттегіш бұрандасы; 9 — бос жүріс айналымдарының минималды санының саңылауы; 10 — бос жүріс айналымдарының ұлғайған санының саңылауы; 11 — дроссельді жапқыш; 12 — бос жүріс жүйесіне газ жеткізуге арналған арна; 13 — экономайзерлік құрылғы



8.14 сур. Газ мөлшерлегіші:

1 — мөлшерлегіш корпусының қақпағы; 2 — айналымдар шектегішінің қақпағы; 3 — айналымдар шектегішінің диафрагмасы; 4 — дроссельді жапқыштар жетегінің иінтірегі; 5 — жетекші білікше; 6 — мөлшерлегіш корпусының қақпағы; 7 — дроссельді жапқыш; 8 — жетектегі білікше; 9 — газ мөлшерлегішінің корпусы; 10 — айналымдар шектегішінің серіппесі

корпусына бекітіледі. Араластырғыш корпусында диффузор болады, оның ішінде радиалды саңылаулар арқылы газды жеткізетін шығыршықты коллектор бар.

Араластырғыш үш функция атқарады:

- қозғалтқыштың иінді білік айналуының кіші жиіліктерінде қажетті, редуктордың «ашатын» диафрагманы іске келтіру және оны ілмекті клапан режимінен жұмыс режиміне ауыстыру үшін жеткілікті ауаның сейілуін құрады;


- газ бен ауаның біркелкі араласуын қамтамасыз етеді;

- газ редукторымен бірлесе, қозғалтқыштың сыртқы жылдамдық сипаттамасын қалыптастырады.

Газдың қажетті мөлшерін мөлшерлеу 7 дроссельді жапқышпен жүргізіледі. Акселатор педаліне басу кезінде дроссельді жапқыш жетегінің 4 иінтірегі 5 жетекші білік арқылы дроссельді жапқышты ашады және араластырғыш диффузoridaғы ауаның сейілуі есебінен газ редуктордан араластырғышқа түседі. Дроссельді жапқыш газ беруді шектегіштің диафрагмалық тетігінің сояушымен қосылған мөлшерлегіштің 8 жетектегі білігінде орнатылған. Диафрагмалық тетік жапқыш жетегі иінтірегінің қалпына қатысты емес дроссельді жапқыш күйін басқаруға мүмкіндік береді, мысалы, қозғалтқыш иінді біліктің максималды ұйғарынды айналу жиілігіне 2600 мин/айн. жеткен кезде жапқышты жабу жағына қарай бұрады

**Отынның тамызық мөлшерін қашықтықтан белгілеу тетігі.** Қозғалтқыш дизельдіен газ-дизельді режимге көшкен кезде қозғалтқыштың цилиндріне отынның кезендік жіберілуін азайту үшін жанармайдың тамызық мөлшерінің тетігі қызмет етеді.

Механизм 2 кронштейн көмегімен (8.15-сур.) жоғары қысымның жанармай сорғысына (ЖҚЖС) бекітілген. Электр магнитті қосу 5 кезінде 9 жылжымалы тіреуіш жанармай сорғысының реттегішін басқару иінтірегі одан әрі жылжуына кедергі келтіретіндей күйде орнатылады. Бұл жағдайда реттегіш иінтірегі минималды бос жүріс күйінен жанармайлы кезендік беру «тамызық» мөлшерге сәйкес келетіндей күйге дейін жылжуы мүмкін. Сонымен бірге кронштейнде газды бір реттік беруге және дизельді отынның «шектеусіз» мөлшеріне тыйым салатын ажыратқыш бекітілген. Мысалы, қозғалтқыш дизель режимінде немесе сорғы төрткілдешінің иінтірегінің жылжымалы тіреуішін басқару электр магниті кенеттен істен шыққан кезде бұғаттау қадағасы газ беру электр клапаны қуатының тізбегін ажыратады.



8.15 сур. Жанармайдың тамызық мөлшерінің механизмі:

1 — күш; 2 — тіреуіш осімен кронштейн; 3 — манжеттер; 4, 7 — сомндар; 5 — электр магнит; 6 — бұғаттауды ажыратқыш; 8 — тіреуіш қақпағы; 9 — тіреуіш

## 8.7. Қозғалтқышты қосу және тоқтату

Қозғалтқышты қосқан кезде мына тәртіпті сақтау қажет:

- қозғалтқышты іске қосардың алдында қуат құралдары мен арматураны қарау, олардың ақаусыз әрі бітеулігі, сондай-ақ, баллондарда газдың барына көз жеткізу қажет;

- сұйылтылған газбен жұмыс істейтін қозғалтқышты іске қосу үшін шығыс шұраларын ашу. Суық қозғалтқышты іске қосу кезінде бу шұрасын ашу қажет; жылытылған қозғалтқышты іске қосу кезінде газ сұйық фаза шұрасынан берілуі тиіс;

- оталдыру. Оталдыру газ сүзгілі электр магнитті ілмекті клапанды ашады, сонымен бірге отын түрін ауыстырып қосқыш «газ» қалпына қойылуы тиіс;

- араластырғыш-карбюраторға газдың берілуін жеделдету үшін қос сатылы редуктордың төмен қысымының екінші саты диафрагмасының сояуышына бірнеше рет қысқа түрде басу, содан кейін қозғалтқышты стартермен қосу;

- қажет жағдайларда дроссельді жапқыштарды ашыңқырап қою. Ауа жапқышын жабу ұсынылмайды, себебі бұл ыстық қоспаның тым баюына әкеледі, сәйкесінше, қозғалтқыштың қосылуын қиындатады. Газ берудің ақаусыз жүйесімен ақаусыз қозғалтқыш стартерді алғаш қосқаннан-ақ іске қосылуы тиіс, ал стартер 5 с. артыққа қосылмайды. Егер қозғалтқыш бірінші қадамнан қосылмаса, оны 10... 15 с кейін қайта қосу керек;

- қозғалтқышты 60 °С температураға дейін қыздырғаннан кейін сұйықтық фазасы шұрасын ашу және бу тәрізді база шұрасын жабу;

- қозғалтқышты жылытқаннан кейін дроссельді жапқыштарды қолмен басқарудың батырмасын тұстамаға батырып жіберу;

- бу фазасында қозғалтқыштың ұзақ жұмыс істеуі ұсынылмайды, себебі сұйылтылған газдың жеңіл фракцияларының қарқынды булануы орын алады. Сонда баллонда сұйық газдың температура-сы төмендейді, оны қырау басады, қоршаған ортамен жылу алмасу нашарлайды.

Қозғалтқышты тоқтатудың екі режимі бар:

- қозғалтқышты қысқа уақытқа тоқтату үшін оталдыруды сөндіруге болады. Сонда электр магнитті клапан қос сатылы редукторға газдың жіберілуін жабады;

- қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда, қозғалтқышты ұзақ уақытқа тоқтату үшін сұйық және газ тәрізді фазаларының шығыс шұраларын жабу және қозғалтқышқа бүкіл газды тауысуына мүмкіндік беру. Қозғалтқыш тоқтағанда (сөнгенде), оталдыруды сөндіру.

Қозғалтқышты басқа режимге ауыстыру мынадай тәртіпте жүргізіледі:

• қозғалтқыш жұмысын газдан бензинге ауыстыру үшін **жұмыс істеп тұрған** қозғалтқыштың баллонындағы шығыс шұраны жабу қажет. Қозғалтқыш тоқтаған соң жанармай кранын ашып, жанармай түрінің ауыстырғыш-қосқышын «жанармай» қалпына орнатып, жанармайды жанармай сорғысының қолмен басу иіңтірегімен сорып, қозғалтқышты әдеттегідей стартермен іске қосу;

• қозғалтқыш жұмысын газдан бензинге ауыстыру үшін **жұмыс істеп тұрған** қозғалтқыштың жанармай кранын жабу қажет және қозғалтқышқа жүйеден барлық жанармайды шығаруға мүмкіндік беру керек. Қозғалтқыш жұмысын тоқтатқан соң жанармайдың ауыстырғыш-қосқышын «газ» қалпына орнатып, сұйық фазаның шығыс шұрасын ашу. Егер қозғалтқыш суық болса, газ тәрізді фазаның шұрасын ашу және жүйені газбен толтыру. Іске қосуды тездету үшін газды карбюратор-араластырғышқа күштеп жіберу. Ол үшін төмен қысымды редуктордың екінші саты мембранасының сояуышын уақытша басып, қозғалтқышты стартермен іске қосу.

### Бақылау сұрақтары

1. Газ отынның артықшылықтары мен кемшіліктерін атап өтіңіз.

2. Сығылған әрі сұйылтылған газбен жүретін қозғалтқыштардың қуат көзі жүйесі конструкциясының ерекшеліктерін сипаттаңыз.

3. Жоғары қысымды редуктордың құрылысы мен жұмысын түсіндіріңіз.

4. Екі сатылы редуктордың жүк түсіретін құрылысының (вакуумды жүк түсіргіштің) құрылысы мен жұмысын түсіндіріңіз.

5. Екі сатылы редуктордың жоғары қысымының бірінші және екінші сатысының құрылысы мен жұмысын түсіндіріңіз.

6. Толтырғыш және шығын шұрасының құрылысы мен жұмысын түсіндіріңіз.

7. Жылытқыштар мен газ буландырғыштардың құрылысы мен жұмысын түсіндіріңіз.

8. Газ сүзгісі бар электр магнитті клапанның құрылысы мен жұмысын түсіндіріңіз.

9. Бензин сүзгісі бар электр магнитті клапанның құрылысы мен жұмысын түсіндіріңіз.

10. Араластырғыш-карбюратордың құрылысы мен жұмысының ерекшеліктері қандай?

11. Газ араластырғыштың құрылысы мен жұмысын түсіндіріңіз.

12. Баллонды сұйылтылған газбен максималды толтыруды бақылау шұрасының міндетін, құрылысын және жұмысын түсіндіріңіз.

13. Газбен жүретін қозғалтқыштың қосу және жұмыс ерекшеліктерін сипаттаңыз.

14. Сұйылтылған газбен жүретін газ-дизельді қозғалтқыштың қосылуы қалай жүргізіледі?

15. Газ-дизельді қозғалтқыштың тамызық мөлшері механизмінің құрылысы мен жұмысын түсіндіріңіз.



### ДИЗЕЛЬДІ ҚУАТТАУ ЖҮЙЕСІ

#### 9.1. Дизельдерге арналған жанармай

Дизельді жанармай мынадай талаптарға сәйкес болуы тиіс:

- түрлі температура кезінде цилиндрге үздіксіз түсу және қозғалтқыштың жеңіл іске қосуын қамтамасыз ету;
- қозғалтқыш цилиндрлерінде дұрыс тозандандыру және қоспаның түзілуін қамтамасыз ету;
- күйік пен қабаттардың минималды санын жасау, дизельді жанармай мен оның тұтану өнімдерімен түйісетін бөлшектердің тотығуы мен тотықтық тозуын болдырмау.

Қоршаған ортаның температурасына байланысты автомобиль қозғалтқыштарына дизельді жанармайдың мына маркалары қолданылады:

- Ж (жазғы) — 0 °С және одан жоғары температура кезінде;
- Қ (қысқы) — 0 °С-тан жоғары және төмен температура кезінде;
- А (арктикалық) — -50...0 °С, сондай-ақ, 0 °С-тан жоғары температура кезінде.

Қозғалтқыш жұмысына дизельді жанармайдың сипаттамасы зор үлесін тигізеді: жанармайдың өздігінен тұтану температурасы, тұтанудың кідіріс кезеңі, тұтқырлығы, механикалық қоспалар мен судың жоқтығы.

**Өздігінен тұтану температурасы.** Бұл жану үдерісінің басталуы үшін ауа оттегісі бар қоспада жанармайды жылытуға қажет температура.

Дизельді жанармайдың өздігінен тұтануға бейімділігі мына қалыппен анықталатын *цетандық санмен* бағалайды. Цетан мен а-метилнафталиннің таза көмірсутегінен қоспаны құрайды. Арнайы моторлы құрылғыда сыналатын жанармайдың тұтануын тексереді, содан кейін сыналатын жанармай сияқты тұтанатын цетан мен а-метилнафталиннен көлем бойынша қоспаны таңдайды. Цетанның пайыздық құрамы сыналатын жанармайдың цетандық санын анықтайды. Аталған таза көмірсутектерде өздігінен тұтану кідірісінің түрлі кезеңдері бар. Цетанда өздігінен тұтану кідірісінің ең төменгі кезеңі бар, ол қозғалтқыштың ең жұмсақ жұмысын қамтамасыз етеді. Оған 100 бірлікке тең цетандық санды жағдайына қарай қолданады. Екінші құрамдасы, а-метилнафталиннің тұтану кідірісінің ең жоғары кезеңі бар және ол қозғалтқыштың қатты жұмыстарына әсерін тигізеді. Бұл тұтану кезінде цилиндрде жанармайдың үлкен саны болатынымен түсін-

діріледі, ол қысымның дербес өсуі мен қозғалтқыштың қатты жұмысына әкеліп соғады. Қатты жұмыс кезінде піспекке жоғары екпінді әсері күш түсіреді, содан қос иінді-шатунды механизм бөлшектерінің шамадан артық тозуына әкеледі, қозғалтқыштың үнемділігін төмендетеді және басқа ақауларға әкеліп соқтырады. А-метилнафталиннің цетандық саны нөлге тең жағдайларда қабылданады.

*Мысал.* Егер сыналушы жанармай, мысалы 45 % цетан мен 55 % а-метилнафталиннен тұратын көлемді қоспа ретінде тұтанатын болса, онда осындай жанармайдың цетандық саны 45 бірлікке тең.

Осындай жағдайда, *цетандық сан* цетанның пайыздық құрамына тең дизельді жанармайдың өздігінен тұтанудың шартты көрсеткішін атайды, оның осындай а-метилнафталинмен қоспасында сыналатын жанармайдағыдай өздігінен тұтанудың кідіріс мерзімі болады.

Дизельді жанармайлар үшін 40...50 бірлікке тең цетандық сан оңтайлы болып табылады. 40-тан аз цетандық саны бар жанармайды пайдалану қозғалтқыштың қатты жұмысына әкеп соқтырады. Егер цетандық сан 50 бірліктен көп болса, онда толық жанудың төмендеуі есебінен жанармайдың салыстырмалы салмағы артады, себебі тұтану кезеңіне жанармай ауамен жану камерасының толық көлемде араласуына үлгермейді.

**Тұтқырлық.** Дизельді жанармай *оңтайлы тұтқырлыққа* ие болуы тиіс, себебі жеткілікті жоғары тұтқырлық кезінде оны қуат көзінің жүйесі бойынша сорып алу қиын болуы мүмкін. Мұндай жанармай құбыр желісінің қозғалысы кезінде, бүріккіш сүзгілері мен саңылаулары арқылы едәуір кедергі көрсетеді.

Тұтқырлығы өте төмен жанармайды пайдалануға рұқсат етілмейді, пайдаланған жағдайда қуат көзі құралдарының майы нашарлайды және цилиндрге жанармайдың түсу мөлшері бұзылады.

Жанармайдың тұтқырлығы тоздандану және жану сапасына байланысты. Жоғары тұтқырлық кезінде цилиндрге бүркіп шашылатын жанармай жоғары қарай алысқа атылып, одан алау туындайтын ірі тамшылары болады. Ол оның ақырын булануы мен піспек түбіне және жану камерасының қабырғасына ішінара отыруына әкеледі. Нәтижесінде күйік кідірісі артылып, пайдалы әрекеттердің коэффициенті төмендейді. Жанармайдың шамадан тыс төмен тұтқырлығы кезінде тамшылар өте ұсақ болып, олардың ұшу алшақтығы төмендейді, жануы бүріккіштің маңында болады. Нәтижесінде, жану камерасының артқы бөлігінде ауа жануға қатыспайды. Осының бәрі бүріккіштің қызуына және оның деформациялауына әкеледі.

**Механикалық қоспа.** Жанармай аппаратурасы мен қозғалтқыш жұмысының сенімділігі жалпы механикалық қоспалардың болуына байланысты төмендейді. Құм мен глинозем түріндегі қоспалар үйкеліскен құралдардың қабырғаларына тиіп, оларда

сызықіз, сызат қалдырады, қарқынды тозуға әкеп соқтырады. Олар шүмектің ластануын, тіпті бүріккіштің үзілуін туындатуы мүмкін.

**Су.** Судың болуы жанармайдың майлау ерекшеліктерін нашарлатады, бүріккіш инелерінің қозғалысын бұзады, жанармай құбыры мен сүзгілерді ластайтын қоқыстардың түзілуіне әсерін тигізеді. Төмен температураларда судың кристалдануына байланысты жанармай құбырларда тығындар түзілуі мүмкін.

**Ж (жазғы), Қ (қысқы) және А (арктикалық) дизельді жанармайларда** кем дегенде 45 бірлік цетандық саны бар. Дизельді жанармайдың сақтау мерзімі – өңделген күннен бастап 5 жыл. Жанармайды тасымалдап, оны сақтауға арналған құтыларға құйғаннан кейін, жанармай кем дегенде 10 тәулік тұруы тиіс, тек содан кейін ғана оларды автокөліктердің жанармай багтарына құюға болады. Бұл жанармайдан ауа көпіршіктері шығу үшін қажет.

## 9.2. Жанармайларда қоспаның түзілуі

Төрт сатылы екі білікті беріліс қорабы ВАЗ-1111 және басқа да автокөліктерде орнатылады (12.5 сурет). Ол екі мойынтіректе 18 бастапқы білік орнатылған 19 қартерден құралады. 17 екінші білік аунақшалы цилиндрлікте алдыңғы шетімен, ал артқы шетімен – шарлы мойынтіректерде орнатылған. Екі білікте де I, II, III және IV берілістердің тегершіктері бар. Екінші біліктегі тегершіктер шанышпалы мойынтіректерде орнатылған және олардың ішінде еркін айналады. I және II берілістерді қосу үшін 13 синхрондаушы, ал III пен IV қосу үшін 15 синхрондаушы пайдаланылады.

Артқа жүруді қосу үшін 13 синхрондаушының муфтасында сыртқы тісті тәж қолданылады. Бастапқы білікте артқа жүрудің тегершігі бар. Автокөлікті артқа жүрумен қамтамасыз ету үшін бөлек білікшеде жылжымалы аралық тегершік орнатылған. Ол 13 синхрондаушының тісті тәжімен және бастапқы біліктің кері жүру тегершігімен ілініске енгенде, екінші білік кері айнала отырып, автокөлік кері жүре бастайды.

I берілісті қосқанда, 13 синхрондаушының муфтасы 17 екінші біліктің I берілісінің бүйірдегі тісті тәжімен ілініске енеді. Айналу тұрақты іліністің тегершіктері арқылы бастапқы біліктен 13 синхрондаушының муфтасына және күпшек арқылы екінші білікке беріледі.

II берілісті қосқанда I мен II берілістердің қосылу 13 синхрондаушысының муфтасы екінші біліктің II берілісі тегершігінің бүйірдегі тісті тәжімен ілініске енеді. Айналу тұрақты іліністің тегершіктері арқылы бастапқы біліктен 13 синхрондаушының муфтасына және күпшек арқылы 17 екінші білікке беріледі.



12.5. Сурет. ВАЗ-1111 автокөлігінің беріліс қорабы:

1 — ілінісуді өшіру мойынтірегі; 2 — ілінісуді өшіру мойынтірегі муфта-сының бағыттаушы төлкесі; 3 — май жинаушы; 4 — спидометр жетегінің жетекші тегершігі; 5 — жарты өс тегершігінің тірек шайбасы; 6 — жарты өс тегершігі; 7 — сателлит; 8 — сателлиттер өсі; 9 — дифференциал қорабы; 10 — бас берілістің жетектегі тегершігі; 11 — реттеуші сақина; 12 — дифференциал мойынтірегі; 13 — I мен II берілістерді синхрондаушы; 14 — тірек сақина; 15 — III мен IV берілістерді синхрондаушы; 16 — екінші білік тегершігінің инелі мойынтірегі; 17 — екінші тірек; 18 — бастапқы тірек; 19 — беріліс қорабының қартері; 20 — ілінісуді өшіру айыры

III берілісті қосқанда, 15 синхрондаушының муфтасы екінші біліктің III берілісінің тегершігімен ілініске енеді. Айналу бірінші біліктің III берілісі тегершігінен, онымен тұрақты түрде іліністе болатын екінші біліктің III берілісі тегершігіне өтеді, содан соң 15 синхрондаушының муфтасына және күпшек арқылы екінші білікке беріледі.

IV беріліс — 0,90 беріліс қатынасымен артатын — сондай-ақ 15 синхрондаушымен іске қосылады. Бастапқы білік пен екінші біліктердің IV берілісінің тегершіктері үнемі іліністе болады. Екінші біліктің IV берілісінің тегершігінде синхрондаушының муфтасымен іліну мақсатында орнатылған, бүйір тісті тәж бар. Айналу тұрақты іліністің тегершіктері арқылы 18 бастапқы біліктен синхрондаушының муфтасына және күпшек арқылы екінші білікке беріледі.

Кері жүру берілісі бөлек білікшеде орнатылған, кері жүрудің аралық тегершігімен іске қосылады. Кері жүру іске қосылғанда, ол екінші біліктің 13 синхрондаушы муфтасының сыртқы тісті тәжімен және бастапқы біліктің кері жүру тегершігімен бір уақытта ілініске енеді. Бастапқы біліктен кері жүру тегершігі арқылы айналу кері жүрудің аралық тегершігіне өтеді, ал одан 13 синхрондаушы муфтасының сыртқы тісті тәжіне және екінші біліктің күпшегі арқылы беріледі.


Екінші білік бойынша барлық берілістердегі айналу екінші біліктің басты берілісінің жетекші тегершігіне беріледі, содан соң 10 басты берілісінің жетектегі тегершігіне және дифференциал арқылы дөңгелектердің жетек біліктеріне беріледі.

## **12.5. КамАЗ тектес автокөліктердің беріліс қорабы**

КамАЗ тектес автокөліктер үшін беріліс қорабының екі түрлендіруі бар. Тіркемесіз жұмыс істейтін автокөліктер үшін (5510, 53201, 53203 модельдер) — бес сатылы беріліс қораптары, ал тіркеме және жартылай тіркемемен тұрақты жұмысқа арналған автокөлік-тартқыштар үшін (5320, 53202, 5410, 55102, 54101 модельдер) – негізгі бес сатылы қорап пен алдыңғы бөлгіштен тұратын он сатылы беріліс қорабы.

16 беріліс қорабының қартері сұр шойыннан құйылған (12.6 сурет). Қартердің сол жақ және оң жақ бүйірлерінде қуаттылықты іріктеу қорабын орнатуға арналған люктар бар. Люктар қақпалармен жабылған.

Қартерге төменнен ағызғыш тығыны енгізілген, және магниті бар тағы да бір тығын төменде, оң жағында орналасқан. Бұл






тығынның үстінде май деңгейін бақылайтын, қуыс бұрғысы бар тығынмен жабылған, төгетін саңылау орналасқан.

3 қораптың бастапқы (жетекші) білігі екі шарлы мойынтіректе орналасқан. Білік тегершікпен біріктіріліп жасалған. Тегершіктің ішінде екінші біліктің алдыңғы шетіне тірек болып табылатын, шарлы мойынтіректі орнатуға арналған бунақтар жасалған. Жетекші біліктің алдыңғы шетінде I бөлгіштің жетекші білігінің қайрағына, ал бөлгіш болмаған жағдайда — иінді біліктің қайрағына тығындалған, шарлы мойынтірекке енетін мойын мен жетекші дисктерге арналған шлицтар бар. Артқы шарлы мойынтірек беріліс қорабы корпусының ұяшығында орналасқан.

14 Екінші (жетекші) білік екі тіректе орналасқан: бастапқы біліктің ұяшығы мен шарлы мойынтірек пен қартердің артқы шетіндегі ұяшықта бекітілген мойынтіректе. Білікте кесілген үш тісті тәжден тұратын, екінші біліктің алдыңғы шлиц бөлігі IV мен V берілістердің синхрондаушы күймешесін орнатуға арналған 5. Шеткі тәждер мен орташа тәждің орташа бөлігі автокөлік қозғалыста болған кезде, төртінші мен бесінші берілістердің өздігінен өшуге болдырмайтын, «күлыпты» құрайды.

Екінші біліктің шлиц бөлігі онда екінші біліктің IV берілісі тегершігінің төлкесі орнатылған цилиндрлік мойынға ауысады. Бұл тегершік қисық тісті және аралық біліктің IV берілісінің тегершігімен үнемі іліністе болады.

III берілістің 7, II берілістің 9, кері жүрудің 10 және I берілістің 13 тегершіктері екінші білікте, шарлы өзара алмасатын мойынтіректерде орнатылған. III берілістің тегершігі 7 қисық тісті және аралық біліктің III берілісінің тегершігімен үнемі іліністе болады. Синхрондаушының жұмысы үшін тегершіктің цилиндрлік белдемшесіне конус тығындалған, және оның сыртқы цилиндрлі тісті тәжі бар.



## 12.6. Сурет. КамАЗ тектес автокөліктердің беріліс қорабы:

а — жалпы түрі; б — бөлгіш пневможетегінің сызбасы; 1 — бөлгіштің жетекші білігі; 2 — бөлгіштің жетекші білігінің тегершігі; 3 — беріліс қорабының жетекші білігі; 4 — бөлгіштің синхрондауы; 5 — IV мен V берілістердің синхрондаушысы; 6 — жетекші біліктің IV берілісінің тегершігі; 7 — жетекші біліктің III берілісінің тегершігі; 8 — II мен III берілістердің синхрондаушысы; 9 — жетекші біліктің II берілісінің тегершігі; 10 — жетекші біліктің артқа жүру берілісінің тегершігі; 11 — артқа жүру берілісі тегершіктерінің блогы; 12 — алға жүру мен артқа жүруді және бірінші берілісті қосу муфта; 13 — жетекші біліктің I берілісінің тегершігі; 14 — жетекші білік; 15 — аралық біліктің I берілісінің тісті тәжі; 16 — қорап қартері; 17 — артқа жүру берілісінің аралық білігінің тісті тәжі; 18 — II берілістің тісті тәжі; 19 — аралық біліктің III берілісінің тегершігі; 20 — аралық біліктің IV берілісінің тегершігі; 21 — беріліс қорабының аралық білігі; 22 — беріліс қорабының аралық білігі тартпасының тегершігі; 23 — бөлгіштің аралық білік тартпасының тегершігі; 24 — бөлгіш қартері; 25 — бөлгіштің аралық білігі; 26 — басқару кранының ток аударғышы; 27 — басқару краны; 28 — редукциондық клапан; 29 — пневмоцилиндр; 30 — ауа таратушы; 31 — бөлгішті қосу клапаны; 32 — клапан сояушының тірегі; А және Б — қуыстар; В и Н — бөлгіштегі жоғары және төмен берілістер

II берілістің тегершігі 9 қисық тісті және аралық біліктің II берілісінің тегершігімен үнемі іліністе болады. Онда конус пен синхрондаушының жұмысы үшін сыртқы тісті тәж орналасқан.

III мен II берілістері тегершіктерінің мойынтіректері арасындағы екінші біліктің ортаңғы бөлігі үш тісті тәжден тұратын шлицтен жасалған. Ол II мен III берілістердің синхронизаторы күй-мешесін орнатуға арналған. Шеткі тәждер тістерінің жуандығы ортаңғы тәжге қарағанда жұқалау болып келеді, бұл автокөлік қозғалыста болған кезде, II мен III берілістердің өздігінен өшуін болдырмайтын, «құлыпты» құрау мақсатында жасалған.

Кері жүрудің тегершігі тік тісті. Ол керу жүру берілісі 11 тегершіктерінің шағын тісті тәжімен үнемі іліністе болады. Онда кері жүру берілісін қосқан кезде, онымен 12 муфта ілінске енетін кері жүруді қосуға арналған сыртқы тісті тәж орналасқан. 10 тегершік кері жүру тегершігінің төлкесінде орнатылған мойынтіректе еркін айналады.

I берілістің тегершігі 13 тік тісті және аралық біліктің I берілісінің тегершігімен үнемі іліністе болады. Онда муфтамен берілісті қосуды қамтамасыз етуге арналған 12 сыртқы цилиндрлі тісті тәж бар.

I беріліс тегершігінің төлкесінде ішкі шлицті саңылау орналасқан және бұл саңылаудың көмегімен кері жүру тегершіктері төлкелерінің сыртына нығыздалып, біліктің шлицтік орнатылған. Төлкенің сыртқы бөлігі цилиндрлі болып келген және екі диаметрге ие. Үлкен диаметрдің цилиндрлік бөлігінде 12 кері жүру тегершіктерін қосу муфтасы мен I берілісті орналастыру және жылжытуға арналған шлицтер кесіліп жасалған. Аз диаметрлі цилиндрлік мойын екінші біліктің I берілісінің мойынтірегін орналастыруға арналған.

Тегершіктердің мойынтіректері еріксіз майланады. Май қысымның күшімен, май айдауыш сақинасының көмегімен екінші біліктің бойлық арнасына беріледі. Содан кейін радиал бұрғылары арқылы мойынтіректерге жетеді. Екінші білікті құрастыру кезінде, төлкелердегі саңылауларды екінші біліктің радиал бұрғыларының саңылауларымен қиыстыру керек. Майдың айналысын қамтамасыз ету үшін барлық тегершіктердің күпшектерінде радиал бұрғылар орналасқан.

21 *Аралық білік* екі тіректе орналасқан: қорап қартерінің алдыңғы қабырғасындағы цилиндрлі аунақшалы мойынтірегінде және қартер сыртының ұяшық стақанында орналасқан сфералық аунақшалы мойынтіректе.

I берілістің, кері жүрудің және II берілістің тегершіктері білікпен бірге жасалған. Бастапқы біліктің тегершігімен тұрақты ілінісіндегі тегершіктер 22 және IV беріліс 20 пен III берілістің 19 тегершіктері аралық білікке тығыздалған. Олар кездейсоқ айналу-дан сегментті кілтектің көмегімен қорғанады.

Аралық біліктің алдыңғы шетінде 25 бөлгіштің аралық білігін жалғауға арналған шлицтер бар.

11 Кері жүру тегершіктерінің блогы аунақшалы мойынтіректердің өсінде орналасқан. Өс қартердің жонылған жерінде тоқтатқыш тақтайшамен бекітілген. Кері жүру тегершіктерінің блогында екі тік тісті тәж орналасқан. Үлкен диаметрдің тәжі 17 аралық білік тәжімен үнемі іліністе болады, ал кіші диаметрдің тісті тәжі екінші біліктің 11 кері жүруші тісті дөңгелегімен үнемі іліністе болады.

Тегершіктердің шеңберлік жылдамдығын бірқалыпты теңестіру үшін, тиісінше, берілістерді дыбыссыз және екпінсіз ауыстыру үшін беріліс қорабында екі синхрондаушы орнатылған: II мен III берілістірді қосуға арналған 8 синхрондаушы, ал 5 синхрондаушы IV пен V қосуға арналған. I беріліс пен кері жүру берілісін 12 муфта қосады.

**Берілістерді бөлгіш.** Тіркеме немесе жартылай тіркемемен тұрақты жұмысқа арналған тартқыш-автокөліктердегі жай бес сатылы беріліс қораптары берілістерді бөлгіштермен толықтырылады. Редуктор-бөлгіш болған жағдайда, беріліс қораптары 24 бөлгіш қартерімен бірігіп жасалған ілініс қартеріне бекітіледі (12.6 сур. қараңыз).

2 бөлгіштің жетекші білігі алдыңғы шетімен иінді біліктің қайрағындағы аунақшалы мойынтірекке тіреледі. Оның артқы шеті бөлгіш корпусының қалқанында орналасқан аунақшалы мойынтірекке тіреледі. Бөлгіштің ішкі білігінде ішкі цилиндрлік қуыс бар, оның ішінде 3 беріліс қорабының бастапқы білігін тіреу үшін аунақшалы мойынтірек орналасқан.

Екі аунақшалы мойынтіректегі бөлгіштің жетекші білігінде 2 тегершік орналасқан, ол бөлгіштің аралық білігі 23 тартпасының тегершігімен үнемі іліністе болады. 23 тегершік бөлгіштің аралық білігіне тығыздалған және кілтектің көмегімен кездейсоқ айналу-дан қорғалған.

Бөлгіштің аралық білігінің алдыңғы шеті аунақшалы мойынтірекке тірелген, ал артқы шеті шлицтердің көмегімен негізгі беріліс қорабының аралық білігімен жалғасады және аунақшалы мойынтірекке тіреледі.

Біліктердің шеңберлік жылдамдығын бірқалыпты теңестіру үшін, бөлгіштің бастапқы білігінде конусты үйкелмелі сақиналары бар инерттік түрдегі синхрондаушы орнатылған.


Бөлгіш берілістерін ауыстыру механизмі қозғалыс кезінде қажетті берілісті қосуды қамтамасыз етеді. Ол сухари бар айыр мен шетінде тетігі бар айырдың білікшесінен тұрады.

Бөлгіштің төменгі берілісін қосқан кезде, синхрондаушының муфтасы артқа жылжи отырып, беріліс қорабының жетекші білігі күймешесінің тісті тәжімен ілініседі. Сонымен қатар, айналу өз жылдамдығын өзгертпей отырып, тікелей беріліс қорабына өтеді.

Жоғарғы берілісті қосқан кезде, бөлгіш синхрондаушысын алға жылжытады және ол бөлгіштің жетекші білігін бөлгіш пен беріліс қорабының аралық біліктермен біріктіреді. Айналу берілісінің бұндай жолы кезінде, негізгі беріліс қорабындағы айналдыру мезеті 0,815 дейін азаяды, ал автокөлік қозғалысының жылдамдығы шамамен 1,22 артады.

**КАМАЗ автокөлігіндегі бес сатылы беріліс қорабының жұмысы.** I беріліс муфтамен қосылады, ол жетекші біліктің I берілісінің тегершігімен ілініске енеді. Айналу тұрақты ілініс тегершіктері арқылы жетекші біліктен аралық білікке, айналу білік бойынша I берілістің аралық білігінің тегершігіне, жетекші біліктің I берілісінің тегершігіне және муфта мен күпшек арқылы жетекші білікке өтеді (12.7, а сурет).

II беріліс II мен III берілістерді қосу синхрондаушысымен іске қосылады. Ол жетекші біліктің II берілісінің тегершігімен ілініске енеді. Айналу тұрақты ілініс тегершіктері арқылы аралық білікке



12.7. сурет. I (а), II (б), III (в), IV (г), V (д) берілістері мен кері жүру (е) кезіндегі берілістер мен айналудың (көрсеткіш оқпен көрсетілген) қосылу сызбасы

беріледі, ал одан II берілістің тұрақты ілініс тегершіктері мен синхрондаушы арқылы жетекші білікке беріледі (12.7, б сурет).

III беріліс те осы синхрондаушымен қосылады, бірақ ол алға және артқа ауысады, сондай-ақ, жетекші біліктің III берілісінің тегершігімен ілініске енеді. Айналу жетекші білікпен тұрақты ілініс тегершіктері арқылы аралық білікке беріледі. Айналу III берілістің тұрақты ілінісінің тегершіктері арқылы II мен III берілістерін қосу синхрондаушысына беріледі, ал одан шлицтер арқылы жетекші білікке (12.7, в сурет) өтеді.

IV берілісі IV мен V берілістерін қосу синхрондаушысымен іске қосылады. IV берілісті қосу үшін синхрондаушы артқа және алға ауыса отырып, жетекші біліктің IV берілісінің тегершігімен ілініске енеді. Айналу тұрақты ілініс тегершіктері арқылы аралық білікке беріледі, ал одан IV берілістің тұрақты ілініс тегершіктері мен синхрондаушы арқылы жетекші білікке беріледі (12.7, г сурет).


V беріліс — тік. IV мен V берілістерін қосу синхрондаушысы жетекші білік тегершігінің тік тісті тәжімен ілініске енеді, және айналу жетекші біліктен жетекші білікке беріледі (12.7, д сурет).

Кері жүру берілісі I берілісі мен кері жүру берілісінің муфта-сымен қосылады, ол муфта өз кезегінде кері жүруді қосу тегершіктерінің бүйірдегі сыртқытісті тәжімен ілініске енеді. Айналу жетекші білікпен тұрақты ілініс тегершіктері арқылы аралық білікке беріледі. Айналу кері жүруді қосу тегершігі арқылы кері жүру тегершіктері блогының үлкен тісті тәжіне, кіші тісті тәжіге, онымен тұрақты іліністе болатын жетекші біліктің кері жүруді қосу тегершіктеріне беріледі. Айналу бұл тегершіктен муфтаға, ал одан күпшек пен шлицтер арқылы беріліс қорабының жетекші білігіне беріледі (12.7, е сурет).

**Бөлгіш берілісін ауыстыру механизмін басқару.** Басқару пневмомеханикалық жүйе арқылы іске асырылады (12.8 сурет). Ол 2 редуционды клапаннан, 8 бөлгішті басқару кранынан, 6 бөлгішті қосу клапанынан, 4 ауа таратушыдан және ауа құбырларынан тұрады.

Тығыздалған ауа тартыштың пневможүйесінен 0,42 МПа (4,2 кгс/см<sup>2</sup>) қысымына реттелген редуционды клапанға жеткізіледі. Арқаншаны басқару кранының сояуышы II ауыстырушысымен біріктірілген, ол берілістерді ауыстыру тегершігінің сабында орналасқан және тетіктің орналасу жағдайына байланысты, төменде немесе жоғарыда орналасуы мүмкін.

Бөлгішті қосу үшін ажырату басқышын басу қажет. Сонымен қатар, тірек орынын ауыстыра отырып, бөлгішті қосу клапанының сояуышын басады.



12.8-сурет. Бөлгішпен басқару схемасы:

1 — бақылау шамы; 2 — редукциялық қақпақ; 3 — күштік цилиндр; 4 — ауа таратқыш; 5 — бақылау шамының құрылғысы; 6 — бөлгіштің берілісін қосу клапаны; 7 — тіреу; 8 — берілістерді бөлгішпен басқару краны; 9 және 10 — бөлгіштегі төменгі және тисінше жоғарғы беріліс; 11 — бөлгішпен кранды басқаруды ауыстырып қосқыш.

Ауа таратушысының бөліп таратқышының орналасу жағдайына байланысты, ауа ауа таратқышқа, 3 күш цилиндрінің қандай да бір қуысына жетеді. Осыған сәйкес, бөлгіштің төменгі немесе жоғарғы берілісі қосылады.

## 12.6. Берілістерді бірқалыпты қосу муфталары және синхрондаушылар

Тік тісті тегершіктердің көмегімен берілістерді ауыстыру олардың тістерінің соғылуына әкеліп соғады, мұның нәтижесінде тегершіктер тез істен шығады. Берілістерді ауыстыруды жеңілдету мақсатында муфталар мен синхрондаушылар пайдаланылады.

Берілістерді бірқалыпты қосу муфтасы көптеген автокөліктерде қолданылады. Оның негізгі бөлігі болып муфтаньң өзі мен мен күпшек табылады (12.1, 17 сур. қараңыз). Муфта берілісті ауыстыру айыры үшін сакиналы бунақ пен ішкі тік тісті тәжге ие. Күпшек пен қосылатын берілістердің тегершіктері осындай тісті тәждерге ие. Күпшек екінші біліктің шлицтарында орнатылып, серіппе сакинамен бекітіледі.



Берілісті қосу үшін муфтаны қосылатын тегершікке қарай жылжытады, және ол бүйірдегі сыртқы тісті тәжбен ілініске енеді.

Алайда, егер, ілініске тегершіктер енсе, онда олар мұның нәтижесінде тез істен шығады және соққыларды муфталар қабылдайды. Бұл, өз кезегінде, олардың жедел істен шығуына және берілістердің қиын қосылуына әкеліп соғады, әсіресе, машина қозғалыста болған кезде. Берілістердің қиын қосылуы келесімен түсіндіріледі: берілістерді ауыстыру кезінде ажыратқышты өшіреді, және беріліс қорабының жетекші білігі аралық білікпен бірге тоқтайды, ал автокөліктің жетекші дөңгелектерімен біріктірілген екінші білік өз қозғалысын жалғастырады. Мұндай жағдайда айналушы тегершік қозғалмайтын тегершікпен ілініске енеді. Ал бұл соққылардың пайда болуына, шудың артуына және нәтижесінде тегершіктердің тозуына әкеледі. Бұл мәселені синхрондаушылардың орнатылуы шешеді.

**Синхрондаушылар.** Синхрондаушылар біліктердің шеңберлік жылдамдылықтарды түзетеді. Мұның нәтижесінде берілістер шусыз және соққысыз қосылады. Синхрондаушылар әртүрлі үлгіде құрастырылған, алайда, синхрондаушылардың барлық түрлерінің жұмыс істеу қағидалары ұқсас. Көптеген автокөліктердегі беріліс қораптарының синхрондаушылары келесі түрде құрастырылған. Күпшек 8 (12.9 сурет) екінші білікте шлицтердің көмегімен орнатылады және оның үш бойлық ойығы 9 бар. Ойықтарда 7 болаттан жасалған, таңбаланған сухарьлар орнатылады, ал сухарьлардың астында – 5 жайпақ серіппелер орнатылады.

12.9. сурет. Беріліс қораптарындағы синхронизатор құрылғысы

- а — конструкция; б — бөлшектер;  
 1 — жетекші біліктің тегершігі;  
 2 — конусты тойтарғыш сақина;  
 3 — муфта;  
 4 — айыр;  
 5 — серіппе;  
 6 — III берілістің тегершіктері;  
 7 — сухарь;  
 8 — күпшек;  
 9 — күпшектегі бойлық ойықтар



Серіппелердің қылқандары бір сухарьдің астына орнатылуы тиіс. 8 күпшекте сыртқы тісті тәж бар, оның үстімен 3 муфта жылжиды. Онда орталық бөлігінде сақиналық бунағы бар ішкі тісті тәж бар. 5 Жалпақ серіппелер бұл бунаққа 7 сухарьлардың дөңес жерлерін батырады. Муфтаның сыртында берілістерді ауыстыру механизмінің айырына арналған сақиналық бунақ бар.

Бойлық ойықтардағы 7 сухарьлар азғантай саңылаулармен орнатылған және олар 8 күпшектің бойымен қозғала алады. Күпшектің екі жағында да 2 қола конусты тойтарғыш сақиналар орналасқан. Тойтарғыш сақиналардың сыртында синхрондаушы муфтаның тісті тәжіне және қосылатын тегершіктерге сәйкес, сыртқы тісті тәж бар. Тойтарғыш сақиналардың ішкі беті конус тәрізді және онда синхрондаушының жұмысы кезінде майды тез жою үшін жасалған майда ойықтар бар. Тойтарғыш сақиналарда үш ойық бар. Олардың ішіне сухарьлардың кесілген жерлері енеді. Тойтарғыш сақиналардағы ойындылардың ені сухарьлардың енінен шамамен жарты тістің еніне қарағанда үлкен. Тойтарғыш сақиналар мен муфта тістерінің кесілген жерлері дөңгелектелген.

Көптеген заманауи жеңіл автокөліктердің модельдеріндегі мұндай құрылғыларда беріліс қораптарының синхрондаушылары бар. Олардың айырмашылықтары – жалпақ серіппелері бар сухарьлардың орнына, ол жерде сухарь мен серіппесі бар шардан тұратын шарлы фиксаторлар орнатылуы мүмкін. Серіппе шарларды муфтаның ішіндегі сақиналық бунаққа басып енгізеді.


Бұл синхрондаушылардың жұмыс істеу қағидалары ұқсас. Берілісті қосу үшін муфта тойтарушы сақина тістерінің арасынан сырғып өтіп, қосылатын тегершіктің тісті тәжімен ілініске ену қажет.

3 муфта орын ауыстыған кезде (12.9 сур. қараңыз), онымен бірге 7 сухарьлар жылжиды, себебі, олардың көтерілімдері 5 серіппелермен муфтаның ішкі сақиналық бунақтарына басып кіргізіледі. Сухарьлар кесілген жерлерімен 2 тойтарушы сақиналарды тегершіктердің конус тәрізді беттеріне жылжыта отырып, кесінділерінің түпшелерін басады. Тойтарғыш сақиналардың конустары мен тегершіктің арасында үйкеліс пайда болады, ол сақина кесінділерінің бүйір қабырғалары мен сухарьлардың арасындағы саңылаудың өлшеміне қатысты, тойтарғыш сақинаны бұрылуға мәжбүр етеді. Сонымен қатар, тойтарғыш сақинаның тістері муфта тістеріне жартылай қарама қарсы орналасады. Жүргізуші берілісті ауыстыру тетігін баса отырып, муфтаның тістерімен тойтарғыш сақинаны тегершік конусына қарай күштеп итереді, олардың арасындағы үйкеліс күшейеді. Бұл үйкелістің нәтижесінде беріліс қорабының жетекші білігі айнала бастайды. Жетекші біліктің айналу жиілігі жетекші екінші біліктің жиілігіне тең болғанда, тойтарғыш сақинаның конустары мен тегершіктің арасындағы үйкеліс жоғалады. Мұндай жағдайда, муфта тойтарғыш сақинаны итеріп, тістердің арасынан сырғып өтіп, қосылатын тегершіктің тісті тәжімен ілініске енеді.



**ЗИЛ автокөліктерінің беріліс қораптарының синхрондаушылары.** Бұл автокөліктердің синхрондаушылары басқаша құрастырылған.

1 синхрондаушысының муфтасында (12.10, а сурет) ішкі шлицтер бар. Мұндай шлицтер қораптың екінші білігінде де бар. Муфта бұл шлицтер бойынша екі жаққа да жылжи алады. Муфтада алты саңылауы бар фланец бар. Саңылаулардың екі жағында да жүздер бар. Муфтаның екі жағында берілістерді қосуға арналған 6 тісті тәждер жасалған. Муфтаның екі жағында да бір бірімен 3 үш тайтарғыш бармақпен біріккен, 2 қола конустық сақиналар ор-



12.10. сурет. Автокөліктердің беру қораптарының синхрондаушылары:

а—г — ЗИЛ; д—з — КрАЗ-257 және МАЗ-5335; 1 — синхрондаушы муфтасы; 2 — конустық сақина; 3 — тойтарғыш бармақ; 4 — серіппе; 5 — фиксатор бармағы; 6 — муфтаның тісті тәжі; 7 — тегершік; 8 — тегершіктің ішкі тісті тәжі; 9 — қайта қосу айырының құрсауы; 10 — корпустың көздеуіш ойығы; 11 — корпус; 12 — штифт; 13 — муфтаның дөңесі; 14 — фиксатор

наласқан. Конустың сақиналардың түптеріндегі тайтарғыш бармақтардың арасында 4 серіппесі бар 5 үш фиксатор орнатылған.

Беріліс қосылған кезде, 1 синхрондаушының муфтасы қосылатын берілістің тұсына қарай жылжиды. 7 қосылатын берілістің тегершігінде (12.10, б—г сур.) 2 конустық сақинаға сәйкес, конус тәрізді бет пен 8 ішкі тісті тәж бар. 4 серіппе муфтасы саңылауларының бүйір қабырғаларына 5 фиксаторларды сақиналы бунақтармен тығыздап басады. Мұның нәтижесінде, муфтамен қатар, конустық сақиналар да жылжиды. 2 конустық сақина өзінің конус тәрізді тұсымен қосылатын 7 тегершіктің конусымен түйіседі, және олардың арасында сақинаны еліктіретін үйкеліс пайда болады. Тайтарғыш бармақтар өз сақиналы бунақтарының түптерімен муфта саңылауларының бүйір қабырғаларына тығыз басылады. Конустық сақиналарды еліктіретін үйкеліс күші муфтаға тайтарғыш сақиналар бойынша сырғымауға және өзінің сыртқы тісті тәжі мен қосылатын тегершіктің ішкі тісті тәжімен ілініске енуіне кедергі жасайды. Сонымен қатар, муфта өз саңылауларының жүздерімен тайтарғыш бармақтардың жүзіне басылады және конустық сақинаны тегершіктің конусына тығызырақ итереді. Үкеліс тегершік пен білікті тезірек айналуға мәжбүрлейді, біліктердің айналу жиіліктері бірдей болғанда, муфта өз жүздерімен тайтарғыш бармақтарды конустық сақиналармен бірге итеріп, қосылатын беріліс тегершігімен ілініске енеді.

**КрАЗ-257 және МА3-5335 беріліс қораптарының синхрондаушылары.** Синхрондаушының негізгі бөлшектері болып 11 корпус (12.10, д сурет), 1 синхрондаушы муфтасы 9 айырының құрсауы табылады. Корпус төрт біркелкі орналасқан 10 ойықтары бар толық цилиндр болып келеді. Ойықтар өтпелі және олардың арнайы конфигурациясы бар. Олардың орта бөлігі жалпақтау және шеттері қиғаштау болып келеді. Корпустың саңылауларына 9 вилканың құрсауы бекітілген, синхрондаушы күймешесінің төрт бөлшегі еніп тұр. Синхрондаушының күймешесі, сондай-ақ, төрт шеңбер бойынша біркелкі орналасқан төрт саңылауға ие, олар фиксатордың рөлдерін атқарады. Корпус орташа бейтарап күйде серіппе фиксаторлардың көмегімен күймешемен бірігеді, бұл серіппе фиксаторлардың шарлары серіппелердің әсерінен құрсауда бар тиісті жырашықтарға енеді. Синхрондаушы құрсауының екі шетіне де 2 қола конустық сақиналар бекітілген. Синхрондаушының муфтасы жетекші біліктің шлицтарына немесе III мен II берілістер тегершіктерінің керме төлкесінің шлицтарына орнатуға арналған ішкі ойыққа ие.


Берілісті қосу кезінде, айыр 9 айырдың құрсауын жылжытады, ал ол 1 муфта мен 11 корпусы жылжытады. Корпустық сақинаны тегершіктің конусына жылжытқан кезде жылдамдық өзгереді, мұның нәтижесінде, 1 муфтаның саңылауларына енетін тікбұрышты дөнес жерлері орындарын ауыстырып, корпусының ортадағы бүйір тереңдігіне енеді.

Конустық беттердің сырғуы тоқтамайынша және корпус пен тегершіктің жылдамдықтары теңеспегенше, муфтаның білік өсі бойынша жылжуы мүмкін болмайды.

Корпус пен тегершіктің айналу жылдамдықтары теңескеннен кейін, муфтаның бөліктері ойықтардың ортадағы бүйір түптеріне жабысуды тоқтатады, және муфта білік өсі бойынша жылжу мүмкіндігіне ие болады. Берілістерді ауыстыру айырының әсерінен муфтаның орын ауыстыруы кезінде, муфта мен корпуссты жалғайтын шарлар муфтаның түбінен шығады. Бұдан кейін муфта біліктің өс бойымен жылжиды, және ол қосылатын тегершіктің жылдамдығына тең жылдамдықта айналуына байланысты, соққысыз және шусыз қосылған беріліс тегершігінің тісті тәжімен ілініске енеді.

**КамАЗ автокөліктерінің беріліс қораптарының синхрондаушылары.** II мен III берілістердің синхрондаушылары 5 күймешеден, 2 және 4 екі үйкелістік сақинадан, сегіз 3 тайтарғыш бармақтан және 1 төрт фиксатордың бармағынан тұрады (12.11 сурет).

Күймешеде жырашық тесілген, оған II мен III берілістерді қосу айырының сухарылары кіреді. Күймешеде екінші біліктің шлицтарына орналастыруға арналған саңылаулары бар шлицтер бар. Шеткі тісті тәждер орташадан да жұқарақ және жиынтығында, екінші біліктің тісті тәждерімен автокөлік қозғалыста болған кезде, берілістердің өздігінен сөнуін болдырмайтын «күлпыт» құрайды.



12.11. сурет. КамАЗ автокөліктерінің II және III берілістерінің синхрондаушысы

а — құрылғы; б — III берілісті қосқандағы орналасу жағдайы; 1 — фиксатордың бармағы; 2 — II берілістің үйкеліс сақинасы; 3 — тайтарғыш бармақ; 4 — III берілістің үйкеліс сақинасы; 5 — синхрондаушының күймешесі; 6 — фиксатордың серіппесі; 7 — шарик

Тайтарғыш бармақтар үшін күймешенің фланецтерінде фиксаторлардың астына орналасуға тиісті, жүздері бар сегіз саңылау бар. Тайтарғыш бармақтар бейтарап күйде саңылауы бар күймеше фланецінің тесіктерінде орналасады.

Үйкелісті сақиналардың беті конус тәрізді. Бұл беттің үстінде үйкеліс өнімдерін жою мақсатында тікбұрышты жырашықтар фрезерленген, ал шеңбері бойынша конустық беттерден майды жылдам жою үшін бұрандалы жырашықтар кесілген. Синхрондаушы күймешесінің кездейсоқ орын ауыстыруынан 7 шарлар мен 6 серіппелермен қорғалады.


Мысалға, үшінші берілісті қосқан кезде (12.11, б сурет), 5 синхрондаушының күймешесі солға жылжиды. Бастапқы мезетте күймеше азғантай күшпен орын ауыстырады, және фиксаторлардың шарлары үйкелісті сақинаны үшінші берілістің тісті дөңгелектің конус тәрізді бетімен жанасқанға дейін ауыстырады. Олардың арасында үйкеліс пайда болады, және тісті сақина күймешені 3 тайтарғыш бармақтарға қатысты біршама бұрышқа бұра отырып, өзімен ертіп әкетеді. Тесіктердің бүйір қабырғалары тайтарғыш бармақтардың сақиналы бұнақтарға тығыз жабысады, және күймешенің әрі қарай орын ауыстыруы біліктердің шеңберлі жылдамдығын толықтай теңестіргенге дейін тотайды. Жүздердің көлбеулену бұрыштары келесідегідей таңдалып алынған: үйкеліс мезеті болу жағдайында, яғни, 4 сақина мен қосылатын беріліс тегершігінің синхрондалуы жүріп жатқанда, күймешелердің екінші білік шлицтарының бойымен әрі қарай сырғуы мүмкін болмайды. Инерция күші мен үйкеліс мезеттері тоқтаған жағдайда, 3 тайтарғыш бармақтар 5 күймешедегі тесіктерге қатысты еркін қалыпқа енеді және күймеше білік шлицтарының бойымен сырғу мүмкіндігіне ие болады. Сонымен қатар, фиксаторлардың шарлары су түбіне кетеді, және күймеше, білік шлицтарының бойымен сырғи отырып, қосылатын III берілістің тегершігімен ілініске енеді.

II беріліс қосылған кезде, синхрондаушының жұмысы ұқсас болады.

*IV мен V берілістерді қосу синхрондаушысы* осы қағида негізінде жұмыс жасайды. Оның құрылғысы II мен III берілістерді қосу синхрондаушысынан аздап ерекшеленеді. Ол екі күймешеден, екі үйкеліс сақинасынан, сегіз тайтарғыш бармақтан және серіппелер мен сухарылардан тұратын сегіз фиксатордан тұрады. Бұл синхрондаушының II мен III беріліс синхрондаушысынан ерекшелігі – үйкеліс сақиналарының пішіні сыртқы конус тәрізді болмайды, керісінше, ішкі конус тәрізді болады. Басқа жағдайларда, синхрондаушылардың жұмыстары ұқсас.

## **12.7. Беріліс қораптарын басқару механизмі**

Беріліс қораптарының арнайы берілістерді ауыстыру механизмі бар. Мысалы, ол ЗИЛ тектес автокөліктерде 1 қорап қартерінің қақпағында орналасқан (12.12 сурет).



12.12. сурет. Беріліс қораптарын басқару механизмі:

1 — беріліс қорабы қартерінің қақпағы; 2 — I беріліс пен кері жүруді қосу жылжымасы; 3 — жылжыманың бастиегі; 4 — кері жүруді қосу сақтандырғышының серіппесі; 5 — I беріліс пен кері жүруді қосудың аралық тетігі; 6 — берілістерді ауыстыру тетігі; 7 — ауыстыру тетігінің корпусы; 8 — фиксатордың шары; 9 — IV мен V берілістерді қосу жылжымасы; 10 — II мен III берілістерді қосу жылжымасы; 11 - атмосферамен беріліс қорабының қартерін хабарлауға арналған ауашығарғыш; 12 — I беріліс пен кері жүрісті қосу айыры; 13 — II және III берілістерін қосу айыры; 14 — IV және V берілістерін қосу айыры; 15 — сырғақтар тиегінің сұққышы; 16 — сырғақтар тиегінің шары.

Арнайы ұяшықтарда I беріліс пен кері жүруді қосудың 2 жылжымасы, IV мен V берілісін қосудың 9 жылжымасы және II мен III берілісін қосудың 10 жылжымасы орнатылған. Жылжымаларда екінші білік тегершіктерімен және синхрондаушылармен ілініске енетін айырлар бұрандамамен бекітілген. II мен III берілістерді қосу 13, сондай-ақ, IV мен V берілістерді қосу 14 айырлары жүздері бар бастиектермен шектеледі. I беріліс пен кері жүру жылжымасында, оның шетінде орналасқан 12 айырдан басқа, 3 бастиек орналасқан. Бұл бастиектің саңылауына I берілісті және кері жүруді қосудың бастиегіне 5 аралық тетігі кіреді. Айырлар бастиектерінің және I беріліс пен керу жүруді қосудың аралық тетіктерінің саңылауларына 7 берілісті ауыстыру тетігі корпусының ұяшығында орналасқан, 6 берілісті ауыстыру тетігінің төменгі шеті кіреді. Тетіктің шарлы тірегін конус пішінді серіппе тіреп тұрады. Тетікті бір шеттен екінші шетке жылжыта отырып, оның төменгі шетін бастиектердің саңылауларына енгізуге және әртүр-


лі берілістерді қосуға болады.

Автомобиль жүріп келе жатқанда, әсіресе нашар жолдармен жүргенде, тегершіктер өз бетімен керекті тегершіктермен іліністен шығуы мүмкін.

Бұл жағдай орын алмас үшін, жылжымаларда тісті сақиналардың толық ілініске енуіне сәйкес болатын бунақтар жасалады, және бұл бунақтарға серіппелердің көмегімен 8 бекіткіш шарлар батырылады. Олар берілістердің өз бетімен ауысуын болдырмайды және тістердің барлық ұзындығына дейін тегершіктердің іліністе болуын қамтамасыз етеді.

Егер, жүргізуші тетікті дұрыс бұрмаса және оның төменгі шеті екі беріліс айырларының саңылауларына бірдей кірсе, онда екі беріліс бір уақытта қосылуы мүмкін, бұл тегершіктердің істен шығуына алып келеді.

Екі берілістің бір уақытта қосылу мәселесін құлыпты орнату шешеді. Ол ортадағы жылжыманың саңылауына салынған 15 шлифттан және 16 құлыптың екі шарынан тұрады. Жылжымаларда шұңқырлар жасалған: шеткілерінде — ортаңғы жылжыма тұрсынан бір-бірден, ал ортасындағыда — екі жағынан. Шарлар-



12.13. сурет. Берілістерді ауыстырудың дистанциялық жетегі


1 — беріліс қорабының қартері; 2 — фиксатор; 3 — берілістерді таңдау механизмінің тетігі; 4 — ілінісу қартері; 5 — берілістерді таңдау сояуышының тетігі; 6 — берілістерді таңдау сояуышы; 7 — сояуыштың төлкесі; 8 — сояуыштың тығыздамасы; 9 — қорғаушы қап; 10 — топсаның корпусы; 11 — топсаның төлкесі; 12 — топсаның ұшы; 13 — қамыт; 14 — жетеккүштің қорғаушы қабы; 15 — берілістерді ауыстыру жетегінің жетеккүші; 16 — берілістерді ауыстыру тетігі; 17 — реактивті жетеккүштің төлкесі; 18 — реактивті жетеккүш; 19 — берілістерді ауыстыру тетігінің шарлы тірегі

дың диаметрлері мен штифттің ұзындығы келесідей жасалған: бір жылжыманың орнын ауыстырғанда, олар басқа екеуінің шұңқырларына енеді және олардың орындарын ауыстырып, басқа тергіштердің ілініске енуін болдырмайды. Автокөлік алға жүріп келе жатқанда кері жүрудің кездейсоқ қосылып кетуінен сақтандырғыш қорғайды. Ол 5 аралық тетік пен 4 серіппесі бар тіректен тұрады. Сақтандырғыштың жұмысы серіппенің кедергісіне негізделген. Жүргізуші тетікті қозғалта отырып, серіппенің кедергісін сезеді және осылайша кері жүрудің немесе I берілістің қосылғанын анықтайды.

Жеңіл автокөліктердің көптеген модельдеріндегі берілістерді ауыстыру механизмдері жоғарыда сипатталғаннан аздап ерекшеленеді. Негізгі ерекшелігі болып сояуыштар мен айырлар бастиктерінің, сондай-ақ, фиксаторлардың орналасуы табылады. Шарлардың орынындағы құлыпта тоқтатқыш тығынжылдар болуы мүмкін.

Алдыңғы жетекші дөңгелектері бар автокөліктерде *берілістерді ауыстырудың дистанциялық жетегі* бар.

16 берілістерді ауыстыру тетігі 16 (12.13 сурет) 19 шарлы тіректе орналасқан. Тетікке бармақтың көмегімен 15 берілістерді ауыстыру жетегінің жетеккүші жалғанған. Жетеккүшке топсаның көмегімен 6 берілістерді таңдау сояуышы жалғанған. Ол, өз кезегінде, 4 ілініс қартерінің ішінде орналасқан 5 берілістерді таңдау сояуышымен жалғанған. 5 тетік 3 берілістерді таңдау ме-



12.14. сурет. Берілістерді таңдау механизмі:

1 — берілістерді таңдау тетігінің өсі; 2 — берілістерді таңдау тетігінің фиксаторы; 3 — берілістерді таңдау тетігі; 4 — берілістерді таңдау тетігінің пластинасы; 5 — кері жүрісті қосу айыры; 6 — кері жүрісті қосу өсі; 7 — берілістерді таңдау механизмінің корпусы

ханизмінің тетігімен жалғанады. Бұл тетіктің орналасуы 2 фиксатормен бекітіледі.

Қозғалтқыш 18 реактивті жетеккүштің көмегімен тетік тірегінің 17 төлкесімен жалғанады. Реактивті жетеккүш төлкеде еркін қозғалады. 19 тетіктің шарлы тірегі 18 реактивті жетеккүшке бекітіледі. Мұның нәтижесінде, қозғалтқыштың шеңбер бойынша орын ауыстыруы берілістерді таңдау механизміне ауыспайды.

*Берілістерді таңдау механизмі* онда берілістерді таңдаудың 3 екі иінді иінтірегі, және 2 фиксатор бекітілген, 1 өсте орнатылған 7 корпуста (12.14 сурет) тұрады. Екі иінді иінтіректің екі жағында серіппелер бар, олар тетікті IV мен III берілістерге орналастырады. 6 өстегі 7 корпуста 5 кері жүруді қосу айыры орнатылған. 5 айырдың ұяшығына кері жүру сояуышы бастиегінің шылбыры кіреді.

## 12.4. Берілістерді таратқыш қорап

Егер, автокөлікте арасында міндетті түрде артқы және алдыңғы жетекші белдігі бар бірнеше жетекші белдік болса, онда айналуы беріліс қорабының жетекші білігінен артқы белдіктер мен алдыңғы белдікке беру мүмкін болмайды.

Айналу кезін автокөліктің барлық жетекші белдіктеріне тарату үшін, айналу кезін артқы және алдыңғы жетекші белдіктерге таратуға қабілетті, арнайы таратқыш қорап болуы тиіс.


Қиын жол жағдайларында жұмыс істеуге арналған автокөліктерде (батпақты жерлер, грунтталған жолдар мен жол бұзылған жерлер, еспе құм, күпсек қар және т.б.) негізгі беріліс қорабымен жетілдірілетін айналу кезімен автокөліктің жүруін қамтамасыз ету жеткіліксіз болады. Мұндай автокөліктерде, негізгі беріліс қорабынан басқа, *қосымша беріліс қорабы* орнатылады (демультипликатор). Қосымша қораптарда бір тік немесе бір төмендеткіш беріліс болуы мүмкін. Кейбір автокөліктерде екі төмендеткіш беріліс болуы мүмкін. Бұл жағдайда, олар басты беріліске айналу жиілігін төмендетуде және айналу кезін арттыруда көмек береді.

Таратқыш және қосымша қораптар жалпы *берілістерді таратқыш қорап* атты корпуста бірігеді.

Таратқыш қорап қораптан, жетекші біліктен, артқы белдік жетеккүшінің білігінен, аралық біліктен және алдыңғы белдік жетеккүшінің білігінен тұрады.

Таратқыш қораптың 4 *жетекші білігінің* (рис. 12.15) алдыңғы ұшында шлицтар бар, оларда негізгі беріліс қорабынан кардандық берілісті жалғау үшін фланец орналасқан. Біліктің алдыңғы шеті таратқыш қорап қартерінің ұяшығында орналасқан шарлы мойынтіректе айналады. Біліктің артқы шеті 6 артқы белдіктің жетеккүш білігі тегершігінің саңылауында орналасқан, ауақшалы цилиндрлі мойынтіректе айналады. Біліктің орта бөлігінде





12.15. сурет.Таратқыш қорап:

а — конструкция; б — шектеуіш құрылғы; 1, 2, 14 — тығындар; 3 — ауашығарғыш; 4 — жетекші білік; 5 — жетекші біліктің тегершігі; 6 — артқы белдік білігінің тегершігі; 7 — спидометр жетеккүшінің бұрамдықты доңғалағы; 8 — спидометр жетеккүшінің бұрамдығы; 9 — аралық білік; 10, 13 — аралық білік тегершіктері; 11 — алдыңғы белдік жетеккүшінің білігі; 12 — алдыңғы белдік жетеккүшінің тегершігі; 15 — қалпақ; 16 — сухарь; 17 — серіппе; 18, 25 — айырлар; 19, 20 — жылжымалар; 21 — сомын; 22 — сақина; 23 — шайба; 24 — тығыздама

шлицтер бар, және олардың бойымен жетекші біліктің (күймеше) 5 тегершігі жылжиды. Бұл тегершіктің көмегімен тікелей және төмендеткіш біліктерді қосуға болады. 5 білікте бұл берілістерді қосудың 25 айыры үшін сақиналы бунақ бар.

*Артқы белдік жетеккүшінің білігі* (жетекші білік) екі шарлы мойынтіректе айналысады. Алдыңғы мойынтірек таратқыш қорабы қартерінің артқы қабырғасында, ал артқы мойынтірек болттардың көмегімен стақанда орналасқан. Білік 6 тегершікпен біртұтас болып жасалған, онда алдыңғы белдікті қосу үшін сыртқы тісті тәж бен тіке берілісті қосу үшін ішкі тісті тәж бар. Біліктің артқы ұшында кардандық беріліс фланецін орнатуға және артқы белдікке бекітуге арналған шлицтар бар. Бұдан басқа, онда 8 спидометрдің жетеккүш бұрамдығымен 7 спидометр жетеккүшінің бұрамдықты доңғалағы орнатылады. 9 аралық білікқартер қабырғаларында орналасқан екі шарлы мойынтіректе айналады. Біліктің ішкі білігінде төмендеткіш берілістің 13 қозғалмайтын тегершігін және алдыңғы белдікті қосудың 10 қозғалатын тегершігін орнатуға арналған шлицтар бар.

*11 алдыңғы белдік жетеккүшінің білігі* екі шарлы мойынтіректе айналады. Біліктің алдыңғы ұшындағы шлицтарда кардандық берілістің фланецтары алдыңғы белдікке қарай орнатылған, ал артқы ұштағы шлицтарда алдыңғы белдік жетеккүшінің 12 тегершігі орнатылған.

Таратқыш қорабы қартерін маймен толтыру үшін 2 тығынмен жабылатын саңылау пайдаланылады, май 1 тығынмен жабылатын саңылау арқылы шығарылады. Таратқыш қораптың ішіндегі атмосфералық қысымды ауаны 3 ауашығарғыш арқылы өткізу арқылы сақтап қалады.

**Таратқыш қорапты басқару механизмі.** Механизмнің құрамына 19 және 20 жылжымалар кіреді. 19 жылжымаға 18 алдыңғы белдікті қосу айыры бекітілген, ал 20 жылжымаға 25 тіке және төмендеткіш берілістерді қосу айыры бекітілген. Берілістер шарлар мен серіпелерден тұратын, қосылған және сөнген жағдайдағы фиксаторлармен бір қалыпта қалады. Жылжымаларда оларға арналған арнайы тесіктер бар. 16 екі сухарьдан және 17 серіппеден тұратын құлып алдыңғы белдікті қосусыз, төмендеткіш берілістің қосылуын болдырмайды. Жылжымалар жетеккүштер жүргізушінің кабинасында орналасқан иінтірекпен жалғасады.

*Тіке беріліс* 5 тегершікпен қосылады, ол 6 тегершіктің ішкі тісті тәжімен ілініске енеді. Айналым 4 жетекші біліктен тікелей 5 тегершікке өтеді, ал одан кейін жетекші біліктің 6 тегершігіне, ары қарай кардандық беріліске өтеді.

Алдыңғы белдікті қосу үшін, алдыңғы белдікті қосудың 10 тегершігін бір мезетте жетекші біліктің 6 тегершігімен және 11 алдыңғы белдік жетеккүші белдігінің 12 тегершігімен ілініске ендіру керек. Айналу жетекші біліктің 5 тегершігі арқылы, жетекші біліктен жетекші біліктің 6 тегершігіне беріледі, ал одан аралық біліктің 10 тегершігі арқылы 12 тегершікке өтеді. Айналу бмен 12 тегершіктерден біліктерге, содан кейін кардандық берілістер арқылы автокөліктің жетекші дөңгелектеріне беріледі.

*Төмендеткіш берілісті* алдыңғы белдік қосылған жағдайда ғана қосуға болады. Сонымен қатар, жетекші біліктің 5 тегершігі


алға жылжып, аралық біліктің 13 тегершігімен ілініске енеді.

Айналу жетекші біліктен 5 тегершік арқылы 13 тегершікке беріледі, шлицтар арқылы аралық білікке, 10 тегершікке, ал одан бір уақытта 6 және 12 тегершіктеріне, бұл тегершіктердің біліктеріне және карданды беріліс арқылы автокөліктің жетекші белдіктеріне беріледі.

ГАЗ-32217, -322172 және -322173 модельді «ГАЗель» автокөліктері өс аралық симметриялық дифференциалы бар екі сатылы қораппен қамтамасыз етілген. Дифференциал мәжбүрлі тайтарғышпен жабдықталған.

Таратқыш қорап 4 алдыңғы қартер (12.16 сурет) 6 артқы қартерден құралған.

3 жетекші білік қартерде орнатылған. Оның алдыңғы ұшы шарлы мойынтіректе, ал артқысы – аунақшалы цилиндрлікте айналады. Біліктің алдыңғы ұшындағы шлицтарда беріліс қораптарынан кардандық берілісті жалғастыру фланеці орнатылған. Же-



12.16. сурет. Толық жетек күшті автокөліктердің таратқыш қорабы:

I — сателлит; 2 — аралық білік; 3 — жетекші білік; 4 — алдыңғы қартер; 5 — төмендеткіш берілістің тегершігі; 6 — артқы қартер; 7 — берілістерді ауыстыру муфтасы; 8 — жоғары беріліс тегершігі; 9 — қақпақ; 10 — сателлит өсі; II — дифференциал корпусы; 12 — артқы белдік жетеккүшінің білігі; 13 — датчик; 14 — жарты өстік тегершік; 15 — дифференциал тегершігі; 16 — дифференциалды тоқтатқыш муфтасы; 17 — алдыңғы белдік жетеккүшінің білігі; А — таратқыш қорапты басқару механизмі

текші біліктегі төлкелерде 5 төмендеткіш берілістің тегершігі мен 8 жоғары берілістің тегершігі еркін орналасқан.

Олардың арасындағы біліктің тиісті тәжінде берілістерді ауыстыру механизмінің айыры үшін сыртқы сақиналы бунағы бар, берілістерді ауыстырудың 7 муфтасы орнатылған. 5 және 8 тегершіктерде тиісті берілістерді қосуға арналған бүйірдегі сыртқы тиісті тәждер бар.

*2 аралық білік* тегершіктердің блогы тәрізді жасалған. Оның екі тегершігі 3 жетекші біліктің тиісті тегершіктерімен үнемі іліністе болады. Аралық білік екі шарлы мойынтіректе айналады. Біліктің артқы ұшындағы шарлы кілттеке спидометр жетеккүшінің бұрамдығы бар, бұрамдықты тиісті доңғалақ орналасқан.

*17 алдыңғы белдік* жетеккүшінің білігі шарлы мойынтіректерде айналады. Оның алдыңғы ұшындағы шлицтарында кардандық берілісті жалғауға арналған фланец бекітілген. Сондай-ақ, біліктің артқы ұшында өс аралық дифференциалдың жарты өстік тегершігін орнатуға арналған шлицтар бар. Біліктің орта бөлігінде 16 дифференциалды бұғаттау муфтасы үшін тиісті тәж жасалған. Осы біліктің үстінде 15 дифференциалдың тегершігі еркін орнатылған, ол аралық біліктің тегершігімен үнемі айналыста болады.

*12 артқы белдік жетек күштің білігі*, сондай-ақ, шарлы мойынтіректерде айналады. Оның алдыңғы ұшында 14 жарты өсті тегершікті орнатуға арналған шлицтар бар, ал артқы ұштың шлицтарында кардандық берілістің фланеці орналасқан.

Таратқыш қорабы жүргізушінің кабинасында орналасқан екі тетікпен басқарылады. Бұл тетіктер жетеккүштерімен берілістерді ауыстыру мен дифференциалды тежеу жылжымаларымен бірігеді. Жылжымаларда берілістердің өз бетімен ауысуын болдырмайтын фиксаторлар бар.

Жоғары берілісті қосқан кезде (беріліс саны 1,07) 7 муфта орнын ауыстырып, 8 тегершіктің бүйірдегі сыртқы тиісті тәжімен ілініске енеді. Айналу жетекші біліктен 7 муфта арқылы 8 тегершікке, ал одан 2 аралық біліктің тегершігіне, 15 дифференциалдың тегершігіне, әрі қарай дифференциал арқылы 17 алдыңғы белдік жетеккүші мен 12 артқы белдік жетеккүшінің біліктеріне беріледі.

Егер, 7 муфтаның орнын ауыстырып, 5 төмендеткіш беріліс (беріліс саны 1,86) тегершігімен ілініске ендірсе, онда жетекші біліктің 7 муфта арқылы айналуы 2 аралық білігінің тегершігі арқылы дифференциалдың 15 тегершігіне, одан әрі алдыңғы және артқы белдік жетеккүшінің біліктеріне берілетін болады. Төмендеткіш беріліс жұмсақ грунт немесе жол жоқ жерде жүру кезінде, тік өрлерді өту мақсатында қосылады.

Дифференциалдың тежегіші жолдың өтуге қиын жерлерімен жүру мақсатында қысқа мерзімге қосылады. Жолдың қатты жерлеріне шыққан кезде, тежегіш шиналардың аса қатты тозуын, трансмиссияны және жанармайды пайдалану шығындарының

өсуін болдырмау мақсатында дереу сөндірілуі тиіс.

Дифференциалдың тежегіші аспаптар қалқаншасындағы бақылау шамымен басқарылады.

Берілістердің қосылуы мен сөнуі және дифференциалдың тежелуі автокөлік тоқтап тұрған кезде немесе 5 км/с аспайтын жылдамдықпен жүру кезінде іске асырылады.

## 12.9 Спидометр

Спидометр автомобильдің жүру жылдамдығын және жүріп өткен қашықтықты бақылауға арналған. Магнитиндукциялық спидометрдің құрылысы мен жұмыс істеу принципі 12.17-суретте көрсетілген.


Спидометр ортақ қаппен және негізбен біріктірілген екі механизмнен тұрады: жылдамдық көрсеткіші (жылдамдық торабы) және есептеуіш (есептік торап). Әрекет ету принципі бойынша олар магнитиндукциялық және электрлік; қозғалысқа келтіру тәсілі бойынша - иілгіш валиктің арқылы жетегі бар және электр жетегі бар спидометрлер болып бөлінеді.

Барлық спидометрлердің *жылдамдық тораптары* магниттік-құйынды әрекет ету принципі бойынша жұмыс істейді. Осындай жылдамдық торабының схемасы 12.17, а-суретте келтірілген. Жетекті валикке 3 бекітілген магнит 4 екі полюс немесе полюстердің бірнеше жұбы дискінің шетінде орналасатындай етіп магниттелген. Екі мойынтіректе еркін айналатын жеке осьте 7 7 магниттік емес материалдан (алюминий) жасалған картушка-қақпақ 2 бекітілген. Ол магнитті оның денесінің сыртына шашырайтын магнит өрісінің неғұрлым көп күш сызықтары картушка материалын тесіп өтетіндей етіп қамтиды. Магнит ағынының басым бөлігі картушка арқылы өтуі үшін оның айналасына арасына шамалы орын қалдырып, жұмсақ магнитті материалдан жасалған экранды 1 1 орналастырады, ол магнит өрісін жұмыс бағытында шоғырландырады.

Валик 3 айнағанда, магнит өрісі картушканың денесінде құйынды токтар тудырады, олар өз кезегінде картушканың магнит өрісін тудырады. Магнит өрісінің және картушка өрісінің өзара әрекеттесуі картушканы магниттің айналу бағытына бұруға ұмтылатын айналу кезін түзеді. Осы кездің шамасы магниттің айналу жиілігіне пропорционал.

Картушка осінің айналуына айналу кезі артқан сайын айналатын және шамасы бұрылу бұрышына пропорционал қарсы әрекет ететін кез тудыратын шиыршықты серіппе (түк) 8 кедергі жасайды.

Магниттің айналу жиілігі тұрақты болғанда, картушка белгілі бір бұрысқа бұрылып, өзара әрекеттесу кезі түктің қарсы әрекет ететін кезіне тең болатын қалыпта тоқтайды.



12.17-сурет. Магнитиндукциялық спидометрдің құрылысы:

а — жылдамдық торабының схема; б — сыртқы ілінісі бар есептегіш торап; в — спидометр жетегінің схемасы; 1 — экран; 2 — картушка; 3 — жетекті валик; 4 — магнит; 5 — шкала; 6 — тіл; 7 — ось; 8 — шиыршықты серіппе; 9, 11 — ұзын тістер; 10 — ұзындығы бойынша қысқартылған тіс; 12 — барабан тістер; 13, 14 — барабан; 15 — бастапқы барабанша; 16 — барабаншаның қос тісі; 17 — тісті қысқартатын ойық; 18 — спидометр жетегінің редукторы; I, II, III — бұрамдықты берілістер

Картушканың және онымен байланыстырылған тілдің 6 айналу бұрышы магниттің айналу жиілігіне тура пропорционал, сондықтан спидометрдің шкаласы 5 бірқалыпты.

Барлық спидометрлердегі *есептік торап* жетекті валикке орнатылған бір қапсырғыш бұрамдықпен қозғалысқа келтіріледі.

Жетек жағындағы есептік барабаншаның (12.17, б-сурет) шетінің бойымен орналасқан 20 тісі, ал екінші жағында - екі тіс мен олардың арасындағы шұңқыры бар. Трибканың барабаншалармен ілінісетін алты тісі бар, және де барабаншаның қос тісімен 16 қосылатын трибка жағында алты тістің үшеуі әрбір біреуі сайын қысқартылған. Барабаншалар мен трибкалар өз осьтеріне ер-

кін отырғызылған, ал оң жақта шеткі барабанша (бастапқы) 15 спидометрдің кіріс валигімен байланысқан. Бастапқы барабаншаны айналдырған кезде оның қос тісі 16 трибканың қысқартылған тісіне 10 жақындайды, және оны  $1/3$  айналымға бұрып, өзінің айналуын жалғастырады. Бұл ретте трибка келесі барабаншаны екі тіске, яғни оның айналымының  $1/10$  бөлігіне айналдырады.

Бастапқы барабаншаның қос тісі өзінің толық айналымын жасаған кезде трибка айналмайды, себебі оның екі ұзын тісі барабаншаның айықтары жоқ цилиндрлік бөлігімен сырғиды. Осындай конструкция алдыңғы барабанша толық айналым жасаған соң, әрбір келесі барабаншаның  $1/10$  айналымға айналуын қамтамасыз етеді.

Тегіс жолда қозғалу кезінде дөңгелектердің біреуінің сырғып кетуін болдырмау үшін, кранды бекітетін тетік оңға қарай жылжытылады. Кран сығылған ауаға бекітетін тетікке өтуді ашады, 7 және 8 серіппелерді қысу арқылы диафрагма 10 (14,13 суретті қараңыз) ауа қысымын жібереді. 8 қысқышы әрекетінің астындағы шыбық 6 сол жаққа, осылайша осылайша құлыптау ілінісі дифференциалданған тісті беріліс қорабының тәжінен және ортаңғы осьтік жетек берілісінің 18 ілінісінің ішкі сақинасымен бекітіледі.

Дифференциал құлыптаулы және дөңгелектегі қисықтықты алдын-ала гидродинамикалық бірлік ретінде жұмыс істейді. Құлыптау ілінісі 19 тостағанның корпусының бір жағына және ортаңғы көпірдің 18 жетекшісінің білікшесінің ішкі сақинасына қарсы басылады және сыртқы сақина тістерінің үлкен қалыңдығына байланысты өздігінен ажыратылмайды.

#### **14.4 Жартылай осьтер (жүргізуші дөңгелектердің жетек біліктері)**

Жартылай осьтер аралық айналып тұратын дифференциалды берілістерден автомобильдің басқару дөңгелектеріне ауыстыруға арналған. Жартылай осьтер немесе дөңгелектер торабы жүклетін подшипниктердің орналасуына байланысты жартылай осьтер түрлі жүктемелерді қабылдайды және жұмыс жағдайына қарай үш негізгі түрге бөлінеді.

**Жартылай жүктемеге ие жартылай ось** (14.14-сурет, а). Ішкі ұшы бар жартылай ось диаметрі дифференциалдық беріліс бөлігінің жартылай осьтік берілісіне қосылады және дифференциалды қораппен бірге негізгі берілісшеде орнатылған тіректегі айналады. 3 осьтің басқа ұшы жартылай осьтік жең 4 ішіндегі мойынтірекке 2 орнатылады. Жартылай осьтің сыртқы жағында 5 жетекші хаб дөңгелектер 1 орнатылған.

Жартылай осьте күштер төмендегідей сипатта болады:


- Уақыт мөрі дөңгелектегі және семааксис;
- осьтік күш туындайды доңғалақтың бүйірлік сырғуымен және жеткілікті бірігу қымбат. Бұл күш бүгіледі тік жазықтықта Луо;
- автомобильдің ауырлығы, сондай-ақ шұңқырдағы полуксисты бүгү тік ұшақ;
- тарту күші дөңгелектің нәтижесінде крутящий кезде, горизонталь бағытта озғалады. Тежеу кезінде, тартылыстың орнына тежеу күші қолданылады және ол қарсы бағытта бақыланады.

Жартылай түсірілмеген жартылай осьтер жеңіл автокөліктерде қолданылады жүктелетін жүктемелер әсіресе, жартылай сызда байқалады.

**3/4 босатылған жартылай ось.** (14.14-сурет, б). Жартылай осьтің ішкі бекітілуі 3 жартылай ось негізделген жартылай осьтік дифференциалды беріліс бөлігінде

Сыртқы бекітілген жетекші дөңгелек 5 және шарнирмен және шұңқырдың арасына орнатылатын шарикті мойынтірек 2 арқылы жартылай осьтік жең 4 арқылы бекітіледі. 3 ось крутящего сәттен бастап бұралу бойынша жұмыс істейді және бүйірлік қатысуымен иілу. Отандық автомобильдердегі осындай жартылай осьтер сирек пайдаланылады.

**Толық босатылған жартылай ось** (14.14-сурет, в). Жартылай ось 3 көпір дифференциалдық ішкі соңы жағы тісті қолдау, сыртқы және фланецті 6 пайдаланып дөңгелегі 1 жетекші дөңгелектерге 5 қосылған корпус артқы көпір жартысы 4 соңында екі дөңгелек орнатылған. Бұл тек айналу мүмкіндігін іске қосады. Қалған күштер ортаңғы көпірдің мойынтіректері арқылы қабылданады. Орта және ауыр көлік құралдары жүк пайдаланылатын



14.14-сурет. Жүргізуші доңғалақ біліктерінің жартылай ось типтері


а — жартылай жүктелген; б —  $\frac{3}{4}$  босатылған; в — босатылған; 1 — жүргізуші доңғалақ; 2 — подшипник; 3 — жартылай ось; 4 — жартылай осьтік жең; 5 — алдыңғы доңғалақ ступицасы; 6 — жартылай ось фланеці

толық құбылмалы осьтер. Жартылай осьтердің соңына бір дөңгелекті және дифференциалдық жағы тісті доңғалақтардың қосылуын қамтамасыз ету үшін кесілген ұяшықтардан басқа олардың соңындағы бекітуге арналған фланецпен жабдықталады, ол болат өзектен жасалған. Мұндай жартылай ось көптеген отандық жүк көліктерінде қолданылады.

Екі жағынан да беріліс тетігі бар басқа жартылай осьтердің құрылысы сәл өзгеше. Бір жағынан олар жартылай тісті дөңгелек саңылауларына, ал екіншісі оның ортасындағы тетігіне 2 (14.7-суретті қараңыз) бекітіледі.

Осьтің сыртқы ұшын ГАЗ-31029 жетекші дөңгелектерін бекітетін мысал көрсетілген 14, 15. Дөңгелекті дискі жарты осьтің фланеціне басылған шнуркаға жаңғақпен бекітіледі. Жартылай осьтің 14 сыртқы жиегі жартылай дискідегі шарикті мойынтіректермен жабдықталған. Жартылай ось 14 білік тірегін 4 жартылай осьтік корпустың шұңқырына орнатады. Подшипник сақина бекітілген 13 білікке қосылған. Бекіткіш сақина 13 мен мойынтіректің арасындағы сенімді тірегі бекітілуін қамтамасыз етеді. Ұшақтың соңында мойынтірме 8 май сүзгісімен және тежегіш дискімен бірге ұшты фланецке бекітілген пластинамен 8 ұсталады. Жарты осьтің фланеці мен фланеці арасындағы аралықта 5 тірек орнатылады. Тоқсырманы азайту үшін ұшыға серіппелі шайба орнатылады 11. Розеткалар қақпағы арқылы маймен майланған 17.


Жүк автомобильдеріндегі жартылай осі бар сыртқы соңына жартылай ось фланецтің іске қосылуы кезінде қатысуымен, концентратор 4 екі конустық роликті подшипниктермен 3 және 10 (14.16-сурет) орнатылған. Подшипниктер ось тұрғын үй салып және негізгі аудару бірдей майымен майлау, жағармай құю фланец осіне сәйкес 2 және мөрдін 5 ағып кетуіне кедергі болып табылады. Фланец сақинаның осіне бекітіледі. Бұл бөліктің астында өзін-өзі босатып тұратын бұранда бар, оны ұстап тұрып құлыптау шайбаларына бекітеді. Ұстағыштар корпустың 9 гайкамен ұсталып, олардың тығыздалуын реттейді. жаңғақ кездейсоқ қопсыту құлып тесігі шайбалар 7 ішкі және сыртқы бетіне орнатылады. Ортаға ішкі доңғалақтың дискіні және қамтамасыз етілген қақпағы бекітіледі, фланец жаңғақтар қоса берілген, бойынша тежегіш барабаны 1 орнатылған 8. сыртқы хабы бұрандалар қарсы өткізіледі ішкі дөңгелектерді дұрыс орнату үшін. сыртқы доңғалақ крепящей киіп және сыртқы гайкасын қоса беріледі. Сондай-ақ, олар пахта тәрізді хамферлерге ие болды. Жартылай осьті бекітуге арналған фланец қарсы жаңғақтар бар экстракторлар айналасын асырды, онда бұрандамалар екі бұрандалы тесіктер бар.



14.15-сурет. Донғалақ және жартылай осьті бекіту:

1 — май ұстағыш; 2 — тығыздауыш корпусының бұрандасы; 3 — май көрсеткіш; 4 — жартылай ось подшипнигі; 5 — тығын; 6 — киіз тығыздауыш; 7 — тығыздауыш корпусы; 8 — подшипникті бекіту пластинасы; 9 — тежеуіш бараанның бекіту орнатқыш бұрандасын жартылай ось фланесіне бекіту; 10 — тетік; 11 — серіппелі төсемдер; 12 — тірек шайбалар; 13 — тығындау сақинасы; 14 — жартылай ось; 15 — жартылай ось манжеті; 16 — тығыздауыш төсем; 17 — қалпақты масленка; А — майды шығаруға арналған саңылау

Жартылай осьтен жасалынатын конструкция және материалдарға арнайы талаптар қойылады, себебі олар нашар жолдарда жүру кезінде үлкен кернеуде жұмыс істейді.



14.16-сурет. Артқы доңғалақ ступицасы:

1 — тежеуші барабан; 2 — сальник; 3, 10 — подшипниктер; 4 — ступица;  
 5 — төсем; 6 — жартылай ось; 7 — құлыптық шайба; 8 — сыртқы бұранда;  
 9 — ступица подшипниктерінің бұрандасы

Пайдалану ұзақтығын қамтамасыз ету үшін мойынтіректерді майлап отыру және шаңнан қорғау қажет. Көптеген автомобиль модельдерінде дөңгелектерге арналған мойынтіректерді сұйық майлармен майлайды, бірақ олардың арқасында мойынтіректерді консистентті маймен майлайтын автомобильдер бар.

### 14.5 Автомобильдің алдыңғы осі


**Жалпы құрылысы.** Алдыңғы осьтер қиылатын және қиылмайтын болады. Қиылмайтын алдыңғы осьтерді жүк автомобильдеріне, ал қиылатын — жеңіл автомобильдерге орнатылады.

Қиылмайтын алдыңғы осьтің негізгі бөлшегі арқалық 20 (14.17-сурет) болып табылады, оның қоставрлық қимасы бар. Арқалықтың екі жақтағы ұштарында құлақтар бар, оларға шүберін 9 арқылы бұрылмалы құлақтарға (бұрылмалы шетмой-



14.17-сурет. Алдыңғы ось:

1 — сомын; 2 — шайба; 3 — күшек; 4 — тежегіш диск; 5 — тежегіш қапсырманың негізі; 6 — тежегіш қалыптар; 7 — піспек; 8 — тежегіш қапсырманың корпусы; 9 — шүберін; 10 — шүберін төлкесі; 11 — бұрылмалы құлақ; 12 — тығыздағыш сақина; 13 — реттегіш төсем; 14, 16 — рөл тартқыштарының тістері; 15 — бұрылмалы тұтқа; 17 — сирақ; 18 — бойлық рөл тартқыш; 19 — көлденеу рөл тартқыш; 20 — арқалық; 21 — қамыт; 22 — тежегіш сұққыш; 23 — қорғаныс қақпақ; 24 — пресс-майсауыт; 25 — қалқан; 26 — дөңгелек қақпағы; 27 — күшшек қақпағы




ындарға) жалғанады 11. Бұрылмалы құлақтардың тесіктерінің тозуын азайту үшін олардың ішіне төлкелер 10 престеледі. Бұрылмалы құлақ пен арқалық арасындағы құлақтардың арасына реттегіш төсем 13, ал арқалықтың астына, құлақтардың арасына, дөңгелектің бұрылуын жеңілдету үшін қорғаныс қақпақпен 23 жабылған тіректі шарикті мойынтірек орнатылады. Шүберін және оның төлкелері пресс-майсауыт 24 арқылы консистенттік майлаумен майланады. Алдыңғы дөңгелектің күпшегі 3 бұрылмалы құлаққа пресстелген екі ажыратылған роликті конустық мойынтірекке тіреледі. Күпшектің фланеціне дөңгелекті бекітуге арналған түйреуіштер престелген. Осы фланецке бұрандамалармен тежегіш диск 4 бекітіледі, оның екі жағына тежегіш қалыптар 6 орнатылған. Алдыңғы дөңгелектерді тежеу үшін тежегіш қапсырманың 8 ішіне тежегіштердің гидравликалық жетегінің піспегі 7 бар цилиндрі кіргізілген.

Сұйықтық цилиндрге құбыршек бойымен келтеқосқыш арқылы жеткізіледі. Бұралмалы құлақта меңгерікпен басқарудың бұрылмалы тұтқасы 15 орнатылған, оған меңгерік тартқышының шарлық сұққыштар 14 және 16 бекітілген. 14 сұққышқа көлденең меңгерік тартқыштың ұштығы 19 жалғанған, ал 16 сұққышқа — бойлық меңгерік тартқыш 18 жалғанған.

Бұрылмалы құлақтың роликті конустық мойынтіректерін тарту реттегіш сомынмен 1 жүргізіледі, оның астына шайба 2 орнатылады. Реттелген соң сомын сіргеленеді және күпшектің бұрандалы қақпағымен 27 жабылады. Мойынтіректер Литол-24 немесе Лита майлауымен майланады.

**Дөңгелекті формуласы 4 x 4 немесе 6 x 6 автомобильдердің алдыңғы осьтері.** Дөңгелекті формуласы 4x4 немесе 6 x 6 бар өтімділігі жоғары автомобильдердің алдыңғы осьтері бір уақытта басқарылатын болып табылады. Олардың қаптамасы бар, қаптаманың ішіне басты беріліс және дифференциал құрастырылған. Бұрылысты қамтамасыз ететін жартылай осьтер кесілетін етіп жасалады. Басқарылатын дөңгелектердің бұрылуын қамтамасыз ететін жартылай осьтің жетекші және жетектегі бөліктері бұрыштық жылдамдықтары тең шарикті қарданмен жалғасады. Ол жетекші құлақтан 5 (14.18-сурет) және жетектегі құлақтан 8 тұрады. Олардың ішінде төрт жетекші шарик кіргізілген арнайы профильдің жырақшалары жасалған. Бесінші шар — центрлеуші — құлақтардың центріндегі ұяда орналасқан. Жетекші жартылай ось дифференциалдың жартылай осьті тегершігінің оймакілтегімен жалғасады. Жетектегі құлақтың осі оймакілтекті муфтаның 1 көмегімен дөңгелектің күпшегімен жалғасады. Күпшек бұрылмалы шетмойындағы 7 екі роликті конустық мойынтірекке тіреледі. Мойынтіректерді тарту реттегіш сомынмен 4 реттеледі. Еркін айналуудан бұл сомында тоқтатқыш шайба 3 және контрсомын 2 ұстап тұр.

Шарикті қардан жетекші көпірдің жартылай осьтік жеңінің жартылай сфералық ұшында орналасқан. Осы жартылай сфера-




14.18-сурет. Дөңгелектік формуласы 4x4 автомобильдің алдыңғы дөңгелектерінің жетегі:

1 — жетекші муфта; 2, 4 — мойынтірек сомындары; 3 — тоқтатқыш шайба;  
 5 — жетекші құлақ; 6 — шүберін; 7 — шетмойын; 8 — жетектегі құлақ;  
 9 — дөңгелек; 10 — серіппе; 11 — тоқтатқыш; 12 — қақпақ

лық ұшына екі шүберін 6 престелген, және оларға, роликтік конустық мойынтіректерге, бұрандамалармен сыртқы және ішкі жартылай чашкалар бекітілген. Ішкі жартылай чашқаға бұрылмалы шетмойын бұрандамалармен бекітілген. Карданды ластанудан сақтау үшін және майдың ағып кетуін болдырмау үшін сыртқы жартылай чашканың мықты тығындағыш тығыздамасы бар. Дөңгелек 9 түйреуіштердегі күпшек фланеціне орнатылады және сомындардың көмегімен бекітіледі.

**Дөңгелекті формуласы 4x4 «ГАЗель» тобының автомобильдеріндегі алдыңғы ось.** Алдыңғы ось фланец-айырмамен бір-



ге жасалған алдыңғы көпірдің қартерінен 18, көлденең меңгерікті тартқыштан 21 және шүберіннен тұрады (14.19-сурет).


Фланец-айырдың жоғарғы құлағына шүберін 16 престелген. Төменгі құлағы айыр түрінде жасалған, және оған да шүберін престелген. Жартылай осьті және фланец пен тежегіш қалқанмен 39 жинақта бұрылмалы шетмойынды 37 орнына қойған соң, екі шүберін құлаққа престеледі. Шетмойындар сыналғы тоқтатқыш сұққыштардың 38 көмегімен дұрыс қалпында бекітіледі. Бұрылмалы шетмойын роликті цилиндрлік мойынтіректердегі 36 шүберіндерде бұрылады. Алдыңғы көпір қартерінің ортаңғы құлағы 18 мен бұралмалы шетмойынның құлағы 39 арасында тығыздауыш сақинасы бар 34 тірелмелі шариктік мойынтірек 35 салынады. Мойынтіректерді шүберінмен майлау майсауыт 15 арқылы жүргізіледі. Майлаудың шүберін арқылы мойынтіректерге қалай берілетінін тығынмен 14 жабылатын арнайы тесіктер арқылы тексеруге болады. Жоғарғы шүберін 16 бұрылмалы тұтқамен 17 бірге жасалған қақпақпен жабылады. Бұрылмалы шетмойынның фланеці де тұтқамен бірге жасалады, оған шарлық сұққыш көмегімен көлденең меңгерік тартқышы 21 жалғанған. Басқарылатын дөңгелектердің бұрылу бұрышы контрсомы 19 бар реттегіш бұрандамен 20 шектеледі.

Дөңгелек 8 күпшегі бұрылмалы шетмойында 39 екі конустық роликтік мойынтіректерде айналады. Оларды орнату орны күпшектің ішкі бетіндегі екі сақиналы буылтықтармен, сондай-ақ шетмойындағы сақиналы тығыздалумен анықталған. Мойынтіректерді тартуды реттеу реттегіш сомынмен 7 жүргізіледі. Осы сомын бос айналудан құлыпты шайбамен 5 және контрсомынмен 4 ұсталады. Күпшекте бұрандалармен тежегіш диск 9 бекітілген. негізде 10 гидравликалық цилиндрі және цилиндр піспегі 13 бар қапсырма корпусы 12 орнатылған. Тежегіш дисктің 9 екі жағында серіппелері 11 бар тежегіш қалыптар орнатылған. Карданның ішкі айырының жартылай осінің 31 бір ұшында дифференциалдың жартылай осьтік тегершіктерімен жалғанатына оймакілтектері бар. Осы жартылай осьтің екінші ұшында карданның жетекші айыры бар. Ол жартылай осьтік жеңнің қырнауында ор-

← 14.19-сурет. Алдыңғы жетекші көпірдің бұрылмалы құлағы:

1, 28, 35 — тығыздағыш сақиналар; 2, 33 — реттегіш төсемдер; 3 — фланец қақпағы; 4, 19 — контрсомындар; 5 — құлыпты шайба; 6 — жетекші фланец; 7 — ішкі сомын; 8 — күпшек; 9 — тежегіш диск; 10 — негіз; 11 — серіппелері бар қалыптар; 12 — қапсырма корпусы; 13 — піспек; 14 — тығын; 15 — майсауыт; 16 — жоғарғы шүберін; 17 — бұрылмалы тұтқа; 18 — алдыңғы көпір қартері; 20 — реттегіш бұрандама; 21 — көлденең меңгерік тартқыш; 22 — сирак; 23 — көлденең меңгерік тартқыш; 24 — тоқтатқыш пластина; 25 — мойынтірек қақпағы; 26, 32, 34, 36 — мойынтіректер; 27 — айқастырма; 29 — алдыңғы тығыздама; 30 — сыртқы айыр; 31 — ішкі айыр; 37 — тежегіш қалқан; 38 — тоқтатқыш сұққыш; 39 — шетмойын

натылған шарикті мойынтіректе 32 айналады. Майды ұстап қалу үшін жартылай осьтің осы ұшы тығыздамалармен және арнайы сақинамен сенімді тығыздалған. Жартылай осьтің сыртқы ұшы да карданның жетектегі айырымен бірге жасалған. Айырлар айқастырамамен 27 жалғасады. Айырлардың құлақтарында қақпақтармен 25 жабылатын роликті цилиндрлік мойынтіректер 26 орнатылған. Кардан мойынтіректері сұйық маймен жағылады. Мойынтіректен ағып кетпеу үшін ол түпбеттік тығыздамамен 29 және тығыздағыш сақинамен 28 ұсталады. Бұрыштық жылдамдықтары тең емес кардандар қолданылады. Жартылай осьтің жетектегі бөлігінің сыртқы ұшының оймақилтектері бар, оларға сомындармен дөңгелек күпшегі бекітілетін түйреуіштері бар жетекші фланец кигізіледі.



14.20-сурет. Алдыңғы жетекші көпірдің басқарылатын дөңгелектерінің жетегі:

1 — дөңгелек күпшегі; 2 — шинаға ауа жіберетін құбыршек; 3 — мойынтірек; 4 — бұрылмалы шетмойын; 5 — ауа жіберетін тығыздама; 6 — ауа жіберетін арна; 7 — сыртқы жартылай ось; 8 — контрсомын; 9 — сұққыш; 10 — құлыпты шайба; 11 — мойынтіректер сомыны; 12, 36 — түйреуіштер; 13 — дөңгелек сомыны; 14 — дөңгелекті тежегіш цилиндр; 15 — тежегіш барабан; 16 — күпшек тығыздамасы; 17 — ауа жіберуге арналған шетмойындағы арна; 18 — сомын; 19 — кесілетін конустық төлке; 20 — прессмайсауыт; 21 — бұрылмалы құлақтың шүберіні; 22 — бұрылмалы құлақтың корпусы; 23 — шарнир дискісі; 24 — шарлық тіреу; 25, 34 — тірегіш шайбалар; 26 — кола төлке; 27 — ішкі жартылай ось; 28 — шарнир құлағы; 29 — сыртқы жартылай осьтің оймақилтек айыры; 30 — шарлық тіреудің тығыздамасы; 31 — шүберін мойынтірегі; 32 — реттегіш төсем; 33 — бұрылмалы құлақтың мойынтірек қақпағы; 35 — бұрылмалы шетмойынның төлкесі


Қақпақтар бұрандамалармен бекітіледі, олардың бастиектерінің астына тоқтатқыш пластиналар 24 қойылады.

Қарданның мойынтіректері сұйық маймен жағылады. Мойынтіректерден ағып кетуден механикалық тығыздағыш (буып-түйю) 29 және тығыздау сақинасы 28 ұсталады. Теңсіз бұрыштық жылдамдық кардалары қолданылады. Жарты өстің жетектегі бөлігінің сыртқы жағы сомындармен дөңгелек күпшегіне бекітілетін шпилькаларымен жетекші фланец 6 кигізілетін оймақілтектері бар. Фланецтің астына тығыздағыш сақина 1 орнатылады. Фланецтегі тесікке бұрандамалармен қақпақ 3. бұралады. Қақпақтың астында реттегіш төсемдер 2 орнатылған. Күпшек мойынтіректері және оймақілтектері Литол-24 маймен майланады.

*Бұрыштық жылдамдықтары тең дискілі қардан.* Кейбір жүк автомобильдерінде алдыңғы басқарылатын жетеші көпірлердің дискілі типті бұрыштық жылдамдықтары тең емес қардандары бар (14.20-сурет). Олар бұрыштық жылдамдықтары тең шарикті қарданы бар көпірлер сияқты жасалған.

Бұрыштық жылдамдықтары тең дискілі қарданның сыртқы және ішкі жартылай осьтері 27 бар. Ішкі жартылай ось айырмамен жалғанған, сыртқы жартылай ось оймақілтектердің көмегімен айырмамен 29 жалғанған. Айырларға ұқлақтар 28 кіргізілген. Құлақтардың ойықтарына диск 23 кіргізілген.

*Тәуелсіз аспа.* Жеңіл автомобильдердің алдыңғы дөңгелектерінің тәуелсіз аспасы бар, яғни олардың алдыңғы осі кесілетін (14.21-сурет). Ол автомобильдің жақтау астында бекітілген арқа-



14.21-сурет. Автомобильдің алдыңғы дөңгелектерінің тәуелсіз аспасы:  
1 — шүберін; 2 — шетмойын; 3 — сомын; 4, 13 — сүккыштар; 5 — баған; 6, 10 — тұтқалар; 7 — ось; 8 — амортизатор; 9 — серіппе; 11 — арқалық; 12 — чашка

лықтан 11, екі жоғарғы тұтқадан 6, екі төменгі тұтқадан 10 және оларды жалғастыратын бағаннан 5 тұрады. Жоғарғы және төменгі тұтқалар арқалықпен шарнир арқылы, және бағанмен де шарнир арқылы жалғасады.

Рычагтарды біріктіретін бағанда 5 шүберінге 1 арналған екі құлағы бар, шүберіннің көмегімен бағанға бұрылмалы шетмойын 2 жалғанады. Оған екі роликті конустық мойынтірекке тіреліп, дөңгелектің күпшегі айналады. Мойынтіректердің орнатылуын кесілетін сомынмен 3 реттейді. Сомын сіргеленеді. Төменгі тұтқаларда серіппелі рессордың чашкасы 12 бекітілген. Серіппенің ішінде екі жақты әсер ететін гидравликалық амортизатор 8 орнатылған.

#### 14.6. Алдыңғы басқарылатын дөңгелектерді орнату

Автомобильдің алдыңғы дөңгелектері камтамасыз ету керек:


- жеңіл басқару;
- шиналар мен бөлшектердің ең аз тозуы;
- алдыңғы басқарылатын дөңгелектердің тура сызықты қозғалысқа сәйкес келетін орташа қалыпта тұрақтылығы.

Автомобильді басқаруды жеңілдету үшін алдыңғы басқарылатын дөңгелектердің тік жазықтықта *развалы* және көлденең жазықтықта *түйіспелігі* бар. Дөңгелектерді орташа бастапқы қалыпқа қайтару үшін бұрылмалы шетмойындардың шүберіндері бойлық және көлденең жазықтықтарда бұрылған.

**Дөңгелектердің развалы.** Автомобильді пайдалану кезінде бұрылмалы шетмойындардың шүберіндері және олардың төлке-лері біртіндеп тозады. Олардың арасындағы саңылаудың артуы нәтижесінде дөңгелек жазықтығының тік жазықтықтан ауытқуы пайда болады (14.22, а-сурет), бұл шиналардың тозуына және автомобильдің басқарылуына кері әсер етеді. Осымен күресу шарасы ретінде төмен иілген бұрылмалы шетмойындарды қолданады. Дөңгелектің жоғарғы бөлігінің тік жазықтықтан сыртқа қарай ауытқуы *оң құлдырау* деп аталады. Осының арқасында күпшекті ішкі үлкен мойынтірекке қысатын осьтік күш пайда болады, және сыртқы кішкентай мойынтіректің жүктелуін азайтады. Дөңгелектер развалы кезінде шүберін осі мен жолдың жалғасатын қиылысу нүктесінің және дөңгелектің жолмен жанасатын нүктесінің арасындағы қашықтық азаяды, бұл дөңгелектің бұрылуын жеңілдетеді. Қазіргі автомобильдердің әртүрлі үлгілерінің развал бұрыштары  $\alpha = 0...2^\circ$  шегінде өзгереді.

**Шиналардың тозуы.** Дөңгелектер развалы шиналардың тозуына әсер етеді. Развал болмаған жағдайда аз тозады.  $2^\circ$  дейінгі развал кезінде тозу қатты болмайды. Автомобильді пайдалану кезінде шүберіндердің, төлке-лердің тозуы және алдыңғы осьтің арқалығының шаршап тозу себебінен оң құлдырау біртіндеп нөлге дейін азаяды, содан кейін дөңгелектердің ауытқуы теріс развал жаққа қарай ауысады, бұл дөңгелектердің бұрылуын нашарлатады.





14.22-сурет. Басқарылатын дөңгелектерді орнату схемалары (а — в)

I — меңгерікті тартқыш; а — дөңгелектер развалының бұрышы; в — шүберінің көлденең иілу бұрышы;  $\gamma$  — шүберінің бойлық иілу бұрышы; А — артқы ось деңгейінде дөңгелектер арасындағы қашықтық; В — алдыңғы ось деңгейінде дөңгелектер арасындағы қашықтық; С — шүберінің жолмен жалғасу қиылысуы нүктесінен шинаның дөңгелекке тию нүктесіне дейінгі қашықтық

Жүк автомобильдерінің развал өзгеруі тозған бөлшектерді ауыстырумен жөнделеді, ал жеңіл автомобильдерде развал шамасы реттеледі.

**Дөңгелектердің түйіспелігі.** Развал кезінде дөңгелектердің еңкею нәтижесінде оларды қозғалыс кезінде екі жаққа бұруға тырысатын күштер пайда болады. Дөңгелектердің көлденең сырғанауы пайда болады, бұл шиналардың тозуына әкеледі және автомобильді басқаруды қиындатады. Дөңгелек развалының зиянды салдарын жою үшін түйіспелікпен бірге орнатады. Және де алдыңғы ось деңгейінде дөңгелектер тоғындары арасындағы қашықтық артқа қарағанда бірнеше миллиметр аз болады (14.22, в-сурет). Түйісу шамасы развал шамасына тікелей байланысты және 0...12 мм шамасында орнатылады. Жүк автомобильдерінің дөңгелектерінің түйіспелігі көлденең меңгерікті тартқыш ұзындығын өзгертумен реттеледі, ал жеңіл автомобильдерде — бүйір реттегіш түтіктердің ұзындығын өзгертумен реттеледі.

**Ортаңғы қалыпта дөңгелектерді тұрақтандыру** автомобильдің алдыңғы осінің пішіні есебінен бұрылмалы шетмойындардың шүберіндерін көлденең және бойлық иілу арқылы қол жеткізіледі.

Дөңгелектер бұрылған кезде  $\beta = 6...10^\circ$  тең бұрышқа көлденең иілу (14.22, а-суретті қараңыз) алдыңғы осьті жол бетіне түсуге мәжбүрлейді, бірақ бұл мүмкін емес, сонда автомобильдің

алдыңғы бөлігі көтеріледі. Меңгерікті дөңгелек босатылған соң ауырлық күші алдыңғы осьті түсіреді, алдыңғы басқарылатын дөңгелектерді тура сызықты қозғалыс жасау үшін ортаңғы бастапқы қалыпқа қайтарады. Ауырлық күші осы қалыптағы дөңгелектердің тұрақтылығын арттыруға көмектеседі.

Бұл жағдайда тұрақтандырушы кез иілу бұрышына және автомобиль массасына тәуелді. Ол аз жылдамдықпен қозғалғанда жақсы әсер етеді.

Шүберіннің  $\gamma$  бұрышқа көлденең иілуі (14.22, б-сурет) басқарылатын дөңгелектерді ортаңғы қалыпта тұрақтандыруды қамтамасыз ету үшін қажет, бірақ оның әсері үлкен жылдамдықтарда көрінеді. Қысқыштың бойлық бейімділігі суреттің бұрышында орналасқан. (14.22 б) рульдік дөңгелектерді орта жағдайында тұрақтандыруды қамтамасыз етуге арналған, бірақ оның әсері елеулі центрифугалық күштері бар жоғары жылдамдықтарда байқалады. Айналу осінің жалғасы алда жоғары жылдамдықпен тепкіш күш доңғалақтарының айналу кезінде бар С. қашықтықта дөңгелегі ілгектер нүктесі жол қиылысып, көлік айналу орталығынан бағытта жылжыту ұмтылады. Байланыс үйкеліс күштерінің олардың нүктелерінде шиналар мен жол арасында пайда. Олар айналу осі қатысты иық жұмыс істейді және дөңгелектер түзу сызықты қозғалысы үшін орталық орынға қайту үшін үлес құюшы мәні  $\gamma = 0 \dots 3,5 \text{ V}$  ішінде сақталады.

Үлкен бұрыштары бар патрондарды орнату автомобильмен басқаруды қиындатады, сол себепті автомобильдерде бұл бұрыштар өте аз немесе нөлге тең болады. Жеңіл автокөліктерде серпімді шиналар пайдаланылады, дөңгелектердің ортаңғы күйінде тұрақтандырылуы серпімді деформацияланған шиналардың бұрышымен қамтамасыз етіледі. Шинаның өзі айналудың соңынан кейін оның икемділігіне байланысты доңғалақтарды бейтарап қалыпқа келтіреді.

Алдыңғы дөңгелектер басқаруға ғана емес, сондай-ақ жүргізу кезінде, бұрылыс бойлық көлбеу бұрыштары да нөлге тең немесе аз. Жетекші алдыңғы осьтің тартқыш күші орта жағдайдағы доңғалақтардың тұрақтылығын жақсартады.

Бейтарап күйге оралған кезде руль дөңгелегінің тұрақтандыру сәті мен бұрыштық жылдамдығы автомобиль бұрылыс болған кезде дөңгелектерге тұрақтандырғыш ретінде қызмет етеді. Тұрақтандырушы сәттің көрінісі бұрылыстардың бойлық жағына көлденең беткейлеріне, сондай-ақ шиналардың көлденең икемділігіне байланысты.

### Бақылау сұрақтары

1. Басты берілістің тағайындалуы, құрылысы және жұмысы туралы айтып беріңіз.
2. ЗИЛ, КамАЗ автомобильдерінің қос басты берілісінің құрылысын және жұмысын сипаттаңыз.

3. МАЗ-500А автомобилінің таратылған басты берілісі қалай құралған және қалай жұмыс істейді?

4. Ось аралық дифференциалдың тағайындалуы, құрылысы және жұмысы туралы айтып беріңіз.

5. Дифференциалдың қандай бөлшектері арқылы және қандай реттілікте жетектегі тістегеріштен жарты өске бас беріліс күші беріледі?

6. Автомобильдің қозғалысы кезінде тура және бұрылыста дифференциал қалай жұмыс істейді? Дифференциалдың кемшіліктерін атап шығыңыз.

7. Жарты өстің әр түрлі типтерінің схемасын атап шығыңыз.

8. Автомобильдің алдыңғы жеткіші белдігі қалай жасалған және қалай жұмыс істейді?

9. Иір ойықты емес және иір ойықты алдыңғы басқарылатын белдіктің жалпы құрылысын сипаттап беріңіз.

10. Тағайындауын және әрекет қағидасын түсіндіріңіз:

- дөңгелектердің бұзылуы;
- дөңгелектердің түйспелілігі;
- кіндік темірдің көлденең енісі;

## Ш Б Ө Л І М

### АВТОМОБИЛЬДІҢ ЖҮРІСТІК БӨЛІГІ

---

#### 15 т а р а у

#### ЖАҚТАУ

##### 15.1. Жалпы мәліметтер

Жүрістік бөлік жақтаудан (жеңіл көліктерде қосалқы жақтау), алдыңғы осьтен, артқы көпірден, рессордан, амортизаторлардан, дөңгелектерден және шиналардан тұрады. Жүрістік бөлік шиналардың жол бетімен сенімді ілінісуін қамтамасыз етеді, кедір-бұдыр жолдан секіруді қабылдайды және бірқалыпты қозғалысты қамтамасыз етеді. Жүріс бірқалыптылығы адамның физикалық күйіне және денсаулығына, қозғалыс қауіпсіздігіне, тиелген жүктің сақталуына әсер етеді.

Автомобильдің жақтауына барлық негізгі агрегаттар мен механизмдер бекітіледі. Жеңіл көліктерде және автобустарда жақтаулар жоқ, бірақ қозғалтқышты және алдыңғы осьті бекіту үшін шанақтың алдыңғы бөлігінде қысқа жақтау (қосалқы жақтау) бар.

Жақтау:

- Берік және қатты, иілуге және бұралуға төзімді болу керек, себебі оған статикалық және динамикалық күштер әсер етеді;
- Мүмкіндігінше жеңіл болу керек, себебі оның салмағы автомобильдің жүк көтергіштігіне әсер етеді;
- үлкен жылдамдықтарда көшелер мен жолдар бұрылыстарында қозғалған кезде, және де тік қияларда, тік өрлерде және тау беткейлерінде қозғалғанда автомобильдің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін ауырлық центрі неғұрлым төмен орналасу керек.

##### 15.2. Жақтау құрылымының ерекшеліктері

Құрылымы бойынша жақтаулар лонжеронды, жоталы және X-тәрізді болып бөлінеді.


*Лонжеронды жақтау* (15.1 сур., а) екі бойлық арқалықтан (лонжероннан) 1, тойтармалар арқылы өзара көлденең арқалықтармен (траверсалармен) 2 қосылған. Лонжерондар мен тра-

версалар күрделі ІІ-тәрізді пішінді болаттан таңбаланады. Лонжерондар биіктігі ұзындығы бойынша бірдей емес және жақтаудың нақты бөліктеріне тиетін жүктемеге байланысты. Лонжерондардың ең үлкен биіктігі ортаңғы бөлігіне келеді. Ауырлық ортасының күйін төмендету үшін, лонжерондар белдік үстінде жоғары иілген, ал ортаңғы бөлігінде керісінше, төмен түсірілген. Қозғалтқышты, рессорларды, басқыштарды, аккумулятор батареясын, отын бағын және басқа құрылғыларды орнату үшін жақтауда арнайы кронштейндер бар. Жақтаудың алдыңғы бөлігінде буфер бекітілген. Жеңіл автомобильдерде буферлер шанақтың басы мен аяғында бекітіледі.

Жақтау лонжерондарының алдыңғы шеттерінде автомобильдің өзін тіркеп сүйреуге арналған ілмектер 5 бекітілген, ал жақтаудың артқы шетінде демпфері 4 бар тіркеу арқан ілмегі 3 орнатылған.

*Жоталы жақтау* (15.1-сурет, б) арқалықтарымен орталық арқалықтан тұрады. Арқалықтың құбырлы, швеллерлі және қорапты қимасы бар. Автомобильдерде жоталы жақтау өте сирек қолданылады.

*Х-тәрізді жақтау* (15.1 сур., в) жабық құбырлы пішінді ортаңғы арқалықтан, сондай-ақ, алдыңғы және артқы құбырлы бөліктерден тұрады. Мұндай құрылымды жақтаулар сыйымдылығы үлкен жеңіл автомобильдерде қолданылады.




15.1-сурет. Автомобиль жақтауларының түрлері:

а — лонжеронды: 1 — лонжерондар; 2 — траверсалар; 3 — тіркеу арқанның ілмегі; 4 — демпфер; 5 — ілмектер; 6 — буфер; б — жоталы; в — Х-тәрізді

Автомобиль жақтауы барлық механизмдерді, агрегаттар мен шамақты бекіту негізі болып табылады. Жүк автомобильдерінің лонжерон жақтауларының құрылымы ұқсас, және оларға қойылатын талаптар бірдей.

Жақтау құрылымын КамАЗ-5320 автомобилі жақтауының мысалында қарастырайық (15.2 сур.). Жақтаудың негізгі бөлшектері - екі бойлық арқалықтар лонжерондар) 3 және 20. Олар өзара көлденең арқалықтармен (траверсалармен) қосылады 2, 6, 9, 10, 12, 14, 17. Көлденең арқалықтар саны автомобиль түріне байланысты.



15.2-сурет. КамАЗ-5320 автомобилінің жақтауы:

1 — алдыңғы буферді бекіту кронштейні; 2 — бірінші маңдайша; 3 — оң жақ лонжерон; 4 — қозғалтқыштың алдыңғы тіреуінің кронштейні; 5 — алдыңғы белдік лонжеронының ұзартқыш ендімесі; 6 — екінші маңдайшаның екі жартысы; 7 — қозғалтқыштың артқы тіреуінің кронштейні; 8 — күш агрегаты тірегінің бекіту кронштейні; 9 — үшінші маңдайшаның екі жартысы; 10 — төртінші маңдайша; 11 — аралық белдік лонжеронының ұзартқыш ендімесі; 12 — күшейткіш қиғаш тілінділері бар бесінші маңдайшаның екі жартысы; 13 — артқы белдік лонжеронының ұзартқыш ендімесі; 14 — алтыншы маңдайша; 15 — артқы маңдайшаның қиғаш тірегі; 16 — артқы маңдайшаның күшейткіш қаптамасы; 17 — артқы маңдайша; 18 — қиғаш тірек тіліндісі; 19 — артқы маңдайшаның қиғаш тірегінің тұтастырғышы; 20 — сол жақ лонжерон; 21 — артқы кронштейн; 22 — амортизатордың жоғарғы құлақшасын бекіту кронштейні; 23 — су радиаторын бекіту кронштейні; 24 — аспаның алдыңғы кронштейні.

Лонжерондар мен траверсаларды тойтармалар қосады. Жақтауды қатты ету үшін, траверсалар мен лонжерондар қосымша артқы арқалық қиғаш тіректермен 15 және олардың тұтастырғышымен 19, сонымен қатар, қиғаш тіліндімен 18 жалғанады. Аралық және артқы белдіктер үшін лонжерондарда арнайы ұзартқыш ендірмелер 11 және 13 бар. Артқы арқалықты 17 күшейту үшін тартқыш-ілініс құрылғысын орнату орнында күшейткіш қаптама 16 бар.

Жақтау лонжерондарында тойтармалармен аспаны 21 және 24, қозғалтқышты 4 және 7, су радиаторын 23, алдыңғы буферді 1 бекіту кронштейндерімен бекітілген. Жақтауға сондай-ақ, басқыш, қосалқы дөңгелек кронштейндері және басқалар бекітіледі.


### **15.3 Жақтаусыз автомобильдің құрылымы**

Көптеген жеңіл автомобильдер мен автобустар жақтаусыз орындалады. Бұл автомобильдердің салмақ түсетін конструкциясы шанақ болып табылады. Барлық негізгі агрегаттар жеткілікті түрде қатты болуы тиіс шанаққа тікелей бекітіледі. Агрегаттардың бекітілу орындарында шанақ арнайы қаттылық қаптамаларымен күшейтіледі. Қозғалтқышты, алдыңғы аспа мен рульдік басқаруды бекіту үшін алдыңғы бөлігінде шанаққа қысқа кергіш дәнекерленеді.

Артқы жетекші дөңгелектерден итеру күші алдыңғыларына аспа бөлшектері, жақтау немесе салмақ артатын шанақ арқылы, содан кейін аспа арқылы алдыңғы оське беріледі, ол өз кезегінде алдыңғы дөңгелекті жол жүріп айналуға итермелейді.

### **15.4 Тартқыш-ілініс құрылғысы**

Бұл құрылғы тіркемелер мен автомобильдерді сүйреуге арналған және автомобиль жақтауының артқы маңдайшасына 6 (15.3 сур.) бекітіледі. Тартқыш-ілініс құрылғысының ішінде серпінді элемент 4 орналасқан корпусы 5 бар. Корпус қақпақпен 13 жабылады. Ілмек өзегі 12 серпінді элемент ішіндегі қақпақтан өтеді. Элементтің екі жағынан тірек шайбалары 3 және 14 орнатылған. Ілмек өзегі корпуста сомын 2 арқылы бекітіледі. Тартып бұраудан кейін сомын сіргеленеді. Тіркеме жетегішінің ілмектен еркін ажырауын болдырмас үшін, ол ысырмамен 11 жабылады. Ысырма жабық күйде шаппамен 7 және сіргемен бекітіледі. Сіргелеу үшін шаппаның тесігі 8 бар. Сірге бауға 10 ілінеді. Серпінді элемент автомобиль қозғалған және тежелген кезде тіркеме соққыларын жұмсартады. Егер автомобиль тіркемені сүйреуге арналмаған болса, тартқыш-ілініс құрылғысыны орнына оған тек басқа автомобильді қысқа уақыт сүйреуге арналған арнайы топсалар орнатылады.



15.3 сур. Тартқыш-ілініс құрылғысы:

1 — сомын қақпағы; 2 — сомын; 3, 14 — тірек шайбалары; 4 — серпінді элемент; 5 — корпус; 6 — жақтаудың артқы маңдайшасы; 7 — шаппа; 8 — сүрге тесігі; 9 — шаппа осі; 10 — сүрге бауы; 11 — ысырма; 12 — ілмек; 13 — корпус қақпағы.

Жақтаудың алдыңғы бөлігінде топсалар, ал кейбір автомобильдерде автомобильдің өзін сүйреуге арналған ілмектер бекітіледі.

Жеңіл автомобильдердің де сүйреуге арналған топсалары бар.

### Бақылау сұрақтары

1. Жоталы жақтаулар құрылымының ерекшеліктерін айттыңыз.
2. Автомобильдің жақтаусыз құрылымында жақтау қызметін не атқарады?
3. Қандай жақтаулар лонжеронды деп аталады?
4. Жоталы жақтаулар құрылысының ерекшеліктері туралы айтып беріңіз



## 16 т а р а у

### АВТОМОБИЛЬДІҢ АСПАСЫ

#### 16.1 Аспалардың мақсаты және негізгі түрлері

*Аспа* деп белдіктердің автомобиль жақтауымен немесе шанағымен серпінді байланысына арналған құрылғылар жүйесін атайды.

Аспа автомобиль қозғалысы кезінде шанақ күйін реттейді, жолдың бұдырлығынан туындайтын соққыларды басады және жұмсартады, автомобиль жүрісінің жатықтығын қамтамасыз етеді. Ол динамикалық жүктемелерді азайтып, шанақ пен дөңгелек ауытқуларының басылуын қамтамасыз етеді.

Аспа бағыттауыш құрылғыдан, серпінді элементтен, сөндіргіш құрылғыдан және амортизатордан тұрады.

*Бағыттауыш құрылғы* автомобильдің арқау жүйесіне қатысты дөңгелектердің қозғалу бағытын анықтайды.

*Серпінді элемент* автомобильге әсер ететін динамикалық жүктемелерді азайтады.

*Сөндіргіш құрылғы* автомобиль шанағы мен дөңгелектерінің ауытқуын басуға көмектеседі.

*Амортизаторлар* рессорлар ауытқуларын басу үшін қызмет етеді және шанақ пен дөңгелек ауытқуларын жылдам басуды қамтамасыз етеді.

Бағыттауыш құрылғылар түрі бойынша аспалар тәуелді және тәуелсіз болып бөлінеді. *Тәуелді* аспада жол бұдырлығының соққысын қабылдаған бір дөңгелектің қозғалуы басқа дөңгелекті де қозғалтады. *Тәуелсіз* аспада бір дөңгелек қабылдаған соққы басқасына берілмейді, себебі әрбір дөңгелек өз бетімен қозғалады.

Аспаның ең таралған серпінді элементтері табақты және серіпелі рессорлар болып табылады. Серпінді элемент ретінде сирек торсионды, пневматикалық және гидропневматикалық аспалар қолданылады.

#### 16.2 Тәуелді аспа

Автомобиль жасауда ең кең таралған - рессорлық және серіпелі тәуелді аспалар болып табылады.

**ЗИЛ маркасының автомобильдері.** Бұл автомобильдердің алдыңғы тәуелді аспасы ұзындығы әр түрлі табақтар жинағынан жиналған, екі бойлық жартылай эллипстік рессорлардан тұрады.

Табақтар Т-тәрізді қималы және пакетте бүйір қозғалудың алдын алатын қамыттармен 3 (16.1 сур.) бекітіледі. Бойлық қозғалудан табақтар ортаңғы бөлігіндегі екі арнайы қысқышпен ұсталады. Рессорларға екі басқыш 6 арқылы алдыңғы белдік 9 арқалығы ілінеді. Басқыш астына қаптама 5 салынады. Рессордың алдыңғы шетінде түпкі табаққа 11 бұрандамалар 1 мен басқыш 2 арқылы қаптама құлақша 23 бекітіледі. Құлақшаға болат төлке 19 престеледі. Құлақша сұққы 26 арқылы рессордың алдыңғы кронштейнімен 25 қосылады. Кронштейндерде сұққылар бекіткіш танаптармен 21 ұсталады. Құлақша төлкесі мен сұққы тозуды азайту үшін, консистентті майлаумен майланады. Майлаудың өтуі үшін сұққыларда арналар орындалған, оларға пресс-майсауыттар 24 қыстырылған. Майлау ағып кетуден манжеталармен 20 ұсталады.

Рессорлар пішіні жартылай эллипстік болғандықтан, жүктеме кезінде олар түзуленіп, ұзындығы ұлғаяды. Ұзындығы үнемі өзгеріп, және жол бұдырымен қозғалған кезде - ұлғайып немесе азайып отырады. Ұзындығы рессорлардың артқы шеттері құбылмалы болып орындалуына байланысты.


Рессорлардың артқы кронштейні 13 айыр тәрізді жасалған. Оның жақтарының арасында сұққыларда 14 шойын сухарьлар орнатылған 15. Түпкі табақтардың 11 артқы шеттеріне тойтармалармен рессор болатынан жасалған қаптамалар 12 бекітілген. Бұл қаптамаларға кронштейндер сухарьлары сүйенеді. Кронштейндер жақтары 13 астынан болат төлкелер 17 кигізілген тартқыш бұрандалармен 18 бекітіледі. Екінші түпкі табақ (түп асты) шеті төмен иілген. Сухарьдан төлкеге 17 дейінгі қашықтық қаптама 12 жазықтығынан бастап екінші түпкі табақтың иілген бөлігінің ұшына дейін есептегенде, рессордың артқы шеттерінің қалыңдығынан аз. Ол қатты майысу кезінде рессордың кронштейннен шығуына жол бермеу үшін қажет.

Асыра жүктеу кезінде рессорлардың қысылуын шектеу үшін резеңке буферлер 4 қызмет етеді. Олар жақтау лонжеронында немесе лонжеронда және рессораның өзінде орнатылуы мүмкін.

Аспаның гидравликалық амортизаторлары 10 бар. Амортизатордың төменгі кронштейні 7 алдыңғы белдік аралығында 9, ал үстіңгі кронштейн 27 - жақтау лонжеронында бекітілген.

Жүкпен және жүксіз жүру кезінде рессорға түсетін жүктемедегі айырмашылық үлкен болатын жүк автомобильдерінде негізгі рессор үстінен орналастырып, қосымша рессорларды (рессор-жастанғы) да қолданады.

*Артқы тәуелді аспа* рессорлар құрылымы мен олардың жақтаумен қосылуы бойынша алдыңғыдан ерекшеленбейді. Қосымша рессорлар негізгі басқышпен бірге қаптама арқылы артқы белдік қартеріне бекітіледі. Басқыш астына қосымша рессор үстіне қаптама салынады. Қосымша рессора шеттері кронштейндер астында орналасады, алайда, қосымша рессор олармен ешқандай қосымша байланыспайды.



16.1-сурет. ЗИЛ автомобильдерінің алдыңғы тәуелді аспасы:

1 — құлақша бұрандамасы; 2 — құлақша басқышы; 3 — қамыт; 4 — рессор бұфері; 5 — қаптама; 6 — басқыш; 7 — амортизатордың төменгі және жоғарғы кронштейндері; 8 — аралық төсем; 9 — алдыңғы белдік арқалығы; 10 — амортизатор; 11 — түпкі табақ; 12 — түпкі табақ жүктемесі; 13 — рессордың артқы кронштейні; 14, 26 — сұққылар; 15 — сухарь; 16 — ішпек; 17 — төлке; 18 — тартпалы бұрандама; 19 — құлақшаның төлкесі; 20 — манжета; 21 — тоқтатқыш танап; 22 — құлақша төсемі; 23 — рессор құлақшасы; 24 — майсауыт; 25 — алдыңғы рессор кронштейні.

Бос автомобиль қозғалған кезде тек негізгі рессор жұмыс істейді. Қосымша рессор конналары кронштейндермен жапаспайды. Автомобильді жүктеу кезінде негізгі рессор түзуленеді, және жақтау кронштейндермен жұмысқа кірісетін қосымша рессорға жатады.

Рессорлар жұмысында механикалық және қажулық тозуға әкелетін табақ аралық үйкеліс пайда болады. Оның салдарын ішінара жою үшін рессор табақтарын мерзімді түрде графит майлаумен майлап отыру қажет. Табақ рессорлардың негізгі артықшылығы - құрылымы мен қызмет көрсетудің қарапайымдылығы, кемшіліктері - салмақ ауырлығы және пайдалану мерзімінің ұзақ еместігі.


**ГАЗ-3307 автомобилі және ПАЗ автобусы.** ГАЗ-3307, сонымен қатар, ПАЗ автобустарындағы *алдыңғы аспа* құрылымы ұқсас болып табылады. Айырмашылығы - рессорды аспаға асу тәсілінде. Бұл автомобильдерде жақтауда тойтармалар арқылы алмалы қақпақтары 13 және 7 бар, алдыңғы 15 және артқы 6 кронштейндер бекітілген (16.2 сур.). Рессордың түпкі табақтарының 8 конналары үстіне қарай иілген. Екінші түпкі табақ конналары төмен иілген.

Түпкі табақтар конналарында арнайы тостағандар бекітілген. Тостағандарға жоғарғы 11 және төменгі 12 тіреулер болып табылатын резеңке жастықтар салынады. Резеңке жастықтар рессорлар конналарымен бірге кронштейндерде қақпақтармен 13 және 7 қысылады. Резеңке жастықтарды кронштейндерге дұрыс орнату үшін қақпақтар кронштейндерге алдын ала жымқырылуы және түзуленген рессорда, ауытқусыз, бұрандамалармен бекітілуі тиіс.

Рессордың алдыңғы кронштейнінде арнайы ұяларға рессордың бойлық қозғалуынан күшті қабылдайтын және оның алға жылжуына кедергі жасайтын қосымша резеңке тіреу 14 орнатылады. Майысу кезінде рессор ұзындығының өзгеруі артқы коннаның жылжуы есебінен болады. Жүктеме артқа кезде рессордың майысуы негізгі 4 және қосымша буфермен 5 шектеледі. Бүйір қозғалудан рессор табақтары қамыттармен, ал бойлық жылжудан - құрастыру кезінде барлық табақтар бекітілетін бейтарап бұрандамамен ұсталады. Рессорлар алдыңғы ось арқалығына 10 басқышпен 9 бекітіледі. Аспаның сондай-ақ, қосарланған әрекет ететін гидравликалық телескоптық амортизаторлары 3 бар.


*ГАЗ-3307 автомобилінің артқы рессорлары* алдыңғылары тәрізді жасалған, алайда олардың қосымша рессорлары (рессор-жастанғылары) бар. Олардың қызметі мен тағайындалуы бұрын сипатталған, ЗИЛ автомобильдерінің рессорларынан ерекшеленбейді.

*ПАЗ-3205 автобусының артқы белдігі* бір жартылай эллипстік рессорларында асылып қойылады. Өз құрылғысымен олар алдыңғы рессортарымен ұқсас, бірақ сонымен қатар айнаымалы қаттылықты 3 түзететін серіппелері бар (сурет 16.3). Артқы бел-



16.2 сур. ГАЗ-3307 автомобилінің алдыңғы тәуелді аспасы:

1 — амортизаторды бекіту сұққысы; 2 — төлке; 3 — амортизатор; 4 — негізгі буфер; 5 — қосымша буфер; 6, 15 — артқы және алдыңғы кронштейндер; 7, 13 — артқы және алдыңғы кронштейн қақпақтары; 8 — рессор; 9 — басқыш; 10 - алдыңғы ось арқалығы; 11,12 — жоғарғы және төменгі тіреулер; 14 — тірегіш




16.3 сур. ПАЗ-3205 автобусының артқы аспасы:

1 — алдыңғы кронштейн; 2 — жоғарғы жастық; 3 — түзетуші серіппе; 4 — қаптама; 5 — артқы белдік; 6 — амортизаторды бекіту сұққысы; 7 — амортизатор арқалығы; 8 — амортизатор төлкесі; 9 — амортизатор; 10 — артқы кронштейн; 11 — басқыш; 12 - басқыш төсемі; 13 — рессорлар; 14 — кронштейн қақпағы; 15 — төменгі жастық; 16 — тірек.

дігі рессорлардан жоғары орналасып, асылмалы баспалдақтың 11 рессорларымен баспалдақ төсем 12 арқылы қосылады. Бүйірлік жылжудан парақтар төрт қамытпеп, ал бойлық жылжудан – орталық бұрандамамен ұсталынады.

«ГАЗель» маркалы автомобильдер. *Алдыңғы аспа* (16.4 сур.) рессорлардан 6 және екі жақты әрекет ететін гидравликалық амортизаторлардан 3 тұрады. Рессорды жақтаумен жалғау үшін жақтауда тойтармалармен рессордың алдыңғы 1 және артқы 10 шетінің кронштейндері бекітілген. Артқы кронштейнде бұрандама 19 арқылы резеңке-металл топсаға 18 екі шығыршық 11 ілінген. Түпкі табақтардың екі шетінен иілген құлақшалары бар, оларға топсалар 18 престеледі. Екінші түпкі табақтың да алдыңғы түпкі табақ құлақшаларын, алайда тек рессордың алдыңғы шеті үшін қамтитын иілген құлақшалары бар. Екінші түпкі табақтың артқы шеті түзу. Рессордың алдыңғы шеті бұрандамамен 19 (16.4 сур., А-А қар.) кронштейнмен 1 қосылады, ал артқы шеті шығыршыққа 11 ілінген (16.4 сур., Б-Б қар.). Амортизаторды бекітудің алдыңғы осінің жүрісі қаптамамен 7 және кронштейнде 5 бекітілген қысудың резеңке рессорымен 9 шектеледі. Рессордың ортаңғы бөлігі 6 басқыш 12 арқылы алдыңғы ось аралығына 13 бекітіледі. Жүктеме кезінде рессор ұзындығының өзгеруі шығыршықтың 11 тербелуі есебінен іске асырылады.




16.4-сурет. «ГАЗель» маркалы автомобильдердің алдыңғы тәуелді аспасы

1, 4, 5, 10 — кронштейндер; 2 — жақтау лонжероны; 3 — амортизатор; 6 — рессор; 7 — қаптама; 8 — тостаған; 9 — қысудың резеңке рессоры; 11 — шығыршық; 12 — басқыш; 13 — арқалық; 14 — сомын; 15 — сұққы; 16 — резеңке төлкелер; 17, 20, 21 — шайбалар; 18 — резеңке-металл топсалар; 19 — бұрандама

Артық аспа негізгі рессордан, қосымша рессордан және екі жақты әрекет ететін гидравликалық телескоптық амортизатордан тұрады. Жоғарғы түпкі табақтар құлақшалары резеңке-металл төлкелерді престоу үшін иілген болып келеді. Екінші түпкі табак еркіндеу түрде рессордың алдыңғы шетінің құлақшасын ғана қамтиды. Бұл табақтың артық шеті түзу. Автомобиль жақтауына кронштейндер бекітілген. Алдыңғы кронштейнге бұрандама арқылы топсалы түрде рессордың алдыңғы шеті қосылады. Артық кронштейнге топсалы түрде бұрандамамен шығыршық қосылады. Резеңке-металл топса арқылы шығыршықтың екінші иығына рессордың артық шеті қосылады.

«ГАЗель» маркалы автобустардың артық аспасы жеке негізгі рессорды, екі жақты әрекет ететін амортизаторды және резеңке қысу рессорын қамтиды. Бұл аспаның ерекшелігі - жұмысқа қосылатын және жүктелген күйдегі микроавтобустың қозғалыс бірқалыптылығын қамтамасыз ететін резеңке қысу рессорының болуында. Резеңке қысу рессоры кронштейнге бұрандамамен кергіш төлке мен шайба арқылы бекітіледі.

Қосымша рессор бірнеше табактан жиналады және негізгі басқышпен бірге белдікке рессор жастығы арқылы бекітіледі. Қосымша және негізгі рессор арасында төсем, ал қосымша рессор үстінде басқыш астына қаптама салынады. Қосымша рессор шет-



16.5-сурет. Автономды шанақ-фургоны бар автомобильдің артық аспа тұрақтандырғышын орнату


1, 2, 11 — кронштейндер; 3 — шығыршық жақтары; 4, 12 — резеңке төлкелер; 5 — штанга; 6 — сомын; 7 — шайба; 8 — құрсау; 9 — металл төлке; 10 — бұрандама, 13 — жартылай ось қабы.



тері кронштейндер жастықтарының астында орналастырылады. Бос немесе ішінара жүктелген автомобиль қозғалуы кезінде қосымша рессор жұмыс істемейді. Ол жұмысқа автомобиль толық жүктелген кезде ғана қосылады.

Қалған бөлігінде құрылымы, жақтаумен қосылуы мен жұмысы басқа автомобильдерге ұқсас.

Автономды шанақ-фургоны бар «ГАЗель» автомобилінің артқы аспасының көлденең тұрақтылығын жоғарылату үшін тұрақтандырғышы бар (16.5 сур.). Ол шығыршық 3 жағының көзіне өткізілген резеңке төлкелерге 4 орнатылатын штангадан 5 тұрады. Шығыршықтар сомынды 6 бұрандамалар 10 және металл төлкелер 9 арқылы топсалы түрде бұрандамалармен жақтаудың 1 кронштейндеріне бекітілетін кронштейндермен 2 қосылған. Штанга 5 конналары резеңке төлкелер 12 арқылы топсалы түрде кронштейндермен 12 қосылады.



16.6-сурет. «Волга» автомобилінің артқы аспасы:

1 — қамыт; 2 — тойтарма; 3 — қамыт пластинасы; 4 — үшінші табақ; 5, 6 — төсемдер; 7 — рессордың екінші табағы; 8 — түпкі табақ; 9 — қосымша буфер; 10 — буфер; 11 — рессор төсемі; 12 — басқыш; 13 — орталық бұрандама; 14 — резеңке жастықтар; 15 — құрсаулар; 16 — шығыршық; 17 — сұққы; 18 — кронштейн

Тұрақтандырғыш жиектеме қиғаштау болған жағдайда немесе дөңгелектердің біреуі жолдың кедергісіне тап болған жағдайда жұмыс істейді. Тұрақтандырғыш жолағы 5 бір уақытта бұралған, бірақ ол серіппелі болаттан жасалғандықтан, оның бұралуға байланысты төзімділігі автомобильдің артқы осінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

**«Волга» автомобилі.** Бұл көліктің *артқы аспасы* екі жалғыз жапырақты серіппелерден және гидравликалық қосарлы телескоптық амортизаторлардан тұрады (16.6-сурет). Автомобильдің артқы серіппелері асимметриялық болып табылады. Беттер ортаңғы болтты 13 бойлай қозғалысқа келтіреді. Бүйірлік қозғалыстардан беттер 1-ші тұтқа арқылы ұсталады. Үшінші параққа 2 перфоратор 3-платформамен бекітіледі. Тұтқаның ұштары осы пластинаға арнайы слотқа бекітілген. Алғашқы үш жапырақты серіппелер арасында полиэтилен тығыздауыштарының шеттерінде орнатылады, беттердің дыбысын жояды және олардың беріктігін арттырады. Түпкі беттердің ұштары кронштейнге 18 бекиді және сырғу арқылы саусақтармен 18 сырғыма байланған құлақшалары бар. Артқы көпірге жалғау үшін екі жағында резеңке жастықшалар, 14 серіппелермен, 11-ші аралықта, резеңке жастықшалар орналастырылған. Жазғы қысу буфермен 10 және қосымша буфермен шектеледі.

Рессордың алдыңғы бөлігінің корпус қабырғасының лонжероны үшін кронштейн бекітіліп, ол сырғыманың беткі бөлігінде резеңке тетікпен артқы жақтан тоқтатылады. Алдыңғы және артқы құлақшаларда серіппелер резеңке тығыздағыштарды басады. Рессор құлақшалары кронштейнге бекітіледі және оның өзара байланысы болттар мен бұрандалар арқылы жасалады. Бұрандалар астында бөлгіш шайба салынған.


### **16.3. Жеңіл автокөліктің алдыңғы дөңгелектерінің тәуелсіз аспасы**

Тәуелсіз аспаның артықшылығы - бұл екінші дөңгелектегі бір дөңгелектегі жолдың біркелкілігінен өтетін жолдың қабылданбауы көрінбейді, өйткені алдыңғы осьте жалпы сәуле жоқ.

Автокөліктердің алдыңғы дөңгелектері тәуелсіз бұрылыс ілмекке немесе түпкілікті емес ілмекке ие болуы мүмкін.

Дөңгелектің *шкворлы тәуелсіз аспасы* төменде көрсетілген. Автокөліктің артқы жағында 3 (16.7-сурет, а) алдыңғы осьтің 4 шамы бекітіледі, ол тірекпен қосылған жоғарғы 2 және төменгі 5 тұтқаға бекітіледі 1. Тірек көзінде 7 білікше 8 болады. Төменгі қарудың тіреу алаңына 6 серіппелі рессор орнатылған.

*Тәуелсіз ілмек* жағдайында (16.7-сурет, б) алдыңғы осьтің білігіне шарнирлі байланыс арқылы ілінген 2 және 5 төменгі көтергіштер болады. Бұрандалар 10 бағанмен аяқталады, олардың бас жақтары шарлы сипатқа ие. Баған 11 бұрылыспен бірлесе орын-




16.7-сурет. Доңғалақтардың тәуелсіз ілмегінің сызбасы

а — шкворлы аспа; б — шкворсыз аспа; 1, 10 — бағандар; 2 — жоғарғы тұтқа; 3 — жиектеуіш; 4 — алдыңғы ось білігі; 5 — төменгі тұтқалар; 6 — серіппелі рессорлар; 7 — шкворень; 8 — бұрылысты цапфа; 9, 12 — шарлы жазықтықтар; 11 — бұрылыс түйіні

далады. Дөңгелектердің айналуы 9 және 12 беттердің айналасына айналдыру арқылы жүзеге асырылады. Шкворлы аспа жағдайында тіреудің ілмектерінде жұмыс істейтін бөлшектер неғұрлым аз мөлшерде жұмыс істейді және аз күш жұмсайды.

